

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 378.012:796

Қолжазба құқығында

ИСАЕВ АБДИНАБИ ИСАҰЛЫ

**Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу
іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Ортаев Б.Т., п.ғ.д., доцент
Шетелдік ғылыми кеңесші
Бабаев Д.Б., п.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	6
1 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің зерттелуі	15
1.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдіснамалық тұғырлары.....	29
1.3 Жоғары оқу орнының болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы әлеуеті	46
2 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	59
2.1 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау ұғымының мәні мен мазмұны.....	59
2.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ерекшеліктері	74
2.3 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі	87
3 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ	102
3.1 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың диагностикасы	102
3.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі.....	119
3.3 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері	134
ҚОРЫТЫНДЫ	149
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	152
ҚОСЫМШАЛАР	172

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы (ҚР 24.11.2021 № 75-VII Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

«Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығы (өзгеріс енгізу туралы 15.12.2021ж. № 385 бұйрығы).

«Педагогтің кәсіби стандарты» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы.

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10. № 602 бұйрығымен (2018.31.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы», 3 шілде 2014 ж., № 228-V ҚРЗ. (1.04.2019 ж., өзгерістер және толықтырулар).

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Астана, 2016

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы Заңы», 27-желтоқсан 2019 жыл, № 293-VI.,

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 Қаулысы

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар көрсетілген:

Әр түрлі деңгейлік тапсырмалар – білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыруда пайдаланылатын күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру ұйымдарының нормативтік-басқару құжаттары.

Жаттықтырушы-оқытушы – дене шынықтыру және спорт ұйымдары маманының лауазымы, педагог қызметкер.

Бақылау – қандай да бір іс-әрекетті, оның нәтижесін тексеру, қадағалау.

Критерий – оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

Критерийлік бағалау жүйесі – белгілі бір оқу материалының қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігі мен дағдылардың қалыптасуын, сондай-ақ оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін анықтайтын жүйе.

Модель – (франц. modele, итал. modello, лат. modulus) – өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма.

Оқу жоспары – білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

Оқу процесі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның тәрбиесін, жалпы дамуы мен білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктері мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

Пәнді оқыту нәтижелері – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

Педагогикалық бақылау – оқу-жаттығу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу процесі; оқу-тәрбие, оқу-жаттығу үдерісі мен нәтижесін қадағалау мен тексеруді жүзеге асыру.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды

Рефлексия – оқу процесінде оқушылардың мүмкіндігінше өзінің аналитикалық ойлауын және негізгі білімдері мен дағдыларын түсінуін барлауда қажетті дәлел.

Типтік оқу жоспары – оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС	- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ХҚТУ	- Халықаралық қазақ-түрік университеті
ЖОО	- жоғары оқу орны
ББ	- білім беру бағдарламасы
ОӘК	- оқу әдістемелік кешен
ЭТ	- эксперимент тобы
БТ	- бақылау тобы
БӨЖ	- білім алушының өзіндік жұмысы
ОБӨЖ	- оқытушының басшылығымен орындайтын білім алушының өзіндік жұмысы
ЖДД	- жалпы дене дайындығы
т.б.	- тағы басқалары
PDCA	- Plan - Do - Check - Act
ISO	- International Organization for Standardization
ОЖ	- оқу жоспары

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі уақытта қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес педагогтың кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттілігі туындап, оның кәсіби еңбегінің мазмұны мен әдістерінің жаңарып, толықтырылуы талап етіледі. Олардың қатарында кәсіби білімнің ғылыми-техникалық дамуға бейімделуі, білім беру мазмұнын іргелі ету, оқыту әдістерінің өнімділігін арттыру керектігі қарастырылады. Ал бұл болса, болашақ педагогты кәсіби даярлауда арнайы білімін, іскерліктері мен дағдыларын дамытуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1-ші қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауында «Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті», - деп атап көрсеткен [1]. Сондай-ақ, ол «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде «Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл, алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер» - деп айтуы [2], өз кезегінде болашақ мұғалімдерді сапалы даярлаудың алғышарттары ретінде қарастырылады. Бұл болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуын, кәсіби педагогикалық құзыреттерді меңгерген даярлығын жетілдіруді алға тартады. Осыған байланысты «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында: «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» міндеті көрсетілген [3]. Қойылған міндеттерді шешу мемлекеттік нормативтік құжаттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында [4] атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 28-баптың 7-тармағында: «Білім беру ұйымдары білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық аттестаттау жүргізеді» - деп атап көрсетілген [5]. Бұл мазмұндау болашақ педагогтан бақылауға қатысты даярлығын, оның ішінде педагогикалық бақылауды меңгеру қажеттігін дәлелдей түседі.

Педагогтардың атқаратын кәсіби іс-әрекеті мен еңбек функциялары оның кәсіби стандартында белгіленген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Осыған орай болашақ педагог оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу және әлеуметтік-коммуникативтік еңбек функцияларын келешекте іске асыру үшін оқу орындарында даярлықтан өтеді [6]. Соңғы уақыттарда критериалды бағалауды жүзеге асыру мақсатында оқушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу мен білім ортасын зерттеуде педагогтардан олардың әрекетін психологиялық-педагогикалық бақылау қажеттігі талап етілуде.

Соның ішінде бүгінгі таңла жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-іс-әрекетін педагогикалық бақылау керектігі артып отыр. Себебі болашақ спортшылардың физикалық және психологиялық дамуы оларды дер кезінде педагогикалық бақылау мен оның нәтижесіне сәйкес жүргізілген алдын-алу мен түзету іс-шараларының тиімділігінен талап етіледі.

Педагогикалық бақылау және бағалау оқыту процесінің тұйықтаушы және қажетті құрамдас бөлігі тұрғысынан маңызды рөл атқарады. Өйткені оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық бақылау тұтас жүйелік білім ретінде қарастырылады. Педагогикалық бақылау оқытудың өнімділігімен байланысты, өйткені ол оқу-тәрбие үдерісінің дидактика заңдылықтарына сәйкес жүзеге асырылуын анықтайды.

Оқу-тәрбие барысы мен нәтижелерін бақылау мәселесіне кезінде А.Дистервег, П.Ф.Каптерев, К.Д.Ушинский, М.Жұмабаев және т.б. [7-10] мән берген.

Білім алушылардың үлгерімі мен дамуын бақылау және бағалау функциялары Б.Г. Ананьев, В.П. Беспалько, Ю.К. Бабанский, Р. Қоянбаев, В.М. Подласый, Д.Қ.Пошаев, В.А.Сластенин, И.А.Шадриков [11-18] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Бірақатар еңбектерде педагогтың бақылау іс-әрекетінің ерекшеліктері оқытудың пәндік әдістемесіне сәйкес ұсынылады. Қазіргі уақытта бұл мәселе оқу-тәрбие, оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогтың бақылау даярлығы аясында қарастырылып отыр.

L.V.Ainsworth, D.J.Viegut [19], R.E.Bennett [20], H.Black [21], P.J.Black, D.Wiliam [22], H.Atilgan, [23] секілді шетелдік ғалымдар мен шетел тілінде ғылыми еңбектер жазған O.Sabirov[24], J.Icheva, H.Stoyanova [25], E.Stolyarova, G.Nizhnik [26], O.T.Ziyoyev, S.S.Jorayev [27] және т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде білім берудегі қалыптастырушы бағалау, кері байланыс жасау, өлшеу және бағалау, бақылау түрлері, оқушы-спортшыларды бақылау әдістері, студенттердің дене тәрбиесі жүйесіндегі педагогикалық бақылаудың ерекшеліктері, болашақ педагогтарға спорттық-педагогикалық пәндерді оқытуда педагогикалық бақылау түрлерін ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Сондай-ақ И.Н.Гулидов [28], Б.Х.Ланда [29], В.В.Иванов [30], Н.Б.Бриленок [31], Е.В.Хроменкова [32] және т.б. ТМД елдері ғалымдарының еңбектерінде оқушылардың физикалық даярлығы мен дамуын кешенді бағалау әдістемесі, педагогикалық бақылау түрлер мен оларды жүзеге асыру барысы мазмұндалады.

Қазақстандық ғалымдар мен ізденушілер Ә.К.Әбділлаев [33], С.Тайжанов, А.Қарақов [34], Ғ.Б.Худияров [35], Т.Ә.Ботағариев, С.С. Кубиева [36] және т.б. ғылыми еңбектерінде бақылау сабақтары, педагогикалық бақылау түрлері, сынақ-тесттілеу барысы, дене дайындығын бақылау, өзін-өзі бақылау және т.с.с. материалдар беріледі.

Мұғалімді кәсіби педагогикалық даярлауға арналған зерттеулерде педагогикалық бақылау технологиясы мәселесінің әртүрлі аспектілері көрініс тапты. Осыған байланысты С.И.Архангельский, Б.Барсай, Б.Кенжебеков,

Н.В.Кузьмина, Ю.Н. Кулюткин, М.М.Левина, А.К.Маркова, Ш.Т.Таубаева, В.А.Сластенин [37-45] және басқа зерттеушілер еңбектері зерттеуіміз үшін ерекше маңыздылық тудырады.

Болашақ мұғалімдердің жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру және оның оқу-тәрбие үдерісінде жетілдіру (Ж.Ы.Намазбаева, Н.Н.Хан, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Р.С.Омарова және т.б. [46-50]), жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби даярлау (Н.В.Кузьмина, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, Қ.И.Адамбеков, К.М.Беркімбаев, Г.Э.Белицкая, Б.А.Тұрғынбаева және т.б. [51-57]), жастардың дене шынықтыру саласы үшін мамандарды кәсіби даярлау (М.Б.Сапарбаев, Б.А.Тойлыбаев, Ж.К.Оңалбек, Қ.Т.Жанабаев, Т.А. Ботағариев, Б.Қ. Мұхамеджанов, Ш.Б.Оразов, Ә.Бүркітбаев және т.б. [58-66]) мәселелері қарастырылған.

Болашақ спорт саласы педагогтарының, жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби, ұйымдастырушылық құзыреттілігін қалыптастырудың түрлі аспектілері И.Х.Мешевтің, А.Н.Кузнецованың, К.А.Маринченконың, Н.В. Никифоровтің, Б.С.Омаровтың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты зерттелген [67-71].

Жоғарыда айтып өткендей қазіргі уақытта оқу-тәрбие, жаттығу үдерісін бақылауда болашақ педагогтың даярлығы басты мәнге ие. Оның себебінің бірі – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бағалауға деген басымдықтың артуы.

Зерттеу жұмыстарына жасалған теориялық талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің жеке дара зерттелмегендігін көрсетеді. Дене шынықтыру және спорт мамандары – мектеп мұғалімі немесе жаттықтырушы-оқытушы қызметін атқара алады. Сол себепті де, аталмыш зерттеу жұмысында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау барысы қарастырылатын болады.

Осы айтылып өткендер, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда қарама-қайшылықтар бар екендігін көрсетті:

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін, олардың дене мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуын бақылау мен бағалауға қоғамдық сұраныстың болуы мен жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының жеткіліксіздігі;

- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыдан негізделмеуі;

- жоғары мектеп оқу-тәрбие үдерісінің болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мүмкіндіктерінің болуы мен ол бойынша әдістеменің жеткіліксіздігі арасындағы.

Осы қарама-қайшылықтың орын алуы диссертациялық зерттеудің көкейкестілігін арттырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыруға дайындығын талдау, зерттеу мәселесін анықтауға мүмкіндік берді. Оның мәні болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыруға кәсіби даярлаудың мазмұны мен әдістерін айқындау болып табылады. Сол себепті, зерттеу жұмысының тақырыбын «Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» деп тұжырымдауды жөн көрдік.

Зерттеудің мақсаты – болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу.

Зерттеудің нысаны – жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланса, соған сәйкес жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оларды жүзеге асыру әдістемесі жасалса және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысында тексерілсе, *онда* оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығының жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі, *өйткені*, аталған кәсіби даярлық тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-іс-әрекеттік, нәтижелік-бағалаушылық тұрғысынан қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау.

2. «Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы:

Оқыту үдерісіндегі бақылаудың қажеттілігі болашақ маман даярлаудың әдіснамасын, құрылымын анықтаудың және болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға жоғары деңгейде даярлаудың бағдары болып табылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: тұлға теориясының философиялық және психологиялық қағидалары; педагог тұлғасының субъективті даму теориясы; мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру теориясы; кәсіптік білім беру мазмұнын құрылымдау теориялары; іс-әрекет теориясының жетекші қағидалары; жүйелік тұғыр саласындағы іргелі жұмыстар; құзыреттілік тұғырдың тұжырымдамалық қағидалары; тәрбиелік оқытудың жеке-бағдарланған тұғыры мен тұжырымдамалары; модульдік оқыту.

Зерттеу көздері. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы», Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Педагогтің кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы Заңы», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан және ТМД елдерінің ғылыми-педагогикалық, мерзімдік басылымдары; оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары; автордың жоғары оқу орнының оқытушысы ретіндегі жеке іс-тәжірибелері мен жарық көрген ғылыми-педагогикалық және әдістемелік еңбектері.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезең (2017-2018 жж.) – ізденіс кезеңінде философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер зерделенді, олардың мазмұнына салыстырмалы талдаулар жасалды, зерттеуді әдіснамалық тұғырлар негізінде жүргізу айқындалды, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауға болашақ-жаттықтырушы оқытушыларды даярлаудағы жоғары оқу орнының мүмкіндіктері айқындалды, зерттеу проблемасына сәйкес озық тәжірибелер зерттелді, зерттеу бағыты негізделді.

Екінші кезең (2018-2019 жж.) – болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың мәні мен мазмұны, құрылымы айқындалды, моделі әзірленді. Оларды педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі жасалды және болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды кәсіби даярлау ұстанымдары бойынша алғашқы болжам жасалып, айқындау эксперименті ұйымдастырылды. Педагогикалық бақылауға даярлау бойынша оқу материалдары мен педагогикалық тапсырмалар құрастырылды және дайындалды, оқу үдерісіне енгізілді. Алғашқы қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылды.

Үшінші кезең (2019-2022 жж.) – болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылауға даярлау моделі негізінде, жоғары оқу орнында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды

жүзеге асыратын әдістер мен құралдар жүйесі, қазіргі оқыту технологиялары мен әдістемесі анықталып, қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, зерттеу жұмысының ғылыми негізделуі мен нәтижесінің дұрыстығы тексерілді; зерттеу жұмыстарына байланысты жалпы тұжырымдар мен қорытындылар жасалынды. Диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс техникалық жағынан рәсімделді. Диссертациялық жұмыстың қолжазба нұсқасы дайындалып, талқылауға ұсынылды.

Зерттеу әдістері: Теориялық: алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдардың психологиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерін зерделеу; диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау. Практикалық: бақылау, білім алушылармен және оқытушылармен пікір алмасу; сауалнамаға тесттік тапсырмамен жүргізу; нормативті және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, , тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу; статистикалық әдістер.

Зерттеудің негізгі базасы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Осы проблеманы жүзеге асырудағы жоғары оқу орнының әлеуеті анықталып, басты әдіснамалық амалы тұрғысынан үдерістік тұғыр негізделді.

2. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне ғылыми сипаттама берілді. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың құрылымдық элементтері мен олардың өзара байланысы анықталып, оған болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ерекшеліктері айқындалды. «Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды.

3. Іс-әрекет теориясына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрамы мен өлшемдері, көрсеткіштері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі ақыл-ой қызметін кезеңдеп қалыптастыруға сәйкес оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделіп жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

- «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курс бағдарламасы жасалды және оқу үдерісіне ендірілді;

- «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу құралдары даярланды;

- Педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынама-тест үлгілері) әзірленді;

- «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасы жасалды.

Диссертациялық зерттеу бойынша қол жеткізілген ғылыми-теориялық нәтижелерді және солардың негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстарды, практикаға бағытталған оқу материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, дене шынықтыру-спорт ұйымдарының тәжірибесінде, спорт педагогы мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Үдерістік тұғыр оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауда зерттеудің басты әдіснамалық амалы тұрғысынан жалпы, ерекше және нақты деңгейде құндылық-мақсатты, жобалау, бағалау және түзету іс-әрекеттерін негізге алуды мүмкін етеді. Осы даярлықты жүзеге асырудағы жоғары оқу орнының әлеуетін білім беру траекториясы, қосымша және қашықтан білім беру мен практикаға бағытталған оқыту, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыру мүмкіндіктері мен оқытушы-профессорлардың ғылыми-практикалық деңгейінің жоғарылығы құрайды.

2. «Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі». Оның мазмұнын бақылау іс-әрекетінің құрылымдық элементтеріне сәйкес мақсаты, міндеттері, түрлері, мазмұны, әдістері, формалары (саны, сынама-тестілеу), нәтижесі (анықтау, ауытқуларды анықтау, қателерді түзету) туралы ақпараттар құрайды.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұнын, оның нәтижесін бақылау бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының білім мен іскерліктерінің және жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің дамуы мен олардың үйлесімділігін қамтиды; аталған даярлығы қалыптасуының мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттеріне сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтайды; олардың жүзеге асырылуын тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыруға сәйкес оларға педагогикалық бақылау іс-әрекетінің кәсіби және жеке тұлғалық маңыздылығын ұғындыру; оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау саласындағы теориялық білімдерді меңгерту және оларды жүзеге асыру мен әрекеттерінің мазмұнын ашу, орындау үлгілерін көрсету; практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру; бақылау және өзіндік бақылау мазмұнын қамтиды. «Дене шынықтыру мен

спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курсты, «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу құралдарын, сондай-ақ оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тапсырмаларды (сұрақ, тест, оқу міндеттері, оқу тапсырмалары) болашақ-жаттықтырушыларға біз ұсынған формалар, әдістермен кезеңдеп меңгергенде әдістеменің тиімділігі артады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі философия, психология, педагогика саласы бойынша ғылыми еңбектердегі теориялық және әдіснамалық қағидаларға негізделуімен, мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру, кәсіптік білім беру мазмұнын құрылымдау теорияларын басшылыққа алуымен, зерттеу пәні саласындағы ғылыми негізделген әдіс-тәсілдерді қолданумен, тәжірибелік-эксперимент жұмысы мазмұнының зерттеу мақсатына сәйкестілігімен, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеумен және қорытындылаумен қамтамасыз етілді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі. Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 20 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде: 11 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда; 2-мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда; 3-мақала отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда; 2 – мақала отандық ғылыми журналдар мен басылымдарда апробацияланған; 2 – оқу құралы даярланды.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру эксперимент барысында және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық баспа беттерінде, жоғары оқу орындарындағы ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларда, кафедра мәжілістерінде талқыланып Оңтүстік Қазақстандағы университеттердің оқу-жаттығу үдірісіне ендірілді.

1. Болашақ дене шынықтыру мамандарын дайындаудың педагогикалық үдерісінің мәні // «Ғылыми зерттеулер: III мыңжылдықтың негізгі мәселелері» XXIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары негізіндегі ғылыми мақалалар жинағы (Мәскеу, 20-22 наурыз 2018 ж.) 56-60 бб.

2. Болашақ мұғалімдердің оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауға дайындығын қалыптастыру мәселелері // 21 ғасырдағы кәсіби білім беруді дамытудың мәселелері мен болашағы. 10–11 сәуірдегі IX Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы, Мәскеу – 2019 ж., 32-35 бб.

3. Спорт залдарында спортшыларға арналған жайлы микроклиматты қамтамасыз ету: Жайлылық температурасына тақырыптық зерттеу//12-ші халықаралық конференциясы, ICCS 2020 Дананг, Вьетнам, 3 қараша – 3 желтоқсан, 2020 ж. 626-637 бб.

4. Педагогикалық үдерісте практикалық іс-әрекеттерді бақылау// Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, «Ұлы Даланың жеті қыры» және қазақ руханияты» тақырыбына арналған «Өзбекәлі Жәнібек

Оқулары - 2019» атты X халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 8 сәуір, -Түркістан. 2019 ж. 316-321 бб.

5. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың ерекшеліктері туралы // Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабаршысы, Түркістан. №3 (109), 2018 ж. 182-186 бб.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде бөлімінде зерттеу жұмысының өзектілігі негізделеді, зерттеу мақсаты, нысаны, пәні, зерттеудің ғылыми болжамы мен міндеттері және жалпы ғылыми жұмысқа тән зерттеу аппараты баяндалады.

«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің зерттелуі қарастырылады, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мазмұндалады және жоғары оқу орнының болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы әлеуеті айқындалады.

«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық негіздері» атты екінші бөлімде «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны айқындалады, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ерекшеліктері мен құрылымдық-мазмұндық моделі теориялық тұрғыдан негізделеді.

«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі және тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны» атты үшінші бөлімінде оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың диагностикасы айқындалады және әдістемесі әзірленеді, соған сәйкес тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны ұсынылады.

Қорытындыда зерттеудің міндеттеріне сәйкес негізгі қағидалары мен нәтижесі тұжырымдалады. Зерттеудің перспективасы және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Қосымшада тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған материалдар берілді.

1 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің зерттелуі

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінің дамуына қойылып отырған жаңа талаптар білім беру субъектісінің кәсіби даярлығын жетілдіруді қажет етіп отырғандығы анық. Осыған байланысты ұрпақ тәрбиесінде еркіндік пен жауапкершілікке жоғары мән беріп, жалпы адамзаттық құндылықтарға, өмірде өз орнын анықтауға, дұрыс таңдау жасауға, өмірлік мақсаттарды тиімді іске асыруға баулу қажеттігі арта түседі. Ал бұл болса, алдымен өскелең ұрпақты тәрбиелейтін, білімдендіретін, оның тұлғалық дамуына ықпал ететін болашақ педагогтарды даярлау мәселесін зерделей түсуді керек етеді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында жалпы мамандарды даярлау жүйесі озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшетіні айтылған. «Оның басты міндеті – өңірлік және салалық бөліністе жаңа кәсіптерге сұраныс пен адами ресурстардың ұсыныстарын тиімді ұштастыруды қамтамасыз ету» - деп атап көрсетілген [72]. Ол үшін мемлекеттің, бизнес пен білім берудің кадрларды алдын ала даярлау бойынша күш-жігері жинақталатыны, ол «алгоритмге: 1) кадрларға сұранысты болжаудың заманауи форсайт әдістері; 2) біліктілік талаптарын анықтау; 3) жаңа буын мамандарын оқыту кіреді» - деп жазылған. Аталған модель аясындағы жүргізілетін жұмыстарға сәйкес ЖОО неғұрлым маңызды салаларды дамытуда кадрлық сүйемелдеудің драйверлеріне айналатыны айтылған.

Осыған орай ЖОО-да педагогикалық үдерісті жетілдіру және болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің көкейкестілігі күннен-күнге артып отыр. Ғалымдардың (В.П.Беспалько, Б.С.Гершунский, В.А.Сластенин, С.Д.Смирнов, Н.Ф.Талызина, Ш.Т.Таубаева және т.б.) еңбектерін сараптау және озық тәжірибені жалпылау көрсетіп отырғандай, ЖОО-дағы білім беру үдерісінің болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру үшін үлкен мүмкіндіктері бар [73-76].

А.С.Макаренко мұғалім үшін педагогикалық шеберлік техникасын игеру қажеттілігін: «Педагогикалық шеберлік тәрбиешінің дауыс ырғағын реттеуден, өзінің болмысын басқарудан тұрады ... Педагогтың ойнамауы мүмкін емес. Ойнай алмайтын педагогтың болуы мүмкін емес... Бірақ сырттай ғана ойнауға да болмайды. Бұл ойынмен сіздің көркем келбетіңізді байланыстыратын буын болу керек ...» және «педагогикалық шеберлік техника деңгейіне дейін жетілдірілу мүмкін» - деп атап көрсетеді [77, с.268-269].

В.А.Сухомлинский педагогтың шеберлігінде ең маңыздысы «мейірімді даналықпен үйлестіре алуды» санады, ал оның қалыптасуы үдерісінде шығармашылыққа басымдық беріп, «Егер сіз педагогикалық еңбек педагогқа қуаныш сыйлағанын қаласаңыз, егер күнделікті сабақтардың өткізілуі бірдей,

зеріктірірлік әрекетке айналғанын қаламасаңыз, онда әр педагогқа шығармашылық мүмкіндіктер беріңіз» - деп атап көрсетті [78, с.70].

Қазіргі уақытта жоғары білімді маманды даярлауда басшылыққа алатын білім беру бағдарламасын әзірлеуде көптеген құжаттар мен практика зерделенетіні және жұмыс берушілер тарапынан ұсыныстар ескерілетіні белгілі.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың жалпы даярлығын, оның ішінде педагогикалық бақылауға даярлау мәселесін зерттеу жүйелілік тұрғысынан бірнеше факторларға байланысты қарастырылады. Оның ішінде білім беру жүйесіндегі орын алып отырған ерекшеліктерді ескеру маңызды болып табылды.

Ақпарат жүйесіндегі «Kompetenz» сақтандыру компаниясы жүргізген мәліметтерге сүйене отырып, бірқатар деректерді келтіруге болады: ұлдардың қыздарға карағанда 2-3 есе жиі жарақат алуы; жазғы уақытта 14 жасқа дейінгі балалардың (жасөспірімдердің) 40% дейін спорттық жарақат алуы басым. Зерттеуде оның себебін «Бұл үрдіс ата-аналардың ұзақ жазғы демалыс кезінде денсаулыққа пайдасы бар деп баланы спорт секциясына жаздыратын ниетінен туындайды», - деп көрсетеді [79, 80]. Бұл ретте 14 жасқа дейінгі балалар алған жарақаттардың ең көп саны жауынгерлік өнермен (бокс, дзюдо, каратэ, самбо) айналысу кезінде тіркелген (37,8%). Екінші орында футбол (14%), одан кейін жеңіл атлетика және гимнастика (11%), жүзу (10,5%) орын алған. Сондай-ақ, зерттеулерде барлық алған жарақаттардың жартысынан көбі аяқ жарақаты (58,5%), ал қол жарақаты (17,6%) аз болатыны, сынықтардың барлық жарақаттардың шамамен 14% мөлшерін құрайтыны айтылған [81, б.238-239].

Қазақстанның денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2018 жылдың алты айында 2 299 мектептегі жарақаты, 2 308 спорттық жарақаты тіркелген. Сонымен қатар, барлық жарақаттардың ішінде дене шынықтыру сабақтарында болған жарақаттардың үлесі 18% - ды құрайды [82]. Дене шынықтыру сабақтарында алған жарақаттар «спорттық» болып саналады.

Интернет желісінде және ғылыми мақалаларда оқушылардың арасында «мектеп» және «спорт» жарақаттарының рейтингісі анықталған [83], оның ішінде:

- қолдың жарақаты (42,8%) – білектің, қол мен шынтақтың жарақаты;
- аяқ жарақаттары (31,9%) - табанның шығуы, созылуы, сынуы, тізе, бұлшықет және сіңір жарақаттары [84];
- бастың жарақаты (13,8%) – көбінесе-түрлі ауырлықтағы шайқалу;
- іштің, төменгі арқаның, бел омыртқасының және жамбастың жарақаттары (4,2%) – жамбас буындарының, жамбастың және омыртқаның жарақаттары;
- кеуде жарақаты (2,7%);
- жарақаттанудың, уланудың және сыртқы себептердің әсер етуінің салдары (1,3%);
- мойын жарақаттары (1,2%).

Ал мұндай мәліметтер дене шынықтыру кезіндегі жарақаттану себептерін зерттеу мен оның алдын алуды қажет етеді [85]. Өйткені бұл жарақаттың туындауына спорттық-жаттығуларды тиімді ұйымдастырудың жеткіліксіздігі себеп болады. Оны болдырмау немесе алдын алу үшін мектепте және дене

шынықтыру сабақтарында балаларға қауіпсіз құлау ережелерін оқыту, гимнастикалық жаттығу кезінде «сақтану» ережелерін дұрыс үйрету, балалардың жастарына сәйкес спорттық инвентармен қамтамасыз ету, дене шынықтыру алаңдарын дұрыс күту керек.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуы мектепке дейінгі баланы тек оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне баса назар аударуда олардың өмірдің барлық салаларында ішкі табиғатымен біртұтас дамуына аса мән берген дұрыс. Өйткені бұл мектепке дейінгі балалардың тұтас білім беру процесінің кепілі болады, сондай-ақ одан әрі өмір сүру үшін дене шынықтыру сабақтарының құндылығын түсінуге және салауатты өмір салтын жүргізуге негізделген қызметтің басты бағыттарын қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың өзін-өзі бақылау жасауына үйрету басты міндет өатарына енеді [86].

Мектептердегі көп жылдық бақылаулар көрсеткендей, мұғалімдер мен студент-практиканттармен бірлескен жұмыстардың, спорттық жарыстардың жоғары ағартушылық және тәрбиелік тиімділігі тек әдістемелік жағынан сауатты даярланып, өткізілген жағдайда ғана болады. Сондай-ақ, мектеп оқушылары «Жеңіл атлетика. Кросс», «Наурыз» сайысына арналған спорттық жарыстарға қызығушылықпен қатысады. Мектепте «Үміт сөресін», «Көңілді сөрелерді» өткізуге мұқият әзірленеді, ондағы балалардың құштарлығы, бір-бірінің көмегін сезінуі, командадағы ең әлсіз ойыншыны қолдаудың өзі, жоғары нәтижелерге жетуден гөрі аса маңызды. Балалар дербес жаттығуларға дағдыланып, разрядтық нормаларын орындайды [87].

К.И.Адамбековтың ғылыми-зерттеу жұмысына сәйкес педагогикалық жұмыстарға жүргізілген бақылаулар мен тәжірибе көрсеткендей Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің дене дайындығы мен денсаулық жағдайының жекелеген көрсеткіштерінде әлсіреу үрдісі байқалған [88].

Қазіргі жағдайда шетелдерде мектептегі дене шынықтыру сабақтарының құрылымын түбегейлі өзгерту ұсынылуда, оның ішінде дене шынықтыру сабақтарын спорт секцияларындағы сабақтармен алмастыру керектігі, ол үшін сабақ кестесін қайта қарау, ал дене шынықтыру мұғалімдерін кәсіби жаттықтырушыларға қайта даярлау қарастырылуда. Осы тұста Б.И.Островскийдің өзінің зерттеу жұмысында: «Дене шынықтыру мұғалімі лауазымын жойып, оның орнына педагогикалық қызметті жаңа бастағандарға жаттықтырушы болатын және одан әрі оның төлқұжатына жазылатын жаттықтырушы лауазымын енгізу керек. Кәсіби жаттықтырушы болашақ спортшыны байқап, оны одан әрі өсуге дайындайды» - деген пікірі құнды саналады [89].

Сондықтан да дене шынықтыру сабақтарының құрылымын толығымен өзгерту ұсынылуда. Қазір дене шынықтыру сабағы балаларға қызықты емес. Сабақтарды әртараптандыру керек - мысалы, қыздар үшін аэробика, ал ұлдар үшін жарыстық күресті күшейту керек [90].

В.А.Фетисовтың Ресей үшін жаңалығы мектептердегі жалпы спорттық білім берудегі американдық стандартқа негізделуі саналады. Ол АҚШ-та дене шынықтыру сабақтарының секциялардағы сабақтарға алмастырылғанын алға тартады. Сондай-ақ оқу кестесінде оқушыларды, білім алушыларды басқа

психикалық стресстен босату үшін осы сабақтардың ортасында орын бөлінген. Екінші жағынан бұл жоба орта мектептегі балалар мен жасөспірімдерден спорт мектептері мен олимпиадалық резерв мектептерін, яғни осы саладан үздіксіз білім беру жүйесін құруды мүмкін етеді.

Мектеп практикасындағы спорттандыру әр түрлі формада көрінеді, оның мәні негізгі және қосымша білім беруді, спорттық және сауықтыру іс-әрекеттерін біріктіру болып табылады. Мысал ретінде «мектеп спорт клубы» жобалары, «әр мектеп - спорт командасы» жобасы (ең болмағанда балалар, ата-аналар, мұғалімдер арасында ең танымал спорт түрі) болуы мүмкін. Оларды ұйымдастыруда мектеп оқушылары, мұғалімдер, медицина қызметкерлері, психологтар, мектеп басшылары болады. Мектеп командасының негізгі міндеттері:

- оқушылардың физикалық, адамгершілік және рухани денсаулығын қалыптастыру;
- салауатты өмір сүру салтын насихаттау;
- спорттық іс-шараларға қатысу арқылы балалар мен жасөспірімдер арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайту;
- патриоттық тәрбие беру [91]. Модификацияланған топтық спорт ойындарын қолдануда әрбір оқушы белгілі бір рөл атқаруы маңызды. Бұл командаішілік рөлдер әртүрлі және жаттықтырушы, статист, менеджер, спорт журналисті, комментатор, дене шынықтыру жаттықтырушысы, жанкүйерлер мен қарсыластар және т.б. рөлдерді қамтуы мүмкін.

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінде жарақат алуының бір себебі - жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік, оның ішінде бақылау даярлығының төмен деңгейде деуге болады. Екінші жағынан мектептердегі дене шынықтыру пәнін ұйымдастыруға жаңаша көзқарастар болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауға деген сұранысты арттырады.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына байланысты жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің болашақ педагогтарды даярлаумен ұқсастығы және өзіндік ерекшеліктері бар.

И.Ф.Исаев оқытушыны кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлауды кәсіби-педагогикалық мәдениеттің құндылықтары, технологиялары және тұлғалық-шығармашылық компоненттері, оның функциялары, өлшемдері мен деңгейлері арқылы қарастырады. Осы тұрғыдан ол кәсіби-педагогикалық мәдениетті қалыптастырудың тарихи-педагогикалық проблемаларына талдау жасайды, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениетін дамытудың үдерістерін, қағидаттары мен шарттарын негіздейді [92].

Жалпы болашақ педагогтарды даярлау мәселесі бірқатар бағыттарда зерттелген. Олардың қатарында төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- пән мұғалімдерін даярлаудың жалпы педагогикалық мәселелері (С.И.Архангельский, О.А.Абдуллина, Ф.Н.Гоноболин, Э.А.Гришин, Т.А.Ильина, Н.В.Кузьмина, М.А.Құдайқұлов, И.Т.Огородников, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, А.И.Щербаков және т.б.);

- жоғары оқу орындарында кәсіби даярлық жүйесінде мамандарды кәсіби дайындауды жетілдіру бағыты (Г.Ж.Меңлібекова, Б.Т.Кенжебеков, Ж.Маусымбаев, Ж.Ж.Жаңабаев, С.Ж.Пірәлиев, Ы.Наби, М.Н.Сарыбеков, А.Б.Абибуллаева, Ж.Асанов, А.А.Жолдасбеков, К.М.Беркімбаев, А.М.Абдыров, Б.А.Оспанова, С.С.Досанова, Ү.А.Байзақ және т.б.);

- жоғары білімді мамандар даярлаудың ерекшеліктері (С.Я.Батышев, А.П.Сейтешев, Б.А.Абдыкаримов, Б.К.Момынбаев, В.В.Егоров, О.Сыздықов, К.Өстеміров, Ш.Әбдіраман, Н.А.Шамельханова және т.б.);

- болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориясы мен практикасы, тарихы және әдістемелік, политехникалық, технологиялық даярлығы мәселесі мен кәсіптік оқыту пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіру аспектілері Ю.К.Васильев, У.Н.Нишаналиев, В.И.Гусев, К.Ә.Дүйсенбаев, А.Н.Богатырев, Е.В.Романов, С.А.Жолдасбекова, С.З.Қоқанбаев және т.б.;

- болашақ мұғалімдердің мәдениетін қалыптастыру (Ш.Т.Таубаева, В.А.Комелина, Н.А.Максимова, Д.А.Крылов, И.Ю.Башкирова және т.б.);

- болашақ дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт саласы бойынша педагогтарды даярлауды жетілдіру (М.Сапарбаев, О.Аяшев, Ж.К.Оңалбек, Б.Қ.Мухамеджанов, Ш.Б.Оразов және т.б.)

Осы ғалымдардың еңбектері біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды.

Мәселен В.А.Сластениннің зерттеулері кәсіптік-педагогикалық білім беру әдіснамасы мен әдістемесі арқылы болашақ мамандарды даярлау мәселесін ашу үшін қызығушылық танытады [93]. Н.Д.Хмель педагогикалық қызметті жаңадан бастаған оқытушылардың кәсіби іс-әрекетке дайындығын қарастырған. Оның жұмыстарында негізгі теориялық ережелерді пайдалана отырып, оқытушы кез келген үдерістің технологиясын білдіретін теория мен практиканың мақсаты мен нәтижелерінің бірлігіне қол жеткізумен тұтас педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара іс-әрекеті мен ынтымақтастығы арқылы қалай табысты іске асыра алатындығы көрсетіледі [94]. Өзінің кәсіби іс-әрекеті объектісін жүйелі қарастыру кезінде біртұтас педагогикалық үдерістің мәнін түсіну оқытушының репродуктивті деңгейі жағдайынан продуктивті іс-әрекетке ауысатынын көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан оқушы жастардың дене тәрбиесін жетілдіру және бақылау міндеттерін шешу әрекеттерін көптеген ғалымдар, мамандар, менеджерлер және дене шынықтыру мұғалімдері (Л.И. Лубышева [95], В.И. Лях [96], В.К. Балсевич [97], А.П. Бондарчук [98], П.А. Григорьев [99], С.М. Гордон [100], Н.Н. Кострова [101], Р.М. Раевский [102] және т.б. зерттеп, зерделеген.

Олардың негізгі жарияланымдары дене тәрбиесінің негізгі мәселесін спорттың түрлерімен дамытуға арналған. Осы еңбектерде берілген ойлар өз кезегінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауды жетілдіру мәселесін жан-жақты қарастыруға септігін тигізеді.

Жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығының басқа педагогикалық мамандарды даярлаудан өзіндік ерекшеліктері бар [103]. Білім жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметіндегі мүмкіндіктерін анықтайтын факторлардың бірі. Әсіресе, жоғары сынып оқушылары жаттықтырушы-

оқытушыларды тек коммуникативті қасиеттеріне (қарым-қатынас қабілеті, адамдармен байланысқа кіру бойынша) ғана емес, мүмкіндігінше кәсіби білім, біліктеріне қарап бағалайды.

Дене шынықтыру мұғалімінің, сонымен қатар жаттықтырушы-оқытушылардың эрудициясы жалпы және арнайы білімдерден тұрады. Жалпы білім (қоғамдық-саяси, сондай-ақ тіл, өнер, тарих және т.б.) олардың дүниетанымы мен жалпы мәдениетін сипаттайды. Жаттықтырушы-оқытушының дене шынықтыру саласынан педагогикалық қызметін жүзеге асыруы үшін қажет арнайы білімдерін психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық және дене шынықтыру деп бөліп қарастырамыз.

Анатомия, физиология, психология, педагогика негіздері бойынша білімді елемеу маңызды педагогикалық қателіктерге әкелуі мүмкін. Тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби қызметі үшін дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесімен қатар психология мен физиология саласынан білімдерінің болуы маңызды саналады.

Білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім беру жағдайында білім алушыларды бақылау мен бағалауға үлкен мән берілуі себепті дене шынықтыру мен спорт саласындағы жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау қабілеттеріне болуына бас назар аударылып отырғандығы сондықтан.

Жаттықтырушы-оқытушы қызметін атқаратын педагогикалық қызметкерлердің оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауының өзіндік ерекшеліктері бар. Жаттықтырушы-оқытушылар өздерінің педагогикалық қызметіне қажетті педагогика, психология, физиология ғылым салалары бойынша білім негіздерін меңгереді және олар педагогикалық қызметкер ретінде дене шынықтыру мамандарына қойылатын лауазымдық талаптарға жауап береді. Олар спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушының лауазымдық міндеттеріне сәйкес төмендегідей бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асырады [104]:

- дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарын әзірлейді, қатысушы-спортшылармен бірге өз жұмысының нәтижелері мен мазмұнына жүйелі түрде есеп жүргізеді, талдайды, жинақтайды;

- оқушылар топтарымен, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарға жататын оқушылармен оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстар жүргізеді (оқу-жаттығу процесін жоспарлайды, әр оқушыға даярланудың жеке жаттығу жоспарын жасайды);

- оқушылардың уақтылы медициналық тексерістен өтуін, олардың антропометриялық өлшемдердің, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулардың негізінде дәрігерлердің ұсынымдарын орындауын және бақылау жаттығуларының орындалуын бақылайды;

- оқушылардың жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін өткізеді;

- есепке алу және есептілік құжаттамасын сапалы жүргізуді және басшылыққа, құрылымдық бөлімшенің бастығына, аға жаттықтырушы-оқытушыға уақтылы ұсынуды жүзеге асырады.

Көріп тұрғандай жаттықтырушы-оқытушы ұйымдастыру жұмыстарына сәйкес олардың нәтижелерін анықтау үшін есепке алуды және іс-әрекеттердің бекітілген мөлшер аясында жүзеге асырылуын қарастырады.

Дене шынықтыру, спорт саласында білім берудің ерекшелігі – оқушылардың алған білімі көбінесе дене қозғалысының (іс-әрекеттің) нәтижесі болып табылады. Мұнда оқытудың негізгі мазмұны қойылған міндеттерді шешудге арналған әртүрлі дене қозғалысын, әдістер мен тәсілдерді (пайымдау, болжау және т.б.) қамтитын күрделі іс-әрекет үдерісі. Дене жаттығулары өзінің табиғатына байланысты дене қозғалысының тәсілдері мен әдістерін меңгертуге септігін тигізетін оқу құралы.

Ғ.Худияров өзінің зерттеу жұмысында «Республикада жас балуандардың дайындығына педагогикалық бақылау жасау, күрестің әдістемесі мен теория мәселелерінде аз зерттеліп жүрген тақырып» - дей келе, «әдебиеттерді талдау және алдыңғы қатарлы спорттық тәжірибе көрсеткендей педагогикалық бақылаудың көбінесе әдістемелік негіздері жоқ болып келеді. Жас балуандар дайындығын әр қырынан қарағанда заман талаптары спорт ізбасарларын дайындау жүйесіне сай емес. Жас балуанның дене-күш дайындығы кезенді бақылау мәселесі мен қажетті дене-күш даму деңгейін бағдарлау осы уақытқа дейін толық қаралмай келген іс» деп зерттеу қажет ететін аспектіні анықтап көрсетеді [35, б.14].

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылаудың ерекшеліктерінің бірі оқылатын пәннің ерекшелігіне сәйкес келеді. Пән тілін (дене тілін) - түсінбей танып білу мүмкін емес және арнайы терминологияның, қозғалыстардың көптігі де өзіндік ерекшелікке ықпал етеді. Мысалы көп жағдайда дене шынықтыру мен спорт түрлерінің тілі басқа пәндердің тілдеріне қарағанда жинақылығымен және сыйымдылығымен, стилистикалық біркелкілігімен, стандартты сөздік айналымдарды пайдалануымен айрықшаланады. Денелік тілдің бұл ерекшелігі оқушылардың орындайтын іс-әрекетінен талап етіледі. Ал бұл болса оқу іс-әрекетті бақылау сипатын алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, оқылатын пәннің ерекшеліктері оқу әдістемесінде де, бақылау әдістемесінде де көрініс табады. Мәселен, бірқатар зерттеушілер (Ш.А.Амонашвили, Ю.С.Брановский, В.А.Далингер, О.Б.Епишева, В.И.Крупич, Л.В.Кузнецова, Н.Ф.Талызина, В.Ф.Шаталов, И.С.Якиманская және т.б.) бақылау мен бағалаудың пән ерекшелігіне байланыстылығын көрсетеді. Ал, спорт пен дене шынықтыру пәнінің басты ерекшелігі – дене қозғалысы координациясы негізінде тікелей бақылаудың (қозғалыс түрлерін орындау, оларды қолдану және т.б.) жасырын ақыл-ой іс-әрекеттерін меңгере отырып, тапсырманы таңдау қажеттілігі.

Демек, бақылау іс-әрекетінің ерекшелігі жаттықтырушы-оқытушы үшін материалды іріктеу оны ұйымдастыру әдістемесі ретінде көрінеді. Бұл жерде сенімді біріктірілуі тиіс дидактикалық бірліктердің жанасу нүктелерін таба білу қажет және осы қосылыстардың сенімділігі тұрақты бақылауда болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, ол пайдасыз білім желісі болады. Айтылған ой ғалымдардың зерттеуінде атап өтілген. Олар пәнді оқыту әдістемесін таңдау

кезінде пәннің барлық бөлінген ерекшеліктерін есепке алу қажеттілігін атап көрсетеді және осы мәселенің, әсіресе болашақ жаттықтырушы-оқытушының іскерлігін қалыптастыру мәселелерінің жеткіліксіз әзірленгенін дәлелдейді.

Зерттеулерге сәйкес жаттықтырушы-оқытушыны кәсіби дайындығы әртүрлі компоненттерден тұрады: әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, арнайы-ғылыми, әдістемелік. Олардың барлығы өзара байланысты және алынатын мамандыққа бағдарланады.

Жаттықтырушы-оқытушының арнайы білімін теориялық, практикалық және әдістемелік деп бөлуге болады (кесте 1).

Кесте 1- Жаттықтырушы-оқытушының арнайы білімдері

№	Білімдері	Мазмұны
1	Теориялық білім	Дене шынықтыру тарихына, адам ағзасының жұмыс заңдылықтарына, қозғалыс әрекеттерінің биомеханикалық заңдылықтарына, тәрбие мен оқыту принциптеріне және т.б. қатысты білімдер
2	Практикалық білімі	Ең алдымен, осы немесе басқа жаттығуды қалай жасау керектігі туралы білімге қатысты. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылар үшін бұл практикалық сабақтарда және спорттық мамандану сабақтарында алынған негізгі білімдері.
3	Әдістемелік білім	Сонымен қатар қалай жасау керек деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді, бірақ олар енді жаттығудың жеке орындалуына емес, оқушылардың (білім алушылардың, жас спортшылардың) орындалуына қатысты. Бұл басқаны қалай үйрету керектігін білу.

1-кестеден жаттықтырушы-оқытушының арнайы білімдері құрылымын анықтау мен оларды қалыптастыру мәселесі зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асатындығын көруге болады. Жаттықтырушы-оқытушылардың және дене шынықтыру мұғалімі бойынша олардың дайындығының құраушылары туралы көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген. Б.Омаровтың ғылым зерттеу еңбегінде жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады [71, б. 56]. Осы бағыттағы зерттеулерге сәйкес құзырет құраушыларының: білім, іскерлік және дағдылар түйіндесуінде болатыны да көрсетіледі. Осыған сәйкес жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі: танымдық, кәсіби-технологиялық, ақпараттық, коммуникациялық, әдістемелік және т.б. құраушылардан тұратыны айтылады [105]. Әдістемелік құзыреттілік аясында бақылау бойынша білім мен іскерліктердің қалыптасуы қарастырылады.

Зерттеу жұмысында жаттықтырушы-оқытушылардың профессиограммасы және білім, іскерлігі мен сапалық қасиеттері, яғни даярлығы немесе құзыреттері көрсетілген (Қосымша А). Біздер осыған сәйкес оқу материалдарына педагогикалық бақылау іскерліктерін қосу керек деп білеміз.

Осыған байланысты жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық даярлығы құрылымын негізгі категориялар бойынша да топтастырып, тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылардың және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығын: іс-әрекет түрлері; жеке қасиеттері; игерген даярлық құраушылары туралы салыстырмалы талдауға болады.

Педагогикалық теорияда педагогқа қойылатын талаптар әртүрлі терминдермен көрінеді: «Кәсіби жарамдылық», «кәсіби даярлық» [106, с.358].

Кәсіби жарамдылық дегеніміз - таңдалған кәсіпте жетістікке жету үшін қажет адамның психикалық және психофизиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлық, кәсіби жарамдылықтан басқа, іскерліктер мен дағдылардың деңгейін де қамтиды. Оның құрамында психологиялық, психофизиологиялық және физикалық даярлық (яғни кәсіби жарамдылық), сонымен қатар педагогтың ғылыми-теориялық және практикалық дайындық ерекшеленеді [107, с.70].

Жаттықтырушы-оқытушылардың жеке қасиеттері қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. Жаттықтырушы-оқытушылардың білімі мен қабілеті олардың педагогикалық міндеттерін сәтті орындауға және кәсіби біліктілігін жетілдіруге негіз болып табылады. Олардың негізгі даярлығы мен құзыреттері жеке тұлғаның әлеуметтік, педагогикалық және басқа да қатынастардағы табыстылығын қамтамасыз етеді [108].

Жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың негізгі бастауы болып ынталандырушылық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, іс-әрекеттік, бақылау-бағалаушылық компоненттерден тұратын оқу (практиканы қоса) және оқудан тыс дене тәрбиесі-спорттық жұмыстар болып табылады (Виленский М.Я., 1990) [109, с.44].

Жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби даярлығы - бұл өзара байланысты элементтер кешені, олардың бір бөлігі жаттықтырушы-оқытушыларда спорттық-кәсіби іс-әрекетте қалыптастырылады. Жаттықтырушы-оқытушылар ЖОО-да нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес білім беру жүйесінде толық даярлықтан өтеді.

Соңғы бекітілген дене шынықтыру және спорт мамандығының жоғары кәсіптік білім беру стандартында жаттықтырушы маманның қызметі келесідей: «спорттық жетістіктерге ағзаның, дененің қызметтік, әдіс-тәсілдік, психологиялық, зияткерлік дайындығын ғылыми негізде жоспарлау, бақылау және бағыттау» - деп ұсынылған [110, б.6]. Жаттықтырушы-оқытушының бақылау іс-әрекеті, оның педагогикалық бақылау даярлығы құрамындағы кәсіби іс-әрекетінің құраушысы ретінде қарастырылатыны айтылады.

Педагогикалық бақылау даярлығына қатысты Б.Омаров өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеті түрлерінің бірегейі ретінде: «пәндік білім, іскерлік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау; сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау іс-әрекеттерін» атап көрсетеді [71, б.69]. Бұл мазмұндауда бақылау әдістемелік даярлық құраушысы ретінде қарастырылады.

О.Қ. Дүйсенов өзінің ғылыми зерттеу жұмысында жеке қабілеттер мен оның функцияларын, психологиялық дайындықты жетілдіру, жылдық және апталық циклдарда, жеке сабақтардағы жаттығу жүктеменің динамикасы мен құрылымын ескере отырып, ойын ойнау тәжірибелеріне әдістік және тәсілдік алуан түрлі оқыту керектігін «кешенді бақылау үнемі жаттығу процесінің сапасын бағалау үшін ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Жаттығуға әсер ететін жүйе мен бағдарламаға үйлестіру жасайды» деп көрсетеді [111].

Дайындықтың кезеңдерін бөлсек, әрбір кезеңге тән арнайы міндеттері мен мазмұны болады. Оларға сәйкес жаттықтыру барысын бағдарлау, жаттықтырудың әсер етулерінің құралдары мен әдістерін, бақылау жасаудың құралдары мен әдістерін таңдау жүзеге асырылады. Осы ережелердің негізінде бағдарламалық құжаттар мен оқу әдістемеліктері түзіледі [111, б.57].

О.Қ. Дүйсеновтың пікірінше кешенді бақылау мен жаттығу процесінің сапасын бағалау, бағдарламаны түзету және жаттығушылық іс-әрекет жүйесін бағалау үшін ақпарат алуға әрдайым мүмкіндік береді [112].

Міселен, қысқа қашықтыққа жүгіруші спортшыларды дайындау тәжірибесінде олардың арнаулы физикалық дайындығы мәселелеріне көп көңіл бөлінетін болғандықтан, қазіргі уақытта физикалық сапасының даму деңгейіне педагогикалық бақылау жасау әдістемелері әзірленген. Жеңіл атлетші-қысқа қашықтыққа жүгірушілердің жарыс қызметін зерттеуге қатысты еңбектерді де табуға болады [113].

Дене шынықтыру және спорт бойынша жазылған әдебиеттерде [114 - 117] денсаулық көрсеткіштерін, дене сапаларын бақылау мен бағалау үшін тесттер мен сынамалар жинақталып берілген. Осыған сәйкес әркім өзінің ағзасының мүмкіндігін, тыныс алу жүйесінің қызметі жағдайын, жүрек-қан тамыр жүйесі қызметін және жүректің жұмысын анықтауға қозғалыс тесттерін орындауды таңдауына болатыны көрсетіледі.

Ш.Б.Оразов өзінің зерттеу жұмысында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық қызметінде қолданатын дене дамуына зерттеу жүргізудегі антропометриялық әдістер, дененің сапасын анықтаудағы тесттер туралы мазмұндайды. Сонымен қатар, автор бақылаудың кеңінен таралған әдістерін атап көрсетеді, олар [65, б.127]:

- оқу-тәрбие үдерісін педагогикалық бақылау;
- жұмыстың негізгі түрлеріне жұмсалатын уақытты айқындау мақсатымен жаттығушылардың іс-әрекетін тіркеп отыру;
- тамыр соғысын өлшеу - жүрек-қан тамыры жүйесінің түскен жүктемеге тітіркенісін анықтау;
- құжаттық материалдарды (жоспарларды, есептерді, жарыс хаттамаларын, дене даярлығы бойынша тест нәтижелерін және т.б.) зерделеу;
- сауалнамалар (анкеталық және сұхбат түрінде).

Алынған мәліметтердің талдануы мен жинақталуының негізінде тиісінше қорытындылар жасалады және басшылыққа ұсыныстар беріледі.

Б.Мухамеджанов ғылыми мақаласында мектеп оқушыларының дене даярлығын бақылау әдістемесін қарастырады [118].

Өзінің зерттеу жұмысына сәйкес Ө.Тұрысқұлов педагогтың іс-әрекетті ұйымдастырудағы басқарушылық және бақылаушылық қызметі мазмұнын төмендегіше атап көрсетеді: сабақта ұлттық ойындардың мақсатын белгілеу, ойын ережесін, оқу тапсырмаларын түсіндіру, практикалық қимылдың үлгісін көрсету, көмек және қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру, ескертулер мен нұсқаулар беру: жаттығуларды жасау, орнын жинастыру және дайындау бойынша іс-қимыл, ұлттық ойын түріне қажетті құрал-жабдықтарды үйлестіру, жинап алу; болашақ дәрігерлер ойын ережелерін орындайтын жердегі басшылық (орналасу, орындау реттері, алмасу), олардың қимылын өзара бақылауды және үлгерімді есепке алу, кәсіппен байланыстыру және сабақтың қорытындысын жасау [119]. Мазмұндаудан көріп тұрғандай бақылау әрекеті ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетінің құраушысы ретінде сипатталуы.

Е.Ю.Шуберт зерттеу жұмысында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі білімдендіру даярлығын қалыптастырудың мазмұны мен әдіст-тәсілдерін қарастырса [120], У.Ш.Худжаев ғылыми еңбегінде болашақ жаттықтырушыларды жеке тұлғаға бағдарланған тұғыр негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеген [121]. Ол жеке тұлғаға бағдарланған тұғырды жаттықтырушының кәсіби қызметіндегі оның іс-әрекетінің әдіснамалық бағыты ретінде субъектілік, тұлғалық, биологиялық және жеке ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздейді. Сондай-ақ жаттығу процесін құрудың принциптері мен әдістерінің белгілі бір сипаттамалық білім жиынтығын құрайтындығын айта келіп, олар спорттық жетістіктердің деңгейін арттыруды, сонымен қатар спортшылардың жеке даралығын қалыптастыруды, сәйкесінше олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететінін мазмұндайды.

Ю.С.Бернина өзінің зерттеу жұмысында басқару іс-әрекетін спорттық жаттықтырушының кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі тұрғысынан қарастырады. Сондай-ақ басқару іс-әрекетінің құрамын жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, есепке алу, бақылау және түзету әрекеттері құрайтынын анықтайды. Жаттықтырушының басқару объектілеріне жаттығу процесі, жарыстық іс-әрекет, психофизикалық жағдайлар, спорттық форма, жеке спорттық жетістіктер, спортшының аксиологиялық және мотивациялық-қажеттілік саласы, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал, жаттықтырушы мен спортшылар арасындағы қарым-қатынас, жұмыс өнімділігі, жаттықтырушының біліктілігі мен кәсіби өсуі, жаттықтырушының кәсіби іс-әрекетін ресурстық қамтамасыздандыру жататындығын айқындайды [122]. Спорт жаттықтырушысының кәсіби қызметінің маңызды ерекшелігі оның педагогикалық сипаты болып табылатынын көрсетеді.

Г.В.Осокин мен Р.С.Наговицын зерттеулерінде жалпы білім беретін мектептің оқу-жаттығу процесінде жасөспірімдердің дене шынықтыруын дамытуға педагог-жаттықтырушыны кәсіби даярлау негіздерін қарастырылады [123]. Оның мазмұнында педагог-жаттықтырушының даярлығының негізгі компоненттері бойынша кәсіби дайындығы сипатталады; жалпы білім беретін мектептің оқу-жаттығу процесінде мектеп оқушыларының жасөспірім шақтағы дене дамуының ерекшелігі анықталады; мобильді оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы педагог-жаттықтырушыны даярлау факторы

ретінде айқындалады; жасөспірімдер мен оқушылардың дене шынықтыруын дамытуға педагог-жаттықтырушының кәсіби дайындығының педагогикалық негіздерінің тиімділігі анықталады.

Сондай-ақ, ғылыми мақалаларда болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы білім беру процесінің мәні зерделеніп, оларды даярлаудың үш деңгейлі білім беру жүйесі зерттеледі. Олардың кәсіби даярлық жүйесін жетілдіру, яғни кәсіби құзыреттілігіне ие дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының кәсіби-педагогикалық дайындығын одан әрі дамыту мәселесі кәсіби және жеке дамытуға жағдай жасайтын - тиімді кәсіби қызметті қамтамасыз ететін кешен ретінде қарастырылады [124].

Зерделей келе, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы жоғарыда аталған ғылыми жұмыстарды бағыттарға бөліп атап көрсетуге болады:

- үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінде дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудың теориясы мен практикасы [58, б. 48];

- болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің волейбол спортына кәсіби бейімділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары [111, б.75];

- болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері [60, б. 87];

- болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері [125];

- дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің теориялық-практикалық негіздері [61, б. 88];

- болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері [65, б. 20].

Сонымен қатар, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын әртүрлі аспектіге даярлау бойынша жұмыстар жүргізілген. Мәселен, А.Б.Дошыбеков дене шынықтыру және спорт саласы маркетингін, яғни белсенді демалыс саласын, дене шынықтыру бойынша білім беру мен спортты дамыту бойынша, сондай-ақ, сұраныстар мен талаптарды қанағаттандыру үшін дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануда дене шынықтыру-спорттық іс-шаралардың көрермендері ретінде тұрғындарды баулуға арналған нарықтық қызметті зерделей келе, аталған қызмет бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін әзірлеген [126]. Н.В.Ямбаева болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін оқушылардың спортқа даярлығын жетілдіруде жарыстық іс-әрекеттерді ұйымдастыру мәселесін зерделеген [127].

Бқдан басқа дене шынықтыру және спорт саласы мамандарын даярлау жүйесі мен олардың даярлығын жетілдіру бойынша да ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілгендігін көруге болады. Т.В.Гомельская оқу-жаттығу іс-әрекетінің нәтижесінің болуы көрініс табатын «жаттықтырушы-спортшы» жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастардың құрылымы мен мазмұнын зерделеген [128].

С.Д.Зорин жаттықтырушылар жұмысының бригадалық формаларын қолдану негізінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі оқушыларының көпжылдық жаттығуларын басқаруды қарастырған [129].

А.В.Неретин ғылыми зерттеуінде спорттық командаларда оң әлеуметтік-психологиялық ахуал жасауға болашақ жаттықтырушылардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырған [130].

Н.В. Гущина «Педагогикалық дене шынықтыру-спорттық жетілдіру» пәнін оқыту процесінде спорттық аэробика бойынша болашақ жаттықтырушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру барысын зерделеген [131].

Ю.С.Бернина өзінің зерттеуінде жоғары білім беру жүйесінде болашақ спорт жаттықтырушыларының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырған [122, б. 98].

Д.Ю.Ушко футбол мысалында кәсіби дайындық процесінде жаттықтырушы-оқытушының беделінің негіздерін қалыптастыру барысын негіздеген [132].

Е.Н.Григорьев зерттеу еңбегінде ЖОО-ның құзыреттілікке бағытталған білім беру процесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылар тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру мәселесін қарастырған [133].

Оған қоса болашақ спорт және дене шынықтыру саласында құзыретті мамандарды даярлау бойынша жүргізілген жұмыстардың да бар екендігін айтуға болады. Олардың қатарында, И.Х.Мешевтің, Н.А.Кузнецованың, К.А.Маринченконың, Н.В.Никифоровтің, Б.С.Омаровтың және т.б. ғылыми еңбектерін айтауға болады [67, б.102]. Зерттеулерге сәйкес қандай да бір құзыреттіліктің құрамында іскерліктердің болатындығы негізделеді. Осыған байланысты Т.В.Тюняева өзінің зерттеуінде педагогикалық бақылауды жүзеге асырудағы кәсіби даярлық құраушысы гностикалық, жобалау, конструктивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық іскерліктерді айқындайды [134]. Осы айтылғандар педагогтың, жаттықтырушы-оқытушының іскерліктерін жинақтап көрсетуге себеп болды (Қосымша А).

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауға басымдық берілмегені айқындалды.

Жалпы педагогикалық бақылау бойынша даярлықтың мәнін және қажеттілігін түсіну үшін бақылаудың теориялық мәселелерін зерделеген ғалымдар еңбектерін талдау қажет. Оның ішінде Н.Ф.Талызина бақылаудың теориялық негіздерін анықтаған, Г.С.Никифоров өзін-өзі бақылауды қалыптастыру мәселелерін қарастырған, Ш.А. Амонашвили, И.П. Волкова, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б. орта мектеп оқушыларының білімін, іскерлігі мен дағдыларын бақылаудың үйлесімді жүйесін құрған.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді оқушының іс-әрекетін бақылауға (немесе бақылау-бағалау) даярлау, олардың бақылау іскерліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылған зерттеулер де қызығушылық тудырады.

В.Л.Синебрюхованың зерттеуінде бастауыш сынып мұғалімдерінің бақылау-бағалау іс-әрекетінің құрылымы төмендегі үлгіде ұсынылған:

- бақылаудың мақсаты мен объектісін анықтау;
- бақылауды жоспарлау;
- бақылаудың неғұрлым ұтымды әдістері мен формаларын таңдау;
- бақылауды орындауды іске асыру;
- нәтижелерді тексеру;
- егер қателіктер болған жағдайда, оларды жөндеу;
- алынған нәтижелерді жоспарланғандарымен салыстыру;
- бақылау қорытындыларын бағалау [135].

Осы зерттеулерге сүйене отырып, Е.В.Иващенко өзінің диссертациялық еңбегінде бастауыш сынып мұғалімінің бақылау-бағалау іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі бар және оны іске асыру кезінде ескеру қажет деген қорытынды жасайды. Проблеманы зерттеу нәтижелері негізінде бастауыш сынып мұғалімдеріне қажетті бақылау-бағалау іскерлігінің төмендегідей топтарын бөліп көрсетеді [136] және олардың мазмұнын құраушыларды ашып жазады:

1-топқа қатыстысы, бақылаудың мақсатын, міндетін және объектісін көрсету іскерлігі;

2-топқа қатыстысы, бақылауды жоспарлау іскерлігі:

3-топқа қатыстысы, бақылауды ұйымдастыру іскерлігі:

4-топқа қатыстысы, бақылау нәтижелерін бағалау іскерлігі:

5-топқа қатыстысы, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін түзету іскерлігі:

Сонымен бақылау іскерліктері мұғалімнің педагогикалық іскерліктерінің құраушысы және педагогикалық іс-әрекеттердің тұйықтаушысы болып табылады.

Сонымен, бақылау іс-әрекетінің мәніне қарап және оған байланысты негізгі ұғымдарды анықтай отырып, білім алушылардың оқу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыру үшін педагогтың қажетті іскерлігінің бірінші тобын бөліп алуға болады: оқу мақсатын нақтылай білуі; бөлінген мақсаттарға сәйкес бақылауға арналған материалдарды іріктеуді жүзеге асыра білуі; эталонды құру немесе таңдап алуы; бақылау түрлерін, формаларын, тәсілдері мен құралдарын анықтай білуі; бағалау іс-әрекетін іске асыра білуі; бағалау іс-әрекеті негізінде түзету жасай білуі; қателіктердің себептерін анықтай білуі және оларды жою жоспарын белгілеуі; өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білуі.

Өзін-өзі бақылау педагог пен білім алушының іс-әрекетінің қажетті құраушысы болып табылады. Сондықтан да өзін-өзі бақылаудың мәні мен құрылымдық құрамы біздің зерттеу жұмысымыз үшін қажетті материал болып табылады.

Білім алушылардың білімін бақылау, олардың өзіндік бақылауы және білім алушылардың оқу іс-әрекетін жоғары оқу орындарында оқытудың теориясы мен тәжірибесінде бақылауды жүзеге асыру іскерліктерін қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта толық мәнді шешімін таппаған. Бұл бір жағынан, жалпы ЖОО әдістемесінің жетілдірілмеуімен, екінші жағынан, білімді бақылау проблемасының күрделілігімен түсіндіріледі. Десекте, бұл бағытта төмендегідей зерттеулер жүргізілген:

- шетел тілдерін оқыту жүйесіндегі студенттердің білімін өзін-өзі бақылау (И.Г. Громова);

- бақылау және өзін-өзі бақылаудың психологиялық-дидактикалық аспектілері (Н.Ф. Талызина);

- мектепте және ЖОО-да компьютерлік оқытудың арнайы бағдарламалары мен технологияларын бағдарламалық бақылау мен әзірлеу мәселесі қапрастырылған зерттеулер (Г.С. Никифоров; Н.В. Черкезова; Е.Г. Меркулова; Н.Ф. Хорошко; Н.А. Шайденко және т.б.).

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау мәселесін зерттеудің қажеттілігін төмендегідей етіп көрсетуге болады:

- мектеп жасындағы оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерінде, спортпен айналысуда жаракат алуының алдын алу жұмыстарына болашақ педагогтарды даярлау;

- мектептегі дене шынықтыру пәнін жаңаша оқытуға (спорттандыруға) сәйкес маман даярлау.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау мәселесін зерделеу бойынша жүргізілген жұмыс бағыттарын төмендегіше көрсетуге болады:

- дене жаттығуларымен шұғылданушылардың денсаулығы мен дене дайындығын бақылау;

- спортшыны дайындаудағы есеп жүргізу мен кешенді бақылау;

- жарыстар мен жаттығулардың әсерін бақылау;

- спортшының дайындығы жағдайын бақылау;

- көпжылдық дайындық процесіндегі спорттық іріктеу;

- оқушылардың дене тәрбиесі бойынша дайындығын анықтау;

- білім алушылардың (оқушы-спортшы, спортшы) таңдаған спорт түрі бойынша дайындығын бақылау;

- болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін оқушылардың жалпы дене дайындығын анықтауға даярлау;

- болашақ жаттықтырушыларды оқушылардың таңдаған спорт түрінен жекелеген (дене, арнайы, тактикалық, техникалық) дайындығын анықтау.

Осы айтылғандардың барлығы оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау (ЖОО студенттері) қажеттілігі мен бұл мәселенің толық мәнді зерделенбегенін дәлелдейді.

Аталған мәселенің теориясын зерделеу мен әдістемелік бөлігін құрастыру үшін оны зерттеуде басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырларды анықтап алу қажеттілігі туындайды. Ол туралы келесі параграфта мазмұндалады.

1.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Жоғары оқу орны болашақ маманды даярлауда білім беру, ғылыми зерттеулерді жүргізу және жаңа технологияларды игеру процесін жүзеге асырады. Білім беру жүйесінің қазіргі ақпараттық қоғамда технологиялық өзгерістерге, жаңа білім мен кәсіби іс-әрекет бағыттарына үнемі бейімделу

мүмкіндігі бар. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау олардың кәсіби білімін, арнайы іскерлік деңгейін көтеруге бағытталған саналы саналы жоспарланған процесс.

Білім беру саласында үнемі өзгерістер болып тұрады, осы өзгерістерге сәйкес педагогтың, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушының жүйелі түрде даярлығын жетілдіріп отыру заңдылық. Жаттықтырушы-оқытушы кәсіби педагогикалық тапсырмаларды дұрыс орындау үшін өз білімін, іскерліктерін бағалауын және басқалармен қарым-қатынасын дамыту мақсатын жүзеге асырады. Білім беру процесі технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге сәйкесінше жауап беруге және оларды толық іске асыруға ықпал ету үшін өмір бойы жалғасады. ЖОО-нда даярлық бағыты бойынша білім беру жүйесі құрылатындығы, соған сәйкес оқу курстарының бағдарламалары әзірленетіндігі белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр және оның негізі болып құзыреттілікке бағытталған білім беруді жүзеге асыру табылады. Бұл үдеріс оқу-тәрбие барысының педагогикалық теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Бұл жағдайда мұғалім жаңа буынның оқу материалдарын жобалауға заманауи инновациялық тұғырлардың кең спектрін басшылыққа алады. Оқу материалдарының жаңа түрлерін дайындау, олардың функцияларын және білім беру практикасында пайдалану тәсілдерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың құрамдас бөліктерінің бірі саналады. Білім алушының оқу үдерісіндегі орны мен рөліне болашақ мұғалімдердің, соның ішінде жаттықтырушы-оқытушылардың жаңа көзқарасын қалыптастырусыз білім беруді сапалы өзгерту мүмкін емес [137]. Сондықтан оқытушының өзі жаңа өзгерістердің мәнін, білім берудің жаңа сапасының мәні мен жаңа білім беру нәтижелерін түсінуі маңызды. Жаттықтырушы-оқытушыны тиісті дайындықсыз білім берудің жаңа парадигмасына көшіру ертерек. Өйткені түбегейлі жаңа мақсаттар мен міндеттерді, оқытудың мазмұны мен технологиясын, бағалаудың жаңа формасын түсінбестен жаңа теориялық идеяларды жүзеге асыру мүмкін емес. Демек, білім берудің жаңаланған мазмұнын, оқытудың жаңа тәсілдерін және оқыту технологиясын ескере отырып, оқытушыларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру қажет [138]. Бұл болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау мәселесінде білім беруді дамытудың жаңа тенденцияларын қабылдауға мүмкіндік береді.

ЖОО бітірген жаттықтырушы-оқытушының кәсіптік-педагогикалық білімінің сапасы, біліктілік деңгейлері кәсіптік даярлықтың күрделілігіне және арнайы білім-іскерлік деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Оқытудың әрбір сатысының теориялық және практикалық аяқталуы олардың өмірде практикалық қолданылуымен расталады [139]. Тиісті саты талаптары алынған кәсіби білімді, іскерлік пен дағдыларды арттыру және тереңдету мүмкіндігі болып табылады. Мұндай оқытудың мақсаты – ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруін ескере отырып ЖОО-ын білікті оқытушылармен қамтамасыз ету, оларда жоғары кәсібилікті, заманауи ойлау

қағидаттарын, жаңа жағдайларда жұмыс істей білуді қалыптастыру. Жаттықтырушы-оқытушыларды кәсіптік оқыту жүйесі негізгі және қосымша оқыту түрлері мен формаларында жүзеге асырылады. Бұл ретте ол оқытудың дамыту сатылары бойынша әрбір келесі курс алдыңғы курстың логикалық жалғасы болатындай, одан әрі оқу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей және олардың шеберліктерін қолданудың кеңейтілген саласын көздейтіндей есеппен алынады [140]. Бұл жоғары білім беру жүйесінің даярлық траекториясының алуан түрлілігін және оның үлкен әлеуетке ие екенін көрсетеді.

Осындай көрсеткіштердің бірі – болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне бағытталған жаңа нәрсені ойлап табу, түсінуді, игеруді үйренуге, өз ойларын білдіруге, стандартты емес шешімдер қабылдауға, қызығушылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу, оқыту технологияларын дамыту [141]. Осыған сәйкес жаттықтырушы-оқытушының зерттеуді жүзеге асыруы мен білім беру технологияларын қолдануы оқу үдерісінде жүзеге асырылатын ақыл-ой операциялары және қолданбалы әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл болашақ жаттықтырушы-оқытушы меңгеруі тиіс кәсіби даярлығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Біздің жағдайымызда бұл педагогикалық оқу-жаттығу үдерісінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылармен бірге жүретін барлық процестердің өзара байланысты екендігін және біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылатындығын көрсетеді.

Тұтастық - бұл педагогикалық үдерістің синтетикалық сипаттамасы. Тұтастық көпжоспарлы және көпөлшемді (көпаспектілі), ол мазмұнынан да, педагогикалық үдерістің ұйымдастырылуынан да көрінеді. Бұл оқытушыны жаңа білім беру үдерісінде жұмыс істеуге дайындайды.

Білім беру бағдарламалары мен жеке оқу пәндерінің мазмұны үнемі жаңарып отыратындықтан, оған әлеуметтік өзгерістер, педагогикалық оқу-жаттығу жұмыстарының қажеттіліктері, білім беруді дамыту тенденциялары, әртүрлі дәстүрлердің үстемдігі, білім беру стандарттарының өзгеруі, білім беруді басқару органдарының шешімдері, бағдарлама авторларының ұстанымдары негіз болады. Бұл болашақ жаттықтырушы-оқытушы өзінің кәсіби қызметінде инновациялық білім беру технологияларын қолдануды үйренуі тиістігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда оқытушының қызметі тек білім берумен ғана шектелмейді, оқу қызметін жобалауды, ұйымдастыру, басқару, оқыту мен оның нәтижесін бақылау іс-әрекеттерін қамтиды. Бұл жаттықтырушы-оқытушының инновациялық қызметінің күрделілігін көрсетеді, бұл жүйелілік туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жүйелілік оқытушыға өзіне жүктелген барлық міндеттерді жеке-жеке емес, өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастыруға көмектеседі және өз кезегінде өзінің педагогикалық оқу қызметін дәл құруға, нақты оқу мақсаттарын қоюға мүмкіндік береді [142]. Қазір технологиялар мен ақпаратқа толы цифрлық қоғамда жаттықтырушы-оқытушы өзінің логикалық жүйелерін және өзінің педагогикалық қызметін білім беру үдерісін жаңғыртуға, оны бағалауға мүмкіндік беретін технологияларды білуі тиіс.

Алайда, ЖОО-ның оқу процесінде пайдалануға арналған қазіргі техникамен жасақталуы кезінде оны практикада қолдану болмашы ғана сұранысқа ие. Негізгі себептері оқу үдерісінде заманауи технологияларды қолдану мүмкіндіктерін жете бағаламау және жабдықтар мен оқыту құралдарын пайдалана алмау болып табылады [143].

Оқытудың аудиовизуалды құралдары зерттелетін материалды бейнелі қабылдауды және оны қабылдау мен есте сақтау үшін қол жетімді түрде визуалды нақтылауды қамтамасыздандырады. Техникалық құралдар мен оқу жабдықтарының кешенін шебер қолдану болашақ жаттықтырушы-оқытушыға жоғары сапалы нәтиже алуға және оқу-жаттығу сабағында қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, үдеріс пен нәтижені бақылау мен бағалауға мүмкіндік береді. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының техникалық құралдарды қолдануы оның оқу-жаттығу сабағына дайындық кезінде педагогикалық жүйені жобалауға көбірек көңіл бөлуге мәжбүр етеді.

Жобалау әрқашан кез-келген жаттықтырушы-оқытушының қызметінде орын алады. Өйткені, әрбір жаттықтырушы-оқытушы, әрине, оның біліктілігіне, иелік етілетін құзыреттер кешеніне, оның адалдығына, шығармашылық әлеуетіне және қолданылатын техникалық жабдыққа байланысты әр түрлі деңгейде жүзеге асырылатын оқу-жаттығу сабағына дайындалады. Педагогикалық жобалаудың әрбір процесі жобаны құрудың жалпы логикасына бағынады және кезеңдер мен қадамдар бойынша жүзеге асырылады [144]. Айта кету керек, жобалау кезінде жаттықтырушы-оқытушы ақпараттың үлкен көлеміне тап болады, оны блоктарға, яғни мақсатты нақтылауға және міндеттерді бөлуге көмектесетін модульдерге бөлу оңай, бұл өз кезегінде оны игеруге және бақылауға көмектеседі. Педагогикалық жүйені жобалау және модульдік құрастыру проблемалық оқытумен тығыз байланысты, оқу жұмыстарын (сабағын) жобалау үшін мәселені анықтау және көрсету қажет [145].

Проблемалық оқыту - бұл пәннің проблемалық-ұсынылған оқыту мазмұнымен белсенді өзара әрекеттесу тәсілі, оның барысында ол ғылыми білімнің объективті қайшылықтарымен және оларды шешу тәсілдерімен үйлеседі, бұл өз кезегінде ойлауды, білімді шығармашылықпен игеруді үйренуді білдіреді. Мұның бәрі педагогикалық процесті технологияландыруға және әрбір кезеңнің мақсаты мен нәтижесін белгілеуге, оларды бағалауға әкеледі.

Педагогикалық технология - бұл жетістікке кепілдік беретін педагогикалық іс-әрекеттерді қатаң ғылыми жобалау және дәл көбейту, өз кезегінде шығармашылық, стандартты емес ойлауды қажет ететін мақсаттар мен міндеттерді қамтиды [146]. Технология педагогикалық іс-әрекетке, оқу-жаттығу іс-әрекетіне ғылым мен техниканың жетістіктерін оқу процесіне енгізуге және болашақ жаттықтырушы-оқытушының білім беру технологияларын өзінің кәсіби қызметіне енгізуге мүмкіндік береді. Жаттықтырушы-оқытушы педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жеткенде, ол білім беру технологияларын дербес жобалап, оларды білім беру мекемелерінің оқу процесінде пайдалана алады. Мұның бәрі, болашақ

жаттықтырушы-оқытушының кәсіби педагогикалық қызметке қаншалықты дайын екендігін, оның ішкі әлемі мен жаңа білімге, іскерліктер мен тәжірибеге деген көзқарасы қаншалықты дайын болуы керек екенін көрсетеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының базалық педагогикалық білімі мен тәжірибесі практикалық тұрғыдан толық мәнді болмауы себепті де оған жаттықтырушы-оқытушы болуға мүмкіндік беретін қажетті даярлықтың жүгін жинауға тура келеді. Бірақ бұл үшін оқу, өз бетінше білім алумен айналысу, педагогикалық мамандықтың перспективасын көру, білім беру ұйымдарының оқыту мен тәрбие процесіне өзінің практикалық білімін кіріктіре білу қажет [147]. Сондықтан да зерттеу мәселесін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық және дидактикалық теориялар, тұжырымдамаларды кеңінен басшылыққа алған жөн.

Болашақ мамандарды даярлау үдерісінде жүзеге асыру белгілі бір әдіснамалық тұғырларға негізделеді. Философиялық энциклопедиялық сөздікте [148]: әдіснама (грек сөзінен *methodos* - зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* – сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы білім; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді.

М.А.Данилов педагогика әдіснамасы деп педагогикалық теорияның бастапқы жағдайлары, негізі мен құрылысы, дамымалы қоғам жағдайында үздіксіз өзгеріп тұратын педагогикалық болмысты дұрыс көрсететін көзқарастар ұстанымдары мен білімді табу тәсілдері туралы білім жүйесін атайды. Бұл түсіндірмеде ғылымның екі пәні аталған [149]: 1) педагогикалық теория туралы білім жүйесі; 2) көзқарастар ұстанымдары мен білімді табу тәсілдері. Бұл ғалымның педагогиканың дамуына қосқан үлесі өте зор екенін атап өте отырып, оның педагогика әдіснамасы бойынша еңбектері алғашқылардың бірі болғандығына мән береміз.

Педагог-ғалым Ш.Т.Таубаева атап өткендей, әдіснама объективті шынайылықты тану мен қайта құрудың жалпы принциптері, ғылыми үдеріс жолдары, әдістері жайлы ғылым. Автор педагогикалық құбылыстарды диалектика тұрғысынан зерттеу оның сапалы ерекшелігін, басқа құбылыстар мен үдерістердің байланысын анықтауға мүмкіндік беретіндігін дәлелдейді. Сондай-ақ, жаңа және іргелі білім алу әдістерімен қаруландыратынына басымдық береді. Өз кезегінде іргелі зерттеулер құбылыстың мәнін ашады, ал қолданбалы – нәтижелерді таным тәжірибесіне енгізу жолдарын ұсынады. Заманауи, сонымен қатар педагогикалық зерттеу моделі өзінде барлық осы қызметтерді үйлестіреді. Ал, «тұғыр» ұғымы әлдекімге ықпал ету немесе бірнәрсені зерттеу, істі жүргізу үшін қолданылатын әдістер, тәсілдер жиынтығы деген мағына білдіреді. Зерттеушілік тұғыр зерттеушінің негізгі ұстанымы, бастапқы позициясы ретінде анықталады [150].

Педагогикада тұғыр танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің ерекше түрі, зерттелетін үдерістің зерттеу стратегиясы, зерттеушінің ұстанымын анықтайтын, негізгі құндылықтық бейімділігі болып табылады [151]. В.А.Беликов әдіснамалық тұғырды «зерттеу затын таңдауды анықтайтын, теориялық негіздеме, зерттеу қоры; зерттеу мақсатын, міндетін қарастыру;

міндеттерді орындау және алынған нәтижелерді бағалау үдерісі ретінде» қарастырады [152]. Көп жағдайда ғылыми зерттеуде әдіснамалық тұғырларды жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғаға-бағдарлық жиынтығы ретінде қабылдауға болады.

Талданған теориялық-педагогикалық ережелерге сүйене отырып, жоғары білім беру жүйесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін төмендегідей әдіснамалық тұғырлар таңдалды [153, б.189] (кесте 2).

Кесте 2 - ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

қ /с	Тұғырлар атауы	Негізгі көрсеткіштер	Нәтижелер
1	2	3	4
1	Үдерістік	нақтылығы, нәтижелілігі, инновациялығы, тұтастығы, басқарылуы.	Өзінің бақылау қызметін басқару ниеті; педагогикалық үдерістегі басқару жүйесін білуі; оқыту және оның нәтижесіне бақылауды қолдануы
2	Жүйелілік	бірлікте болуы, тұтастығы, иерархиялылығы, құрылымға келтірілуі, ұйымдастырылуы	Педагогикалық жүйе мен ішкі жүйедегі элементтердің біреуіне өзгерістердің енгізілуіне байланысты басқаларының сабақтастықта өзгеруін қамтамасыз етуі және оларды бақылай алуы
3	Іс-әрекеттік	белсенділігі, интериоризация және экстериоризация, сана мен іс-әрекеттің бірлігі	Оқу жұмыстары барысы мен нәтижелерін бақылау мен бағалаудағы белсенділігі; бақылау бойынша оқу материалдарын зерделеуі мен оны практикада жүзеге асыруы; практикалық әрекетте педагогикалық үдерісті және оны бақылауды зерделеуі; педагогикалық бақылауға сәйкес теория мен практиканың бірлігін қамтасыз етуі
4	Тұлғалық	Өзін-өзі өзектендіруі, даралығы, ізденімпаздығы, шығармашылығы	Педагогикалық үдерістегі бақылауға деген ұмтылысының болуы; оқу барысы мен нәтижелерін бақылауды дербес жүргізе алу дағдыларын көрсетуі, бағалау құралдары мен әдістерін таңдауды жүзеге асыруы, бақылау материалдарын әзірлей алуы және оны қолдануы; рефлексивтік-бағалау әрекетін жүзеге асыруы

2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Құзыреттілік (Ю.Н. Кулюткин, Н.М. Лобанова және т.б.).	бейімділігі, дербестігі.	Бақылау - бағалау құзыреттілігіне, бақылау даярлығына ие болуға деген ұмтылыс; бақылау-бағалау теориялары мен тұжырымдарын білуі; бақылау алгоритмін құра білуі; бақылауды жүзеге асыруға сәйкес даярлық құраушыларын көрсете алуы

2-кестеге сәйкес зерттеу жұмысында басшылыққа алынатын тұғырдың бірі – жүйелілік. Авторлар И.В.Блауберг, В.Н.Садовский, Э.Г.Юдин жүйелік тұғырды негізінде нысанды жүйе ретінде қарастыратын ғылыми таным әдіснамасының бағыты ретінде түсіндіреді: өзара байланысты элементтердің бүтін кешені [154, с.12]. Педагогикалық үдерістің өзі жүйенің негізінде жүзеге асырылатыны белгілі.

Ш.Т.Таубаеваның пікірінше, жүйелілік тұғыр педагогикаға элементтері өзара тығыз байланысқан және жиынтығы жақсы құрылымдалған жүйе ретінде қатынас жасауды қамтамасыз етеді [155]. Мұндай тәсілді, дәстүрлі пәндік тәсілге қарағанда сапалырақ және заманауи деп түсінеміз.

Жүйелілік тұғырды қолдану бізге педагогикалық үдерістің жүйелік ерекшеліктерін және оның мазмұндық өзгешелігін есепке ала отырып, жоғары білім беру жүйесіндегі жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үдерісін анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлау үдерісін зерттеуде жүйелік тұғыр ғылыми танымның жалпы бағытын қамтамасыз етеді.

Жүйелілік тұғыр педагогикалық үдерісті жүйе ретінде зерттеуге негізделеді және бағдарланады. Жүйелілік тұғыр бұл зерттеуде келесі мүмкіндіктерді береді:

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үдерісі құраушыларын өзара байланысты элементтерден тұратын, тұтас жүйе ретінде қарастыру;
2. Анықталған жүйенің мақсаттарын айқындау;
3. Жүйені қалыптастырған құраушылардың құрамын анықтау, құраушылар мен олардың арасындағы жүйе қалыптастыратын байланыстарды сипаттау, жүйе қызметтерін, қарастырылған үдерістің деңгейлері мен кезеңдерін анықтау.
4. Жүйенің жұмыс жасауының динамикасын анықтау.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлау жүйе ретінде көптеген құраушылар мен элементтерден тұратын, көп деңгейлік білім берудің бөлшегі болып табылады. Құраушылар нақты іс-әрекеттің орындалуын қамтамасыз ететін және мақсатқа жеткізуге қатысты

жүйенің бөлігі болып табылады. Олар педагогикалық үдерістің құраушылары: мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері, формалары, құралдары, нәтижелері.

Педагогикалық үдерістің құрылымы туралы түсініктерге және жоғарыда айтылғандай зерттеулерге сүйене отырып келесі құрылымдық блоктар анықталады: мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастыру-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік. Әрбір құраушының мазмұнында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау ерекшелігін көрсететін, элементтер бар. Бұл зерттеу жұмысындағы жүйелілік тұғыр білім беру қызметін атқаратын жүйелерді талдауды және оның құрастырылуын қарастырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінде жүйелілік тұғырдың: функционалды, модельдеу, жүйелік-құрылымдық, талдау және жинақтау әдістері мен тәсілдерін жүзеге асыру назарда болуы тиіс.

Келесі іс-әрекеттік тұғыр оқыту мазмұнын игерудің басты шарты ретінде оның жүзеге асырылуын айқындайды. Оқытудағы іс-әрекеттік тұғыр тұжырымдамасы туралы ғалымдар (Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.И.Загвязинский, С.Л.Рубинштейн, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, Ш.Т. Таубаева, Д.Б.Эльконин және т.б.) өздерінің зерттеу жұмыстарында кеңінен ашып жазған. Іс-әрекеттік тұғыр оқытушылар мен білім алушылардың іс-әрекеттерінің тетіктерін түсіндіру барысында қолданылып келеді (И.Я.Лернер [156]). Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлау моделін әзірлеу барысында іс-әрекеттік тұғырдың ерекшеліктері ескеріледі, олар [157]:

- болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды арнайы ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетінде, яғни даярлықтың барысында, тікелей кәсіби іс-әрекет үдерісінде, жұмыс орнында оқытуда жүзеге асыру;

- педагогикалық үдеріске қатысушылардың іс-әрекетін интеграциялық сипатта қарастыру;

- оқу/оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жұмыс түрлері мен белсенділігін үздіксіз мақсатты өзгертуді анықтау.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауды зерделеудегі іс-әрекеттік тұғырдың жүзеге асырылуында сыни ой-пікірді қалыптастыру, зерттеушілік және жобалаушылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, модельдеу және талдауды жүзеге асыру, жағдаятты талдау (кейс) әдістері мен тәсілдерінің өзіндік орны бар. Сол себепті де ЖОО-нда білім алушыларды оқытуда көрсетілген әдіс-амалдар жүзеге асырылады.

Н.В.Кузьмина кәсіби-педагогикалық іс-әрекет құрылымында бес негізгі функцияны анықтайды: гностикалық (танымдық), конструктивті, коммуникативті, ақпараттық, ұйымдастырушылық. Бұл іскерліктер тізбегі болашақ жаттықтырушы-оқытушының бойында болуы тиіс іскерліктер және олар өзара кіріктірілуі арқылы педагогикалық бақылау даярлығының құраушыларына айналатынын жоққа шығаруға болмайды.

Педагогтың, оның ішінде мұғалімнің, жаттықтырушының атқаратын функцияларының толық тізімі Ю.К.Васильев, А.И.Щербаков және басқа зерттеушілердің еңбектерінде ұсынылған, олар ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық, жұмылдыру, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық және зерттеу функцияларын ажыратады [158].

Осы функцияларда ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушының кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру құралы ретінде пайдалану мүмкіндіктері айқын көрінеді. Қабаттасу әдісін қолдана отырып, бұл функцияларды әдіснамалық тұғырлар контекстінде қарастыруға болады.

Келесі тұлғалық тұғыр: біріншіден, оқытудың барлық жағдайларында білім алушылардың тұлғалық көрінісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның тұлғалық өзін-өзі жетілдіруі мен тұлғалық өсуіне жағдай жасауды ұсынады. Екіншіден, бұл тұғыр студенттің өзінің белсенділігін, оның оқу әрекетіне деген даярлығын, педагогпен серіктестік, сенімді субъект-субъектілік қатынастар есебінен диагностикалық міндеттерді шешуге дайындығын қалыптастырады. Үшіншіден, тұлғалық тұғыр оқытуға білім алушы позициясы тұрғысынан ішкі және сыртқы мотивтердің бірлігін болжайды: сыртқы мотив жетістік болып табылады, ал ішкі мотив – танымдық мотив. Төртіншіден, бұл тұғыр білім алушылардың оқу міндеттерін қабылдауын және оны басқа білім алушылармен серіктестікте шешуден қанағаттануын білдіреді.

И.А.Зимняя бойынша, білім алушы тұрғысынан оқытудың тұлғалық тұғыры өзекті жағдайларда әлеуметтік-кәсіби-коммуникативті қызметтердің жаңа формалары, ережелері, әдістері мен құралдарының интернационалдандыру, яғни тек білім алушының кәсіби құзыреттілігі, даярлығы ғана емес, оның толық тұлғасының дамуы. Бұл, әдетте, сыртқы мотивтен ішкісіне ауысу негізінде білім алушыда мақсатты бағытталған және тиімді өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау т.б. қалыптасады дегенді білдіреді [159].

Тұлғалық тұғырды жүзеге асыруда негізінен: педагогикалық талдау, таңдау және табысқа жету жағдаяттарын құрастыру, рефлексия, диалогтық әдістер мен тәсілдер қолдау тапқаны орынды болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау үдерісі әдіснамалық тұғырлар ерекшеліктерін көрсететін жалпы дидактикалық және кәсіби білім беретін қағидаларға негізделеді. Студенттердің белгілі бір білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгеруіне бағытталған оқытудың негізгі принциптеріне белсенділік, жүйелілік және жеке тұлғалық көзқарас, сондай-ақ үздіксіз жетілдіру жатады.

Белсенділік принципі өзара байланысты екі аспектіні қамтиды:

- оқу жұмысы және іс-әрекет құралдарына, пәніне бағытталған танымдық белсенділік;

- түсінуге сүйенетін және саналы бақылаумен сүйемелденетін, оларды игеру мақсатында белгілі бір әрекеттерді орындауға бағытталған, білімді іскерлік пен дағдыларға түрлендірумен, тасымалдаумен байланысты белсенділік.

Жүйелік тұғыр принципі іс-әрекеттің жекелеген буындарын бөлумен және зерделеумен қатар іс-әрекеттің тұтас құрылымында жекелеген функционалдық

кіші құрылымдарды ұйымдастыру және өзара әрекет тетіктерін айқындауды көздейді.

Жеке тұлғалық көзқарас принципі кәсіптік іскерліктерді қалыптастыру заңдылықтарын ғана емес, сонымен қатар іс-әрекетпен байланысты жеке тұлғалық болмысты есепке алу жағдайында оқыту тиімділігінің жоғары дәрежесіне қол жеткізуге болатынын білдіреді.

Үздіксіз жетілдіру принципін сақтау екі себеппен байланысты, атап айтқанда:

- оқуға берілетін шектеулі мерзімде осы іс-әрекет үшін оңтайлы амалдарды әрқашанда пысықтау мүмкін емес;

- уақыт өте келе шарттар, сондай-ақ қолданылатын құралдар өзгереді, ал бұл бұрын қол жеткізілген болса да, іс-әрекеттің оңтайлы тәсілінің ығысуына әкеледі.

Жүйенің жұмыс істеуі кезінде нәтижелерді жоспарлаумен және болжаумен байланысты бірқатар міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды.

Құзыреттілік тұғыр – жоғары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын жасаудағы жетекші әдіснамалық тәсілі, ол білім беруді мемлекет пен қоғамның дамуындағы стратегиялық ресурс ретінде қарастырады және жоғары педагогикалық білім берудің мазмұндық және процессуалды тараптарын ұйымдастыруда принципалды жаңа әдіснамалық тәсілдерді қолдануды ұсынады. Бұл жоғары мектептің білім беру мазмұн анықтау, таңдау және құрылымдау бойынша барлық жұмыс оқытудың құзыреттілік тұғыр идеяларына негізделген дегенді білдіреді.

В.А.Бодров құзыреттілік тұғырды оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын анықтайтын заманауи білім беруді жаңғыртудың әдіснамалық бағдары ретінде сипаттайды. Сондай-ақ ол білім алушылардың өзіндік, бастамашылдық, шығармашылық мүмкіндіктерінің, сыни ойлауының дамуына ықпал етеді және оларды нақты тиімді нәтижеге бағдарлайды [160].

Зерттеушілер Ш.Т.Таубаева [155, б. 65], К.М.Арынгазин [161] еңбектерінде білім беру моделі құзыреттілігінің дәстүрліден (білімдік) ерекшелігіне негізгі басымдық беріледі, оны үлкен прагматикалық бағыттылығы мен тәжірибеге бағдарланғандығымен, кәсіби қызметтің түрлі, стандартты емес жағдайларында оларды жедел қолдана білу қабілеті және дайындығына қажетті мақсат тұжырымдаудан бастап пәндік білім, іскерлік, дағдыны және жеке тұлғалық сапаны жинақтаумен қорытындылайды.

О.Е.Лебедевтың құзыреттілік тұғырға берген «білім беру мақсаттарын анықтаудың жалпы принциптерінің, білім беру мазмұнын саралаудың, білім беру үдерісін ұйымдастыру мен білім беру нәтижелерін бағалаудың жиынтығы» анықтамасы біздің зерттеуімізге қызығушылық тудырады [162, с.3].

Құзыреттілік тұғыр тұрғысынан білім беру нәтижесі білім алушының меңгерген ақпараттарының көлемі емес, түлектің өз тәжірибесіндегі оқу үдерісінде игергендері негізінде қызметтің түрлі салаларында өз бетінше тиімді әрекет ету қабілеті.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінде құзыреттілік тұғыр жетекшілікке алынады. Оның негізгі мазмұны білім беру бағдарламаларын әзірлеуден басталады. Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша болашақ мамандардың төмендегідей құзыреттіліктері басты болып табылады: 1) жалпымәдени; 2) кәсіби құзыреттер.

Ғылыми-зерттеу жұмысымызға сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау үшін оны сипаттайтын құзыреттер мен оның жүзеге асыру технологиясы ББ мазмұнында міндетті түрде қамтылуы тиіс.

Жоғары оқу орнында болашақ жаттықтырушы-оқытушылар педагог ретінде өздерінің педагогикалық қызметінің жоғары сапалы нәтижесіне бағдарланған кәсіби бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін жаңа олар білім беру технологияларын зерделеуге және меңгеруге үнемі ұмтылуы тиіс [163].

Жоғарыда келтірілген сипаттамалар білім беру жүйесіне дайындалған болашақ жаттықтырушы-оқытушының барлық жақсы жақтарын көрсете бермейді. Зерттеу жұмысы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау қажеттілігін көрсетеді және сонымен бірге олардың оны игеру қажеттілігіне итермелейтін неғұрлым маңызды ұмытылыстарын айқындады.

Зерттеу жұмысында басшылыққа алатын келесі үдеріс тұғырының мәнін түсіну үшін «үдеріс» ұғымын анықтау қажет. Оның әртүрлі ақпарат көздерінде қалай тұжырымдалатыны қарастырылады.

«Үдеріс - уақыт пен кеңістікті кесіп өтетін, басталуы, аяқталуы және нақты белгіленген кірістер мен шығыстар: іс-әрекет құрылымы» [164].

«Үдеріс - бұл бір немесе бірнеше кірісі бар және тұтынушы үшін құндылық тудыратын нақты шығатын жұмыстардың жиынтығы» [165]. Бұл анықтамда үдеріске бірнеше кіріс болуы мүмкін екендігі көрсетілген. Бұл белгілі менеджмент маманы А.Томпсон енгізген делдалдық және қарқынды технологиялардың анықтамасына сәйкес келеді [166]. Сонымен қатар, бұл жағдай үдерісте жұмыс тізбегін параллель орындау мүмкіндігі туралы мәселені анықтайды.

Үдеріс - бұл бір адамнан екінші адамға, ал үлкен үдерістер үшін бір бөлімнен екінші бөлімге ауысатын жұмыс ағымы [167]. Сапа менеджмент жүйесіне сәйкес: үдеріс - кірістерді шығысқа айналдыратын өзара байланысты және өзара әрекеттесетін іс-әрекет түрлерінің жиынтығы.

Сондықтан үдеріс ұғымының екі анықтамасы бар [168]: үдеріс дегеніміз – ресурстарды ұжымдастыру; үдеріс дегеніміз – ұжымдастырылған іс-әрекет/қызмет.

Көріп отырғаныңыздай, ISO 9000:2011 стандартында берілген үдерістің анықтамасы өте кең, бұл білім беру ұйымының жетекшісінің мақсатқа жетелейтін үдеріс моделін құру нұсқаларын өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, үдеріс ретінде анықталған қызмет түрлері мен әдістері шынымен өзара байланысты (келісілген, үйлестірілген) және сапаға қойылатын талаптармен түпкілікті нәтиже алуға кепілдік береді.

Білім беру ұйымында жүзеге асырылатын үдерістерді өте үстірт талдау олардың өзгеше екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Үдеріс ұғымы күрделі кешенді іс-әрекетті - тұтас білім беру үдерісін және оның жеке көріністерін - мысалы, сабақ кестесін құру үдерісін қамтиды және т.б. Оған қызмет мазмұны бойынша ажырататын үдерістер - оқыту үдерісі және материалдық-техникалық қамтамасыз ету үдерісі және т.б. кіреді. Кез-келген білім беру ұйымы өзара әрекеттесетін үдерістер жүйесі болып табылады, сондықтан басқарудың технологиялық тәсілін әзірлеу мен енгізуде ондағы үдерістерді жіктеу, сәйкестендіру және сипаттау маңызды.

Үдерістердің жіктелуі - бұл әртүрлі белгілерге сәйкес үдерістер мен олардың компоненттерін сыныптар бойынша бөлу жүзеге асырылатын жүйе [169].

ISO 9001-2009 стандартының 4.1-тармағына сәйкес үдерістерді сәтті басқару үшін білім беру ұйымы [170]:

а) сапа менеджменті жүйесіне қажетті үдерістерді және оларды бүкіл ұйымда қолдануды анықтау;

б) осы үдерістердің реттілігі мен өзара әрекеттесуін анықтау;

в) осы үдерістерді жүзеге асыру кезінде де, басқару кезінде де нәтижелілікті қамтамасыз ету үшін қажетті өлшемдер мен әдістерді айқындау;

г) осы үдерістерді қолдау және олардың мониторингі үшін қажетті ресурстар мен ақпараттың болуын міндетті түрде қамтамасыздандыру;

д) осы үдерістерге мониторинг, өлшеу және талдау жүргізу;

е) жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және осы үдерістерді үнемі жақсарту үшін қажетті шешімдер қабылдау.

Үдерісті жақсарту іс-әрекетті үздіксіз жетілдіру, үдеріс параметрлері белгіленген мәндерден ауытқыған жағдайда түзету және алдын-алу әрекеттерін әзірлеу және қолдану бойынша ұсыныстар мен шараларды әзірлеу мен іске асырудан тұрады. Үдерісті жақсартудың негізгі бағыттары оның өзгергіштігін азайту және қол жеткізілген тиімділік көрсеткіштерінен асып кету болып саналуы керек.

Білім беру ұйымын басқаруда үдерістік тұғырды қолданудың мәні бөлінуге емес, еңбекті біріктіруге, бірлескен-жеке адамнан топтық жұмысқа ауысуға, кросс-функционалды үдерістерді құруға, пәнаралық және ұйымішілік байланыстарды дамытуға, үдерістерді және олардың өзара байланысын қарастыруға, олардың білім беру ұйымының жалпы іс-әрекетіндегі әрқайсысының орнын және оның стратегиялық мақсаттарын іске асыруды түсінуге байланысты айқындалады.

Білім беру жүйесі дамуының жана жағдайларында білім беру сапасын арттыру қажеттілігі және нәтижесінде жоғары білімді мамандарды сапалы даярлау жандандырылады. Бұл ғылыми, оқу-әдістемелік жұмысты басқару жүйесін жетілдіру арқылы біздің жағдайда ОПҚ кәсіби даярлығын арттыруға, оның ішінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға жоғары деңгейде даярлауға алып келеді.

Кәсіби білім беру ұйымындағы оқу-әдістемелік жұмысты басқару мәселесін зерттеу логикасы және практикалық қажеттілік оқу-әдістемелік

жұмысты басқару сапасын арттырудың маңызды аспектісі ретінде үдерістік тұғырды қарастыруға итермелейді. Үдерістік тұғырды ИСО 9000 сериялы халықаралық стандарттардың негізгі әдіснамалық тұғыры ретінде қарастыруға болады [171]. Осы стандарттардың негізгі ережелерінің бірі - тұтынушылардың қажеттіліктері мен қанағаттанушылығына бағдарлау және ұйымның қызметі мен оның дамуының тиімділігін үздіксіз арттыру. Бұл принцип әр түрлі іс-шаралар мен тиісті ресурстардың үдеріс ретінде басқарылуын қажетті нәтижеге тиімді қол жеткізуімен сипаттайды [171, 172]. Үдеріс тұғырының идеологиясы жоғары кәсіптік білім беруде қолданылатын сапа жүйесінің негізі болып табылады. Жоғары кәсіптік білім беру сапасы жүйесінде үдерістік тұғырды пайдалану «сұраныс-ұсыныс» экономикалық мәліметтерін көшіру болып табылмайды, білім беру - бұл миссия, экономикалық терминология үдерістерінің мәнін түсінуді жеңілдету үшін қолданылатын қоғамды жетілдіру құралы. Үдерістік тұғыр ЖОО-нда оқу-әдістемелік жұмысты басқаруға қатысты қарастырылады.

Оқу-әдістемелік жұмысты басқарудың тиімді жүйесін құру үдерісін ұйымдастыру дәйекті орындалатын іс-әрекеттердің мынадай тізбегінің көмегімен ұсынылуы мүмкін:

1) ЖОО-ның білім беру іс-әрекетіндегі болашақ жаттықтырушы-оқытушыны педагогикалық бақылауға даярлау үдерісін айқындау және оның білім беру ұйымын басқару жүйесіндегі орнын нақтылау;

2) осы үдерісті іске асыру үшін жауапкершілікті, оқу-әдістемелік жұмыс басшысының лауазымдық міндеттерін айқындау, мақсаттарды, міндеттерді және басым бағыттарды іске асыру үшін озық мүмкіндіктерді қамтамасыздандыратын әдістемелік жұмыстар;

3) үдерістің орындалуы мен өзара іс-қимылының реттілігін айқындау;

4) үдерісті орындау тәсілдерінің сипаттамасы (нәтиженің сапасын қамтамасыздандыру мақсатында басқару субъектісі мен оның объектісі арасындағы қатынастарды қайта құру жөніндегі шаралар кешенін айқындау);

5) осы үдерістің нәтижелілігін басқару және қамтамасыздандыру үшін талап етілетін критерийлер мен әдістерді айқындау;

6) үдерістің мониторингін жүргізу;

7) үдеріске мониторинг жүргізу, мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті шараларды әзірлеу және үдерістерді жүйелі түрде жақсартуды жүзеге асыру.

Айта кету керек, басқарудың бүкіл үдерісі барлық байланысты функциялардың қосындысымен анықталады. Оқу-әдістемелік жұмысты басқару үдерісінің жүйелік құраушысы - мақсат. Жоғары кәсіби білім беру ұйымындағы оқу-әдістемелік жұмысты басқарудың мақсаты - кері байланысты жүзеге асыру есебінен білім беру қызметін тұтынушылардың сұраныстары негізінде сапалы қамтамасыздандыру мақсатында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау үшін жағдай жасау. Бұл стратегиялық мақсатты ұсақтау керек. Үдерістік көзқарас тұрғысынан, мақсаттар мен кез-келген байланысты белгілерді қою кезінде Д.Ш.Матрос үдерісті өлшеу критерийлерін анықтау қажет екенін көрсетеді: мақсаттар өлшенетін болады, өйткені оларды оңай анықтауға болатын нақты сипаттамалармен,

көрсеткіштермен немесе индикаторлармен көрсетіледі [173, с. 40]. Осылайша, үдерістің микромақсаттары айқын көрінеді:

- 1) ОПҚ құзыреттерін, даярлығын жетілдіру;
- 2) білім беру үдерісінің сапасын оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру;
- 3) жаңа бағдарламаларды, педагогикалық технологияларды сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру;
- 4) кері байланысты жүзеге асыру мен өзгеріп отырған сыртқы және ішкі ахуал туралы ақпарат алу есебінен оқу-әдістемелік үдерістің орнықтылығын қамтамасыздандыру.

Оқу-әдістемелік жұмысты басқару үдерісін құрудағы келесі қадам - жоспарлау. Нақты орындаушылар мен орындау мерзімдерін анықтай отырып, іс-шаралар мен іс-әрекеттердің негізгі түрлерін анықтауда жоспарлаудың мәнін көруге болады [172, с.55]. Оқу-әдістемелік жұмысты басқарудың кешенді іс-шаралар жоспарының (блоктарының) мысалы 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 - Оқу-әдістемелік жұмысты басқару іс-шараларының (блоктарының) кешенді жоспары

Іс-шаралар (блоктар) және олардың құрамдас бөліктері	Нәтижелер
<p>1. Оқытушылардың кәсіби даярлығын жетілдіру.</p> <p>1.1. Білім беру ұйымы педагогтарының кәсіби іс-әрекетін зерделеу, талдау, қорыту;</p> <p>1.2. ОПҚ психологиялық-педагогикалық, арнайы спорттық дайындығын тереңдету.</p> <p>1.3. ОПҚ оқытудың тиімді технологияларын меңгеру және іске асыру.</p>	<p>Оқу жылындағы оқытушының портфолиосы (қатысушы сертификаттары, ашық сабақтарға арналған пікірлер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеуге арналған пікірлер және т. б.)</p>

Оқу-әдістемелік жұмыстың барлық осы бағыттары өзара тығыз байланысты. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда ОПҚ біліктілігін арттыру, бір жағынан, білім беру үдерісінің сапасын оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру және жаңа бағдарламаларды, педагогикалық технологияларды сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру үдерісінде жүзеге асады. Екінші жағынан, кері байланысты іске асыру мен өзгеретін сыртқы және ішкі жағдай туралы ақпарат алу арқылы білім беру ұйымы тұтынушыларының сұраныстары негізінде сапалы білім беру процесін қамтамасыздандыру орын алады.

Үдерістік тұғырдың мақсаты ұйым қызметінің нәтижелілігін арттыру болып табылатындықтан [173] ЖОО-на қатысты бұл үдерістің «шығысының» нәтижелілігін арттыруды, мүдделі тараптардың қанағаттануын арттыруды білдіреді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінің «кірісі» болып төмендегілер саналады:

- 1) білім алушыларда педагогикалық бақылау даярлығының деңгейі;
- 2) білім беру бағдарламасының педагогикалық бақылауға даярлау (мүмкіндіктері) деңгейі;
- 3) оқу-әдістемелік кеңесі төрағасының басқарушылық және кәсіби даярлығы деңгейі.

Үдеріс тұғырының әдіснамасы басқару әсерінің қажетті ресурстарын анықтауды қамтығандықтан үдеріс жетекшісінің қолында барды және кірістерді шығысқа айналдыру үшін қажет ресурстарды анықтауға септігін тигізеді. Жоғарыда айтып өткендей, үдеріс ресурстары - бұл бастапқыда үдеріс иесінің қарамағындағы қызметкерлер, жабдықтар, технологиялар, ғимараттар және т.б. Олар үдерісті жүзеге асыру барысында кірістерді шығысқа айналдыру үшін пайдаланылады. Үдерістердің тізбектері мен тармақтары белгілі бір құрылымды құрайды, бұл жеке ресурстардың өзара байланысты жұптасу (тармақталу) тізбегі. Бұл құрылымда барлық қамтылған ресурстардың технологиялық қажетті өзара әрекеттесуі мен түрленуі жүреді, олардың шығыны, яғни шығындар үшін жауапкершілік туындайды. Үдеріске кіретін барлық процедураларды орындау кезінде барлық кірістерді шығысқа түрлендіру үшін қажет:

- адами (интеллектуалдық) ресурстар - ЖОО оқытушылар құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келетін ОПК, жаттықтырушы және тиісті курс тобына қалыптастырылған білім алушылары;

- инфрақұрылым (еңбек құралдары) – оқытудың техникалық құралдары, компьютерлік техника, ұйымдастыру техникасы, спорттық жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыздандыру;

- өндірістік орта – төлқұжаттаудан өткен және оқу, жаттығу жайларына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін аудиториялар, зертханалар, компьютерлік сыныптар, спорт залдары, спорт алаңдары;

- ақпараттық ресурстар – оқулықтар, оқу құралдары және ақпараттық Интернет-ресурстар тізбесі, оқу-әдістемелік материалдар, ғылыми зерттеулер;

- қаржы ресурстары – ОПК-ға, жаттықтырушыларға жалақы, педагогтердың біліктілігін арттыруға арналған ақшалай қаражат.

А.Файоль бес басқару функциясын бөлді, оның айтуынша [168, б.6], «Басқару дегеніміз: 1. Алдын ала болжау, жоспарлау; 2. Ұйымдастыру (басқару); 3. Шешім қабылдау; 4. Координациялау (үйлестіру); 5. Бақылау». Кейіннен ол функциялар толықтырылып, нақтыланады.

Оқу-әдістемелік жұмысты басқарудағы үдерістік тұғырды сипаттау үшін Деминг сапасын басқару циклінің моделі негізге алынады және өзара байланысты бес блок қарастырылады [174].

Құндылық-мақсатты блок білім беру үдерісін сапалы оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруда мақсатқа қол жеткізу, дамыту үшін маңызды болуы мүмкін оқу-әдістемелік жұмысты басқарудағы мақсаттар мен құндылықтардың жиынтығын қамтиды. Үдерістік тұғыр тұрғысынан негізгі құндылықтардың

қатарында оқу-әдістемелік жұмысты басқару, яғни болашақ жаттықтырушы-оқытушыны педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінің тұтастығы, үздіксіздігі, жүйелілігі; үдерістің қажетсіз ауытқулары мен өзгерістерін жоюдағы жеделділікті атауға болады.

Жобалық блок. Бұл блоктың мақсаты - оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелерін жоспарлау және анықтау. Осы блоктың шеңберінде жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің нәтижесінде қарастырылып отырған үдерістің басқарушы «кірістері» алынады:

- білім беру ұйымын дамытудың стратегиялық жоспары;
- оқу-әдістемелік жұмыс бойынша жоспар-есеп;
- оқу-әдістемелік кеңес, комиссия туралы ереже, оқу-әдістемелік кабинет, спорт залы туралы ереже, жүзеге асырылатын негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары, ББ талаптары, үдерісті тұтынушылардың талаптары.

Іс-әрекет блогы. Бұл блоктың мақсаты басқару функциясы қатарында оқытушылар құрамын оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруға арналған педагогикалық бақылауға даярлау үдерісі, яғни ОПҚ, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулу процесі қамтылады.

Бағалау блогы. Бұл блоктың мақсаты басқару функциясы ретінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудағы оқу-әдістемелік жұмысты басқарудың танымдық аспектісінің мазмұнын қамтамасыздандырады және осының негізінде білім беру үдерісінің және оның барлық ішкі жүйелерінің дамуын құрады. Үдерістің тиімділігі процедуралық бағалау жұмысының мақсаттары, мазмұнының анықталуымен, оның әдістері, құралдары мен формаларының дұрыс тандалуымен айқындалады. Мұны анықтау үшін бақылау, әңгімелесу, аудит, өзін-өзі тексеру, сараптамалық бағалау әдістері қолданылады.

Түзету блогы. Түзету және алдын-алу әрекеттері - бұл дұрыс түсіну және қолдану - білім беру ұйымында пайда болған мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жақсарту құралы. Д.Ш.Матрос түзету әрекеттерін сәйкессіздік себептерін іздеумен және оларды жоюмен байланыстырады, сондықтан бұл проблема қайта туындамайды; ал ескерту әрекеттері - олардың пайда болуының алдын алу үшін ықтимал сәйкессіздіктердің себептерін жоюды қамтиды [173, с.82-83].

Біздің зерттеуімізге сәйкес сапаға қол жеткізудің қазіргі доктринасының маңызды жетістіктерінің бірі болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды жоғары білім беру жүйесінде даярлауды дұрыс, жүйелі, жоспарлы құру үдерістік тұғыр қағидаты болып табылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау бойынша оқу курстарын оқытуда олардың сәйкестендірілуі мен өзара әрекеттесуін және осы даярлықтағы басқару құрылымын «үдерістік тұғыр» деп қарастыруға болады.

Біздің зерттеуде үдерістік принципі ЖОО профессор-оқытушылар құрамы мен басқару мамандары қатысатын үздіксіз технологиялық үдеріс ретінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға арналған курстар әзірлеу бойынша іс-

әрекетті білдіреді. Олардың әрқайсысы курс бағдарламасына өз ұсыныстары мен ескертулерін енгізеді, әзірленген курстардың және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау іс-әрекетіне даярлығының жалпы нәтижесі барлық қатысушылардың үлесінен талап етіледі. Үдерістің бір қатысушысының жұмысындағы қателік бүкіл үдерістің жалпы нәтижесіне айтарлықтай әсер етуі және барлық басқа қатысушылардың күш-жігерін жоққа шығаруы мүмкін.

Зерттеуде жоғары білім беру жүйесін құрудың технологиялық моделі көптеген курстардан тұрады, олардың қатысушылары жаңа білім алуға және жетіспейтін кәсіби даярлықтарын меңгеруге дайын болашақ жаттықтырушы-оқытушы болып саналады.

Үдерістік тұғырды тереңірек түсіну үшін Деминг-Шухарттың «Plan - Do - Check - Act» (PDCA) циклын қолдану қажет [175, с.8]. Бұл «жоспарлау - іске асыру - тексеру – әрекет ету». Бұл циклды қолдану жоғары білім беру жүйесінде жаттықтырушы-оқытушыларды кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетке даярлауды үздіксіз жақсартуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл оқу сабақтарын өткізу сапасын арттыруға және олардың кәсіби қызметін жобалауға бағытталады.

Үдерістік тұғыр негізінде ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша курстарды жобалау, жүргізу және рефлексия үдерістерін айқындауы тиіс. Курстарды құру үдерістерін басқару арқылы болашақ жаттықтырушы-оқытушылар мен білім беру ұйымы басшыларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізіледі. Нәтижесінде үдерістің нәтижелерін басқару іске асады. Үдерістік тұғыр болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау жүйесіне енгізуді және оларды басшылық тарапынан талдауды, педагогикалық бақылауға даярлауды, түзету іс-әрекеттерін, сапа жүйесін тексеруді және т.б. көздейді.

Үдерістік тұғырды тиімді енгізу үшін жоғары білім беру жүйесінің оңтайландырылуы, осы жүйені басқарудың дұрыс түрін таңдау қажет. Қазіргі уақытта басқарудың иерархиялық және органикалық екі негізгі түрі қолданылады. Бірінші тип жүйенің әр элементінің тұрақты бекітілген міндеттері қамтылған тік басқару жүйесімен сипатталады. Екінші түрі өзгеретін жағдайларға жоғары бейімделуге икемді көлденең басқару ерекшелігімен айқындалады. Мұнда басқарудың байланыстары көбірек, үдеріске қатысушылардың міндеттері жиі өзгеруі мүмкін. Екі басқару жүйесінің де оң және теріс жақтары бар, әр жағдайда екі типтегі элементтерді біріктіретін басқару жүйесінің өзіндік нұсқасын іздеу керек, бірақ қазіргі жағдайда органикалық жүйеге артықшылық беріледі. Мәселен егер жоғары білім беру жүйесіне қатысты болса, онда оқу үдерісіне инновацияларды енгізуге бағытталады.

Сонымен үдерістік тұғыр мәнжазбасында оның үдеріске негізделген функцияларының өзара байланысын басқару жүйесінің нақты іс-әрекетін және белгіленген мақсаттың басқару нәтижелеріне сәйкестігін зерттеуге мүмкіндік береді.

Үдерістік тұғырды басшылыққа алудағы негізгі мақсат болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша педагогикалық жобалауды жүзеге асыру және оны басшылыққа алу болып табылады. Педагогикалық жобалау көптеген еңбектерде кеңінен қарастырылған.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау ЖОО үшін жан-жақты кеңес алу, мәліметтерді жинақтау және оларды талдау, талдап қорыту арқылы жүзеге асырылады. Оған сәйкес оқу орнындағы ББ әзірлеу бойынша төмендегідей іс-әрекеттер жан-жақты кеңестер алу алгоритмі қарастырылады [176]:

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлайтын білім беру бағдарламасының (мамандықтың) тізбесінде кездесетін жалпы және кәсіби құзыреттер тізімін жасау.

2. Әр түрлі пәндік топтардың жалпы және кәсіби құзыреттер жобасының алғашқы тізбесіне арнаулы құзырет ретінде бақылаушы құзыретті, педагогикалық даярлықты енгізу.

3. Пәндік топ ішінде педагогикалық бақылау даярлығының енуіне байланысты құзыреттер тізбесіне қосымшалар мен түзетулер енгізу.

4. Дене шынықтыру және спорт мамандықтары үшін сауалнама негізінде педагогикалық бақылау даярлығы (жоғарыда айтылған) түрінің «қажетті» деп табылған іскерліктер тізбегін бекіту.

5. Бітірушілердің, білім алушылардың, жұмыс берушілердің, ОПҚ қатысуымен сауалнама өткізу және педагогикалық бақылау даярлық пен құзыреттілік жөніндегі пікірлері мен ұсыныстарын жинақтау.

6. Сауалнама нәтижелеріне сараптама жасау, нәтижелерін талқылау, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша құзыреттер (білім, іскерлік, құндылық қатынастар) тізбесін бекіту.

Үдерістік тұғыр тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауды жүзеге асыру үшін алдымен ББ жобалау және оны әзірлеу қарастырылады. Оны әзірлеудің жалпы үлгісі ұсынылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда олардың білімге, іскерлік пен тәжірибеге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруды ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісі жүзеге асырады. Осыған байланысты зерттеп отырған даярлықты іске асыру үшін ЖОО-ның әлеуеті айқындалуы қажет. Ол туралы келесі параграфта толығырақ баяндалады.

1.3 Жоғары оқу орнының болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы әлеуеті

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әртүрлі объективті әлеуметтік, психологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, материалдық-техникалық факторларға негізделген біртұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Оны:

- іс-әрекет;

- үдеріс;
- қарым-қатынас;
- педагогикалық көшбасшылық пен оқытудың өзін-өзі басқарудың арақатынасы тұрғысынан қарастыруға болады.

Осыған байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауда жоғары білім беру жүйесінде білім мазмұнын құру келесі қағидаларға сәйкес келуі керек, олар [177]:

- білімнің жинақталу мен функционалдығы;
- мағыналы бағыттылығы;
- шешімі табылатын міндеттер;
- білімнің ашықтығы;
- білімнің конструктивтілігі;
- ізгілендіру;
- білімнің баламалылығы;
- білім беру мазмұнын ұйымдастырудың икемділігі мен өзгермелілігі;
- ғылыми-зерттеу бағыты.

ЖОО-да оқу/оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыруда өзіндік қағидалар басшылыққа алынатыны белгілі. Сонымен қатар, аталған қағидалар ЖОО-ға білім берудің негізгі қағидалармен сәйкес келуі мүмкін [177, с.56]:

- өз бетінше оқудың басымдылығы;
- дайындық және оқу процесінде білім алушының бірлескен қызметі;
- өмірлік оң тәжірибені пайдалану (ең алдымен әлеуметтік және кәсіби);
- ескірген тәжірибені және жаңа білімді игеруге кедергі келтіретін жеке көзқарастарды түзету;
- оқытуға жеке көзқарас;
- оқытудың элективтілігі;
- рефлексивтілік;
- практикалық іс-әрекет пен оқыту нәтижелерінің қажеттілігі;
- жүйелі оқыту;
- оқыту нәтижелерін өзектендіру.

ЖОО-да білім беру жүйесіндегі жүйелік, іс-әрекеттік және тұлғаға бағытталған тұғырлар тұрғысынан бұл екі және одан да көп субъектілердің: оқытушы мен білім алушының (оқытушы мен білім алушылардың; бір-бірімен білім алушылардың) білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастығы.

Оқыту мен оқу педагогикалық процесінің басты қатысушыларының, жоғары білім беру жүйесіндегі оқытушының және іс-әрекет мақсаттары олардың бірлестіктегі болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ынтымақтастығымен байланысты дидактикалық процестер болып табылады. Осы жүйеде оқыту мен оқу - бұл іс-әрекеттің келісімділігі, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуі, өзара құрмет пен өзара көмек беруі, болашаққа деген жалпы ұмтылыс пен білім алушыларды өзара қолдауы. Бұл - болашақ жаттықтырушы-оқытушыға, мәдениетке, шығармашылыққа деген құндылық қатынасы; ізгілікті педагогикалық ұстанымы; білім алушының денсаулығына қамқорлық жасау; мәдени-ақпараттық және пәндік-дамытушылық білім беру ортасын құру және

үнемі байыту; оқытудың мазмұны мен технологиясының тұлғаға бағытталған дамытушылық және шығармашылық бағыт беру; әрбір болашақ педагогтың даралығын дамыту және қолдау туралы қамқорлық.

Сонымен қатар, оқыту - бұл өзін-өзі оқытумен, өзін-өзі дамытумен, өзін-өзі жетілдірумен айналысу керек инновациялық білім беру технологияларын қолдана отырып, енжар тыңдаушының, орындаушының күйінен белсенді әрекет позициясына ауысу үшін болашақ оқытушының оқуын дәлелді, жанама басқару процесі [178]. Оқыту субъективтіліктің өзін-өзі дамытуға бағытталған өзіндік білім беру траекториясында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың өзін-өзі ұйымдастыруына жағдай жасайды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны болашақ қыметіне кірісу үшін ЖОО-да даярлаудың қазіргі жүйесінде спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушының лауазымдық міндеттерін жүзеге асыра алатын даярлықпен қамтамасыздандырылуы қажет [104, б. 25]. Бұл өз кезегінде бағдарлы оқыту үдерісін ұйымдастырудың құраушыларын құрайды.

Жоғары оқу орындары болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мен оны жетілдіруге бағытталған педагогикалық және т.б. әлеуеттің болуы шарт [179].

ЖОО-ның оның ішінде университеттің педагогикалық әлеуетін зерттеу үшін оларда инновациялық мәдениет тасымалдаушылары ретінде білім алушылардың жеке тұлғасын өзектендіру моделі педагогикалық жобалау аясында жүзеге асырылады. Ол үшін алдымен «педагогикалық әлеует» түсінігін қарастыру керек. Аталған терминді оның сөздік анықтамасынан бастайтын болсақ: «әлеует (лат. Potentia - күш) - бұл кез келген мәселені шешуге, белгілі бір мақсатқа жетуге болатын дереккөздер, мүмкіндіктер, құралдар, қорлар; жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің белгілі бір аумақтағы мүмкіндіктері» [180, с.1048]. Осылайша, ЖОО-ның даму және педагогикалық әлеуетін сипаттау үшін қол жетімді мүмкіндіктерді, әлі іске асырылмаған, бірақ белгілі бір қажетті және жеткілікті жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін дереккөздер мен құралдарды анықтау және белгілеу, содан кейін оны әзірлеу керектігі туындайды.

«Әлеует» түсінігін нақтылау мақсатында А.М.Боднардың әлеуетке шоғырланған байланыстар мен қарым-қатынастардың үш деңгейі туралы жазғанын назарға алуға болады. Атап айтқанда:

Өткенді көрсететін. Әлеует – бұл жүйенің қалыптасу процесінде жинақталған қасиеттерінің жиынтығы;

Қазіргіні көрсетуші. Мұнда басты назар мүмкіндіктерді іске асыру процесіне аударылады;

Болашаққа бағдарланған. Тұрақты және өзгермелі жағдаяттың бірлігін білдіретін әлеует болашақ даму нышанын қамтиды [181, б. 14].

Бұл анықтаманың құндылығы оның мазмұнды кеңістік-уақыттың толықтығымен, өткеннің, бүгіннің және болашақтың тұтастығымен сипатталады. Мұнда бастысы дәстүрлерді сақтауымен және сонымен бірге инновациялық дамуға ұмтылатын оқу орнының ерекшеленуі маңызды.

Осылайша, ЖОО-ның әлеуеті қатарында дәстүрлер мен жаңашылдық диалектикасының құндылығы, педагогикалық үдеріс пен оның қатысушыларын өзектілендіруді жобалау қарастырылады.

Осы жоспарды жүзеге асыруда стратегиялық инновациялар мен инновациялық мәдениет мәселелері бойынша зерттеулерге бағытталған бет-бұрыстар нәтижелі болып табылады. Мәселен, Белоусов университеттің ғылыми-инновациялық әлеуеті тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын анықтай отырып, оны «экономикалық категория ретінде басқару объектісіне қатысты экономикалық қатынастарды қалыптастыруда және дамытуда пайдалану мүмкіндіктері» деп қарастырады [182].

Стратегиялық зерттеулер институтының директоры А.Николаев «Инновациялық даму және инновациялық мәдениет» атты еңбегінде кәсіпорынның жалпы әлеуетін зерттейді. Ол, оның негізгі құраушыларын – өндірістік-технологиялық, ғылыми-техникалық, қаржылық-экономикалық, кадрлық ресурстар және оның әрбір бөлігіне органикалық түрде енетін барлық әлеуеттің өзегін білдіретін нақты «инновациялық әлеует» деп атайды [183]. Сонымен қатар, А.Николаев «инновациялық әлеует» өндірістік циклдің соңғы бөлігін және оның нақты өткізу мүмкіндіктерін анықтайды, бұл түпкілікті нәтижеге айтарлықтай әсер етеді [183, б. 47] деп есептейді. Оның тұжырымдарын талдай отырып, ЖОО әлеуеті мен кәсіпорын әлеуеті арасындағы ұқсастық мүмкіндігі туралы қорытындыға келуге болады.

Т.Б.Загоруля өзінің зерттеуінде [179, с.60] университеттің педагогикалық әлеуетін университеттің жалпы әлеуетімен сәйкестікте көрсетеді және ЖОО педагогикалық әлеуеті:

- мамандар;
- өндірістік-технологиялық;
- ғылыми-техникалық;
- қаржы-экономикалық әлеуеттен тұратынын сипаттайды.

ЖОО мен кәсіпорынның әлеуетін зерделеуде олардың ерекшелігіне байланысты ұқсастықтар мен айырмашылықтары бары анықталды. Олардың ұқсастықтары бұл жалпы әлеуеттің өндірістік-технологиялық, ғылыми-техникалық, қаржылық-экономикалық және кадрлық құрамдас бөліктеріне қатысты [184]. Басқа кәсіпорындардың педагогикалық (тәрбиелік) мүмкіндігін жоққа шығармай, айтарлықтай айырмашылықты атап өтуге болады. Ол жоғары оқу орны шешетін мақсат пен міндеттермен анықталады (Мемлекеттік білім беру стандартына, ББ сәйкес, жалпымәдени және кәсіптік даярлықты (құзыреттерді) игеретін мамандарды даярлау), содан кейін педагогикалық әлеует ЖОО жалпы әлеуеті ретінде және оның әрбір бөлігімен органикалық түрде байланысты көрінеді.

Бұл педагогикалық әлеует инновациялық мәдениетті өзектендіру, ЖОО жұмыс істеуі мен дамуында жаңаны, стандартты еместі тудыру қабілетіне ие. Университеттің жалпы әлеуетінің барлық бөліктері өзара байланысты, бірақ дәл қазіргі уақытта да, болашақта да оның дамуын анықтайтын негізгі күш ретінде университеттің педагогикалық әлеуеті әрекет етеді.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап ғылыми еңбектерде әртүрлі типтегі оқу орындарының, мектептер мен университеттердің, сонымен қатар оны жүзеге асыру субъектілері ретінде мұғалімдердің педагогикалық әлеуетін зерттеуге қызығушылық арта бастағанын атап өткен жөн (А.М. Боднар, Т.Л.Божинская, О.О. Киселева, Е.А. Мясоедова, В.Д.Семенов, О.М.Позднякова және т.б.). Осымен қатар «тәрбиелеу әлеуеті» (А.С. Алексеев, В.Г.Бочарова, А.А. Данилов, А.А. Кирсанов, В.Н. Николаев, Л.И. Новикова және т.б.) және «білім беру әлеуеті» (А.Ф. Лисс) сияқты құбылыстар зерттелді.

О.М.Позднякованың берген сипаттауымен келісе отырып, бұл ұғымдар бір-бірімен байланысты деген идеяда мынаны атап өтуге болады: біріншіден, олардың бірдей (тең) еместігі (әртүрлі құбылыстарды көрсетеді); екіншіден, әлеуетті өзектендірудегі ерекшелігі (тұлғаның дамуы мен қалыптасуына тікелей немесе жанама әсер ету) [185]. Жоғарыда аты аталған авторлардың еңбектерін талдау мынадай қорытынды шығаруға алып келеді, яғни: «білім беру әлеуеті», «тәрбиелік әлеует» кіретін неғұрлым кеңірек ұғым ол - «педагогикалық әлеует».

О.М. Позднякованың еңбегіне сәйкес әрі қарай, педагогикалық әлеуеттің қасиеттерін және олардың сипаттамалары төмендегідей болып келеді [185, с.106]:

- ресурстық мүмкіндіктер (адамның дамуына қатысты жүйеде болатын ресурстар мен мүмкіндіктер);

- іске асырудың шарттылығы (шарттар жиынтығының өзгеруі абстрактілі мүмкіндіктің нақтыға ауысуын анықтайды, ал соңғысы шындыққа айналады);

- динамикалылық (әлеует - белгілі бір саладағы мақсатқа жетудің кейбір құралдары мен мүмкіндіктерінің динамикалық үйлесімділігін көрсетеді);

- жүйелілік («педагогикалық әлеуетті құраушылардың (тасымалдаушылардың) жиынтығы және олардың өмір сүруі мен дамуының шарттары тұтас жүйе ретінде қарастырылады, бұл кез келген құраушысы ашық ішкі жүйе ретінде қарастырылатын, өзара байланысты және басқа ішкі жүйелермен тікелей немесе жанама әрекеттеседі, олардың өзгерістеріне сезімталдықпен әрекет етеді және өз кезегінде олардың дамуына әсер етеді») [186];

- функционалдылық (қазіргі педагогикалық жүйе қамтамасыздандыратын мүмкіндіктер (функциялар) жиынтығы).

Т.Б.Загоруляның университеттің педагогикалық әлеуетінің мәнін, құрылымын және мазмұнын, педагогикалық мәселелерді шешуде пайдалануға болатын (оқытушылар үшін «Педагогикалық менеджмент» семинары шеңберінде) дереккөздер мен құралдар тұрғысынан анықтаған [179, с.59]. Оның зерттеуіне сәйкес:

- респонденттердің 86%-ы ЖОО-ның педагогикалық әлеуеті жоғары біліктілікті оқытушылардан;

- 32%-ы жалпымәдени және кәсіптік құзыреттіліктерді меңгеруге ынталы студенттерден;

- 29%-ы білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудан;

- 16%-ы құзыретті менеджерлерден тұрады.

Сонымен, педагогтар әлеуеттің барлық мазмұны мен құрылымы бойынша маман әлеуетіне байланысты құраушы бөлікті атап айтқанда, оқытушылардың жоғары біліктілігін және білім алушылардың аталған даярлықты, құзыреттіліктерді меңгеруге ұмтылысын көрсеткен.

«Білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» (өндірістік-технологиялық әлеуетпен байланысқан, ғылыми-техникалық әлеуеті және «құзыретті менеджерлер» әлеуеті бар) сияқты әлеует құраушысына келетін болсақ, олар сауалнамаға қатысушылардың назарынан тыс қалғанын көруге болады. Сонымен бірге, заманауи жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде құзыреттілік, іс-әрекеттік және технологиялық құраушыларды жүзеге асыруға келгенде тікелей байланыс пен тәуелділік бар. Жоғары білікті маман, біздің жағдайда бүкіл еңбек іс-әрекетін үнемі жетілдіріп, дамып, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін меңгеруі, сонымен қатар инновациялық мәдениеттің тасымалдаушысы тұрғысынан біліктілігін арттырууы қажет. Егер білім алушылардың зерттеп отырған даярлықты меңгеруі туралы айтатын болсақ, онда сыртқы мотивацияны білім алушылардың өздерінің ішкі мотивациясымен ұштастыру қажет.

Педагогикалық әлеуетті өзектендіру субъектілері оқытушылар да, білім алушылар да болып табылатынын ескеру керек. «Құзыретті менеджерлер» - ЖОО басқару аппаратының ғана емес, сонымен қатар ЖОО ғалымдар қауымының (ректор, проректор, декан – ғылыми дәрежесі де, ғылыми атағы да бар тұлғалар) өкілдері болып табылатын ЖОО ресми жетекшілер. Университеттің қаржылық-экономикалық әлеуеті тұрақтылық пен ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігінің, бүкіл оқу орнының табысты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі ЖОО педагогикалық әлеуетін сипаттау үшін жүргізілген зерттеулердегі тұжырымдарға мән берген дұрыс. Т.Л.Божинская өзінің зерттеуінде аймақтық мәдениеттің педагогикалық әлеуетін анықтай отырып, оның мәнін «адамдарға тәрбиелік әсер етуге мүмкіндік беретін құндылық, мазмұндық және әдістемелік құралдардың жиынтығы» деп түсіндіреді [187]. Бұл сипаттауды назарға ала отырып, біз *ЖОО әлеуетін* педагогиканың үш іргелі: не үшін? (мақсат қою), неге? (мазмұны) және қалай? (технологиялар) сұрақтарына жауап беретін «құндылық, мазмұндық және әдістемелік құралдар жиынтығы» ретінде анықтаймыз. Осы әдістемелік нұсқауларға сүйене отырып, зерттеушілер ЖОО-ның педагогикалық әлеуетінің құрылымында келесі құраушыларды ажыратады, олар [179, с.61]:

- ұйымдастырушылық;
- құндылық;
- мазмұндық;
- әдістемелік. Олардың әрқайсысына келесідей сипаттама беруге болады:

Ұйымдастырушылық – миссияны әзірлеуге, мақсатты қалыптастыруға, ЖОО дамуының стратегиялық тұжырымдамасын қабылдауға, сондай-ақ білім беру үдерісінде инновациялық педагогикалық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған басқару іс-әрекетін қамтиды;

Құндылық – көп деңгейлі жоғары кәсіби білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы қағидасы идеяларын, тұлғаның өзін-өзі іске асыру (көкейкесті ету) және өзін-өзі дамыту идеясын, синергетика мен андрагогикаға негізделген фасилитация тұжырымдамасын қамтиды. Сондай-ақ, құндылық жоғары білім берудің дамыта оқыту процесінде, өмірлік маңызды және кәсіби міндеттерді шешуде өмірлік тәжірибені өзектендіруде инновациялық мәдениет тасымалдаушылары ретінде білім алушылардың тұлғасын көкейкестендіру моделін жобалауды жүйелік, іс-әрекеттік және технологиялық тұғырлар тұғысынан айқындайды.

Мазмұндық – ЖОО оқытушыларының, білім алушыларының, басшыларының ғылыми-зерттеу және инновациялық іс-әрекетін; жұмыс берушілермен, ЖОО серіктестерімен ынтымақтастық және өзара әрекеттесуді қамтиды;

Әдістемелік – бұл дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологияларды біріктіруге, үйлестіруге мүмкіндік беретін білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру.

Университеттің педагогикалық әлеуетін жүзеге асырудың жолдары мен құралдарын қарастыра отырып, төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- өткен, қазіргі және болашақ тәжірибені талдау негізінде университеттің миссиясын қалыптастыру, оның даму мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған бірыңғай білім беру саясатын әзірлеу;
- ЖОО-ның педагогикалық әлеуетін өзектендіру және жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті шарттар мен тетіктерді анықтау;
- ЖОО корпоративтік мәдениетін дамыту;
- ЖОО білім беру іс-әрекетінде инновациялық жобаларды жүзеге асыруда білім алушылар мен оқытушыларға қолдау және көмек көрсету.

Сонымен, ЖОО педагогикалық әлеуетінің мәнін, құрылымы мен мазмұнын анықтай отырып, даму көздерін, жүзеге асыру әдістері мен құралдарын жүзеге асырудың қажетті және жеткілікті шарттарын нақтылаудың қажеттілігі туындайды. Зерттеулерге сәйкес оларды әлеуметтік, мәдени және әкімшілік шарттар жиынтығы сыртқы және ішкі деп ажыратылады:

- ҚР-дағы әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрақтылық;
- білім беруге байланысты ҚР БҒМ тиісті нормативтік-құқықтық базаның болуы [4, б.139];
- қаланың және облыстың (Оның ішінде Түркістан, Шымкент, Қызылорда) білім беру ұйымдарымен, компаниялармен ынтымақтастық және өзара әрекеттесу, бірлескен іс-шараларды өткізу (бос орындар жәрменкелері, шеберлік сабақтары, семинарлар мен тренингтер, ЖОО білім алушылары үшін тағылымдамадан өту және тәжірибеден өту мүмкіндігі);
- адам өмірінің барлық салаларында (коммуникативтік, діни, мәдени, саяси толеранттылық және т.б.) толеранттылық қағидасының үстемдігі;
- ЖОО басшылығының оқу орнының педагогикалық әлеуетін іске асыруға мүдделілігі, жан-жақты қолдау және көмек көрсету (университеттің бекітілген

бағдарламалары мен даму жоспарларының болуы, оларды уақтылы қаржыландыру және ілгерілету) [188];

- педагогикалық қызметке құзыретті мамандарды тартуға бағытталған университеттегі кадр саясаты;

- ЖОО білім беру үдерісін заманауи оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру.

ЖОО-ның педагогикалық әлеуетінің мәні мен мазмұнын зерттей келе, инновациялық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін университеттің педагогикалық әлеуетін басқару бойынша төмендегідей талаптардың жүзеге асырылуын атап көрсетуге болады:

- педагогикалық мамандардың (ОПҚ) біліктілігін арттыру;

- білім беру үдерісінде инновациялық педагогикалық жобаларды әзірлеу және қолдану;

- оқытылатын курстарды заманауи (ақпараттық технологияларды пайдаланумен) оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыру;

- оқытушылар мен білім алушылар үшін мотивациялық карталарды құрастыру;

- инновациялық мәдениет тасымалдаушылары ретінде білім алушылар мен оқытушылардың тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде дамыту;

- білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылық іс-әрекет белсенділігін моральдық және материалдық ынталандыру;

- ЖОО-ның корпоративтік мәдениетін жетілдіру;

- ЖОО-ның педагогикалық әлеуетінің жағдайының мониторингі.

Білім алушылардың жеке тұлғасын инновациялық мәдениет тасымалдаушылары ретінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау университеттің педагогикалық әлеуетін жүзеге асыру жағдайында мүмкін деп есептейміз.

Біздер зерттеуімізге байланысты педагогикалық әлеуеттің функционалдылық сипатына қарай қазіргі педагогикалық жүйені қамтамасыздандыратын мүмкіндіктер, функциялар жиынтығы, ал ЖОО білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша орындауды оңтайлы қамтамасыздандыру деп түсінеміз.

ЖОО дене шынықтыру және спорт мамандығын әзірлейтін білім беру жүйесінде ОПҚ, жаттықтырушылар:

- оқыту параметрлерін анықтауға және ақпарат іздеуге;

- болашақ жаттықтырушы-оқытушының кәсіби тәжірибесін анықтауға және оны оқыту процесінде пайдалануға;

- білім беру қажеттіліктерін анықтауға және оқыту мақсатын айқындауға;

- оқыту мазмұнын, білім беру технологияларын іріктеуге;

- өзін-өзі оқыту процесін ұйымдастыруға көмектесуге ұдайы бейімділік көрсетеді.

Оқыту технологиясы білім мазмұнының адамның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне және мінез-құлқына әсер етуінің процессуалдық-дидактикалық құралы болып табылады. ЖОО-да дене шынықтыру және спорт мамандығын

даярлаудағы білім берудің мазмұны (негізгі және қосымша) кәсіптік педагогикалық мәдениетті, жаңа бастаған оқытушының әлеуетін, кәсіби маманның субъективтілігі мен креативтілігін дамытуға бағытталған өзінің іске асыруы үшін тиісті білім беру технологияларын талап етеді. Олардың өзіне тән белгілері: ынтымақтастық, диалогтық, белсенді шығармашылық сипат, білім алушының даралығын қолдауға бағытталу, оған дербес шешімдер қабылдау үшін қажетті еркіндік беру, өздік оқуын ұйымдастыру мәселесінде, оқыту мазмұны мен тәсілдерін таңдау, ЖОО білім беру жүйесі оқытушысының және білім алушының бірлестігі [189]. Бұл талаптар әмбебаптылық қасиетке ие, оларды дәстүрлі немесе инновациялық технологияға жатқызуға болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлаудағы негізгі және қосымша білім бірыңғай білім беру жүйесінің органикалық бөлігі және кадр саясатының маңызды құралы. Бұл жүйе барынша икемді және еңбек нарығының қажеттіліктеріне және жаңа болмыстардың сұраныстарына тезірек бағытталады, сондықтан ол өзгерген экономиканың, саясаттың, білім берудің сұраныстарына сәйкес педагогикалық кадрларды кәсіби қайта даярлауға бағытталған және өз позициясын нығайтуға сәйкес жақсы перспективаларға ие [190]. ЖОО-дағы қосымша білім берудің негізгі ерекшеліктерінің бірі - әр түрлі білім, іскерлік және іс-әрекет бағыттарының синтезі ретінде жұмыс істейтін педагогтың кәсіби қызметінің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру ұйымдарының, ЖОО-ның да білім беру саясатының сұраныстарының өзгеруіне жедел әрекет ету мүмкіндігі.

XXI ғасырда қосымша білім беру жүйесінің қызметі мен дамуы қызу талқылана бастады. Бұл ЮНЕСКО, Еуропалық Одақ және әлемнің кез келген мемлекетінде білім беру саясатының дамуына ықпал ететін басқа да халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар әзірлейтін халықаралық құжаттарға байланысты болды [191]. Шетелде жүргізілген зерттеулер қосымша білім беру бағдарламалары практикалық қажеттіліктерге бағдарлануды және ересектерді оқытудың ерекше психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ең жоғары нәтижеге жететінін көрсетті, ал мұның бәрі болашақ жаттықтырушы-оқытушының танымдық қасиеттерінің оңынан өзгеруіне, оның кәсіби және зияткерлік белсенділігінің артуына алып келеді [192].

Жалпы қосымша кәсіптік білім көптеген университеттерде өздігінен жұмыс істей бастады, бірақ мемлекеттік білім беру органдарының бастамасы бойынша емес, содан кейін ғана жоғары деңгейде нормативті түрде рәсімделді [193]. Сонымен бірге, кейбір ЖОО туындайтын мазмұнды, ұйымдастырушылық, әдістемелік, құқықтық, экономикалық проблемалар назардан тыс қалмайды және оларды шешудің нақты мүмкіндіктеріне, олардың теориялық түсінігі мен негіздемесіне мән беріледі. Бұл екі төтенше жағдай да қосымша білім беру жүйесінің дамуына теріс әсер етеді.

ЖОО қосымша білім берудің технологиялық ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады [194]:

- негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша оқытумен салыстырғанда, салыстырмалы түрде қысқа, тиісті бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті уақыт;

- ЖОО-да қосымша білім беруді таңдау бойынша курстарға бөлінетін уақытты ішінара пайдалану, оқу процесінің кестесін және білім алушының жеке уақытын тығыздау есебінен жүзеге асыру;

- оқу-жаттығудың жоғары мотивациямен қамтамасыздандырылатын оқу материалын меңгерудің жоғары қарқыны;

- ниет білдірушілер үшін қосымша кәсіби бағдарламалары бар оқу процесін ұйымдастыру.

Десекте соңғысы әрдайым мүмкін емес, барлық білім алушыларға ортақ оқу процесінің кестесін бұзбай «оқытушы» қосымша бағдарламасы бойынша педагогикалық тәжірибені ұйымдастыруда туындайтын қиындықтар болатынын есте сақтау керек.

Қазіргі уақытта ЖОО-да мазмұны мен оны жүзеге асыру әдісі бойынша практикалық қызметіне ендірудің үш түрі бар.

1. Қосымша бағдарлама негізгі бағдарламаның бөлігі ретінде қарастырылады және мамандандырудың барлық циклдері мен пәндерін таңдау курстарының есебінен толығымен іске асырылады;

2. Негізгі және қосымша бағдарламалардың ішінара түйіндесуі болады. Бұл жағдайда қосымша білім алу үшін білім алушының жеке уақытының белгілі бір дәрежесі қолданылады. Қосымша бағдарлама бойынша практикадан өту, аудиториялық сабақтар оқу процесінің негізгі кестесіне енгізіледі. Бірақ сонымен бірге материалды мақсатты таңдау арқылы кейбір таңдау курстарында және мамандандыру пәндерінің елеусіз бөлігінде қосымша білім беру бағдарламасының жеке кәсіби бағытталған мәселелері ұсынылады.

3. Қосымша бағдарламаны іске асыру, оның негізгімен мазмұнды қиылысуынан басқа, толығымен білім алушының жеке уақыты есебінен жүзеге асырылады.

Бірінші жағдайда, жоғарыда айтылғандай, негізгі білім беру және кәсіби бағдарламаға кедергі келтіріледі және оның бір бөлігі қосымша бағдарламаға ауыстырылады. Екінші және үшінші жағдайларда келісілген сабақ кестесіне дейін оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру туралы сұрақтар туындайды.

ЖОО маман даярлайтын негізгі білім беру бағдарламаларына қосымша білім беру мазмұнын стандарттамайды, бірақ олар белсенді оқыту технологияларына бағытталады. Сондықтан да білім беру технологияларының заманауи тенденцияларына сәйкес келетін жоғары білім беруде қосымша білім берудің әлеуетін маман даярлауда оңды қолдану қажеттілік болып табылады.

ЖОО дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауды жүзеге асыратын факультет кафедраларында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін, жаттықтырушы-оқытушыларды сапалы даярлауға ықпал ететін спорт шеберлері және спорт бойынша педагогикалық мамандар жинақталады. ҚР ҒЖБМ тарапынан жүргізілетін біліктілік талаптарына байланысты жұмыс жасап жатқан болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлайтын және жауапты кафедралардың, факультеттердің материалдық-техникалық базасы толық сәйкес және талапқа сәйкес толықтыру үшін барлық мүмкіндіктер ЖОО-да жүзеге асырылады.

ЖОО-ның оқу процесін оқу-әдістемелік бөлімдер (академиялық департаменттер) жүзеге асырады. Оған сәйкес оқу ғимараттары, оқу-жаттығу кешендері оқытудың заманауи техникалық құралдарымен, жабдықтармен, спорттық инвентарлармен қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда ЖОО оқытушылары жүйелі түрде шетелдік жетекші оқу орындарынан, басқа ЖОО-дан, біліктілікті жетілдіру курстарынан, тағылымдамадан өтеді. Бұл да болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауға және оқытушылар құрамының жаңа буынын даярлау арқылы оқу процесін жетілдіруге ықпал етеді.

ЖОО базасында тәжірибе алмасуға және зерттеу, коммуникативтік шешендік дағдыларды дамытуға ықпал ететін ғылыми-практикалық, ғылыми, халықаралық, республикалық конференциялар үнемі өткізіліп тұрады. Кафедралар мен факультеттерде ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады, онда болашақ дене шынықтыру мамандарын, жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудағы нақты проблемаларды шешудің ғылыми-әдістемелік тәсілдері талқыланады. Кафедра өкілдері басқа жоғары оқу орындары ұйымдастыратын конференцияларға қатысады, бірақ, өкінішке орай, бұл көп жағдайда сырттай орын алады.

Қазіргі уақытта болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда қашықтықтан оқыту технологиясы мүмкіндігін пайдалаудың өзіндік орны бар. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады:

- туындайтын мәселелерді қарастыру;
- мақсат пен міндеттерді қою;
- білім, тәжірибелерді меңгерту;
- ұйымдастыру;
- білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру;
- оқу үдерісін бақылау.

Десекте бұл өз кезегінде педагогикалық жүйеге қатысушылардың арнайы даярлығын талап етеді және оқу-материалдық базамен жабдықтауды қажет етеді. Біздің жағдайымызда бұл соңғы жылдары шешімін тапқан мәселе болып табылады.

Қашықтықтан білім беру жағдайы үшін электронды оқу-әдістемелік кешендер негізгі тізбегіне енетіндер төмендегідей:

- электронды лекция конспектілері мен презентациялар;
- электронды оқу құралдары;
- мультимедиялық қосымшасы бар мамандандырылған оқулықтар;
- компьютерлік лабораториялық практикумдар;
- электрондық бақылау-тестілеу кешендері;
- оқу бейнефильмдері, аудиожазбалары;
- практикалық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар;
- телекоммуникациялық каналдар байланысы бойынша беруге арналған

басқа да материалдар.

Қазіргі таңда білім берудегі электронды ресурстарға талаптар күшейген. В.В.Гриншкун авторлық бірлестікте әзірлеген оқу құралында білім берудің электрондық ресурстарына қойылатын талаптарды регламенттеу және білім беруді ақпараттандырудың сапалы құралдарын әзірлеу және оларды пайдалану жөніндегі ұсынымдар жүйесін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын негізгі ғылыми ережелерді қарастырады [195]. Аталған оқу құралы әсіресе қашықтан білім беруде электронды ресурстарды әзірлеуде басшылыққа алынады.

Дәстүрлі оқытуда білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуы екі құжатпен реттелетіні белгілі, олар:

- мамандықтық оқу-әдістемелік кешені;
- пәннің оқу әдістемелік кешені.

Бұл құжаттар негізінен тек мазмұндық тұрғыдан анықталады және оқу үдерісінің жүзеге асырылуын басқарады.

Соңғы уақыттарда жүзеге асырылып жатқан дуальді оқыту және оның элементтерінің ЖОО қолданылуы үлкен мәнге. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін дуальды оқытуды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктерін біздер өзіміздің тәжірибемізде анықтадық:

- білім беру ұйымдарын таңдау (маманның, оқу-жаттығу жабдықтарының болуы, т.б.);
- келісім шарттар жасау;
- оқу жұмыстары мен мазмұнын сәйкестендіру;
- жоғары оқу орнында білім беру мен спорттық ұйымдардағы оқу, жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру барысын сәйкестендіру;
- бақылау құралдары мен әдістерін таңдау және бағалауды жүзеге асыру.

Зерттеулерге сәйкес спортпен, дене шынықтырумен шұғылданушылар үшін арнайы шарттардың орындалуы маңызды болып табылатыны анықталған [196]. Білім беру немесе спорттық сауықтыру жұмыстарын сәйкестендіру әлеуеттің болуынан талап етіледі.

Дуальді оқыту немесе оның элементтерін жүзеге асыру барысында қаржылық мәселені шешу жұмыс берушіні кафедраға қызметке қабылдау арқылы ғана мүмкін екендігін дұрыс қабылдау қажет.

ЖОО кафедраларының болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауда үлкен әлеуетке ие болса да, мүмкіндіктер толық қолданылмайды, жоғарыда айтылғандардың динамикасы мен байланысын көрсете алатын байланыстырушы буынның жоқтығы байқалады. Бұл әлеуетті біртұтас, органикалық жұмыс істейтін жүйеге келтіру қажеттілік болып табылады. ЖОО-да негізгі және қосымша білім беру бағдарламасы біздің жағдайда болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін нақты белгіленген кезеңдері мен іс-әрекеттері бар оқу бағдарламасын немесе оқу жұмыс түрлерін жобалау мен құрастыру қажеттілігін туындатады.

Осылайша, ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін негізгі және

мүмкін болса қосымша білім беру бағдарламасы мүмкіндіктері мен әлеуеті ашылады.

Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша қосымша білім беру икемді, еліміздегі спорттық білім беру мен дене шынықтыру, сауықтыруға сәйкес білім беру кеңістігінде болып жатқан барлық өзгерістерге тез бейімделеді, сонымен қатар инновациялық талаптарды қамтиды, оқу процесін ұйымдастыру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде педагогикалық бақылауға жоғары деңгейде даярлығы бар болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың жаңа буынын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бағалауға даярлаудағы ЖОО әлеуетін төмендегіше көрсетуге болады:

- ББ-да білім беру траекториясының болуы;
- негізгі және оның қосымша білім беру бағдарламаларымен үйлесімділігі;
- қашықтан білім беруді жүзеге асыруы;
- дуальді оқыту элементтерінің, яғни практикаға бағытталған оқытудың жүзеге асырылуы;
- заманауи оқу-материалдық базаның болуы және оның жетілдірілуі;
- білікті, ғылыми әлеуеті бар оқытушы-профессор құрамының болуы және олардың ұдайы біліктілігінің талапқа сәйкес жетілдірілуі; ұтқырлық бағдарламасына қатысуы;
- оқыту үдерісінің оқу-әдістемелік құралдармен талапқа сәйкес қамтамасыз етілуі.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері басшылыққа алынумен жұмыстың келесі бөлімінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық негіздері айқындалатын болады.

2 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау ұғымының мәні мен мазмұны

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін бірқатар ұғымдардың мәнін дұрыс түсіну қажеттілігі туындайды. Олардың ішіндегі негізгілері: «бақылау», «педагогикалық бақылау» және т.б.

Бақылау немісше «Kontrolle», французша «contrôle» деп берілген орыс тілінің этимологиялық сөздігінде [197, с.314]. Французша «controle» - қазақ тілінде тізімдеме (ведомость), тізім ретінде аударылады. Controle орыс тіліндегі ұқсас мағынаға ие және «бір нәрсені бақылауды тексеру» дегенді береді [198].

Сонымен қатар, бақылау XVIII ғасырдың аяғында француздың contrôle – мұнда қысқартылған contre - яғни «қарсы» және «тізім» деген тіркестерден тұратыны да айтылады. Бастапқысы – «шоттарды тексеру» дегенді білдіреді [199].

С.И.Ожеговтың орыс тілі сөздігінде «Бақылау – тексеру, сонымен қатар, тексеру немесе қадағалау мақсатында тұрақты бақылау» деп беріледі [200, с.293)]. Бақылау кейбір жағдайда педагогикалық әдебиеттерде тексеру деп те жазылады.

«Бақылау» ұғымына берілген түсіндірмелерден біздің зерттеуіміз үшін қолданылатын негізгі түсініктер төмендегідей: «1. Зерттеушінің белгілі бір мақсатта жүргізетін ғылыми-зерттеу әдісі. 2. Анығына жету, тексеру» [201, б.102].

Сонымен қатар, қазақша-орысша сөздікте: «Бақылау 1) байқау, 2) бақылау, 3) қарау (қадағалау)» мағынасында қолданылуы мүмкін екендігі көрсетіледі [202, с.121].

«Бақылау» ұғымының өзі оның мазмұнын терең түсінуді талап етеді. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Бақылау (Контроль; франц. controle) – 1) қадағалау, тексеру және белгіленген мақсаттан ауытқулар мен олардың себептерін анықтау мақсатындағы іс-әрекет; 2) қабылданған шешімдердің іс жүзіндегі жағдайға сәйкестік дәрежесін анықтайтын басқару функциясы» деп беріледі [203, б.46]. Сонымен қатар, педагогикада бақылаудың оқушының білім сапасын анықтау үшін қажеттілігі көрсетіледі.

Сонымен бақылау - бұл жүйенің мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін және үш негізгі элементтен тұратын процесс ретінде қарастырылатынын көруге болады:

- тексеруге жататын жүйе қызметінің стандарттарын белгілеу;
- қол жеткізілген нәтижелерді күтілетін нәтижелермен өлшеу;
- егер қол жеткізілген нәтижелер белгіленген стандарттардан айтарлықтай өзгеше болса, басқару процестерін түзету.

Бақылау - басқару жүйесінің негізгі функцияларының бірі. Этимологиялық сөздіктерге сәйкес бақылау соңғының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету

мақсатында басқарылатын жүйенің сипатын бақылау негізінде жүзеге асырылады (қол жеткізілген нәтижелерді өлшеу және оларды күтілетін нәтижелермен салыстыру). Бақылау деректері негізінде жүйені бейімдеу, яғни оңтайландыратын басқару шешімдерін қабылдау жүзеге асырылады.

Бақылау, оның ішінде спорттық оқу-жаттығуды бақылау іс-әрекеті көпаспектілі мәселе болып табылады. Бақылау деп мақсаттармен іске асырылатын басқарылатын объектінің жұмыс істеу процесін және нақты жай-күйін байқау мен тексеру жүйесі түсініледі. Бақылауда объектінің жай-күйі қарастырылады.

Жалпы алғанда бақылаудың элементтері төмендегідей болып келеді: бақылау субъектісі, объектісі, пәні, мақсаты (міндеттері), принциптері, әдістері, технологиясы, бақылау процесі. Ал, бақылау – қойылған мақсаттар жүйесіне жетістіктерді қамтамасыз ететін процестердің бірі.

Оқушылардың спорттық оқу-жаттығу іс-әрекеттеріне жүргізілетін бақылау басқарылатын жүйенің элементтеріне қойылған мақсаттарға жетудегі талаптарды қанағаттандыруға бағытталады. Бақылау принциптері бойынша оларға сипаттама жасауға болады. Осылайша, бақылау - бұл жүйенің нақты жағдайын сәйкесінше қалағандарымен салыстыру арқылы жүйенің алға қойған мақсаттарына жетуін қамтамасыз ететін үдеріс.

Дене шынықтыру және спорттық оқу-жаттығуға байланысты: дәрігерлік және педагогикалық бақылау болып бөлінеді. Біздер зерттеу жұмысымызда педагогикалық бақылауды қарастыратын боламыз. Педагогикалық бақылау немесе оқыту үдерісіндегі бақылау қоғамдағы бақылаудың бір тармағы болып табылады.

Бақылау - зерттеу не тексеру әдісі. Оқу-тәрбие, оқу-жаттығу үшін бақылаудың барлық түрлері үшін білімді, іскерлікті және дағдыны тексерудің ауызша, жазбаша және практикалық әдістер тән [204]. Ауызша тексерудің негізгі түрлері мыналар болып табылады: жаппай, жеке-дербес және жеделдетілген сауалнама.

Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыратын мұғалімнің бағалау қызметімен байланысты негізгі ұғымдарды анықтауы тиіс. Олардың қатарында төмендегідей ұғымдар бар [205]: бақылау, бағалау, оқыту нәтижесі, баға, бақылау материалдары, т.б.

Бақылау материалдары білім беру бағдарламасының элементі болып табылады, оларды әзірлеу және бекіту білім беру ұйымының құзыретіне жатады. Шунк Дейл өзінің «Оқыту теориясы» еңбегінде бақылау және оның түрлерін атап көрсетеді [206].

Педагогикалық еңбектерде «педагогикалық» термині оқу және тәрбие іс-әрекеттерін қамтитынын көрсетеді. Сонымен қатар, «педагогикалық» термині қолданылған жағдайда оқыту, тәрбиелеу және дамыту факторларының орын алатынын және жүзеге асырылатынын сипаттайды [207].

«Педагогикалық бағалау» ұғымы «бақылау» терминімен тығыз байланысты.

Оқу еңбегінің нәтижелерін бағалау қажеттілігін Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде көрсетті, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой ескі мектепті және тексеру мен бағалаудың қазіргі нысандарын сынға алды.

Бағалау оқу үдерісінде ерекше рөлге ие болу керектігін айта келіп, Ш.А. Амонашвили: «... оқу-танымдық іс-әрекетті тұтас деп есептеуге болады ... оның ішінде тапсырманы шешу үдерісімен қатар, осы іс-әрекетті үнемі түзететін және ынталандыратын компонент ретінде бағалау белсенділігі жұмыс істейді» - деп атап өтті [208, с.164].

Педагогика және педагогикалық психология курстарынан белгілісі бақылаудың үш түрі бар [209]: алдын ала, күнделікті, қорытынды бақылау.

Педагогикалық еңбектерде бақылау әдістері төмендегіше айқындалған. Бақылау әдістері - оқытудың жетістігі, оқу үдерісінің тиімділігі туралы мағлұмат алу мақсатында оқыту үдерісінде кері байланысты қамтамасыз ететін мұғалім (педагог) мен оқушылардың (білім алушылардың) бірізді, өзара байланысты диагностикалық қызметтерінің жүйесі. Бақылау әдістері оқыту үдерісі туралы жүйелі, толық, нақты және жылдам ақпарат алуды қамтамасыз етулері керек. Бақылаудың мынандай әдістері бар [210]: ауызша бақылау әдістері, жазбаша бақылау әдістері, тәжірибелік бақылау әдістері, дидактикалық тестер, бақылап-зерттеу. Кейбір зерттеушілер нәтижелерді зерттеудің басқа да әдістерін ұсынады.

Қазақ тілі терминдерінің педагогика және психология саласы бойынша түсіндірме сөздігінде: «Бақылау әдісі - белгілі бір педагогикалық құбылыстардың өту ерекшеліктерін, оларда тұлғаның, ұжымның, адамдар топтарының көрінуінің, алынатын нәтижелердің тән сипаттарын жүйелі түрде мақсаткерлікпен тіркеп отыру» - деп берілген [203, б.46]. Сонымен қатар, бақылау әдістерінің тұтас және іріктеме, қосылымды және жай, бақыланатын және бақылауға келмейтін, далалық және лабораториялық және т.б. да түрлерге бөлінетіні көрсетілген.

Оқу үдерісін жүйелік талдау тұрғысынан педагогикалық бақылаудың диагностикалық функциясы Ю.Н.Кулюткин, Г.С. Сухобская, М.М. Левин, Е.И. Машбиц және басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Педагогикалық үдерісті диагностикалаудың маңызды сипаттамалары объективтілік, жүйелілік, уақтылық және дербестендіру болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде бақылау әртүрлі педагогикалық тұжырымдама аспектісінде де сипатталған (Л.В. Занков, В. В. Давыдов, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин).

Педагогикалық бақылау мәселелерін зерттеу үшін олардың бірлігінде педагогикалық бақылаудың білім беру және дамыту функциялары қамтылған ғылыми еңбектер маңызды болып табылады (В.И. Андреев, Ю.К. Бабанский, С.П. Баранов, В.В. Давыдов, М.И. Махмутов, П.И. Пидкасистый, Л.Ф. Спирин, Т.Н. Шамова, Г.И. Щукина, И.С. Якиманская).

Біз И.П.Подласыйдың білімді, дағдыны айқындауды, өлшеуді және бағалауды білдіретін жалпы тектес «бақылау» ұғымы шығады деп атап көрсеткен пікіріне қосыламыз [211]. Айқындау мен өлшеуді тексеру деп атайды. Сондықтан тексеру – бақылаудың құрамдас құраушысы, оның негізгі

дидактикалық функциясы – мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланысты қамтамасыздандыру, педагогтан оқу материалын меңгеру деңгейі туралы объективті ақпарат алу, білімдегі кемшіліктері мен олқылықтарын дер кезінде таба білу. Тексеруден басқа бақылау өзінде тексеруді бағалауды (үдеріс ретінде) және бағаны (нәтиже ретінде) мазмұндайды. Үлгерімді бағалау үшін негізгісі бақылау қорытындысы болып табылады.

Отандық дидактикада оқытудағы бақылаудың әртүрлі аспектілерін белгілеу үшін терминдер қолданылады: білімді бақылау, тексеру, бағалау және есепке алу және т.б. [212]. Бақылаудың мазмұны оқытудың әртүрлі кезеңдерінің дидактикалық міндеттерімен, оқу пәнінің ерекшелігімен, білім алушылардың дайындық және даму деңгейімен анықталады.

Педагогикалық практикада бақылауды жүзеге асыру кезінде, әдетте, бақылау арқылы оқытуда нақты не тексеріледі деген сұрақ қойылады. Білім алушылардың білімі мен дағдылары тексеруге жатады деп жалпы қабылданған. Олар жалпы дидактикалық, пәндік деңгейде де, белгілі бір пән деңгейінде де, әдетте оқу пәні бағдарламасына материалдар түрінде сипатталады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, қазіргі заманғы отандық дидактиканың күш-жігері осыған бағытталған.

Оқытудағы бақылау, осылайша, әдістемелік оқыту жүйесінің негізгі компоненті - мақсаттармен тікелей байланысты. Оқытуды бақылау проблемаларының бірі - оқу мақсаттары, олар тексерілетін нәтижелер оқушылардың мінез-құлқы, бақыланатын әрекеттері тұрғысынан қалыптасуы. Тек осы жағдайда олардың болуын тіркеуге болады және оларды өлшеуге болады, яғни. білімнің қалыптасу деңгейі белгіленуі мүмкін. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап осындай оқу мақсаттарының таксономиясы әзірленуде (Б.Блум, [213]): дәл осы диагностикалық мақсаттар оларға қол жеткізу сатысын объективті анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі педагогикада оқытудың тексерілетін нәтижелері оқытудың когнитивті, әлеуметтік және эмоционалды мақсаттары ретінде сипатталады. Оқу процесінің когнитивті саласында жаңа материалды есте сақтау және көбейту, онымен әр түрлі әрекеттерді орындау мүмкіндігі тексеріледі.

Білімнен басқа (танымдық сала) бақылаудың мазмұны:

- білім алушылардың әлеуметтік және жалпы психологиялық дамуы;
- жауапкершілік сезімі, моральдық нормалар мен мінез-құлық сияқты әлеуметтік қасиеттер сияқты оқу және оқу іс-әрекетінің мотивтерін қалыптастыру.

Бақылау үшін бағдарлар - бұл пәндік білім, оқу процесінде үйренген дағдылар, іс-әрекет әдістері, дамыған қабілеттер және т.б. Сондықтан білім алушылардың пәндік білімін тексеру және бағалау кезінде негізгі міндеттер:

- 1) оқытудағы олқылықтарды анықтау;
- 2) оқу процесін түзету;
- 3) кейінгі оқуды жоспарлау;
- 4) нашар үлгерімнің алдын алу бойынша ұсынымдар.

В.П. Беспалько, егер келесі шарттар орындалса, оқытуды бақылау мақсатына жетеді деп санайды [214]:

- а) қалыптасқан жеке қасиеттердің нақты және нақты сипаттамасы бар;
- б) оның қалыптасуын объективті бақылау процесінде жеке тұлғаның диагностикаланатын сапасын біржақты анықтауға арналған әдіс, құрал бар;
- в) бақылау деректері негізінде диагностикаланатын сапаның қарқындылығын сандық өлшеуге болады;
- г) өлшеу нәтижелеріне негізделген сапаны бағалау шкаласы бар.

Осылайша, оқытудағы бақылау өлшеу міндеттерімен тығыз байланысты:

- қандай мақсатта көзделгеніне қарамастан, зерттеу объектісі туралы белгілі бір объективті ақпарат алу;
- өлшеу деректерін белгілі бір мақсаттарға сүйене отырып алу.

Оқытуда бақылауды жүзеге асыру кезінде негізінен екінші міндетпен, атап айтқанда өлшемдермен айналысу керек:

- а) білім алушылардың білімін анықтау үшін;
- б) осы жағдайдың себептерін анықтау үшін;
- в) білімнің болашақ жағдайын болжау үшін.

Ең жоғары деңгейде оқытуды бақылау және білімді бағалау білім беру мекемелері мен жекелеген педагогтардың жұмысын мемлекеттік және қоғамдық бақылау мақсаттарына қызмет етеді. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің өз азаматтарына білім беру құқығын қамтамасыз етуге және бұл үшін білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сақтауға бағытталған.

Дидактикалық процестің және дидактикалық процедураның бөлігі ретінде оқытуды бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырумен байланысты көптеген тармақтарды нақтылау міндетін қояды [215, с.13]: тексеру функциялары, оның мазмұны, бақылау түрлері, әдістері мен формалары, педагогикадағы өлшемдер, оқудың сәттілігі немесе оқушылардың үлгермеуі туралы шешімдер қабылдау және т.б.

Бақылау мен бағалау оның мақсатына сәйкес келуі үшін педагогикалық бағалау бірқатар талаптарға сай болуы керек. Бағалау дұрыс, әділ және түсінікті болуы қажет. Психологтар білім алушыға арналған бағалау объективті болуы және оны ішкі қабылдау керек деп қосады [216, с.16]. Дұрыс бағалау ұғымы объективтілікпен байланысты, оны өз кезегінде әділеттіліктен ажыратуға болмайды.

Қазіргі жағдайда спортшыны даярлау процесінің тиімділігі көбінесе ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің негізі ретінде кешенді бақылау құралдары мен әдістерін, сәйкесінше жаттықтырушы мен спортшы арасында кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін басқару құралын қолдануға және осы негізде оқушыларды даярлау кезінде басқару шешімдерінің деңгейін арттыруға байланысты [217; 218].

Кешенді бақылау педагогикалық, психологиялық және физиологиялық бөлімдерді қамтиды және спортшыларды даярлаудың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және олардың жаттығу бағдарламасына тиісті түзетулер енгізуге бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық және әдістемелік тәсілдерді қарастырады, жаттықтырушы-оқытушының қандай да бір шешімінің, оқу-

жаттығу процесінің таңдалған бағытының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Мамандар бақылау объектілері ретінде [219 - 221]: жарыстық іс-әрекеттің тиімділігі, қозғалыс сапаларының даму деңгейі, техникалық-тактикалық шеберлік, психикалық және кіріктірілген даярлық; жеке жаттығулардың, оқу-жаттығу сабақтарының, микро, мезо және макроциклдердің жүктеме көрсеткіштері және т.б.; тиімді жарыстық іс-әрекетті қамтамасыз ететін жеке функционалды жүйелер мен механизмдердің мүмкіндіктері; ұсынылған жаттығу жүктемелеріне дененің реакциясы, шаршау және қалпына келтіру процестерінің ерекшеліктері сияқты параметрлерді ажыратады.

Спортшыларды даярлауды кешенді бақылау жүйесінде ғылыми негізделген педагогикалық бақылауға маңызды орын беріледі. Дене тәрбиесіндегі педагогикалық бақылау деп жаттығу әдістемесінің әртүрлі жақтарының дамуын негізделген басқару мақсатында оқушылардың жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін құралдар, әдістер мен әдістемелік тәсілдердің жиынтығы түсініледі. Бұл жаттығулар мен спортпен шұғылданушылардың денесіне әсері туралы ақпарат алу процесі [222].

Педагогикалық бақылау қолданылатын дайындық құралдары мен әдістерінің, жаттығу жүктемелерінің (жаттығулардың), техникалық-тактикалық әрекеттердің тиімділігін, сондай-ақ жаттықтырушы-оқытушының педагог-зерттеушімен бірлесіп жүзеге асыратын спортшылардың спорттық нәтижелері мен мінез-құлқын бағалау жөніндегі параметрлер, құралдар, әдістер, алгоритмдер мен ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар жиынтығын қамтиды.

Педагогикалық бақылаудың міндеттері [32, с.6]:

- жаттығу және жарыс жүктемелерін есепке алу;
- спортшылардың дайындығының әртүрлі жақтарын анықтау;
- жоспарланған спорттық нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін анықтау;
- жарыстардағы спортшының мінез-құлқын бағалау.

Сонымен қатар, жаттықтырушы-оқытушы бақылаудың басқа түрлерінен алынған зерттеулердің деректерін бірыңғай (кіріктірілген) бағалауға жинақтайды. Спортшыларды даярлауды басқару жүйесіндегі педагогикалық бақылауды көптеген мамандар оның тиімділігін бағалау үшін оқу-жаттығу процесінің маңызды жақтары туралы ақпарат беру құралы ретінде қарастырады [222, с.58-67].

Педагогикалық бақылаудың мазмұны:

- сабаққа қатысуды бақылау;
- жаттығу жүктемелерін бақылау;
- қатысушылардың жағдайын бақылау;
- жаттығу техникасын бақылау;
- спорттық нәтижелерді есепке алу;
- жарыс кезіндегі мінез-құлықты бақылау.

Осылайша, спортшылардың дайындығын бақылау, ең алдымен, жаттығу және жарыстық жүктемелерді бағалауды қамтамасыз етуі керек. Өйткені олар спорттық өнімділіктің дамуына әсер етудің негізгі факторы қатарында

спортшылардың жағдайы, олардың дайындығы (физикалық, техникалық және т.б.), спортшылардың спорттық көрсеткіштері және олардың жарыстардағы мінез-құлқы саналады [223].

Спорттық тәжірибеде бір күйден екінші күйге өту үшін қажетті кезеңнің ұзақтығына байланысты спортшы жағдайының үш түрін ажырату қабылданған:

- салыстырмалы түрде ұзақ сақталатын кезеңдік (тұрақты) жағдай - апталар немесе айлар;

- бір немесе бірнеше сабақтардың әсерінен өзгертін және жақын маңдағы жаттығулардың сипаты мен жүктемелердің мөлшерін анықтайтын ағымдағы жағдай;

- дене жаттығуларын бір рет орындаудың әсерінен өзгертін жедел жағдай.

Жағдайдың үш түрін бөліп көрсету қажеттілігі олардың әрқайсысы үшін қолданылатын бақылау құралдары айтарлықтай ерекшеленетіндігімен анықталады. Осыған сәйкес В.Г.Никитушкин спортшының жағдайын бақылаудың үш негізгі түрін бөліп алған жөн деп санайды [222, с.70-88]:

- кезеңдік бақылау - спортшының кезеңдік жағдайын (дайындығын) бағалау;

- ағымдық бақылау - спортшы жағдайындағы күнделікті (ағымдағы) тербелістерді анықтау;

- жедел бақылау - қазіргі уақытта спортшының жағдайын жедел бағалау.

Ю.Ф. Курамшин бақылаудың төрт негізгі формасын ажыратады – жылдық, кезеңдік, ағымдағы және жедел [223, с.45-53].

Педагогикалық бақылаудың әдіснамалық негізі [32, с.8]:

- тесттерді дұрыс таңдау және олардың сенімділіктің, объективтіліктің және ақпараттылықтың статистикалық критерийлеріне сәйкестігі;

- спортшылардың функционалдық жай-күйі мен дайындық деңгейін бағалау үшін көрсеткіштердің оңтайлы көлемін анықтау, оның жеткіліктілігі, ақпарат алу шарттары мен көздерін стандарттау;

- бақылау әдістерінің тестілеу міндеттеріне сәйкестігі.

Педагогикалық бақылау әдістеріне мыналар жатады:

- спортшылар мен жаттықтырушы-оқытушылардың пікірлерін жинау;

- оқу процесінің жұмыс құжаттамасын талдау;

- жаттығу және жарыс кезіндегі педагогикалық бақылаулар;

- жаттығу сабақтарында спортшылардың қызметін сипаттайтын көрсеткіштерді анықтау және тіркеу (хронометраж, пульсометрия, динамометрия, бейнежазба және т. б.);

- спортшылардың дайындығының әртүрлі жақтарының тесттері (бақылау сынақтары), медициналық-биологиялық өлшеулер және т. б.

Кешенді бақылау процесінде қолданылатын көрсеткіштер шартты түрде екі топқа бөлінеді.

Бірінші топтың көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты белгілерді сипаттайды, көбінесе генетикалық детерминирленген және жаттығу процесінде аз өзгереді. Осы белгілерге сәйкес индикаторлар негізінен көпжылдық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде іріктеу және бағдарлау мәселелерін шешу үшін кезеңдік бақылау процесінде қолданылады. Тұрақты белгілерге дененің

ұзындығы мен мөлшері, қаңқа бұлшықетіндегі әр түрлі талшықтардың саны, жүйке қызметінің түрі, кейбір рефлексстердің жылдамдығы және т.б. жатады.

Екінші топтың көрсеткіштері техникалық және тактикалық дайындықты, жекелеген қозғалыс қасиеттерінің даму деңгейін, жаттығу және жарыстық іс-әрекеттің әртүрлі жағдайларында спортшылар денесінің негізгі өмірлік жүйелерінің үнемділігін, яғни айтарлықтай педагогикалық әсерге ұшыраған көрсеткіштерді сипаттайды.

Бақылаудың әрбір түрінің шарттарына қатысты көрсеткіштер мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс: спорт түрінің ерекшелігі; спортшылардың жас және біліктілік ерекшеліктері; оқу процесінің бағыттылығы; бақылау көрсеткіштерінің ақпараттылығы мен сенімділігі [224].

Спортшылардың дайындығы туралы мамандар жарыстық және жаттығу жұмыстарын бақылау барысында айтарлықтай ақпарат алады. Алайда, жарыстар мен жаттығулардың шарттарын стандарттау қиын; сонымен қатар, олардың нәтижелері кіріктірілген баға береді. Жаттықтырушы-оқытушыға дайындықтың жекелеген жақтары туралы ақпарат қажет, оны тек арнайы ұйымдастырылған стандартты жағдайларда алуға болады [225].

Жалпы дене тәрбиесі бойынша барлық бағдарламаларда, оның ішінде 1-4-сынып оқушылары үшін дене қозғалысы сапаларын жан-жақты дамыту қажеттілігіне үлкен назар аударылады. Бұл үшін бағдарламаның әрбір тарауында (мысалы, қимылдық ойындарды немесе гимнастикалық жаттығуларды меңгеру) сәйкес материал қарастырылады [226].

Б.Мухамеджановтың зерттеу жұмысында оқушылардың жаттығумен өз бетінше шұғылдану әдістері қарастырылған. Дене жаттығулары оқушылардың белгілі бір мақсаттарға сәйкес нәтижеге жетудегі үздіксіз бір-бірімен байланысқан қозғалыс қылмалдарының үйлесімді бірлігі. Осыған сәйкес оқушылардың орындайтын оқу-жаттығуларын көрсетуге болады [125, б.31]: 1. Жүру, жеңіл жүгіру. 2. Тартылу жаттығулары (білтемірге). 3. Аяққа арналған жаттығулар (отыру, екі аяққа кезекпен салмақ салу). 4. Кеуде бұлшық еттеріне арналған жаттығулар (алға, артқа, жанына иілулер, айналмалы қозғалыстар). 5. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. 6. Аяқ пен қолдар үшін сермеу жаттығулары. 7. Қарын прессі бұлшық еттеріне, жамбас ұңғысы, жанама бұлшық еттерге арналған жаттығулар. 8. Жүгіру, секірулер, секіртпелер. 9. Қорытынды жаттығулар.

Қозғалыс жаттығулары оқушылардың дене дайындығын қалыптастыратын және анықтайтын болғандықтан болашақ жаттықтырушы-оқытушы оларды білуі және үйрете алуы, оқушылардың жаттығуларды орындауды бақылауы тиіс. Осы мақсатта ЖОО оқушыларды оқу-жаттығу түрлеріне баулуда оқу құралдары қолданылады [227].

Жаттықтырушы-оқытушылар спортшының жағдайының динамикасына сәйкес бақылау бағыттары мен олардың бақылау түрлеріне сәйкес әртүрлілігін білуі тиіс, олар: жаттығу және жарыстық іс-әрекетті, спортшылардың дайындығын бақылау.

А.С.Балтина мен Т.Б.Искаковтың «Жас дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастырудағы заманауи көзқарастар» мақаласында жас

дзюдошыларды қалай және қандай әдістермен және тәсілдермен қалыптастыру әрі дамыту мен оларды қандай критерийлермен бағалау керектігін зерделей келе, техникалық-тактикалық әрекеттерді (көрсеткіштер: белсенділік, шабуылдаушы әрекеттердің сенімділігі, нәтижелілік, қорғаныстың сенімділігі, комбинациялылық, нұсқалылық) орындау нәтижесі бойынша бағалаудың жүзеге асырылатынын атап көрсетеді [228]. Жаттықтырушы-оқытушы дене шынықтыру жаттығулары мен спорт түрлері бойынша бақылау-бағалау үшін негізгі көрсеткіштер мен әрекеттерді білу тиіс.

Ұйымдастырылған оқу-жаттығу іс-әрекеті бойынша оқыту нәтижелері және олардың дәлелдеу объектілері болады. Олар: меңгерілген білім, іскерлік - оқу-жаттығу іс-әрекетін орындау барысы, әдіс-тәсілдер және қол жеткізген нәтиже, көрсеткен көрсеткіш [229]. Оқыту нәтижесі білім мен іскерлік оқу бағдарламасында және арнайы құжатта жазылатын болғандықтан жаттықтырушы-оқытушы оның құрылымы мен мазмұнын білуі керек.

Дене жаттығуларымен белсенді және жүйелі шұғылданатын адамдарда жоғары қуаттылықпен және күштенумен ақыл-ой немесе дене еңбегін атқару кезінде психикалық, ақыл-ой, ой және сезім күйі орнықтылығы артады. Дене жаттығуларының сапалы сипаты бірқатар психикалық қызметтер жиынтығынан көрінеді: жетілдіруге талаптану, оған жетуге деген әрекеттің мақсаты мен құралдары туралы мағлұматы, берілген жаттығуды орындауға деген ықылас пен ерік-жігер күшінің болуы және т.б. Дене жаттығуларын дұрыс орындауға қоршаған орта жағдайының әсері және оған бағдар алу, қозғалу мағлұматының, ойлау жұмыс қабілетінің, толқу сезімінің және т.б. болуы әсер етеді. Дене жаттығулары адамның психикалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік жасап, оның ойлау (зерде, сана) қызметін жақсартады. Дене жаттығулары қызығушылық пен сезімді, ерік-жігер мен мінезді дамытып, адамның рухани даму құралының бірі болып табылады [230]. Олар сонымен бірге адамның дене және психикалық қызметінің бірлігін көрсетеді. Сондықтан да, дене тәрбиесі пән ретінде дене сапаларын дамытумен қатар оқушы тұлғасының дамуындағы маңызды және қазір таңда жастарды тәрбиелеуде қажеттілік құралы болып табылады [231]. Дене тәрбиесі – тұлғаның интегралдық тәрбиесінің бір бөлігі, қазіргі уақытта адамдар өмірінің ажырамас бөлігі екенін жастарға саналы сезіндіру қажет.

Ал, кешенді бақылау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін жарыстық және жаттығу іс-әрекеті немесе бақылау стандарттарын орындау шарттарын ескеру қажет [219, с.156-180].

Ж.К.Холодов пен Б.К.Кузнецовтың пікірінше, спортшының дайындық жағдайын бағалауға дене дайындығын бағалау; техникалық-тактикалық дайындықты бағалау; жарыстардағы психологиялық жағдай мен мінез-құлықты бағалау жатады[219, с.181-210].

В.Н. Платонов педагогикалық бақылау процесінде техникалық-тактикалық және дене шынықтыру дайындығының деңгейін, жарыстарда өнер көрсету ерекшеліктерін, спорттық нәтижелердің динамикасын, үйкеліс процесінің құрылымы мен мазмұнын және т. б. бағалау мәселесін негіздейді [224, с.123-150].

Физикалық дайындық деңгейін бақылау физикалық қасиеттердің даму деңгейін бағалауға немесе анықтауға мүмкіндік береді, олар: күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, ептілік және онымен байланысты қабілеттер. Физикалық қасиеттердің интегралды көрсеткіштерін бақылаудың негізгі әдісі - бақылау жаттығулары (тесттер) әдісі. Тесттерді таңдағанда келесі:

- сынақтың мақсатын анықтау;
- өлшеу процедураларын стандарттауды қамтамасыздандыру;
- сенімділік пен ақпараттылықтың жоғары мәндері бар тесттерді қолдану;
- орындау техникасы салыстырмалы түрде қарапайым және тестілеу нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейтін тесттерді қолдану;
- тесттер қаншалықты жақсы игерілсе, соншалықты оларды орындау кезінде спортшының күш-жігерін қозғалысты техникалық сауатты орындауға емес, максималды нәтижеге жетуге бағыттау;
- тесттерде шекті нәтижелерге қол жеткізу үшін максималды мотивацияға ие болу;
- тесттерде жетістіктерді бағалау жүйесінің болуы шарттарын сақтау қажет.

Қ.Қ.Құланова мен Ұ.С.Марчибаеваның «Жалпы және арнайы дене дайындығы» оқу-әдістемелік құралында «Спортшы дайындығын есепке алу және кешенді бақылау» деген арнайы бөлім қарастырылады [232]. Осы бөлімде авторлар жаттығу сабақтарындағы жарыстардың әсерін бақылау, спортшының дайындық деңгейін бақылау, сыртқы орта факторларын бақылау, спорттық жаттығу үдерісінде есепке алу мәселелерін жеке тақырып ретінде қарастырады.

Оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылау жүйесін қайта құру, құралдар мен тиісті эталонды таңдаудан талап етіледі. «Эталон - жекелеген іс-әрекеттердің, операциялардың, олардың нәтижелерінің үлгісі, оқу-танымдық іс-әрекетінің өзі мен оның түпкі нәтижесінің үлгісі» [208, с. 40]. Эталондар объективті немесе «сыртқы» болып бөлінеді, ол кезде іс-әрекет үлгісі, алгоритм немесе кітап, анықтамалық және т.б. табуға болатын басқа да нұсқау және субъективті немесе «ішкі», егер оқушы өзі ережені, алгоритмді және т.б. есте сақтаған болса. «Ішкі» эталондар практикалық жұмыстарға тән болып келеді.

Бақылаудың жалпы мақсаты «өлшеу» және материалды меңгеру, меңгеру сапасын, қалыптасқан іскерліктер мен дағдылардың оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін анықтау болып табылады. Егер оқушы оқу материалын меңгерсе - бұл дегеніміз, біріншіден, ол бірдеңені біледі, есте сақтайды, екіншіден, ол тек қана қайталап қоюды ғана түсінбейді, сонымен қатар, неге осылай, неге басқаша болмайды деген оймен мотивацияланады. Ал оқушы білімді алуы үшін, оны тәжірибеде қолдана білуі керек. В.А.Далингердің математикалық тілді ұсынуын қолдана отырып, шартты түрде мынадай «өрнекті» жазуға болады: меңгеру = түсіну + есте сақтау, игеру = меңгеру + білімді практикада қолдану [233].

Физикалық қабілеттердің даму дәрежесі екі тест тобының көмегімен анықталады. Спецификалық емес сынақтарды қамтитын бірінші топ жалпы дене шынықтыруды бағалауға арналған, ал екінші топқа арнайы дене шынықтыруды бағалау үшін қолданылатын арнайы сынақтар кіреді. Дене

шынықтыруды бағалау үшін тесттерді таңдау көбінесе спорт түрлеріне, жасына, спортшылардың біліктілігіне, спорттық жаттығулардың бір жылдық немесе көпжылдық циклінің құрылымына байланысты екенін ескеру қажет [223, б.178-183].

Тестілеудің үш негізгі нұсқасы бар: әртүрлі сынақтардың кең ауқымын пайдалана отырып, дене шынықтыруды кешенді бағалау; бір сапаның даму деңгейін бағалау; қозғалыс сапасының көріну формаларының бірінің даму деңгейін бағалау [234].

Кезеңдік кешенді тексерулер ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесіндегі спортшының жағдайын бақылау жөніндегі базалық іс-шара болып табылады және дайындықтың негізгі кезеңдеріне дейін немесе одан кейін жүргізіледі.

С.Тайжанов және А.Қарақов дене тәрбиесі сабағының мазмұндағы педагогтың ұйымдастыру-басқарушылық және бақылаушылық қызметін төмендегідей көрсетеді: «сабақтың мақсатын белгілеу, оқу-тапсырмаларын түсіндіру, практикалық қимылдың үлгісін көрсету, көмек пен қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру, ескертулер мен нұсқаулар беру; жаттығу орнын жинастыру және дайындау бойынша іс-қимыл, құрал-жабдықтарды үлестіру және жинап алу; жаттығушылар оқу тапсырмаларын орындайтын жердегі басшылық (орналастыру, орындау реттері, алмасу), оқушылар қимылын өзара бақылауды және үлгерімді есепке алу; үйге берілетін тапсырманы айту және сабақтың қорытындысын жасау» [34, б.14]. Мазмұндаудан көріп тұрғандай бақылау басқарушылық қызметтік аясында жүзеге асырылатын әрекет ретінде қарастырылады.

Дене шынықтыру және жаттықтырушы-оқытушының сабақтағы типтік міндеттері мен мазмұнына: «мұғалімнің бағалауы және жаттығушылардың қызмет нәтижесін өзін-өзі бағалау жолымен сабақ қорытындысын шығару» кіреді [34, б.15].

Дене шынықтыру пәні бойынша және спорт мектептеріндегі «Бақылау сабақтары (тексеру, есепке алу, бағалау) – кезеңдік және ақырғы нәтижені анықтау, тақырып немесе бағдарламаның тараулары бойынша оқу жұмысының сапасын бағалауға арналған» [34, б.18]. Бұл жағдайда мұғалім, жаттықтырушы-оқытушы бағалау өлшемімен оқушыларды алдын-ала таныстырады, ал бағалау тапсырмасын орындағаннан кейін қойылған бағаны дәлелдейді және үлгерімді жақсарту жолдарын түсіндіреді.

Бақылау үдерісінде алынған ақпарат салыстырылады, эталонмен сәйкес қойылады және алынған деректер негізінде талдау жүргізіледі, қателер мен олардың себептері анықталады. Салыстыру нәтижесінде бақыланатын және эталондық құраушылар арасындағы келіспеушілік дәрежесі белгіленеді. Егер келіспеушілік сигналы нөлге тең болса, онда бұл бақыланатын құраушының эталонға сәйкес келетінін білдіреді, онда бағалаудың белгілі бір формасында (бағалау талқылауы, белгі және т.б.) бағалау нәтижелерін көрсете отырып, қорытынды жасау қажет.

Қатенің себептерінің болуы оқушының және мұғалімнің іс-әрекетіндегі кемшіліктерден болуы мүмкін. Қателіктердің себептерін анықтау қателік

фактісінің анықталуына қарағанда үлкен қиындық тудырады. Зерттеу барысында студент-практиканттардың 45% - дан астамы теорияны білмеу себепті немесе тапсырманы дұрыс орындамауынан олардың жады нашар деп аталады, оқуға қызығушылығы жоқ деп анықталады. Бұл ретте оқушылардың жеке ерекшеліктері мен олардың оқу үдерісіне нақты қатысуы арасында тәуелділік белгіленбейді.

Н.В.Кузьминаның айтуы бойынша, мұғалім іс-әрекетінде қандай кемшіліктер оқушының қателігіне әкеп соқтырғанын анықтай білу оқыту іс-әрекетін меңгерудің ең жоғары деңгейінің сипаттамасы болып табылады. Осыған байланысты: егер біз оқушыларды оқыту бойынша дұрыс іс-әрекет ұйымдастырсақ, онда жұмыс қатесіз бола ма? Педагогикалық психология бұл мәселені былай қарастырады: қателердің пайда болу себептеріне талдау олардың іс-әрекетті дұрыс орындау үшін қажетті бірқатар маңызды шарттар, бағдарлар болмаған кезде ғана пайда болатынын көрсетеді және іс-әрекетті қалыптастыру үдерісін педагог бақыламаған және басқармаған кезде болатынан аңғартады. Сол себепті, қатемен күресті білімді меңгеру үдерісін бақылаудан бастау қажет.

Қателерді талдау мұғалімнің бақылау іс-әрекетіндегі ең күрделі әрекеттердің бірі болып табылады. Ол пәнді білуден басқа, осы бағыттағы белгілі бір жұмыс тәжірибесін талап етеді. Әйтпеген жағдайда, оң тәжірибесі жоқ жас маман антипедагогикалық жоспарда шаблонды әсер етудің үлгі жүйесі түрінде теріс тәжірибе жинақтайды.

Қателіктер пайда болған жағдайда педагог, әдетте, олардың бастауын зерттейді. Сипаты мен себебін анықтай отырып, құраушылар бойынша талдауды жүзеге асырады және оқушының оқу іс-әрекетінде олқылықтар пайда болған буынды белгілейді, яғни олардың қандай іс-әрекеттері іске асырылмағанын, қандай оқыту әсері ұсынылмағанын анықтайды. Анықталған кемшіліктерге байланысты түзету жүргізеді, онда білім алушының (студенттің, оқушының) нақты іс-әрекет нәтижелері мен эталон арасындағы айырмашылықты жоюға бағытталған әрекеттері орындалады. Осылайша, түзету үдерістерінің ерекшелігі олардың екі деңгейде өтетін болады:

- біріншісі - іскерлікті қалыптастыру барысы туралы деректерді қабылдау және талдау, осы үдерістің табыстылығы мен кемшіліктерін және түзетуді жүзеге асыру;

- екінші деңгей - өз іс-әрекетін талдау, оның кемшіліктерін анықтау, кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-әрекеттерді таңдау және іске асыру.

Өзін-өзі бақылаудың мәнін анықтаудың әр түрлі тәсілдеріне байланысты зерттеушілер оның функцияларын әр түрлі түсіндіреді. Олардың қорытындыларын, сондай-ақ өз бақылауларын және жұмыс тәжірибесін назарға ала отырып, оқу іс-әрекеті үдерісінде өзін-өзі бақылаудың мынадай функцияларын бөліп көрсетуге болады [235]: болжау, жоспарлау, тексеру, бағалау, түзету, реттеу, оқыту, тәрбиелеу, дамыту.

Өзін-өзі бақылау функциялары бақылау функцияларына ұқсас, айырмашылық тек әрекет бағыттылығынан тұрады: өзін-өзі бақылау кезінде - өзіне, бақылау кезінде - қандай да бір нысанға бағытталады. Бақылау

функцияларының мазмұнына толық тоқтамауға байланысты, студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау мен бағалауды жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу кезінде оларды есепке алу қажеттілігімен, ал нәтижесінде - өзін-өзі бақылау іскерлігін жетілдіру болып табылады.

А.С. Лында оқу іс-әрекетінде өзін-өзі бақылау іс-әрекетінің құрылымы мәселелеріне қатысты оның келесі буындарын болжайды [236]:

- білім алушылардың іс-әрекет мақсатын түсінуі және соңғы нәтижемен, оған қол жеткізу тәсілдерімен алғашқы танысуы, олармен қолданылатын іс-әрекет тәсілдері мен алынған нәтиже салыстырылады;

- іс-әрекет барысын және қол жеткізілген нәтижені оның үлгілерімен салыстыру;

- орындалатын іс-әрекеттің жағдайын бағалау, жіберілген қателіктерді анықтау және талдау, олардың себептерін анықтау, іс-әрекет жағдайын анықтау;

- өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, орындалатын іс-әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіруді енгізу.

Көріп отырғанымыздай, өзін-өзі бақылау құрылымында салыстыру маңызды буын болып табылады, ол іс-әрекетті қабылдауды және оның болжамды эталонмен сәйкестік дәрежесін белгілеуді болжайды, соның нәтижесінде оны тану болады. Бұл ретте өзін-өзі бақылау бүкіл іс-әрекетті емес, тек оның бақылау-бағалау элементтерін қамтитынын атап өту қажет.

Салыстыру – ойлаудың логикалық амалдарының бірі. Адамның ойлауы әрқашан талдаудан басталады. Салыстыру орындалатын іс-әрекетті өзін-өзі бағалаумен және өзін-өзі түзетумен сүйемелденеді. Өзін-өзі бағалаудың негізгі мазмұны жіберілген қателер мен олардың себептерін анықтау және талдау бойынша білім алушылардың ойлау қызметі болып табылады. Осының негізінде іс-әрекетті түзету және жетілдіру тәсілдеріне таңдау жүргізіледі. Зерттеушілер В.Я. Ляудис пен Н.А. Омельченко [237] білім алушылардың түзету әрекеттерін қарастыру кезінде жалпыланған және нақты, жедел және кейінге шегерілген түзетулерді бөледі. Жалпыланған түзету кезінде білім алушыға түзетуді орындаудың жалпы бағдарларының жүйесін береді. Нақты жағдайда - қате туралы нақты нұсқау беріледі. Жедел жасау керек түзету кезінде түзету ақпараты қате туралы ақпаратпен бір мезгілде беріледі. Кейінге қалдырылған түзету кезінде - кейбір уақыт үзілісімен жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті келесі іскерліктерді бөліп көрсетуге болады:

- өзін-өзі бақылаудың саналы сезілген мақсатын қою іскерлігі (мұғалім саналы сезінеді және мақсатты дұрыс қояды, ал білім алушы саналы сезіну арқылы осы мақсатты қабылдайды);

- эталонды таңдау іскерлігі және оны пайдалана білуі;

- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі түзету іскерлігі.

Бақылау және өзін-өзі бақылау үдерістерін талдай отырып, жұмыстың тиімділігін анықтау үшін қойылған оқыту мақсаттарының қандай дәрежеде іске асырылғанын көрсететін баға қажет. Психология тұрғысынан бағалау іс-әрекеттің анықтаушы шарттарының бірі болып табылады. Кез келген іс-

әрекетті жүзеге асыру бағалаумен сүйемелденеді. Бұл әділ болады және жақсы игерілген іс-әрекет кезінде байқалғанын саналы түрде бағалау болмаған жағдайда орын алғанда.


Жалпы оқыту жүйесі тұрғысынан зерттеудегі бақылау жүйесін анықтау үшін төмендегі құраушыларды ұсынушылардың жүйе құраушыларын бөліп көрсетуге болады [207, б.84]:

- оқытудың нақты мақсаттары, мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері және құралдары (А.М. Пышкало);

- бағдарлама мазмұны, тәрбие принциптері, оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыру формалары мен әдістері, оқыту мерзімі т.б. (М.И.Махмудов);

- оқыту міндеттері, оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеу принциптері, оқытудың принциптері, оқытудың әдістері, оқытуды ұйымдастырудың формалары, мұғалімнің оқытудың нәтижелелерін бөліп алудағы тәсілдері, мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара қатынастың сипаты, оқытудың құралдары, оқулықтар (М.В. Зверева), т.б.

Осыған байланысты және бақылау іс-әрекетін құраушыларды төмендегідей элементтерден тұратын жүйе деп білеміз (сурет 1).



Сурет 1- Оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау жүйесі құраушылары

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыру төмендегідей алгоритм бойынша жүзеге асырылады [205, с.7]:

1. Оқу бағдарламасы (негізгі және қосымша) бойынша жоспарланған (оқыту) нәтижелері; күтілетін нәтижелер.

2. Модуль, бөлім, тақырып бойынша мақсаттарды (диагностикалық, қолжетімді, нақты) қалыптастыру.

3. Бақылау технологиясын анықтау (түрлерін, мерзімін, формасын).

4. Бақылау құралдарын (тесттерді) іріктеу немесе әзірлеу.

5. Бақылауды жүзеге асыру.

6. Бақылау нәтижелерін талдау.

7. Оқу-тәрбие үдерісін түзету бойынша іс-шараларды әзірлеу.

8. Кәсіби іс-әрекетті түзету.

9. Білім беру сапасын көтеру.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылауға даярлау зерттеулерге сәйкес бір қатар іскерліктердің қалыптасуымен байланысты, олар төмендегідей етіп көрсетуге болады [238]:

1. Педагогикалық бақылау түрлерін (ағымдық, тақырыптық, т.б.) жүзеге асыру.

2 Оқушылардың білімі мен іскерліктерін бағалауды негіздеу.

3 Үлгерімі нашар оқушыларға көбірек жеке бақылауды жүзеге асыру.

4 Сынақтық жүйе элементтерін қолдану.

5 Оқушылардың өзіндік бақылауын және өзара бақылауын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, оқу-жаттығу іс-әрекеттеріне түзету енгізу іскерліктерін төмендегіше көрсетуге болады:

1 Өзгерген жағдайда алғашқы жоспарды түзету.

2 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін ынталандыруды жүзеге асыру.

3 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін реттеуді жүзеге асыру, түзету.

4 Оқу-жаттығу іс-әрекеттері барысында мектеп оқушыларының өзіндік басқаруын ұйымдастыру.

Оқу-жаттығу үлгерімін бақылау нәтижелері білімнің, іскерліктің және дағдының бағасында көрінетіндіктен, оқушылар өздерінің жетістіктері, табыстары барынша лайықты бағаланғанына көз жеткізулері де маңызды. Жаттықтырушы-оқытушылардың дұрыс қойылған бағасы және педагогикалық әдеби оқушының әділеттілікке сенімділігін нығайтады, алға қарай ұмтылуға тәрбиелейді.

Жүйелік тұғыр тұрғысынан оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттері анықталғаннан кейінгі мәселе, осыған болашақ жаттықтырушы-оқытушының даярлығын қарастыру қажет [239].

Жоғарыдағы мазмұндауларға сәйкес оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау бағдары ретінде қарастырылады. ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау іс-әрекеті төмендегідей құраушыларды қамтуы тиіс және соған сәйкес даярлық құраушыларын меңгереді .

ПІӘ=Бғә+Оә+Бқә+Тә;

ПІӘ – Педагогикалық іс-әрекет;

Бғә – Бағдарлы әрекет;

Оә – Орындаушылық әрекет;

Бқә – Бақылау әрекеті;

Тә – Түзетуші әрекет.

Осы іс-әрекет құраушыларына болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығы ЖОО қарастырылады. Орындалған жұмысқа өзгертулер енгізілетін болады (кесте 4).

Кесте 4 - Оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылауды жүзеге асыру

	Бақылау әрекеті	Бақылау әрекетін жүзеге асыру
1	Бағдарлы әрекет (Бғә)	- бақылаудың мақсаты мен міндеттерін зерделеу; - бақылау түрлерімен, мазмұнымен танысу; - бақылау іс-әрекетін жүзеге асыру реттілігімен танысу; - бақылау әдістерімен, формаларымен, нәтижелерімен танысу; - бағдарлық әрекетті бақылау.
2	Орындаушылық әрекет (Оә)	- педагогикалық бақылау түрілерін орындау; - педагогикалық бақылаудағы жалпы іскерліктерді сәйкесінше қолдану; - орындау әрекетін бақылау;
3	Бақылау әрекеті (Бқә)	- оқу элементтері тобының меңгерілуін бақылау; - оқу-жаттығу іс-әрекеттерін меңгеруді бақылау;
4	Түзету әрекеті (Тә)	- жіберілген қателіктерді анықтау; - түзету үшін дидактикалық үдерісті ұйымдастыру.

Сонымен, оқу материалдарын зерделеу негізінде төмендегідей ұғымдарды нақтылауды жөн көрдік:

- «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті дегеніміз дене қозғалыс жаттығуларын сәтті орындаудағы және дене сапалары (қасиеттері) мен дайындығын жетілдірудегі саналы әрекеттердің бірлігі»;

«Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі».

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауды жүзеге асыру жұмыстарының ерекшеліктері келесі тақырыпта қамтылады.

2.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ерекшеліктері

Зерттеу тақырыбымызға байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін төменде бірқатар ұғымдардың мәнін толық мәнді

ұғыну қажет. С.И.Ожеговтың сөздігінде «даярлау» ұғымы: 1) оқыту, бір нәрсе үшін қажетті білім беру; 2) біреудің алған білім қоры [172, с.532]. Бұл тұрғыдан алғанда даярлау педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға және соның негізінде белгілі құраушыны беру немесе игеру әрекеті.

Ғылыми-зерттеу еңбектерінде, анықтамалықтарда «даярлау» ғылымаралық ұғым ретінде қарастырылады. Жеке тұлғаға қатысты «Даярлау - жеке адамға арнайы міндеттерді барабар орындау үшін қажет көзқарастарды, білім мен іскерліктерді қалыптастыру және байыту» [240, с.344]. Даярлау адамды қандай да бір жеке тұлғалық жетілдіру, кейіпке ендіру барысы ретінде қарастырылады.

Сонымен, «даярлау» ұғымы С.И. Ожеговтың сөздігіне сәйкес зерттеп отырған сапаны қалыптастыру үдерісі және оның нәтижесі «даярлық» ретінде түсініледі.

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша мұғалімдердің, жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау мәселесін мектептің басқа мұғалімдерін даярлаудан бөлек қарауға болмайды. Ол жөнінде көптеген педагог ғалымдар еңбектер жазған. Солардың бірі В.А.Сластениннің еңбектері болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамасы мен теориясына бағытталады. Педагог ғалымның ойы бойынша, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығы бірқатар қасиеттермен және сипаттамалармен анықталады. Олар [241]: психологиялық даярлық - мектептегі жұмысты мақсат еткен педагогикалық іс-әрекетке әртүрлі деңгеймен қалыптасқан бағыттылық; ғылыми-педагогикалық даярлық - педагогикалық іс-әрекетке қажетті көлемдегі қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдер; практикалық даярлық - талап етілген деңгейдегі қалыптастырылған кәсіби-педагогикалық іскерліктер мен дағдылардың болуы; психофизиологиялық даярлық - белгілі мұғалім мамандығын игеруге және педагогикалық іс-әрекет үшін сәйкес алғышарттың болуы, кәсіби құнды жеке тұлғалық сапаның қалыптасқандығы; дене бітімі даярлығы - денсаулық жағдайының педагогикалық іс-әрекет талабымен дене бітімінің дамуы және кәсіби жұмыс жасау қабілеттілігі. Осыған сәйкес дене шынықтыру және спорт саласының мамандарын даярлау басшылыққа алынады.

Бүгінгі таңда психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымы: белгілі бір психологиялық жағдай (Селиванов В.И., Райский Б.Ф., Матюжина М.Ф. және т.б.); жеке тұлғаның тұрақты сипаты (Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. және т.б.); жеке тұлғаның күрделі құрылымдық білімі (Дурай-Новакова К.М., Линенко А.Ф. және т.б.); мотивациялық және күрделі процессуальдық компоненттердің ажырамас бірлігі (Ильин В.С., Ковалевская Н.Г. және т.б.); педагогикалық кәсіби мәнді қасиетті, жалпы және арнайы білім, іскерлік, дағдылар жиынтығы мен педагогикалық іске асыруға талаптарды біріктіретін білім (Веретенников Л.К.) ретінде қарастырылады.

Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңында [242]: «2-1) балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секциясы – жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі нұсқаушы өткізетін, тұрақты негізде ұйымдастырылатын, балалар

мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға және спорттық қабілеттерін дамытуға арналған сабақ;

16) жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы – спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін спортшыны даярлаудың оқу-жаттығу процесін және оның сайыс әрекетіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға» - деп негізгі ұғымдарға түсінік берілген. Осы негізгі ұғымдарға сәйкес мектептерде ұйымдастырылатын дене тәрбиесі сабақтары мен спорт секцияларында жаттықтырушы-оқытушы қызмет етеді.

Қазіргі уақытта «спорт педагогы» термині қолданылуда. Спорт педагогы - бұл педагогикалық мамандық, сондықтан спорт педагогы қызметінің басты ерекшелігі - оның педагогикалық сипаты. «Спорт педагогы» термині шеңберінде жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар, әдіскерлер түсініледі. Айта кету керек, «спорт педагогы» терминін біз кездейсоқ енгізілмеген. Ол ғылыми және танымал отандық және шетелдік басылымдарда кеңінен қолданылады.

Жалпы спорт педагогы ретінде жаттықтырушы-оқытушының функциялары дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін үш негізгі кезеңге сәйкес шеше білу тұрғысынан қарастырылады: дене тәрбиесі процесіне дайындық; сабақтағы практикалық іс-әрекет; педагогикалық процестің тиімділігін бақылау.

Бірінші (дайындық) кезең жалпы оқу-тәрбие процесін және әр сабақты жеке-жеке сапалы өткізу жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталады. Ол мыналарды қамтиды:

- бір жылға арналған оқу-тәрбие процесінің жоспар-кестесін әзірлеу;
- әрбір оқу тоқсанына арналған тақырыптық жоспар әзірлеу;
- әр сабаққа жоспар-реферат әзірлеу;

- дене тәрбиесінің нақты құралдары мен әдістерін, оқу процесін ұйымдастыру формаларын таңдау (негізгі, жетекші және арнайы жаттығулар; әр жаттығудың қайталану саны; жеке жаттығулардың орындалу ұзақтығы; жалпы педагогикалық әдістер – қозғалыс әрекеттерін оқытудың және физикалық қасиеттерді тәрбиелеудің ауызша, көрнекі және нақты әдістері).

Дайындық кезеңінде жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекеті біртұтас оқу процесін және әр сабақты ұйымдастыруға бағытталады.

Екінші кезең (практикалық іс-әрекет) сабақта оқушылардың оқу-педагогикалық және танымдық іс-әрекетін басқаруға бағытталған, оның барысында дене тәрбиесі бойынша бағдарламалар орындалады. Оқушылардың іс-әрекетін басқару мыналарды қамтиды:

- сабақта ұйымдастырушылық іс-шаралар (сынып құру, сабақ тапсырмасын хабарлау, тәртіпті ұйымдастыру, қажетті жабдықтар мен инвентарларды орнату, қозғалыс әрекеттерін орындау кезінде оқушылардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, оқу уақытын ұтымды бөлу, сабақ орындарын жинау, сабақты қорытындылау, үй тапсырмасын хабарлау);

- тікелей педагогикалық ықпалдар (оқу материалын түсіндіру, жаттығулар көрсету, көрнекі құралдарды көрсету, оқушыларға қозғалыс әрекеттерін орындауға көмектесу);

- сабақтағы ағымдағы бақылау (педагогикалық әсердің нәтижелерін жоспарланған нәтижелермен бағалау және салыстыру, жоспардан байқалған ауытқуларды жедел жою).

Үшінші кезеңде (педагогикалық процестің тиімділігін бақылау) дене шынықтыру мұғалімінің, жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекеті оқу нәтижелерін талдауға және бағалауға, байқалған кемшіліктерді жоюдың ең ұтымды жолдарын анықтауға бағытталады.

Жаттықтырушы-оқытушы кәсіби іс-әрекеттің келесі түрлеріне дайындалады: педагогикалық, жаттықтырушылық, рекреациялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық.

Жоғары дене шынықтыру білім беру жүйесін дамыту жаттықтырушы-оқытушының жеке басына, оның кәсіби шеберлігіне, адамгершілік әлеуетіне, кәсіби іс-әрекетті орындауға психологиялық және физикалық дайындығына барлық жаңа талаптарды қояды [243, С.10]. Осыған байланысты жаттықтырушы-оқытушы спорт педагогының тұлғасы мен іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын зерттеу ерекше өзекті болып табылады, бұл оның кәсіби қалыптасуына негіз болады.

Жаттықтырушы-оқытушылар қоғамда спортшылармен маңызды және өзара байланысты міндеттерді шешудегі, жауапкершілік жүктелген әлеуметтік кәсіби топтардың бірі болып табылады. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды зерттеушілердің пікірінше, оларды үш блок бойынша қарау керек: оның тұлғасы, қызмет түрлері, кәсіби даярлығы немесе құзыреттілігі.

Спорттық дайындықты жүзеге асыруда жоспарлау мен бақылау бір-бірінен ажыратылмайды. Бақылау жаттығу үдерісінің нақты барысы мен білім алушының, спортшының жағдайы туралы қажетті ақпаратты жинауға, бағалауға және талдауға бағытталады. Ол дайындық үдерісінің барлық аспектілерін қамтиды және оны мақсатты түрде басқаруға мүмкіндік береді [244, с.77]. Спорттық дайындық жұмыстарының мақсаты спортшыны даярлау жүйесіндегі жоспарлау мен бақылаудың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталадыны белгілі.

Педагогикалық үдерісте, оның ішінде оқу-жаттығу жұмыстары, практикалық іс-әрекеттер психомоторлы (іскерліктерді) дағдыларды қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан да жаттықтырушы-оқытушының негізгі мақсаты терең білімге негізделген психомоторлы дағдыларды қалыптастыру.

Педагогикалық іс-әрекет – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және өзін-өзі дамыту мен еркін және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін таңдау үшін педагогикалық үдерісте оңтайлы жағдайлар жасауға бағытталған кәсіби қызмет [245, с. 61]. Жалпы педагогикалық тұрғыдан қызметтің функцияларын жүзеге асыру барысында міндеттер шешіледі, олар: 1) жобалау; 2) құрастыру; 3) ұйымдастыру; 4) әлеуметтік-психологиялық реттеу.

Біз үшін М.И. Станкин ұсынған қабілеттердің бөлшекті құрылымы қызығушылық тудырады, ол келесі педагогикалық қабілеттерді ұсынылған [246, с.67]: гностикалық (танымдық), ұйымдастырушылық, құрастырушылық, көре білушілік, коммуникативтік, экспрессивтік, дидактикалық, перцептивтік,

авторитарлық, гегізгі (оптимизм, әзіл), психомоторлық, зейінді шоғырландыру және бөлу қабілеті.

Педагогтың кәсіби даярлығына қойылатын әртүрлі талаптарды қамтитын көптеген тізімдер бар. Оқыту - бұл ең алдымен қарым-қатынас, сондықтан болашақ жаттықтырушы-оқытушылар, ең алдымен, коммуникативті дағдыларға ие болуы керек. Педагогикалық үдерісте оқыту әдістемесін игеру үшін дикцияның болуы, сөйлеу мәдениетінің болуы өте маңызды.

Жаттықтырушы-оқытушының, дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби шеберлігі көбінесе оның келесі топтарға бөлінетін педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілігімен анықталады (кесте 5).

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлауда педагог профессиограммасы басшылыққа алынады. Педагогтың кәсіби даярлығы ұғымдарын құрайтын теорияландырылған жеке және кәсіби қасиеттер профессиограмма түрінде ұсынылады.

Педагогтың профессиограммасын Е.В. Кузьмина 1967 жылы жасаған. Педагогтың жеке басына қойылатын талаптар қажетті әлеуметтік-кәсіби қасиеттердің жиынтығымен анықталады: жоғары азаматтық жауапкершілік, әлеуметтік белсенділік, балаларға деген сүйіспеншілік, шынайы интеллект, рухани мәдениет, жоғары кәсібилік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі, шығармашылық шешімдер қабылдау қабілеті, жоғары кәсіби білім, тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу, физикалық және психикалық денсаулық, кәсіби өнімділік [247].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау, оның кәсіби-педагогикалық қызметіне сәйкес ерекшеленеді [248]:

1. Кәсіби іс-әрекет түрлері: педагогикалық; жаттықтырушылық; сауықтырушылық; ұйымдастыру-басқарушылық; ғылыми-зерттеушілік; мәдени-ағартушылық.

2. Кәсіби іс-әрекетінің функционалдық құраушылары: құрастырушылық; ұйымдастырушылық; коммуникативтік; қозғалыс.

3. Жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекеті ерекшелігін сипаттаушылар:

1. Дене жүктемесі белсенділігі (дене жаттығуларын көрсету қажеттілігімен байланысты дене белсенділігі, оқушылармен бірге дене жаттығуларын орындауы; қажеттілікке байланысты дене жаттығуларын орындайтын оқушыларды сақтандыруы, т.б.).

2. Кәсіби сөйлеуі (сөйлеудің қозғалысты үйлестірумен байланысы, яғни дене жаттығуларын бір уақытта көрсете және түсіндіре отырып, оның орындалу сапасын да, сөйлеудің ырғағы мен мәнерлілігін де бұзбауы; әрекетке қоздыруы; сөйлеуінің нақтылығы; сөйлеудің айқындылығы; сөйлеудің қолжетімділігі, т.б.).

3. Вербалды емес қарым-қатынас құралдарын пайдалануы (жаттықтырушы-оқушының сөзін арнайы қимылдармен толықтыру - жарыстардың төрешілігінде, үлкен залдың, бассейннің, стадионның, табиғи ландшафттың акустикасы жағдайында оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыруда).

Кесте 5 - Жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру мұғалімдерінің қабілеттері

№	Қабілеттер	Сипаттамасы
1	Дидактикалық	- бұл оқу материалын қол жетімді ету арқылы беру қабілеті; оқу материалын білім алушылардың белгілі бір тобы үшін нақты және түсінікті етіп ұсынуы керек, бұл олардың оқу пәніне, спорт түріне деген қызығушылығын тудырады, оқу іс-әрекетінде белсенділігі мен дербестігін арттырады. Бұл жаттықтырушы-оқытушының оқу материалын қайта құру, бейімдеу, оңай, күрделі - қарапайым, түсініксіз - түсінікті ету қабілетінен тұрады.
2	Академиялық	- бұл ғылымның, спорттың тиісті саласына, түріне (оқу пәні) тән қабілеттер. Қабілетті жаттықтырушы-оқытушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз пәнін, спорт түрін тек оқу курсының көлемінде ғана емес, сонымен қатар кеңірек және тереңірек біледі. Ол өз пәні бойынша ғылыми, спорттық білім саласындағы соңғы жаңалықтарды білуге ұмтылады, өзі зерттеу жұмыстарын жүргізеді.
3	Перцептивті	- бұл білім алушының ішкі әлеміне ену қабілеті, бұл оқушының жеке басын және оның психикалық жағдайын нәзік түсінумен байланысты психологиялық байқағыштығы;
4	Сөйлеу	- бұл сөйлеу, мимика және пантомимика арқылы өз ойлары мен сезімдерін айқын және нақты білдіру қабілеті. Бұл жағдайда жаттықтырушы-оқытушыға, мұғалімге оның айтқанына күш, сенімділік және қызығушылық таныту маңызды;
5	Ұйымдастыру-шылық	- бұл білім алушыларды ұйымдастыра білу, олардың ұжымын қалыптастыру, білім алушыларды оқу міндеттерін шешуге шабыттандыру. Сонымен қатар, бұл өз іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндігі;
6	Авторитарлық	- бұл білім алушыларға тікелей эмоционалды-ерікті әсер ету, олардың беделіне қол жеткізу мүмкіндігі;
7	Коммуникативті	- бұл білім алушылармен қарым-қатынас жасау, оларға дұрыс көзқарас табу, тығыз байланыс орнату, олармен педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы қарым-қатынас орнату мүмкіндігі;
8	Педагогикалық қиял (немесе болжау)	- бұл педагогикалық іс-әрекеттің салдарын алдын-ала білу қабілеті: білім алушылардан «не шығуы» мүмкін екенін болжай отырып, білім алушыларда белгілі бір қасиеттердің дамуын болжау;
9	Аттенциялық	- бұл бір уақытта бірнеше қызмет түрлеріне назар аудару мүмкіндігі. Жаттықтырушы-оқытушы оқу материалының мазмұны мен формасын қадағалап, барлық білім алушылардың өз ойларын дамытуына назар аударуы, шаршау, немқұрайдылыққа жол бермеуге, жаттығушылар тарапынан түсініспеушілік белгілерінің көрінісіне жауап беруі, тәртіптің бұзылуын атап өтуі, өз мінез-құлқын бақылауы керек және т.б.

4. Психикалық шиеленісте болуы (оқушылардың айқайынан шыққан шумен байланысты психикалық шиеленістер, мұғалімнің психикалық

шаршауын тудыруы; еңбек шиеленісі сонымен қатар оқушылардың өмірі мен денсаулығы үшін үнемі жауапкершілікпен қарауы).

5. Сыртқы орта факторлары ықпалында болуы (ашық ауадағы сабақтар кезіндегі климаттық және ауа райы жағдайлары; спорт сыныптарының, залдардың санитарлық-гигиеналық жай-күйі).

Іс-әрекеттің қозғалыс құраушысы, ең алдымен, жаттықтырушы-оқытушының дене жаттығуларын орындау қабілетін көрсетеді. Оқу бағдарламасына кіретін осы немесе басқа дене жаттығуларын дұрыс көрсету оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін анықтайды.

Жаттықтырушы-оқытушының кәсіби іс-әрекеті адамның физикалық, психикалық және функционалдық мүмкіндіктерін зерделеуге және жетілдіруге, белсенді және салауатты өмір салты қағидаттарын әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт құралдарымен қағидаттарды практикада іске асыруға, тұлғаны қалыптастыруға, оны жалпыадамзаттық құндылықтарға, дене шынықтыру және спорт құндылықтарына баулуға бағытталады.

Жаттықтырушы-оқытушының кәсіби-педагогикалық мәдениеті - жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіне негізделген арнайы білімнің, практикалық дағдылардың көрінуінің жоғары деңгейі [249].

Жаттықтырушы-оқытушының жеке басын жетілдіру психофизикалық қасиеттерді - есте сақтауды, зейінді, ойлауды, эмоционалды тұрақтылықты тренинг арқылы, психофизикалық мәдениетті - идеомоторлық жаттығулар, аутогендік жаттығулар, организмнің өзін-өзі реттеуі, белсенді өзін-өзі сендіру арқылы қалыптастыру және т.б.

Зерттеу жұмысына байланысты жаттықтырушы-оқытушы даярлығы мен болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау барысы бойынша құраушылардың сәйкес келмейтіні белгілі. Олардың құраушылары түрліше айтылғанымен де оларда ортақ құраушылар бар екендігін көруге болады: білім, іскерлік және құндылық-қатынастар немесе жеке тұлғалық сапалық қасиеттер.

Н.Ф.Талызинаның айтуынша, жаңа әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі «игеру үдерісінің негізгі кезеңдері бойынша қалыптасатын іс-әрекетті жүргізу» қажеттілігін ескере отырып құрылуы тиіс [250]. Ал, П.Я. Гальперин кез келген әрекеттің келесідей функционалдық компоненттерін бөледі: бағдарлы, атқарушы, бақылау [251]. Психологтардың зерттеулері [250, 251] әрекетті қалыптастырудағы шешуші рөлді бағдарлы бөлік атқаратынын көрсетеді. Ол Н.Ф.Талызинаның мәлімдеуі бойынша «жылдам қалыптастыруды және әрекет сапасын» анықтайды [252].

Жаңа білімді табысты игерудің және тиісті қабылдау үшін қажетті шарты білім алушылардың іс-әрекеттерін қалыптастырудың осы кезеңіне сәйкес келетін нысанда дұрыс орындау болып табылады. Бұл жағдайды қамтамасыз ету үшін біртіндеп өзін-өзі бақылауға өтетін жүйелі операциялық бақылау қажет.

П.Я. Гальперин адам әрекетінің құрамына негізгі жұмыс әрекеті ғана емес, өзін-өзі бақылау әрекеті де кіретінін атап өтті. Бұл бір әрекеттің екі элементі, бірақ сырттай олар екі дербес. Олардың қалыптасуы бір мезгілде болмайды.

Өзін-өзі бақылау жұмыс әрекетіне қарағанда әлдеқайда жылдам қалыптасады. Бақылау құралдары негізінен тұрақты болып қалады, сондықтан қолдану үдерісінде олар тез енеді. Бақылау әрекеті мінсіз болады, алғашқы кезде ол операцияларды нақты бөлумен орындалады, бірақ біртіндеп қысқартылады. П.Я. Гальперин өзін-өзі бақылау эволюциясын осылайша қараудың негізінде оның дамуының келесі сатыларын бөледі:

- алдымен өзін-өзі бақылау әрекеті сыртқы тіректерге, үлгілерге сүйеніп, негізгілерін қадағалайды;

- өзін-өзі бақылау әрекеті сыртқы тіректерден уақыт өтуі бойынша ажырап негізгімен қосыла бастайды;

- өзін-өзі бақылау іс-әрекеті сыртқы тіректерсіз жүзеге асырылады, яғни негізгі әрекетпен қосылады;

- өзін-өзі бақылау әрекеттің өзінен оза бастайды, оны алдын ала бастайды.

Өзін-өзі бақылау әрекеті сыртқы бақылау негізінде және үдерісінде қалыптасады, осылайша, сыртқы бақылау өзін-өзі бақылауды қалыптастыру құралы болып табылады, ол өз кезегінде біртіндеп бақылау қызметін жетілдірудің қажетті құраушысына айналады.

Педагогикалық бақылауға даярлау мәселесін табысты шешу белгілі бір оқыту жүйесінде ғана мүмкін екендігін көруге болады. Біздер И.П. Раченконың зерттеулеріне сәйкес: «Ағзаның өмірі физиологиялық ырғаққа ұшырайды, оны аритмияға жол бермеу үшін жоспарлау керек. Адам миы ақпаратты қабылдап ғана қоймайды, оны модельдейді. Іс-әрекетті жоспарлай отырып, оның моделін, тірек схемаларын әзірлей отырып, біз оқу-жаттығу үдерісін жеңілдетеміз. Оқыту және тәрбиелеу - бұл белгілі бір мақсатта оқушыларға саналы және жоспарлы түрде ықпал ету, қарсы әрекетті жою, ынтымақтастық туғызу. Негізсіз жоспарлаумен тұлға мен ұжымның тиімді әлеуметтік дамуы мүмкін емес, бұл тек әлеуметтік ғана емес, экономикалық шығын. Оқу - тәрбие үдерісінің зұлым жауы» [253].

Зерттеушілердің тұжырымдары (Ш.А. Амонашвили, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, Н.А. Шайденко және т.б.) және біздің эксперименттің мәліметтері іс-әрекеттің әрбір түріне өзінің сыртқы бақылаудың тиімді формалары сәйкес келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша, жаттықтырушы-оқытушының бақылау іс-әрекетіне жүргізілген талдау оны жүзеге асыру үшін осы іс-әрекеттің құрылымын құрайтын тәжірибелік әрекеттерді меңгеруді қамтитын теориялық мәліметтердің үлкен көлемін білу қажет екенін көрсетеді. Нәтижесінде оқытушы білім алушылардың даму жағдайына объективті баға бере алады, оқыту нәтижесінің оның мақсаттарына сәйкестігін танып, нақты тұлғаның ерекшеліктеріне және бақылау жүйесіндегі педагогикалық өзара іс-қимылды ұйымдастыру шарттарына барабар жағдайлар мен құралдарды анықтай алады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ЖОО-да оқу уақыты олардың жастық шағының екінші кезеңімен немесе жетілудің бірінші кезеңімен сәйкес келеді, ол жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуының күрделілігімен ерекшеленеді (Б.Г. Ананьев, А.Б. Дмитриев, И.С. Кон, Б.Т. Лисовский және т.б.).

Зерттеулерге (Б.Г. Ананьев, М.И. Дьяченко, Ю.А. Самарин және т.б.) сәйкес бұл кезең студенттік жаста интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін ең қолайлы болып табылады. Зерттеулер бұл кезең ойлау мен есте сақтау дамуының жоғары деңгейімен және зейін аударудың төмен деңгейімен сипатталады [254]. Оқу үдерісінде осы мәселелермен санасу керек.

Жоғары оқу орнында оқыту кезеңінде танымдық үдерістерді, тұтастай ақыл-ой қызметін қайта құру, қорыту және жетілдіру жүргізіледі. Нәтижесінде танымдық іс-әрекетке «жинақталған» және автоматтандырылған әрекеттер енгізіледі.

Сондай-ақ, зерттеулерге сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығын құраушы іскерліктерді қалыптастыру үшін төмендегілерді ұсынуға болады [255]:

- операциялық іскерліктер (жеке операцияларды орындау);
- тактикалық іскерліктер (өзгеретін жағдайларда толық технологиялық үдерісті ұйымдастыру және орындау іскерлігі);
- стратегиялық іскерліктер (өз бетінше жобалау және өз іс-әрекетінің басты, перспективалық мақсаттарына қол жеткізе білу).

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті (психомоторлы дағдыларды) және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайды және ол оқыту/оқу үдерісі мен одан тыс оқу жұмыстары барысында орындалады.

Педагогика тарихы мен педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасаған тарихи шолу болашақ педагогтарды кәсіби даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылғанын байқатады. Белгілі педагог-ғалым Ю.К.Бабанский ғылыми еңбегінде мұғалімнің кәсіптік маңызды және жеке тұлғалық қасиеттері кеңінен қарастырылады [256].

Ұ.М. Әбдіғапбарова өзінің зерттеу жұмысында «Оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалануға студенттердің даярлығы» ұғымдарына талдау жасай келе, зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес «оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығы дегеніміз қазіргі уақытта студенттердің бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, өнертану, кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын ұлттық ою-өрнек өнеріне негізделген күрделі біртұтас білім» - деп түсіндіреді .

Ю.К.Васильев өз зерттеуінде болашақ мұғалім, яғни педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің политехникалық дайындығы туралы «біздер политехникалық оқытудың барлық жүйесінде: оқу пәндерін оқытудағы, техникалық шығармашылық және ауыл шаруашылық тәжірибе бойынша, сыныптан тыс жұмыстарда, мектеп оқушыларының қоғамға пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастыру мен жүзеге асыруда политехникалық принципті мұғалімнің қамтамасыз етуге дайындығын (үдеріс және нәтиже ретінде қарастырылатын) түсінеміз» - деп көрсетеді [257].

Б.Ортаев өзінің зерттеу жұмысында «Оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалануға студенттердің даярлығы», «мектеп оқушыларын политехникалық оқытуға болашақ мұғалімнің (студенттің) даярлығы» ұғымдарына берілген анықтамаларды талдау жасай келіп, осы анықтамалар негізінде «болашақ технология пәні мұғалімдерінің оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлығын, мектеп оқушыларын қолөнерге баулуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруда политехникалық принцип пен құралдар жүйесін теория мен практикада қамтамасыз етуге дайындық» ретінде анықтайды.

Біздер зерттеу жұмысымызға сәйкес «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы дегеніміз олардың бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын күрделі біртұтас білім» деп білеміз.

Құзыреттілік тұрғысынан кәсіби мәнді тұлғалық қасиетті түзетін құраушыларды – эмоционалды-құндылықтық сапа құраушыларын А.Әлімовтың еңбегіне сәйкес төмендегідей көрсетуге болады [258]:

- білім алушының оқуға деген қажеттілігін ұғынуы;
- орын алған мәселеге өзінің икемділігін көрсетуі;
- берілген тапсырманы орындауы;
- ішкі тәртіп ережеге мойынсынуы;
- туындаған мәселелерді талқылауға қатысуы;
- оқу пәніне қызығушылық танытуы;
- алдына мақсат қойып, жетістікке жетуді қалауы;
- өзіндік көзқарасты қалыптастыруы;
- өзінің әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы;
- өзіндік дербес оқу жұмыстарын орындауы;
- топпен жұмыс жасай алуы.

Көрсетілген жеке тұлғалық сапалар – эмоционалды-құндылықтық сапа құраушылары біз зерттеп отырған даярлықтың жоғары деңгейде қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша педагог мамандарды даярлау бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары біздер үшін қызығушылық танытады. Т.Ш.Қуанышевтің зерттеуінде болашақ денешынықтыру мұғалімдерін дайындауда ұлттық ойындардың құралдарын пайдаланып, олардың ұлттық ойындарды мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және өткізуге даярлығының қалыптасу нәтижелері баяндалған [259]. М.Тәникеев зерттеулерінде қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінің даму тарихы туралы жинақталған материалдарды болашақ денешынықтыру пәні мұғалімдерін даярлауда пайдалануға теориялық және практикалық ұсыныстар жасалған [260].

Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігі туралы да айтылған пікірлерді назарға алу қажет деп білеміз.

5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім стандартында құзыреттер ажыратылады. Бақылаушы құзырет пәндік құзырет құраушысы ретінде қарастырылады және оған мынадай анықтама беріледі [261, б.10]: «бақылаушы - педагогикалық менеджмент саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық мониторингті іске асыру, педагогикалық өлшемдер мен индикаторлар жүйесін жасау, бақылау-бағалау материалдарын әзірлеу, алынған нәтижелерді түсіндіріп беру біліктері мен дағдыларын меңгеру, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауға, әділдікке, ақиқатқа ұмтылуы». Қазіргі уақытта осы бағыттағы зерттеулер жүзеге асырылуда [262; 263].

Ғылыми зерттеулерде оқыту нәтижелерін бағалауға болашақ мұғалімдерді дайындаудың әдістемелік аспектілері қарастырылуда, оқыту нәтижелерін критериялды бағалаудың ерекшеліктері талқылануда. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді оқыту нәтижелерін бағалауға дайындауда пәнді оқытудың әдістері мен педагогикалық практиканың басымдық рөлі жоғары [264]. Зерттеп отырған даярлықты жетілдіруде экстенсивті тәсілінің орны ерекше.

Дене шынықтыру және жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды да атап өтуге болады. Мәселен, В.И. Донченко және басқалары фитнес-технологияларды қолданумен студенттердің құзыреттілігін жетілдіруге әдістемелік жүйе енгізген. Әдістемелік жүйені енгізу студенттердің мотивациялық, танымдық, белсенділік және рефлексивті компоненттердің қалыптасуының жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етіп, бұл дәстүрлі жүйеде оқыған бақылау топтарының студенттерімен салыстырғанда нәтижелері едәуір жақсарғандығын көрсеткен [265].

В.Жабиков, Т.Жабикова, Л.Кравцова өздерінің зерттеулерінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің икемді құзыреттілігін қалыптастырудың пәнаралық әдістері ретінде: пәнаралық кеңес беру, пәнаралық тәлімгерлік әдістерін, пәнаралық қадағалау әдістерін, «бақылау», «себетте»; «іссапарға жіберу»; «буддинг» әдістерін, модификациялау әдістерін пайдалануды ұсынады [266].

А.Ю.Осипов, Л.А.Гольм, С.А.Михайлова және басқалардың зерттеуінде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарын бітірушілердің көпшілігінде әртүрлі аурулардың болуы, олардың кейінгі кәсіби қызметіне әсер ететіні анықталған. Қалыптасқан жағдайды дұрыс кәсіби құзыреттер түзете алатыны айтылған. Қажетті құзыреттерді қалыптастырудағы негізгі рөл, авторлардың пікірінше, жоғары оқу орындарының дене шынықтыру кафедраларына тиесілі екендігін, оның ішінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталуы көрсетілген [267].

Н.Т. Сыдықов, А.Т. Құлбаев және т.б. зерттеу мақаласында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі қызметтің маңызды бағыты заңнаманы жетілдіру керектігін, дене шынықтыру және спорт саласындағы ұлттық заңнама тиімді болса саланың дамуын анықтайтынын айтады. Сала бойынша бейіндік заңнаманың тиімділігі көрініс табатын іс-әрекеттерді атап көрсетеді, оның ішінде: дене шынықтыру және спорт саласында мамандар даярлауды жүзеге асыратынын, спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар

жасайтынын, оқу орындарында дене тәрбиесі мен спортты дамытатынын, зерттеу және ақпараттық қызметті жүзеге асыратынын ерекше айтуға болады [268].

Жоғары оқу орындарында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының құраушысы бақылау іскерлігін толық мәнді қалыптастыру төмендегідей іс-әрекеттерге дайындықты қалыптастырады:

- оқушының оқу-жаттығу іс-әрекетінде қателікке себеп болған кемшіліктерді анықтау, қалыптасқан іскерлік, икемділік деңгейін анықтау, оқушының психологиялық-физиологиялық жағдайын талдау;

- оқушының қате оқу-жаттығу іс-әрекетін немесе тапсырманы орындаудағы қиындықтарды, кемшіліктерді анықтау;

- орын алатын (орын алған) қателік сипатын анықтау;

- оқу-жаттығудағы түзету тапсырмасын: қателіктердің сипаты, оның себептері, оқушының ерекшеліктері тұрғысынан түзетуді жоспарлау;

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіндегі кемшіліктерді, олардың білімдеріндегі кемшіліктерді талдау негізінде дайындық және ескертуші жаттығуларды, тапсырмаларды құрастыру;

- алдыңғы оқу-жаттығу әрекеттері мен олардағы орын алған қателіктерді «сабақ» алу үшін жинақтау, т.б.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығы оқушыларда оқу-жаттығу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, жарақаттардың алдын алуға дайындығын қамтамасыз етеді [262, б.241].

Зерттеу жұмыстарына сәйкес болашақ педагогтарды даярлауда тәсілдерді басшылыққа алу маңызды болып табылады. Педагогикалық бақылау, жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық іс-әрекетінің ерекшеліктері, педагог үшін өзекті оқу-жаттығу үдерістері, құбылыстар мен заңдылықтар туралы іргелі және қолданбалы білім болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ғылыми негіздері болып табылады. Бұл болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың эмпирикалық тәсілінен ғылыми даярлау жолына көшуге негіз болады.

Зерттеушілердің еңбектеріне сәйкес болашақ жоғары білімді мамандарды даярлаудағы ғылыми негізделген жолды төмендегідей беруге болады [269]:

1. Жоғары мектепте оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеру.

2. Берілген пән бойынша оқу мақсаттарын ғылыми-әдістемелік зерттеуді зерделеу.

3. Берілген пәнді оқу кезінде білім алушылардың меңгеруі тиіс іс-әрекеттерді салыстырмалы талдау.

4. Пәнді оқытудың оңтайлы әдістерін, тәсілдері мен амалдарын таңдау.

5. Білім беру технологиялары үдерістерін таңдау және түсіну.

6. Ғылыми-әдістемелік негізде оқыту тәжірибесін ұғыну.

7. Оқытудың ғылыми және әдістемелік негіздерін іске асыру тәжірибесін қорыту.

Зерттеуге сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ғылыми

негізделген жолы дұрыс ойластырылған мазмұн мен іс-әрекет барысында нәтижені жоғары деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ал, даярлық бағыты бойынша оқыту тәжірибесін жинақтаудың эмпирикалық жолы - болашақ жаттықтырушы-оқытушылар құрамын белгілі бір деңгейге дейін даярлау міндеттерін табысты шешуі мүмкін. Десекте, аталған эмпирикалық тәсіл жоғары мектепте дайындалған, барлық мамандар үшін қабылданған кәсіби іс-әрекетті ғылыми негізде дамыту жолына сәйкес келмейді. Бұл ретте нақты оқу пәнін даярлық бағытына сәйкес оқыту қажеттілігі ғылыми тұғырға негізделе отырып, жаттықтырушы-оқытушылардың оқу пәнін меңгеру міндеттерін нақтылаумен, осы пәннің оқу материалдарымен байланысты кәсіптік іс-әрекетті игеру деңгейлерін белгілеумен нақтыланады. Осыдан кейін ғана даярлық бағыты бойынша пәнді, оқу материалдарын білумен оқу пәні бойынша сабақтарды, оқу жұмыстарын негіздеуге болады.

ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда анықталған оқу пәндерінің оқытылуымен қатар, пәнаралық сипаттағы ОБӨЖ тапсырмаларын орындау, практикадан өту және дипломдық жұмыстарды жазу жүзеге асырылады. Міндетті оқу жұмыстары және БӨЖ барысында білім алушылар кәсіби іс-әрекет саласы бойынша білімді, іскерлікті және эмоционалдық-құндылықтық сапа құраушыларын меңгереді, нәтижесінде жоғары педагогикалық маман даярланады.

Бұл өз кезегінде жаттықтырушы-оқытушының кәсіби іс-әрекетінің объектісі мен пәніне байланысты болып табылады. Сондықтан да практиканы, тәжірибені танып білу ізденуші үшін алғашқы зерттеудің бастауы.

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша төмендегідей ерекшеліктерді атап көрсетуге болады.

Кейбір зерттеушілердің көзқарасы тұрғысынан педагогты даярлау кезеңі келесі деңгейлерінің синтезімен анықталады [270]:

- оқыту үдерісінің барлық компоненттері, мақсаттары, құралдары, объектісі, нәтижесі, әдістері және т.б. туралы және мұғалім ретінде өзі туралы білімдердің;

- кәсіби іс-әрекет тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесінің (даярлықты көбейту);

- оқыту әдістерін түрлендіру және тасымалдау ретінде шығармашылықтың (оқытудағы жаңа өнім);

- жеке тұлға құндылықтары жүйесіне бағытталған кәсіби іс-әрекетке эмоционалды қатынас тәжірибесінің.

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

1. Ғылыми немесе эмпирикалық тәсілі (жолы) негізінде;
2. Даярлау кезеңі деңгейлерінің синтезі арқылы;

3. Дарлық құраушыларын (білім, іскерлік, сапалық қасиеттер) жетілдіру жолымен;

4. Даярлауды жетілдірудің интенсивті және экстенсивті тәсілдерін үйлесімді жүзеге асыру арқылы.

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауды модельдеу зерттеудің келесі тақырыбында қарастырылады.

2.3 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі ЖОО жүйесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау моделін жасау болып табылады, бұл жаттықтырушы-оқытушыларды кәсіби іс-әрекетке даярлау негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бұл мәселе білім мен эмоционалдық-құндылықтық саланы қалыптастырудың қажеттілігін тудырады.

Ғылыми зерттеу әдісі ретінде модельдеу педагогика ғылымында кеңінен қолданылады. Модельдеу әдісі эксперименттің педагогикалық нысанын зерттеу барысында және логикалық құрылымдар мен ғылыми түйіндерді құрастыруда сәйкестікті болжайды. Жалпы алғанда, бұл көшірмелерді, педагогикалық материалдар, құбылыстардың үлгісін жасау үдерісі [271]. Зерттеліп отырған педагогикалық жүйені, оның болмысын теориялық тұрғыдан бейнелеу арқылы танып білу қолданылады және болашақтағы іс-әрекетті сипаттайды.

«Модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады. Нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанының сипаттамасын өңдеп жасауы. Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, логикалық-математикалық таңбалау өрнектері, физикалық конструкциялардың құрастырулар. т.б. Модельдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылымы мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмсауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді.

«Модель» жөніндегі түсінікті В.А. Штофф зерттеу нысанын бейнелейтін және жүзеге асыратын, сондай-ақ оның зерттеуі жаңа ақпарат беретін жүйе ретінде сипаттайды [272].

Ш.Т.Таубаева модельдеуді үлгі деп аталатын бір нысандағы басқа бір нысанның сипатын жүзеге асыру ретінде қарастырады. Оның ойынша, модель мен түпнұсқаның арасында айқын көрінетін ұқсастық қатынас бар: ғылыми таным үдерісінде модель түпнұсқаны алмастырады; модельді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат береді [44, б. 54].

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады [273]: Біріншісі – оқу

үрдісіндегі білімді меңгеру болса, екіншісі – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады. Бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде - модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін оқушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді.

Философиялық сөздікте «Модель» - зерттеу үшін арнайы жасалған объектіде, басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту, деп түсіндіріледі [274]. Объектінің өзін тікелей зерттеу мүмкін болмаса, көп уақыт жұмсауды қажет ететін болса, онда модельдеу қажеттігі туады.

Философтар пікірінше «модель» - деп, объект туралы жаңа ақпарат беруге қабілетті ауыстыратын объектіні бейнелейтін немесе пайда болатын материалдың жүзеге асқанын немесе ойша бейнеленген зерттеу жүйесін айтады. Қазіргі заманға сай жаңалау, жинақтау деген түсінік береді. Қазақша-орысша аударма сөздікте «Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді [275].

Қазақ тілінде «Модель» термині, латынның «modules» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді деп көрсетілген [276]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Модель» - бір нәрсенің үлгі макеті. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель – үлгі, макет» - деп беріледі. Ал «Нобай – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы». Модель – модельдеу әдісі мен іс-әрекеті нәтижесінде алынған өнім ретінде де қарастырылады.

Сонымен, модельдеу дегеніміз болашақта болатын жаңаны жасау, соның негізінде жаңа білімдер, зерттеу нысаны жайында біртұтас ақпарат жинақтауға мүмкіндік беретін, педагогикалық зерттеулерде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі. Модельдің мәнді белгілері: көрнекілік, абстракциялау, ғылыми қиялдау элементтері, аналогияларды пайдалану, болжамдық элементтер жатады. Жалпы айтқанда, модель – жүзеге асырылатын ғылыми іс-әрекеттің теориялық сипаттамасы болып табылады.

ЖОО педагогикалық мамандықтағы білім алушыларды даярлау моделі деп тұтас педагогикалық үдеріс түсініледі, онда дайындық пен оқыту тәсілдерінің, шарттарының жиынтығы студенттердің белгілі бір білім, іскерлік және дағдыларды игеруіне, сондай-ақ болашақ жаттықтырушы-оқытушы ретінде студенттің жеке басын дамытуға бағытталады [277].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау моделі басқа да мұғалімдерді даярлау моделіне ұқсас болып табылады. Мәселен, мұғалімнің (орыс тілі) кәсіби құзыреттілігінің құрылымында келесі компоненттерді бөлуге болады: мотивациялық-еріктік, функционалды, коммуникативті және рефлексивті [278].

Мотивациялық-еріктік компонент мыналарды қамтиды: мотивтер, мақсаттар, қажеттіліктер, құндылық ұстанымдары, жеке тұлғаның кәсіптегі шығармашылық көрінісін ынталандырады; кәсіби қызметке қызығушылықтың болуын болжайды.

Функционалды (лат. function - орындау) жалпы жағдайда компонент мұғалімге белгілі бір педагогикалық технологияны жобалау және жүзеге асыру үшін қажет педагогикалық іс-әрекет тәсілдері туралы білім түрінде көрінеді.

Коммуникативті (лат. *communico* - байланыстырамын, сөйлесемін) құзыреттілік компоненті ойларды нақты және нақты баяндау, сендіру, дәлелдеу, дәлелдемелер құру, талдау, пайымдау, ұтымды және эмоционалды ақпарат беру, тұлғааралық байланыс орнату, өз іс-әрекеттерін әріптестердің іс-әрекеттерімен үйлестіру, әртүрлі іскерлік жағдайларда қарым-қатынастың оңтайлы стилін таңдау, диалогты ұйымдастыру және қолдау қабілеттерін қамтиды.

Рефлексивті (кеш. *reflexio* - артқа қарау) компонент өз іс-әрекетінің нәтижелерін және өзінің даму деңгейін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау қабілетінде; креативтілік, бастамашылдық, ынтымақтастыққа, бірлесіп құруға, өзін-өзі талдауға бейімділік сияқты сапалар мен қасиеттердің қалыптасуында көрінеді. Ол жеке жетістіктерді реттеуші, адамдармен қарым-қатынаста жеке мағынаны іздеу, өзін-өзі басқару, сонымен қатар өзін-өзі тану, кәсіби өсу, шеберлікті жетілдіру, мағыналы шығармашылық іс-әрекет және жеке жұмыс стилін қалыптастырушы болып табылады. Мұғалімнің кәсіби даярлығының бұл сипаттамалары оқшауланған түрде зерттелмейді, өйткені олар интегративті, интегралды сипатқа ие. Бұл компоненттер жалпы кәсіби дайындықтың өнімі болып табылады.

Болашақ физика пән мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша Н.Шектибаевтің ғылыми-зерттеу жұмысында қалыптастыру моделі төрт құраушыдан тұратыны анықталған, олар: мақсатты-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, операциялық-іс-әрекеттік, рефлексивті-бағалаушылық. Ал оны қалыптастырудағы блоктар: мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау деп алынған [279].

ЖОО-да кәсіптік даярлау моделінің тұтас жүйесі дене шынықтыру, спорт саласындағы болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, даярлау кезеңдерін көрсететін блоктар бойынша топтастырылған функционалдық байланысты компоненттерді біріктіру тұрғысынан қарастырылады [280]. Олар қалыптастыру блоктарынан тұрады және ол оның мазмұны құраушылары арқылы ашылады және жүзеге асырылады. Жалпы кәсіби құзыреттерді қалыптастыру блоктары [281]: мақсат қою, мазмұндық, ұйымдастырушылық, функционалдық және нәтижелілік ретінде ажыратуға болады.

Модельді іске асырудың нәтижесі студенттердің кәсіби дайындық саласына кіретін даярлық кешенін, оның ішінде педагогикалық бақылауға даярлау болып табылады. Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығы кіріктірілген жеке сипаттама ретінде ұсынылады.

Әзірленетін модельді құрудың негізі - жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлаудың әлеуметтік тәртібі. Зерттеудің алдыңғы бөлімдерінде берілген қорытындылар болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық бақылауға даярлау үдерісіне айтарлықтай әсер етті. Жоғарыда айтылғандардың барлығы жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының маңыздылығын дәлелдейді, оның жалпы мақсаты жылдам өзгеретін ортада

бақылау іс-әрекетін белсенді және тиімді кәсіби өмірге қабілетті маманның қалыптасуына бағыт береді.

Әзірленетін модель болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға жоғары деңгейде даярлау үдерісіне бағытталған педагогикалық жүйенің бір бөлігін сипаттайтын болады. Оның көмегімен нысан мен құбылыстардың өзара байланыстары мен қарым-қатынастары көрсетіледі, оның басты қызметі - зерттелетін мәселенің мәнін ашуға, құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік беру болып табылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылады және даярлауды моделдеу педагогикалық жобалау тұрғысынан қарастырылады. Педагогикалық үдерісті модельдеу педагогикалық жобалаудың сатысы және нәтижесі болып табылады.


Педагогикалық үдерістің құрылымдық элементтері төмендегідей бірліктерден тұрады (С.Н.Жиенбаева, В.П.Беспалько, И.П.Подласый, Н.Д.Хмель, т.б.): мақсаты, ұстанымдары, мазмұны, әдістері, құралы, формалары және нәтижелері.

Зерттеуге сәйкес болашақ модель бойынша оқыту мазмұны келесі ретпен құрылады: педагогикалық бақылау бойынша білімдерді меңгеру, қолдану бойынша іскерліктерді игеру, оларды педагогикалық іс-әрекетте саналы түрде қолдану.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауда оқыту түрлері және әдістері басты буын болып табылады, оның негізіндегі «белсенді әдіс» басымдыққа ие. Бақылау іс-әрекетінің мәнжазбасында іске асырылатын іс-әрекеттік тұғыр оның жоспарын, құндылық бағдары мен субъективтік көрсеткіштерін ескере отырып, тұлғалық-бағдарлықпен сәйкес келеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша жобаланатын модельде әдістер мен формаларда тұлғалық-бағдарлық тұғырдың көрініс алатындығын қарастырады. Оқыту әдістері мен формалары болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауға бағытталады.

Зерттеулерге сәйкес жасалған болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі (2-сурет) келесідей элементтердің жиынтығын қамтиды және құрылымдық-іс-әрекеттік жүйені кіріктіреді: *тұжырымдамалық-мақсаттық* (элеуметтік тапсырыс пен мақсатты; педагогикалық бақылауға даярлаудың тұғырларын және қағидаларын анықтайды); *когнитивтік-процессуалдық* (педагогикалық бақылауға даярлау құрылымын (оқыту мазмұнын, формаларын, әдістерін, құралдарын және бақылау даярлығын қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуін) көрсетуші); *нәтижелік-бағалаушылық* (нәтиже, оның деңгейлерінің сипаттары). Бұл модель жоғары оқу орнында оның басқа элементтерімен тығыз байланыста тұтас оқу-тәрбие жұмысының кіші жүйесі ретінде қарастырылады.



Сурет 2 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылған модельдің тұжырымдамалық-мақсаттық құрамында болашақ маманды даярлауға қойылатын әлеуметтік сұраныстың болуы мен жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау мақсаты қарастырылады. Сондай-ақ модельде көрсетілген әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар диссертацияның 1.2 параграфында жан-жақты талданып берілген.

Модельдің когнитивтік-процессуалдық құрамының мазмұнын авторлық элективті курс, оқу құралдары мен педагогикалық тапсырмалар құрайды. Және оларды болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға меңгертудегі әдістер мен құралдар, формалар қарастырылады. Өйткені білім алушыларды педагогикалық бақылауға даярлау мәселесі оқытылатын тақырып бойынша ол курстың бағдарламалық талаптарымен үйлестірілген жағдайда нәтижелі болады. Білім алушылардың педагогикалық бақылау даярлығына қойылатын бағдарламалық талаптар оның материалдық аспектісін түзетін, меңгерілетін ұғымдарға сәйкес және шартты түрде модельдерге топтастырылған болуы қажет.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауда бірінші шартты жүзеге асыруда қолданылатын оқытудың белсенді әдістерін көрсетуге болады:

Ойын – жаттықтырушы-оқытушылардың шынайы рөлмен, әртүрлі жұмыс орындарында мамандардың міндетін орындау арқылы кәсіби іс-әрекетін көрсету.

Зерттеулерге сәйкес эксперименттік технология ретінде бакалаврлардың оқу үдерісінің нақты жағдайларына бейімделген спорт технологиясын қолдану бойынша жұмыстар жасалынған [282]. Осы мақсатта спорттағы түрлі іс-әрекет бағыттары әрбір студенттің функционалдық рөлдеріне бағытталған, оның ішінде: ойыншы (әр түрлі рөлдер), кешенді ғылыми топтың мүшесі (жетекшісі), жарыс құжаттарын дайындауға жауапты судья (көмекші), жаттықтырушы, корреспондент, видео-оператор, фотограф, спорт журналисті, фанклуб мүшесі, комментатор, футбол мерекелерінің режиссері, матч комиссары, хронометрист төрешісі және т.б.

Тәжірибе сүйене оқыту – жаттықтырушы-оқытушылардың, өздерінің тәжірибесін оқып жатқан пәнімен сәйкестендіру арқылы танымдық қабілетін белсендіру.

Жеке немесе топтық жұмыстардың түрлері мен жобаларды шешу. Сондай-ақ, жобалап оқыту технологиясын қазіргі уақытта кеңінен қолдану жүзеге асырылуда [283].

Бақылауды ұйымдастыру қағидаларына негізделе отырып, өзара байланысты мазмұндық-уақыттық кезеңдердің тізбесін жасауға мүмкіндік береді. Бақылау кезеңі бақылау жүргізудің әртүрлі әдістерін таңдаумен анықталады. Бақылау әдістері - бұл оқытудың табыстылығы, оқу үдерісінің тиімділігі туралы мәліметтерді алу мақсатында оқыту үдерісінде кері байланысты қамтамасыз ететін тәсілдер. Қазіргі дидактика ауызша, жазбаша, практикалық, бақылау және тестілеу әдістерін бөліп көрсетеді. Жеке ғалымдар графикалық және практикалық, зертханалық және бағдарламалы бақылау әдістерін (Ю.К. Бабанский) және портфолио әдісін бөліп көрсетеді [284; 285].

Ауызша бақылау әдісі жазудан бұрынғы дәстүрге ие. Ол Орта ғасырдағы мектептерде пікірталас түрінде пайда болды. Ауызша бақылаудың негіздері сөйлеу немесе әңгімелесу. Жеке сауалнама меңгеру деңгейі туралы толық және нақты деректерді алуға мүмкіндік береді. Е.И. Перовский [286], ауызша тексеру әдістерін талдай отырып, бұл әдістің басты құндылығы тексерушілер мен жауап берушілер арасындағы тікелей тірі қарым-қатынасты жүзеге асыру болып табылады.

Оқыту нәтижелерін ауызша бақылау мен бағалаудың кемшіліктерін атап көрсете отырып, зерттеушілер теріс әсерді төмендету тәсілдерін көрсетеді. К.Ингенкамп [287] бұл тексеру әдісін тек оқушылардың сөйлеу дамуымен байланысты іскерлікті тексеру үшін ғана қолдану қажет екенін атап көрсетеді. Ауызша бақылауға дайындық әңгімелесудің барысын, фактілерді анықтауды, игерудің қандай да бір деңгейін сипаттайтын пайымдауларды құрылымдауды көздеуі тиіс. Осылайша, ауызша бақылау білім алушылардың білімін анықтауға, олардың материалды баяндау логикасын қадағалауға, үдерістер мен болып жатқан оқиғаларды сипаттау немесе түсіндіру, өз көзқарасын білдіру және дәлелдеу, дұрыс емес пікірді теріске шығару үшін және т.б. білімді пайдалана білуге мүмкіндік береді.

Жазбаша бақылау әдісі жазбаша тапсырмаларды (жаттығулар, бақылау жұмыстары, шығармалар, есептер және т.б.) орындауды көздейді. Кез келген жазбаша жұмыс тексерушіде қалатын және бақылау мен бағалаудың мұқият болуын қамтамасыз ететін құжатты өзінде қалдырады. Қайта тексеру мүмкіндігі бақылау нәтижесі ретінде педагогтың бағалауға деген жауапкершілігін арттырады. Жазбаша тексеру кезінде білімді анықтау шараларының теңдігін жүзеге асыру оңай, бұл бағалаудың әділдігін арттырады.

Зерттеушілер сұрақтарға жауап беру түрінде бақылаудың жазбаша әдісінің жетіспеушілігін атап өтеді:

- тексерушілер мен тексерілушілер арасында үздіксіз тірі байланыстың болмауы, бұл тексерушінің шешімдерінің барысын қадағалау мүмкіндігінен айырады;

- ережелер жүйесін білуді болжайтын ойды жазбаша білдіру үдерісінің қиындығы;

- оқу жетістіктерін бағалаудың салыстырмалылығын қамтамасыз етпейді.

Бақылаудың мұндай әдісі барлық білім алушылардың білімін бір уақытта тексеруге мүмкіндік береді, бірақ жазбаша тапсырмаларды тексеруге көп уақыт жұмсауды талап етеді. Бақылау жазба жұмыстарының артықшылығы - педагогқа білім алушының барлық әлсіз және күшті жақтары туралы, тексерілетін тақырып бойынша: ақыл-ой дамуының деңгейі, дағдысы, сауатты жазу, есептеу дағдылары туралы және өз бетінше жұмыс істей білуі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Практикалық бақылау әдісі. Олар тек жазбаша және ауызша бақылаумен бірге пайдаланылады. Практикалық тапсырма ретінде білім алушы дене шынықтыруда оқу-жаттығуды оқу жабдықтары көмегімен жүргізеді; дене қозғалысын дәлдікпен орындай алады; жаттығудың дұрыс орындалуын анықтайды және т.б.

В.С.Аванесовтың, В.П.Беспалько, В.М.Соколов, А.О.Татур және т.б. зерттеушілердің жұмыстарын талдау оқытуды бақылаудың дәстүрлі әдістері әрдайым объективті, валидтік және бақылаудың сенімді бола бермейді. Бағалаудың субъективтілігі, тексеру нәтижелерінің жаңғыртылмауы дидактикалық үдерісте шынайы және пәрменді шешімдерді қабылдаудың мүмкін еместігіне және оларды жетілдіруге алып келеді. Білім алушылардың сабақтағы үлгерімін бақылаудың жоғарыда аталған дәстүрлі әдістері белгілі бір кемшіліктерге ие [289], оның ішінде, педагогикалық жұмыстың ерекшеліктерімен байланысты қиындықтар:

- әр түрлі педагогтардың талаптарының сәйкес келмеуі, бір жауапты, әрекетті бағалауда олардың қаталдығы деңгейіндегі айырмашылықтар;
- кәсіби біліктіліктегі айырмашылықтар;
- оқытушының білім алушылардың жауаптарын, оқу-жаттығу іс-әрекетін бағалауға беймәлім болуы (психологиялық және өзге де себептермен).

Мектеп және дене шынықтыру-спорт ұйымдарында орындалған оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін есепке алуда да, сынама-тест түрлері нәтижелерін тіркеуде де қателіктер орын алуы мүмкін. Осылардың барлығын ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушы үйреніп шығуы тиіс. Ол үшін оқытуда моделдеу мен жобалау әдісін қолдану болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша проблеманы саналы сезінуіне және орын алған кемшіліктің алдын алу мен оларды түзету бойынша іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша білімін, іскерлігі мен эмоционалды-құндылықтық сапасын қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды, оның ішінде: деңгейлік сұрақтарды, оқу міндеттері мен оқу тапсырмаларын кеңінен қолдану даярлық деңгейін жоғарылатуға мол мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде білім алушылардың даярлық бағыты бойынша білімін бағалауда көп жағдайда тесттік бақылау, іскерлігі мен эмоционалды-құндылықтық сапаны қалыптастыруда портфолио толтыру кеңінен қолданылуда.

Портфолио әдісі. Қолдану портфолио (итал. portfolio-құжат қалтасы). Бұл әдіс оқу кезеңінде білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және педагогикалық бақылау іс-әрекеті барысы мен нәтижелерін есепке алуға, іріктеуге, тіркеуге және бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, білім алушының тұлғасын, оның мүдделерін, бейімділігін, прогрессі мен түрлі салалардағы жетістіктерін жан-жақты сипаттайды. Бұл әдісті жүзеге асырудың көптеген нысандары бар: жетістіктер портфолиосы, пікірлер портфолиосы, еуропалық тілдік портфолио, білім алушының өзінің спорт түрлері бойынша білімін, осы саладағы іскерліктерін бағалау, ол тұрған дайындық сатысын анықтау, одан әрі өзін-өзі оқыту стратегиясын белгілеу. Бақылаудың әртүрлі әдістерін біріктіре отырып жүзеге асыруды аралас (тығыздалған) бақылау деп атайды.

Тесттік бақылау. В.С.Аванесов тестілеудің тексеру және бағалау әдісі ретінде дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, тест өзі шкала болып табылады. Бақылаудың дәстүрлі және тест әдістерінің негізделген, мақсатты үйлесімі оқыту үдерістерін басқарудың тиімділігін арттырады. Тесттік бақылауда қажетті элементтердің қамтылуы тиіс: тест өлшеу құралы ретінде; рәсім, алгоритм педагогикалық тесттерді қолдану тәсілдері тиімділікті объективтендіруді өлшеу құралы ретінде, білім алушылардың білім деңгейі, даярлығын өлшеудің репрезентативтілігі; бағдарламалық жасақтаманы, тестілеу нәтижелерін интерпретациялау [290 - 293]. Тесттік бақылау жүйесіне және оны құру кезінде бақылаудың негізгі қағидаттарын ұстану керек. Ю.Ю. Колесников өзінің зерттеуінде тесттік бақылаудың артықшылықтарын атап көрсетеді.

Жоғарыда аталған кемшіліктерге қарамастан, тесттік бақылауды көптеген оқытушы білім алушылардың білімін бақылаудың тиімді құралы ретінде мойындайды және жақсарту үшін тест әдістеріне инновациялық үдерістер ұсынылуда.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың үлесі артып келе жатқан жағдайда оқу үдерісінде болып жатқан өзгерістер ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің жаңа мүмкіндіктері пайда болады, ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдері өзгереді, жаңа бірыңғай білім беру үдерісі қалыптасады. Сондықтан, бақылау-бағалау жүйесін жетілдіру жүзеге асырылуда, оқу үдерісін қолдайтын элемент ретінде өзін-өзі жетілдіруді ынталандыруда бағалау мен бақылаудың рөлі күшейтілуде. Осылайша, оқу жетістіктерінің сапасын және педагогикалық бақылау сапасын арттыру оқу-тәрбие үдерісіне оқытудың нәтижелерін бақылау мен бағалаудың жаңа әдістерінің мүмкіндіктерін үйлестіруге негізделген дамыта оқыту технологияларын, оқытуды саралау және дараландыру технологияларын енгізу тиімділігіне негізделген.

Ұсынылып отырған *модельдің нәтижелік-бағалаушылық құрамында* оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығы қалыптасуының құраушылары мен көрсеткіштері айқындалып, оларға сәйкес деңгейлері белгіленеді. Жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінің барлық құраушыларын (*мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік*), білім алушы тұлғасын, оның қажеттілігін, мақсаттарын, қабілеттерін, белсенділігін, интеллектісін және басқа да жеке-психологиялық ерекшеліктерін жүзеге асырады. Бұл, біріншіден, оқу жағдайларында білім алушының өзін көрсетуін қамтамасыз етеді, оның тұлғалық өсуі мен өзін көрсетуге жағдай жасайды. Екіншіден, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогтармен субъект-субъект қарым-қатынасында болуы олардың белсенділігін, оқу іс-әрекетіне дайындығын қалыптастырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы компоненттерінің құрамы оның өлшемдерін анықтауға және оларға сипаттама жасауға мүмкіндік береді. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін

педагогикалық бақылауға даярлау моделінің құраушы аспектілері болашақ маман тұрғысынан төмендегідей құраушылардан тұрады: *мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік* (кесте 6).

Кесте 6 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылауға даярлығының өлшемдері мен көрсеткіштері

Құраушылар	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Мотивтер бағыттылығы; өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.	1. педагогикалық бақылау іс-әрекеті қажеттілігін ұғынуы; 2. оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды меңгеруге мотивінің болуы; 3. педагогикалық бақылау бойынша өзін-өзі дамытуға ұмтылысы;
Мазмұндық	Бақылау бойынша педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, арнайы пән (спорт түрлері) білімдерді меңгеруі.	1. педагогикалық бақылау (жүйесі) түрлері, мазмұны мен әдістері, формалары, нәтижесі бойынша білімі; 2. оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша білімі; 3. анықталған кемшіліктерді анықтау мен түзету әрекеті бойынша түсінігі.
Іс-әрекеттік	Педагогикалық бақылау (бағалау) іскерліктері мен іс-әрекет тәсілдерін игеруі	1. оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес сынақтарды (тесттерді) таңдауы және негіздеуі; 2. педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес жүзеге асыру алгоритмін орындауы. 3. оқу-жаттығу іс-әрекеті барысы мен нәтижесіндегі кемшіліктерді анықтауы және түзетуді жүзеге асыруы.
Рефлексивтік	Орындалған бақылау іс-әрекетіне талдау жасауы мен баға беруі	1. оқу-жаттығу іс-әрекетіне жасаған бақылауына, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі, өзіндік баға беруі. 2. өзін-өзі бақылауы.

Мотивациялық құраушы – жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін (спорт түрлері бойынша) педагогикалық бақылауға қажеттілігін ұғынуын, мотивінің болуын, өзіндік білім алуға, өзін-өзі бағалауға, дамытуға ұмтылысының болуын сипаттайды.

Мазмұндық құраушы – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығын құраушы спорт психологиясы, дене шынықтыру және спорт педагогикасы, әдістеме пәндері мен спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылау бойынша алған теориялық білімдерін практикада қолдану мен қателіктерді түзету бойынша білімін көрсетеді.

Іс-әрекеттік құраушы – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығына тән оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмін орындауы мен орын алған қателіктерді түзету әрекетін ұйымдастыру іскерлігін қамтиды.

Рефлексивтік құраушы - жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауды жүзеге асырған іс-әрекетіне бағалауды, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуді, өзін-өзі баға беруді қамтиды.

б-кесте мәліметтері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерді деңгейлерге бөлуге мүмкіндік береді.

Даярлықты анықтау үшін критерийді белгілеу басты мәнге ие.

Критерий (көне грек. κριτήριον – ажырату (айырмашылықты табу) қабілеттілігі, талқылау, өлшеу құралы) – қойылатын талаптарға сәйкес қандай да бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау белгілері, негіздері, тәртібі. Білімнің шын (нағыз) критерийін ерекше бөліп көрсетеді. Логикалық (формальды) және эмпирикалық деп ажыратады. Критерий көрсеткішке сәйкес анықталады [281, с.9]. Біз зерттеу мұны аталған даярлықтың өлшемі тұрғысынан қарастырамыз.

Көрсеткіш – объекті немесе үдеріс қасиеттерінің талдап қорытылған қасиеттері. Көрсеткіш теориялық ережелерді (қағидаларды) эмпирикалық мәліметтер көмегімен тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әдіснамалық құралдар ретінде көрінеді.

Көрсеткіштерді :

- анықталған бар немесе жоқ қасиеттерді тіркейтін сапалық;
- анықталған қасиеттердің дамуын көрсететін өлшемді тіркейтін сандық деп ажыратады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының қалыптасу деңгейлері:

Жоғары деңгей: – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау қажеттілігін саналы ұғынады, оны меңгеруге мотиві айқын көрініс табады; оқу-жаттығуды бақылау бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы айқын көрінеді;

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау түрлері, мазмұны мен әдістері (жүйесі) туралы білімін қолдана алады; педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі, спорт түрлеріне баулуда орын алған кемшіліктер және оны түзету білімдерін қолдану деңгейінде меңгерген;

- оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес сынақтарды (тесттерді) таңдауы және негіздеуі жоғары; оқушылардың оқу-

жаттығу іс-әрекеттеріне педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес жүзеге асыру алгоритмін орындайды (дәлдік деңгейінде); оқу-жаттығу іс-әрекеті барысы мен нәтижесіндегі орын алған кемшіліктерді анықтауы мен оны түзету әрекеттерін толық мәнді жүзеге асырады.

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне жасаған бақылауына, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі мен өзіндік бақылау іс-әрекетіне баға беруі толық мәнді іске асады.

Орта деңгей: – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау қажеттілігін түсінеді, оны меңгеруге мотиві толық мәнді емес; оқу-жаттығуды бақылау бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы толық мәнді емес;

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау түрлері (мазмұны) мен әдістері (жүйесі) туралы білімі түсіну деңгейінде; педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі мен спорт түрлеріне баулуда орын алған кемшіліктер және оны түзету білімдерін түсіну деңгейінде меңгергендігін көрсетеді;

- оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес сынақтарды (тесттерді) таңдауы және негіздеуі жақсы; оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттеріне педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес жүзеге асыру алгоритмін нұсқаулыққа сәйкес орындайды; оқу-жаттығу іс-әрекеті барысы мен нәтижесіндегі орын алған кемшіліктерді анықтауы мен оны түзету әрекеттерін жүзеге асыруы толық мәнді емес.

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне жасаған бақылауына, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі жақсы (толық мәнді емес); өзіндік бақылау іс-әрекетіне баға беруі нұсқаулыққа сәйкес іске асады.

Төмен деңгей: – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылауды қажет деп қарамайды, оны меңгеруге мотиві төмен; оқу-жаттығуды бақылау бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы жоқ;

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау түрлері (мазмұны) мен әдістері (жүйесі) туралы біледі (білу деңгейінде); педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі мен спорт түрлеріне баулуда орын алған кемшіліктер және оны түзету бойынша білімдерді білу деңгейінде меңгерген;

- оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес сынақтарды (тесттерді) таңдауы төмен және негіздей алмайды; оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттеріне педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес жүзеге асыру алгоритмі бойынша іс-әрекетті қателіктермен орындайды; оқу-жаттығу іс-әрекеті барысы мен нәтижесіндегі орын алған кемшіліктерді анықтауы мен оны түзету әрекеттерін жүзеге асыруы талапқа сәйкес емес.

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне жасаған бақылауына, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі төмен; өзіндік бақылау іс-әрекетіне баға беруі жүйесіз орындалады.

Зерттеу барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының

көрсеткіштері дамуы белгілі бір шарттарды сақтағанда, орындағанда тиімді болатындығы анықталды.

Кез келген іс-әрекеттің жүзеге асырылуы үшін база немесе негіз болуы керектігі айтылады. Оны көп жағдайда «шарт» деп те атайды. Бірнеше объектілердің тұйықталған аз мөлшері жиынтығы объектіге қатысты өмір сүреді, яғни берілген объектілер қажетті болып табылады. Көп жағдайда бұл жиынтық «шарт» деп аталады. «Шарттар» термині аналогиялық ойда кейбір анықтаушы сөздерсіз пайдаланылады. Орыс тіліндегі «Условия» терминінің қазақ тіліндегі аудармасы «жағдай», «келісімдік», «ереже», «шарт» немесе «талаптар» т.б. терминдерді береді [294]. Ғылыми-зерттеу жұмысына сәйкес «условия» ұғымының қазақ тілінде «шарттар» ұғымы ретінде қолданыс тапқаны дұрыс деп білеміз.

Шарттарға қатысты М.Құдайқұлов «шарттар - қажетті және жеткілікті болып бөлінеді. Қажетті шарт оқушы дамуының ішкі объективті заңдылықтары, ол дамыта оқытумен, тәрбиелеумен қамтамасыз етіледі. Жеткілікті шарт - дамудың қарама-қайшылықтарымен байланысты» - деп атап көрсетеді [295].

Н.Н.Петуховтың пікірінше, зерттеу нысанына байланысты заңның тек қана анықталған шарттар болғанда ғана әрекет ететінін, ал шарттар болмаған жағдайда заң да әрекет етпейді [296]. Бұл пікірден ұғатынымыз, шарт – заңның әрекет етуінің қажетті базасы ретінде көрінеді.

Шарттардың өзі объективті және субъективті болады. Педагогика саласындағы объективті шарттар мұғалімге байланысты емес, оған мемлекеттік оқу-әдістемелік құжаттар, оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктері, мектептің жұмысы және оны қоршаған ортаның нақты жағдайы қатысты болып табылады. Субъективті шарттарға мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен шеберлігі, оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі заңдар мен білімдер, оларды практикада қолдану іскерлігі, оқу және тәрбие үдерісіне жағымды жағдайды мұғалімнің жасау және тәрбиеленушілермен дұрыс қатынасты орнатуы жатады [207, б.82].

Философтар объективті және субъективті шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Мәселен, оқу үшін оқушының білімі, жасы және жеке дара ерекшеліктері - қажетті шарт, бірақ олар әлі жеткіліксіз, оқушылардың алдыңғы дайындығының деңгейін білу қажет. Тек барлық қажетті шарттардың жиынтығы нәтижеге жетудің жеткілікті шарты болып табылады.

Ю.К.Бабанский себепті немесе құбылысты шартпен теңестіруге болмайтынын жазады. Себеп - оқиға салдарының бастауын тудырушы, яғни ол оқиға салдарының жүретінін анықтаушы еместігін сипаттайды. Ол шартты оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысының жүруін анықтаушы ретінде қарастырады. Себеп пен шарттың ажыратылуының абсолютті еместігін, тек қатынасты сипатта екендігін, әрбір шарттың белгілі қатынаста себеп болатынын, ал әрбір себептің сәйкес қатынаста шарт болып табылатынын көрсетеді. Шарт өзі оқиға себебі (құбылысты, затты және т.б. өзгертуші) болып табылмайды және себеп әрекетін күшейтеді немесе әлсіретеді

деп сипаттайды. Шарттың мәнді өзгерісіне жүйенің өзгерісін алып келеді, яғни өзгеруші шарт (қандай да бір себептің ықпалынан) оқиғаны өзгертуші себепті өздері тудыратынын мазмұндайды. Зерттеу объектісіне байланысты шарт ұғымының мәтіндегі қолданысына байланыстылығын көруге болады. Педагогикалық зерттеулерді талдау «дидактикалық шарт» ұғымын пайдалану оқытудағы жаңа - оның жекелеген бөліктеріндегі немесе бүтіндей білім беру мекемелеріндегі оқыту, білім беруді жетілдірудегі келесі қадам ретіндегі практикаға ендірілген, педагогикалық эксперимент тәртібінде даярланған жаңа оқыту, дайындау (әрекет ету) жүйесін сипаттауды талап ететіндігін көрсетеді.

Зерттеулерге сәйкес дидактикалық шарттар оқыту жүйелері (А.М.Пышкало, М.И.Махмутов, М.Н.Скаткин, Г.И.Щукина, Л.В.Занков, М.В.Зверева, т.б.) құраушылары арқылы анықталады. Ал, педагогикалық шарттар педагогикалық жүйе құраушылары арқылы анықталып, оның дұрыс мәнді нәтижелі жұмыс жасауы үшін база болып табылады. В.П.Беспалько кез келген педагогикалық жүйе құрылымының жиынтығы ретінде мыналарды анықтаған: 1 - оқушы; 2 - тәрбие мақсаттары (жалпы және жеке); 3 - тәрбиенің мазмұны; 4 - тәрбие үдерістері (жеке тәрбие мен оқытудың); 5 - мұғалім (немесе ТОО - техникалық оқытудың құралдары); 6 - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары; 7 – оқытудың нәтижелері. Бұл жүйе элементіне И.П. Подласый тағы құраушыны қосады, олардың қатарында: басқару, технология бар.

Педагогикалық шарт білім беру ортасының негізгі факторларының, үдерістерінің және құбылыстарының сапалы сипаттамасын, объективті мүмкіндіктері, педагогикалық үдерістің мақсатқа бағыттталып құрылған және білім беру ортасында іске асатын күйінің жиынтығын, аталған үдерістің ықпалдылығын арттыратын, қойылған педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін айқындайды.

Зерттеулерге сәйкес, педагогикалық шарттар деп, педагогикалық жүйені құраушылардың мазмұндық сипаттамаларын конструкциялауды және нәтижеге жетудегі базаны түсінеміз. Педагогикалық шарттар дәстүрлі педагогикалық жүйеге қарағанда жаңа, жетілдірілген педагогикалық жүйеге қызмет ететін шарттар жиынтығы болып табылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау моделін іске асыру үшін педагогикалық шарттар кешені төмендегіше топтастырылды:

1. Психологиялық-педагогикалық шарт: Сыртқы мотивті қалыптастыруға ықпал ететін мотивтеуші факторлар:

- материалдық ынталандыруға қызығушылық;
- рухани тұрғыдан ынталандыру;
- ұжым мен ЖОО оқытушылары тарапынан қолдау.

Ішкі теріс және оң мотив туғызушы факторларды қолдану.

2. Ұйымдастыру-педагогикалық шарт. Бұл шарт педагогикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны, формалары, әдістері ретінде анықталады және

- оқытудың интербелсенді әдістері мен ұйымдастыру формаларын пайдаланумен болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқыту үдерісін интенсифтендіруді қамтиды. Бұл шарт іс-әрекеттік және контекстілік әдіснамалық тұғырларға негізделеді.

3. Ұйымдастыру-әдістемелік шарт. Бұл шарт болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Даярлау үдерісі үзіліссіз болғандықтан оқыту нәтижелерін ендіру, даярлықтың қалыптастырылғандығы деңгейін зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік іскерліктерді пайдалану, нәтижелілігін бағалау іскерліктерді пайдалануға әдістемелік құралдарды әзірлеу кезінде қолдауларды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің келесі бөлімінде теориялық қағидаларға сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау жұмысына даярлығының барысы, даярлаудың әдістемесі мен тәжірибелік-эксперимент жұмысы нәтижесі мазмұндалатын болады.

3 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың диагностикасы

Зерттеу жұмысының алдыңғы бөлімінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық негіздері анықталды. Бұл тақырыпта зерттеп отырған проблеманы ЖОО жүзеге асыру диагностикасы қарастырылады.

Диагностика арқылы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау туралы зерттеу әдістері, амалдары жиынтығы көмегімен ақпарат алу [297] және орын алған кемшіліктердің себептерінің мәнін анықтау мақсатында даярлау үдерісін ішінара тексеру жүзеге асырылады [298]. Нәтижесінде даярлау үдерісін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттер орындалады.

Зерттеу жұмысының болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына жауапты «Дене шынықтыру» кафедрасында 2017-2018 оқу жылында алдын-ала теориялық зерттеулерге негізделіп дайындалған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарын іске асырдық. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың, біз жасаған әдістемелік нұсқасын эксперименттен өткізуге және оның тиімді қолданылуын тәжірибеден өткізуге бағытталды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыс қойылған мақсатқа сай: анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңде жүргізілді.

2017-2018 оқу жылында дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 – курс білім алушыларына оқыту бойынша төмендегідей сұрақтар қойылды:

- 1) Бақылау дегенімізді қалай түсінесіз?
- 2) Педагогикалық бақылаудың түрлерін атаңыз.
- 3) Педагогикалық тұрғыдан бақылау әдістерін атап көрсетіңіз.
- 4) Оқу-тәрбие үдерісінде ағымдық бақылауды жүзеге асыруды түсіндіріңіз.
- 5) Тақырыптық бақылауды жүзеге асыруды сипаттаңыз.
- 6) Оқушылардың теориялық мағлұматтар бойынша білімін бағалауды негіздеңіз.
- 7) Оқушылардың оқу жаттығу бойынша іскерліктерін бағалауды негіздеңіз.
- 8) Үлгерімі нашар оқушыларға көбірек жеке бақылауды жүзеге асыруды түсіндіріңіз.
- 9) Сынақтық жүйе элементтерін қолдануды сипаттаңыз.
- 10) Оқушылардың өзіндік және өзара бақылауын ұйымдастыруды атап көрсетіңіз.

Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша студенттер мүмкін болатын 100 пайыздық көрсеткіштің 45 пайызын ғана жинақтады. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің «Оқушыларды оқу-тәрбие үдерісіне баулуды бақылауын» анықтауға байланысты көрсеткіштер олардың білімдерінің түсіну деңгейінен де төмен екендігін көрсетті. Анықталған мәселе студенттердің әлі де педагогикалық курстарды жеткілікті оқымағандығымен түсіндіріледі.

Студенттердің берілген тапсырмаларға берген жауаптарын бағалау жалпы спорт дайындық бағытындағы пәндерді оқыту үдерісінде қолданылатын бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылды. Оның үлгісі төмендегіше анықталды.

100-90 ұпай – жетістігі өте жақсы: білім алушы жалпы спорттық дайындық бағытындағы барлық өткен оқу материалдарын, дайындықтағы іс-әрекеттерді негіздеп, жақсы біледі, ойын ашық айтады, барлық қайшылықтарды теріске шығарады;

89-75 ұпай – жетістігі жақсы: білім алушы жалпы спорттық дайындық бағытындағы барлық өткен оқу материалдарын, оқу-жаттығуларды біледі, бірақ теорияны дәл дамыта алмайды, сұрақтарды кейде еркін шеше алмайды, жеткілікті еркін сөйлей алмайды, қайталайды;

74-50 ұпай – қанағаттанарлық жетістік: білім алушы жалпы спорттық дайындық бағытындағы барлық өткен оқу материалдарын, оқу жаттығуларын жеткілікті жақсы түсінеді және біледі, жауаптары дәл емес, бірақ ұмытқанды жеңіл еске түсіреді, берілген сұрақтар кезінде жауап беруде қиналады;

49-0 ұпай – жетістігі төмен: білім алушы жалпы спорттық дайындық бағытындағы барлық өткен оқу материалдарын, оқу жаттығуларын біледі, түсінігінің көп бөлігі айқын емес, шатастырады, қатемен жауап береді және оқығанды, өткен материалды жаттанды түрінде айтады.

Біздер зерттеуімізде түсіну деңгейінің көрсеткіші ретінде: студенттердің «қалай?», «неліктен?» сұрақтары мен «сәйкестендіру», «салыстыру» тапсырмаларын ойша орындауы мен мысалдар келтіріп, өз сөзімен ойын жеткізуі қарастырылды.

Берілген сұрақтар бойынша студенттердің берген жауаптарын талдау төмендегідей пікірлерді топтауға мүмкіндік береді:

- студенттер жеткілікті бақылау түрлерін білмейді немесе толықтырып айта алмайды;

- бақылау әдістері туралы түсініктері әртүрлі және кейбіреулері төмен деңгейде;

- оқушылардың өзіндік бақылауын ұйымдастыруы бойынша білімі төмен, т.с.с.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша жоғары курс (3-курстың соңы мен 4-курстың басында) білім алушыларынан жаттықтырушы-оқытушы ретінде педагогикалық бақылау түрлері бойынша төмендегідей тапсырмалар берілді:

- анықталған педагогикалық мақсаттарға сәйкес бақылау үшін оқу материалдарын, оқу-жаттығу іс-әрекеттерін іріктеуді жүзеге асыру әрекеттерін (операцияларын) көрсетіңіз;

- оқу материалдарын баяндауда және дене жаттығу іс-әрекеттерін орындауда қателердің пайда болу себептерін анықтау және оларды жою жоспарын жасау жөніндегі іс-әрекеттерін (операцияларын) түсіндіріңіз;

- орын алған қателіктерді (оқу материалдары және оқу-жаттығу іс-әрекеттері бойынша) түзетуді жүзеге асыру бойынша әрекетті (операцияларды) атап көрсетіңіз.

- білім алушының оқу жұмыстары бойынша өзін-өзі (іс-әрекетті) талдауды, өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі түзетуді жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттерді (операцияларды) атап көрсетіңіз және түсіндіріңіз.

- меңгерілген оқу материалдары мен игерілген іс-әрекеттер бойынша бағалау критерийлерін белгілеу және пайдалану бойынша әрекеттерді (операцияларды, алгоритмдерді) сипаттаңыз;

- меңгерілген оқу материалдарын және орындалған дене жаттығуларын бағалау талдауын қалыптастыру бойынша іс-әрекетті (операцияларын) көрсетіңіз және түсіндіріңіз.

Берілген педагогикалық тапсырмаларға жауап беруде іс-әрекеттер реттілігін көрсетуде және оларды сипаттап жазу бойынша студенттердің білімді практикада жүзеге асыруы білімді меңгеруді «қолдану» деңгейінен және педагогикалық іскерлігі тұрғысынан іс-әрекеттерді орындауы дәлдік деңгейінен төмен екендігін көрсетті. Бағалауда 100 пайыздық көрсеткіштің 54 пайыздық көрсеткішпен меңгергендігі анықталды. Бағалау критерийлері ретінде төмендегілер алынды:

100-90 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (операцияларды) толық дұрыс орындай алатынын көрсетеді;

89-75 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (операцияларды) аздаған қателіктермен орындайды;

74-50 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (операцияларды) елеулі қателіктермен орындайды;

49-0 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (операцияларды) толықтай қателікпен орындайды.

Алынған нәтижелердің төмендігі білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісін бақылау үшін қажетті білімнің, іскерліктердің және жеке тұлғалық сапалық қасиеттердің толықтай қалыптаспағандығын көрсетеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының жеке тұлғалық сапалық құраушыларын анықтау үшін білім алушыларға төмендегідей сұрақтар қойылды:

- өзін-өзі бағалауды қалай жүзеге асырасыз?

- өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруды көрсетіңіз;

- бақылау – бағалауды әділ жүзеге асыру үшін не істейсіз?

- бақылау – бағалау нәтижесі бойынша озық білім алушы-спортшыны жарыстан шеттеткенде ақиқатқа қол жеткізуге ұмтыласыз ба? Сол жағдайды түсіндіріңіз;

- спорт түрлері, оның ішінде оқу-жаттығу мен спорттық жарыстардағы бақылау бойынша қандай кітаптарды оқыдыңыз?

- таңдаған спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу мен спорттық жарыстардағы бақылауды бейне таспалардан (теледидардан) қаншалықты көресіз?

- спорт түрлері бойынша білім алушылардың оқу-жаттығу, спорт түрлері бойынша бақылау-бағалау жұмыстары Сізді қанағаттандыра ма?

- спорт түрлеріне баулуды және спорттық жарыстарды бақылау-бағалау бойынша ЖОО оқыту/үйрету қажет деп ойлайсыз ба? Себебін түсіндіріңіз.

Мамандық бойынша білім алушыларға педагогикалық бақылау-бағалау туралы ойлануға көптеген сұрақтар қойылды. Оларды даярлауда оқу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылатын болса ғана білім алушыларды педагогикалық үдерістер бақылау мен бағалауға сәйкес даярлауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызуға болатыны айқындалды.

Зерттеу жұмысының барлық кезеңі анықталған бір мақсат аясында жоспарлы түрде жүргізілді. Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік – педагогикалық жұмыста эксперименттік топ арқылы тексеру бағытында арнайы жұмыс ұйымдастырудың және оны өткізудің қажеттігін көрсетті.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде, 2017-2018 оқу жылында алғашқы эксперимент жүргізілді. Тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жұмысына 125 білім алушы, 28 мектеп мұғалімі мен жаттықтырушы-оқытушылар қатыстырылды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үдерісі үш кезеңге шартты түрде бөлінді:

I кезең - пропедевтикалық, мақсаты: студенттерді кәсіби таңдауының дұрыстығын бекітуге бағытталған міндеттерді жүзеге асыру; дайындықтың бастапқы элементтерін қою. Бұл кезең оқудың 1-курсына сәйкес келеді.

Осы кезеңдегі теориялық білім мен арнайы дайындық курстары педагогикалық практиканың қажеттілігін түсінуді ынталандыратын орта ретінде әрекет етеді. Практикалық даярлық кезеңінде студенттер бақылау функцияларын іске асыруға дайындықтың жеке компоненттерін қалыптастыру үдерісі басталатын педагогикалық тапсырмалар алды.

II кезең - теориялық дайындық университетте 2-3 курстармен сәйкес келеді, бақылау технологиясының психологиялық-педагогикалық негіздері бойынша білім алуға негіз болады. Мақсаты: студенттерге жаттықтырушы-оқытушылардың, мұғалімнің педагогикалық бақылауға даярлығының (іс-әрекетінің) мазмұнын ашу және түсінікті ету, бақылау іскерліктерінің функцияларын меңгерту.

III кезең - кіріктіруші (4-курс). Бұл кезең төмендегі әрекеттерге арналады:

- педагогикалық бақылауға (оның ішінде іскерлікті қалыптастыру) даярлау мен жетілдіру бойынша студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру;

- студенттерді педагогикалық бақылауға даярлауда сараланған тұғырды қамтамасыз ету (ол үшін қиындықтар мен орын алатын қателіктердің диагностикасын жүргізу, дағдылардың, даярлықтың қалыптасу деңгейін анықтау қажет);

- кәсіби дайындық үдерісінде педагогикалық бақылау бойынша студенттердің шығармашылық іс-әрекетінің алғышарттарын жасау.

Қалыптастыру эксперименті болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды кәсіби қызметте педагогикалық бақылауға даярлау мүмкін болған жағдайда ғана іске асады, оның ішінде:

- студенттер педагогикалық бақылау бойынша білімді меңгеруге, бақылау іскерліктерін игеруге саналы көзқарасқа ие болғанда;

- оқыту барысында бақылау бойынша білімі мен іскерліктерінің даму динамикасы бақыланғанда, қиындықтар анықталғанда және оларды түзету уақтылы ұйымдастырылғанда;

- оқу жұмыстары және педагогикалық практика барысында студенттердің арнайы дайындығы ұйымдастырылғанда;

- оқыту үшін өзіндік бақылау іс-әрекетінің элементтерін қалыптастыратын тапсырмалар мен тапсырмалар жүйесі қолданылғанда.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны педагогикалық бақылауды кәсіби жүзеге асыруға даярлау жүйесінде психология, педагогика, дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі курстары үлкен рөл атқарды. Біздер қалыптастыру эксперименті барысында өзіміз әзірлеген оқу құралдарының оқу материалдарын пайдаландық [299].

Анықтау эксперименті нәтижелері студенттерді оқушылардың іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау үшін қажетті білім мен іскерлікке толық мәнді ие болмайтынын көрсетті. Сондықтан біздің міндетіміз бастапқы база құрудан тұрады, оның негізінде қажетті іскерлікті (бақылау) қалыптастыру жалғастырылады. Даярлаудың бастапқы буыны дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша арнайы дайындық пәндері мен «Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі» курсы мен меңгерудің басталуымен күшейтілетін алдын ала теориялық дайындық болып табылады. Сонымен қатар, оның қабатында теориялық дайындықты жалғастыру үшін тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолданған кезде іс жүзінде мүмкін еместігін уақыт көрсетті. Зерттеу экспериментінің нәтижесінде біз оқу үдерісін қарқындалту негізінде оқытудың жаңа әдістерін қолдану қажеттілігі туралы қорытындыға келдік.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесін әзірлеу болып табылады. Оған қол жеткізу үшін бірқатар міндеттерді шешу қажет болды.

1) студенттерде, яғни болашақ жаттықтырушы-оқытушыларда педагогикалық бақылау даярлығының (білім, іскерлік, эмоционалдық-құндылықтық сапаны) деңгейін анықтау;

2) бақылау мен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру кезінде студенттер мен дене шынықтыру мұғалімдерінде, жаттықтырушы-оқытушыларда кездесетін негізгі қиындықтарды және осы қиындықтардың себептерін анықтау;

3) оқушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылау мен бағалауды жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыруға және өзін-өзі бақылау іскерлігін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

Осы мақсатта біз айқындаушы (анықтау) және қалыптастырушы эксперимент жүргіздік, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды.

Анықтау эксперименті кең көлемде 2017-2018 оқу жылында (Спорт және өнер факультетінің (Түркістан қ.) және Спорт және туризм факультетінің (Шымкент қ.), студенттері, сонымен қатар, спорт мектебінің оқушылары (Түркістан қ.), орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен жаттықтырушы-оқытушылары (Түркістан қ.) қамтылды) жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмыс барысында біздер: мақсатты бақылау; сауалнама; сұрақтарға жауап; оқушының жауаптарын бағалау бойынша жазбаша жұмыстар; дене шынықтыру пәні бойынша оқушылардың жазбаша бақылау жұмыстарын талдау және бағалау; оқушылардың дене шынықтыру және спорт түрлері мен жаттығуларын орындауы көрсетілген бейне таспаны көріп бақылау, тақырып бойынша бақылау тапсырмаларын құрастыру әдістері пайдаланылды.

Алынған мәліметтер бойынша келесі қорытындылар жасалды:

1) болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың көпшілігі (90%) дене шынықтыру сабақтарында және спорт түрлері бойынша оқу-жаттығуларында бақылау мен өзін-өзі бақылаудың маңыздылығын түсінеді;

2) Көптеген студенттер мен жаттықтырушы-оқытушылар бақылау және өзін-өзі бақылау мәнін білмейді, олардың құрылымдық компоненттерін бөле алмайды (94%), яғни қарастырылатын іскерліктердің теориялық негіздерін меңгермейді; болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың-студенттердің тек 12% ғана «бағалау» және «белгі» ұғымдарын ажыратады;

3) студенттердің 50%-ы білім беру стандартының түсініктеме жазбасын және мазмұнын білмейді, қалғандарының осы құжаттардың мәні туралы білімі жалпы түсіну деңгейінде, сондықтан болашақ жаттықтырушы-оқытушылар аталған тақырып бойынша меңгеруі тиіс негізгі материалды бөле алмайды;

4) дене шынықтыру мұғалімдері, жаттықтырушы-оқытушылар және студенттер спорттық, педагогикалық ұғымдарды (теориялық мағлұматтарды), оқу жұмыстарын (оқу-жаттығу іс-әрекеттері реттілігін, орындалу барысын) зерделеу кезінде процессуалдық бақылауды жүзеге асыруға қиналады;

5) студенттер мен жаттықтырушы-оқытушылар ауызша және жазбаша сауалнама жүргізу әдістемесін меңгермеген, сұрақтар қоюда қиындық көреді (45%); бақылауды жүзеге асыру кезінде негізінен жеке тәжірибеге (мені қалай бақылаған) сүйенеді және жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесі қолданылады;

б) сауалнама жүргізу кезінде төмендегілер айқындалды:

- дене шынықтыру сабақтарында және оқу-жаттығу іс-әрекеттерінде белгілердің (бағалардың) дұрыс қойылмауы мектеп өмірінде жиі кездесетін құбылыс ретінде қарастырылып, бұл құбылыспен және мотивацияның болмауы немесе оны дәлелсіз негізделуі арасында байланыстың барын көрсетеді;

- студенттер және қызметті жаңадан бастаған мұғалімдер, жаттықтырушы-оқытушылар оқушылардың мінез-құлқына (тәртіптің бұзылуы, ұмтылысы, белсенділігі және т.б.) сәйкес бағаны жоғарылатып немесе төмендетіп қояды;

- кейде студенттер оқушының жауаптарын бағалауды ұмытады (кейде оқушылар ол жөнінде өздері еске түсіреді);

7) оқушының жауаптарын талдай отырып, студенттер мен мұғалімдер, негізінен, өзінің назарын оның кемшіліктеріне аударады, яғни белгіні төмен қою үшін теріс мотивация басымдыққа ие болады;

8) студенттер бағалау критерийлерін білмейді және белгіні дұрыс түсіндіре алмайды, яғни бағалау пікірін айта алмайды, ал студенттердің 52% бұл міндетті емес деп санайды;

9) оқу жұмыстарына (оқу-жаттығуға, т.б.) баға қою нормалары сақталмайды (75% жағдайда); жеке оқушыға қарым-қатынасын ескере отырып, белгіні көтеру немесе төмендету жиі орын алады; қателіктердің себептерін анықтай алмайды және оларды жою жоспарын белгілей алмайды (55%);

10) студенттер дене шынықтыру пәнінен және оқу-жаттығулар бойынша бақылау тапсырмаларын құрастыруда қиналады, әсіресе сыныптардың бейіндігін ескере отырып, тексеру үшін материалды таңдауды, сондай-ақ эталонды таңдауды немесе құрастыруды дұрыс орындамайды (51%);

11) студенттер мен қызметті жаңадан бастаған мұғалімдердің көпшілігі (85%) оқушыларда өзін-өзі бақылау іскерлігін қалай қалыптастыру керектігін білмейді;

12) студенттер мен педагогтар өздерінің педагогикалық бақылауға даярлығы деңгейін дұрыс бағаламайды.

Сонымен, анықтау экспериментінің нәтижелері, біріншіден, студенттердің дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша іс-әрекетін педагогикалық бақылау іскерліктерінің қалыптастыру деңгейінің төмендігін, екіншіден, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін, жаттықтырушы-оқытушыларын педагогикалық бақылауға даярлау бойынша мақсатты жұмыстың болмауын, үшіншіден, оқушылардың іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау екінші курста педагогика мен психологияны оқып үйрену кезінен басталуын көрсетті. Ал жүйелі жұмыс үшінші курстан бастап, яғни дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі курсы оқудың бүкіл кезеңінде жүргізілуі керек.

Айқындаушы «қима» нәтижелері:

1 – педагогикалық бақылау бойынша теориялық мағлұматтарды меңгеруді анықтау;

2 – оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылаудағы іскерліктерді орындау деңгейін белгілеу;

3 – оқу-жаттығу іс-әрекеттеріне түзетуді жүзеге асыра білуді анықтау;

4 - бағалау критерийлерін қолдана білуді белгілеу;

5 - бағалау талқылауын (шешімін) қалыптастыра білу міндеттерін жүзеге асыруды анықтау.

Анықтау экспериментінің «қимасын» талдау барысында алынған мәліметтер оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға

даярлау әдістемесін құрастыру бойынша жұмыста негізгі міндеттерді белгілеуге мүмкіндік берді. Ол үшін:

- бақылау, өзін-өзі бақылау, бағалау, бағалау талдауы туралы теориялық мағлұматтардың ең аз мөлшерін таңдау; қалыптасатын іскерліктер шеңберін нақтылау;

- студенттердің жағымды мотивациялық сферасы құру мақсатында оқыту үдерісіне теориялық мәліметтерді енгізу;

- қойылған мақсатқа жету үшін тиісті құралдарды (оның ішінде педагогикалық тапсырмаларды) таңдау;

- студенттерде қарастырылған іскерліктің дамуына ықпал ететін әртүрлі әдістемелік тәсілдерді, жұмыс түрлері мен формаларын таңдау;

- біз таңдаған даярлық құраушылары: білім, іскерлік пен эмоционалдық-құндылықтық сала элементтері қалыптастыруға мүмкін болатын тапсырмалар (жаттығулар) жүйесін әзірлеу қажет.

Педагогикалық бақылауға даярлау (білім, іскерлік, эмоционалдық-құндылықтық сапа құраушыларын) әдістемесін әзірлеу кезінде біз диссертацияның бірінші тарауында келтірілген теориялық қағидаларды басшылыққа алдық, сондай-ақ анықтаушы эксперимент нәтижесінде студенттердің анықталған бастапқы деңгейін ескердік.

Анықтаушы экспериментінің міндеттері (2017-2018жж.):

- тәжірибелік оқыту бағдарламасын әзірлеу: 1) теориялық мағлұматтардың аз мөлшерін таңдап алу; 2) бақылау іс-әрекетін жүзеге асыру үшін студенттер меңгеруі тиіс әрекеттерді нақтылау;

- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыруға даярлаудың педагогикалық шарттарын бөліп алу;

- теориялық материалды енгізудің ең тиімді әдістерін, тәсілдерін, құралдарын анықтау және бақылау мен өзін-өзі бақылау іскерлігін қалыптастыру;

Сонымен қатар, педагогикалық бақылау даярлығы құраушыларының (оның негізгі буыны - іскерліктерді) динамикасын анықтау мақсатында экспериментке алынған топтарда (бақылау және эксперимент) 3-курс студенттерімен анықтаушы эксперимент қималары жүргізілді.

Тапсырмаларды студенттер үйде орындайды, оқытушыға тексеруге береді, ал оларды талқылау коллоквиум кезінде жүргізіледі.

Тапсырмаларды бағалау үшін критерийлер енгізіледі, олардың негізінде студенттердің оқу-танымдық, оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыру даярлығының қалыптасқан деңгейі анықталады.

Бақылау іс-әрекетін игеру көрсеткіштері ретінде әрекеттердің дұрыс және саналы түрде орындалуының коэффициенттері таңдап алынды.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылды.

Қалыптастыру (оқыту) эксперименті (2018-2022жж.).

Мақсаты: Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесінің тиімділігін тексеру.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауда біздер зерттеуімізде әзірленген моделді басшылыққа аламыз.

Психология саласындағы зерттеулер іс-әрекеттің жаңа түрі тұтас білім ретінде меңгерілетіндігін көрсетеді. Іс-әрекет тұтас, бірақ дамымаған түрде қаланады. Оның іскерлігінің құрамдас бөліктері осы кезең қаншалықты қажет ететін болса, сонша дамиды. Осы жағдайларда мақсатқа қол жеткізуге субъектіге мүмкіндік беретін әрекеттер шамада біркелкі игерілмейді.

Бұдан басқа, іс-әрекеттің жекелеген компоненттері субъект үшін бірдей емес қиын болуы мүмкін. Бұл қабілеттің, іскерліктің, дағдының, білімнің меңгерілген деңгейі жазық білім беру еместігінен жүзеге асырылады (С.Л. Рубинштейн). Бір компоненттер іс-әрекеттің жаңа түрімен ұсынылатын талаптарға сәйкес болуы мүмкін, басқаларын олар қанағаттандырмауы мүмкін. Осыған байланысты жекелеген әрекеттер біркелкі емес жылдамдықпен игеріледі. Сонымен, мұны әдістемелік әдебиетте жиі кездесетін пәнді меңгеру деңгейі мен кәсіби-педагогикалық және әдістемелік білімдерді меңгеру деңгейі арасындағы айырмашылықтың болуымен түсіндіруге болады деп болжаймыз.

Қаралып отырған мәселе шеңберінде субъект қандай іс-әрекеттерді игергенін ескере отырып, біз оқушылардың іс-әрекетін бақылау мен бағалауды жүзеге асыру іскерлігінің қалыптасу деңгейін анықтау қажеттілігіне көз жеткіздік.

Деңгейлер білім беру үдерісінің тиімділігі туралы кері ақпарат алып қана қоймай, бақылау және бағалау іс-әрекеті субъектілерінің студенттердің педагогикалық бақылауға даярлығының қалыптасу динамикасын және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысына тиісті түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының анықтау экспериментінде жоғарыда аталған оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің нақты жағдайы мен спорт түрлері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының бастапқы деңгейін анықтау үшін төмендегідей міндеттерді шешу қарастырылды:

- бақылаушы құзыреттіліктің қалыптастырылуын эксперименттік зерттеуді және мақсатты анықтау;
- эксперимент жұмысы нысанын, тақырыбын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыда негіздеу;
- зерттеу болжамын тұжырымдау;
- эксперименттік және бақылау тобына қатысатын білім алушылар санын анықтау;
- тәжірибелік–педагогикалық жұмыс барысында жүргізілетін жұмыс формаларын анықтау;
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының бастапқы деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау, бастапқы жағдайын анықтаудың диагностикалық құралдарын әзірлеу;
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының деңгейін жетілдіруге байланысты педагогикалық тапсырмалар әзірлеу.

Зерттеу тақырыбына байланысты 3-4 курс білім алушыларының жалпы педагогикалық бақылау және түзету енгізу білімдері мен іскерліктерінің деңгейін анықтау мақсатында төмендегі мазмұнда өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беретін тапсырмалар берілді. Барлық сұрақ бойынша қосындысы 100 ұпай, әрбір сұраққа 1–10 ұпай аралығында бағалау жүзеге асырылды. Олардың мазмұны 7- кестеде көрсетілді (кесте 7).

Кесте 7 – Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау және түзету бойынша білімдері мен іскерліктерін өзіндік бағалауы

Сұрақтар	Бағалау шкаласы
Оқу-жаттығу үдерісіне ағымдық бақылауды жүзеге асыра аласыз ба?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша оқу жұмысына (сабақ, арнайы дайындық, т.с.с.) тақырыптық бақылауды жүзеге асыра аласыз ба? Қаншалықты дайынсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Білім алушылардың білімі мен іскерліктерін бағалауды негіздеуге дайындығыңызды қалай бағалайсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Оқу-тәрбие үдерісінде үлгерімі нашар білім алушыларға көбірек жеке бақылауды жүзеге асыруға қаншалықты дайынсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Оқу-жаттығу үдерісі бойынша сынақтық жүйе элементтерін қолдана аласыз ба? Қаншалықты дайынсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Білім алушылардың өзіндік және өзара бақылауын ұйымдастыруға дайындығыңыз.	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Жағдаяттың өзгеруіне байланысты алғашқы жоспарыңызды түзетуге уақыттың шектеулі болуына сәйкес қаншалықты дайынмын деп ойлайсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Білім алушыларының оқу іс-әрекеттерін (оқу жаттығуларын) ынталандыруды жүзеге асыруға дайындығыңыз қандай деңгейде?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Білім алушылардың оқу іс-әрекеттерін (оқу жаттығуларын) реттеуді жүзеге асыру, түзету керек пе? Оларды әзірлеуге Сіздің дайындығыңыз қандай?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Оқу іс-әрекеттері (оқу жаттығулары) барысында білім алушылардың өзіндік басқаруын ұйымдастыруды қалай бағалайсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

Жауап беріп болғаннан кейін жауаптарды төмендегіше бағалап, өзінің деңгейін анықтау тапсырылды. 10-50 төмен деңгей, 51-75 орта деңгей, 76-100 жоғары деңгей.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығын құраушы мотивациялық-құндылық құраушыларды анықтау мақсатында оларға сауалнамалар таратылды (Қосымша Ә), олар:

- «Менің дене шынықтыру және спорт мамандығын таңдаған себебім ...»;
- «Оқу іс-әрекетінің мотивтері» туралы.

Берілген жауаптар әртүрлі болуымен қатар, кейбіреулері қызығушылық танытты. Студенттердің кейбіреулері әрі, спортпен шұғылданғанды, әрі, балаларды спортқа баулығанды жақсы көретінін байқатты. Зерттеу жұмыстарында басшылыққа алынған әдістемелер Б.Омаровтың ғылыми-зерттеу жұмысында да қарастырылған болатын және оны біздер де басшылыққа алдық.

Зерттеу жұмысы тақырыбына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығы құраушысын дамыту мақсатында тесттік әдістемелер берілді (Қосымша Б), олар:

- Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау (К.Замфир әдістемесі А.А.Реанның жаңалатуымен);
- Тұлғаның өзін бағалау тесті (Н.В.Бордовская мен А.Л.Реан әдістемесі);
- Шығармашылық әлеует (В.И.Андреевтің әдістемесі);
- Білім алушылардағы өзін жетілдіру, өзін білімдендіру қабілетті бағалау (В.И.Андреевтің әдістемесі).

Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперимент топтарындағы білім алушылардың дене шынықтыру сабақтары мен спорт түрлеріне баулуда оқу жұмыстарын бақылау бойынша білімдері, іскерліктері мен жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша айқындалды. 2017/2018 оқу жылында спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының анықталған педагогикалық бақылау даярлығы көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаудағы өткізілген бақылау және эксперимент топтарындағы алғашқы бақылау қорытындысы, екі топтың көрсеткіштері де шамалары бірдей деңгейді көрсетті (кестелер 8, 9).

Кесте 8 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының мотивациялық құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	62	%	63
Жоғары	12,9	8	14,3	9
Орта	48,4	30	46,0	29
Төмен	38,7	24	39,7	25

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау даярлығы деңгейін анықтау бойынша сандық және сапалық талдау жалпы тенденцияларды айқындауға мүмкіндік берді:

- қазіргі уақытта болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға көпшілікпен жұмыс жасау ұнайтыны, моральдық және материалды марапаттаулардың қажеттігін көрсетті;

- спорт түрлеріне білім алушыларды баулуда, үйретуде бақылау бойынша даярлықты меңгеруге ұмтылыстарының бары анықталды;

- студенттерде оқыту немесе үйрету ғана емес, әрбір іс-әрекетті және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға деген оң көзқарастары туындады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының келесі құраушысы бақылау бойынша білімдерінің сандық көрсеткіші 9-кестеде берілді. Мазмұндық құраушысын анықтау үшін жоғарыда келтірілген тапсырмалар қолданылды.

Кесте 9 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының мазмұндық құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	62	%	63
Жоғары	12,9	8	14,3	9
Орта	32,3	20	30,2	19
Төмен	54,8	34	55,5	35

Эксперимент және бақылау тобындағы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу курстарын толық аяқтамағандықтан дене шынықтыру сабақтары мен спорт түрлеріне баулуда бақылау бойынша білімдерді терең меңгере қоймағандығы айқындалды.

Білім алушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының келесі құраушысы - бақылау іскерліктері. Болашақ маманның дайындығының аталған құраушысы анықтау эксперименті барысында бақылауға алынды. Нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті (кесте 10).

Кесте 10 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының іс-әрекеттік құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	62	%	63
Жоғары	8,1	5	9,5	6
Орта	37,1	23	35,0	22
Төмен	54,8	34	55,5	35

Кестеден көріп тұрғандай, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау әрекеттерін дұрыс орындай алмайтынын сандық мәліметтерден көруге болады. Бақылау және оны жүзеге асыру барысы бойынша іскерліктердің төмен деңгейде екендігін көрсетті.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының келесі құраушысы рефлексивтік. Біз зерттеп отырған даярлықтың аталған құраушысының көрсеткіші кесте 11 -гідей болды.

Кесте 11 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығының рефлексивтік құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	62	%	63
Жоғары	9,7	6	9,5	6
Орта	38,7	24	39,7	25
Төмен	51,6	32	50,8	32

11-кестеге сәйкес оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығының біз зерттеп отырған жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің толық мәнді қалыптастырылмағандығын көруге болады.

Зерттеп жатқан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығындағы анықталған кемшіліктерді жою және оны түзету біздің зерттеуіміздің қалыптастыру экспериментіне бағыт-бағдар береді.

Анықтау эксперименті барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда басшылыққа алынған білім беру бағдарламалары мазмұнының қажетті үлесі зерделенді, талдау жасалды және олардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша талдауға алынған құжаттардың бастапқысы бекітілген және кезінде басшылыққа алынғаны жоғары кәсіби білім стандарты. 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері төмендегіше көрсетілген:

- білімдік (педагогикалық);
- ұйымдастыру-басқару;
- эксперименттік-зерттеу;
- ұйымдастыру-технологиялық;
- жаттықтырушылық (спорттық);
- оқу-тәрбиелік .

Аталған кәсіптік білім стандартында болашақ маманның, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес бақылауға қатысты мынадай міндеттерді шешуі көзделген:

жаттықтырушылық (спорттық) қызмет саласында:

- спорттық жетістіктерге ағзаның, дененің қызметтік, әдіс-тәсілдік, психологиялық, зияткерлік дайындығын ғылыми негізде жоспарлау, бақылау және бағыттауы;

- денсаулыққа зиян келтірмейтін жоғары спорттық нәтижелерге жету, дене шынықтырумен айналысатын тұлғалардың денсаулығын күшейтуі және сақтау мақсатында спортпен айналысатын жастары, жыныстары, спорттық біліктілігі әр түрлі тұлғалардың моральдік-қажырлық қасиеттерін, отан сүйгіштігін тәрбиелеуі .

Дене шынықтыру және спорт мамандығын бітірушілердің кәсіби іс-әрекет саласына қойылатын талаптар: білімдік (педагогикалық); эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; оқу-технологиялық; оқу-тәрбиелік қызмет.

Болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру және бағдар беруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты басшылыққа алынған .

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 2017 жылы қабылданған білім алушылар үшін әзірленген жұмыс оқу жоспарынан зерттеу жұмысына қатысты оқу пәндері тізбегі келтіріледі (Қосымша В).

«Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсы бағдарламасы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша нақты мағлұматтарды қамтымайды [300], яғни, жалпы педагогиканың теориялық мәселелерін қарастырғанмен де, біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді қалыптастыруды нақты көрсетпейді.

Келесі «Дене шынықтыру және спорт психологиясы» курсының типтік оқу бағдарламасында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша нақты тақырыптар (оқу материалдары) берілмеген [300, б. 26-38]. Әрбір тақырыпта қарастырылған оқу материалдары болашақ маман даярлығы бойынша қарастырылған, жалпы теориялық сипат алған.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» курсының мәні жоғары екені анықталды [300, б. 124-138]. Аталған пән бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың психомоторлы дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру бойынша өзіндік жұмыс тақырыптары көрсетілген, олар: қимыл әрекеттеріне үйрету, күшті, жылдамдықты, төзімділікті, икемділікті, ептілікті дамыту, дене шынықтыру жүйесінде тұлғаның бағытты дамуы, дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру негіздері, т.б.

«Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» пәні шеңберіндегі зерттеу тақырыбының өзектілігі жоспарлау мен бақылау спортшыларды жоғары спорттық нәтижелерге дайындау үдерісінде маңызды рөл атқаратындығында.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны жалпы әдістемелік дайындау бойынша дене шынықтыруды жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, т.б.

тақырыптарда БӨЖ тапсырмасы ретінде қарастырылған және ұйымдастыруға бағдарланған. Десекте, спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушыны педагогикалық бақылауға даярлауды қамтитын тақырыптар кешені көрсетілмеген.

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушыны, дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда пәнді оқыту әдістемесінде төмендегідей тақырыптарды жеке тақырып ретінде оқыту қажет деп білеміз [301]:

- дене тәрбиесі сабақтарының мақсатын қою;
- дене шынықтыру пәніндегі оқыту нәтижелері;
- дене шынықтыру сабақтарында бақылау, тексеру, есепке алу;
- дене шынықтыру сабақтары бойынша педагогикалық бақылау түрлері және оларды жүзеге асыру әдіс-тәсілдері;
- дене шынықтыру сабақтарындағы іс-әрекет (қозғалыс) түрлеріне критерийлер әзірлеу;
- сабақтың кезеңдерінде оқушылардың іс-әрекеттерін есепке алу.

Сонымен қатар, мамандықтың базалық және кәсіптендіру циклы, оқу пәндері бойынша типтік бағдарламалар талданды, атап айтқанда «Спорттық күрес», «Таңдап алынған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәндері [300-303].

Ғылыми-зерттеу тақырыбына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды спорт түрлері бойынша педагогикалық бақылауға даярлауда «Спорт түрлері» пәнінің маңызы жоғары [302]. Сонымен, мамандық пәндеріне сәйкес типтік оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды спорт түрлері бойынша педагогикалық бақылауға даярлауда бағдар беретіндігін көрсетті. Атап айтқанда, спорт түрлері Қазақша күрес, Дзюдо, Шығыс жекпе-жегі, самбо, Таэквондо, т.б. бойынша ЖОО оқыту белгіленген және қысқаша мазмұны келтірілген.

Базалық және мамандандыру бойынша оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған тақырыптар қарастырылмағандығын көрсетті.

Келесі кезекте, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдардың кейбірі талданды. Солардың бірі С.Тайжанов пен А.Қарақовтың «Дене тәрбиесін үйретудің әдістері» оқу құралы [304]. «1.3. Сабақ – тәрбие ісінің негізгі түрі» тақырыбында бақылау-бағалауға қатысты былай деп жазылған: «Педагогтың ұйымдастыру-басқарушылық және бағалаушылық қызметі: сабақтың мақсатын белгілеу, оқу-тапсырмаларын түсіндіру, практикалық қимылдың үлгісін көрсету, көмек пен қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру, ескертулер мен нұсқаулар беру; жаттығу орнын жинастыру және дайындау бойынша іс-қимыл, құрал-жабдықтарды үлестіру және жинап алу; жаттығушылар оқу тапсырмаларын орындайтын жердегі басшылық (орналасу, орындау реттері, алмасу), оқушылар қимылын өзара бақылауды және үлгерімді есепке алу; үйге берілген тапсырманы айту және сабақтың қорытындысын жасау». Сонымен қатар, оқушының оқу-танымдық қызметі бақылау-бағалауға қатысты

төмендегіше берілген: «... мұғалімнің реттеушілік нұсқаулары және оқу тапсырмаларын орындау ісінде өзін-өзі бағалаудағы оқу-танымдық қызметінің нәтижесі сабақты өткізудің сапалық бағасының басты өлшемі болады» [34, б.14]. Көріп отырғандай авторлар ұйымдастырылған оқу-тәрбие, оқу-жаттығу жұмыстары барысында бақылау-бағалауды оқыту керектігін ұсынады.

Т.Ә.Ботағариев пен С.С.Кубиеваның аторлық бірлестікте жазылған «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері» атты оқу құралында бақылау сабақтары туралы жазады. Олар: оқу, жаттықтыру, бақылау, құрастырылған сабақтар. Сонымен қатар, «Бақылау сабақтары – дене қуаты қасиетін дамыту және оқу материалын игеруді бақылайды. Бұлар негізінен нормативтер алу түрінде өткізіледі» деп сипаттайды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау-бағалау бойынша даярлығын қалыптастыратын пәннің бірі – Бағалаудың өлшемдік технологиялары. Аталған пәннің типтік бағдарламасына және оқу құралының мазмұнына сәйкес пәнді оқыту тақырыптарын беруге болады [305]. Себебі, бақылаудың барысында бағалау, оның ішінде оқу-жаттығу жұмыстары бойынша оқушылардың іс-әрекетін бақылау-бағалау орынды болады.

Басқа да оқу-тәрбие, оқу-жаттығу жаттығуларын бақылауға қатысты оқыту мазмұнына байланысты құжаттар зерделенді. Студенттердің оқу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыруға даярлау міндетін шешуге байланысты іс-әрекеттің оқыту мазмұнында қамтылуын қарастырдық. Мамандықта оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыны оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған тақырыптар қарастырылмағандығын аңғардық. Атап айтқанда:

Қателердің пайда болу себептерін анықтау және оларды жою жоспарын жасау бойынша:

- оқушының оқу-жаттығу іс-әрекетінде қателікке себеп болатын кемшіліктерді анықтау, оқу мотивтерін талдау, қалыптасқан икемділік деңгейін анықтау, оқушының психологиялық-физиологиялық жағдайын талдау;

- оқушының қате іс-әрекетін немесе педагог іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау (түсіндіру логикасының бұзылуы, сабақтың жылдам қарқыны, жаттығулардың біртектес болуы, мұғалімнің сөздерінің анық болмауы т. б.);

- қате сипатын анықтау.

Түзетуді жүзеге асыру бойынша:

- түзету тапсырмасын төмендегілерді ескере отырып құрастыру:

- а) қатенің сипаты;

- б) оның себептері;

- в) оқушының ерекшеліктері;

- оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі кемшіліктерді, олардың білімдеріндегі кемшіліктерді талдау негізінде дайындық және ескертуші жаттығуларды, тапсырмаларды құрастыру;

- алдыңғы әрекеттердің синтезі.

Бағалау критерийлерін белгілеу және оларды пайдалану бойынша:

- бағалау пәнін бөліп алу;

- критерийлерді әзірлеу (олар болмаған жағдайда);
- оқу іс-әрекетіне бағалау критерийлерін енгізу;
- бағалау пәнін салыстырудың (сәйкес қоюдың), абстракциялаудың және қорытудың жалпы логикалық әрекеттерін пайдалана отырып бағалау өлшемдеріне (өлшеміне) сәйкестігін анықтау.

Бағалау талдауын қалыптастыру бойынша әрекет төмендегідей операциялардан тұрады:

- оқушының жауаптарын, сынақ нәтижелерін талдау;
- бағалау негіздемелерін бөлу;
- ауызша бағалау үшін сөйлемдерді, сөз тіркестерін моделдеу;
- баға берудің лексикалық құралдарын бөлу;
- алдыңғы әрекеттердің нәтижелерін жинақтау.

Келесі кезекте оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылауды жүзеге асыруға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың теориялық негіздері 2-бөлімде қарастырылды. Соған сәйкес бұл даярлық құраушысы іскерлікті меңгеру бойынша студент іс-әрекетінің құрылымы келесі компоненттердің бірлігі ретінде ұсынылуы мүмкін:

- берілген іскерліктің кәсіби және тұлғалық маңыздылығын саналы сезіну;
- осы іскерлікті меңгеруге мақсат қою;
- іскерлікті қалыптастыру үшін білімді көкейкесті ету;
- әрекеттер мен операциялардың белгілі бір жиынтығы ретінде осы іс-әрекеттің мазмұнын ашу;
- практикалық іс-әрекет пен іскерлікті меңгеру бойынша жаттығуларды ұйымдастыру;
- қалыптасқан іскерліктің деңгейін бақылау, іс-әрекеттің барысы мен нәтижесін бағалау.

Дене шынықтыру және спорт түрлері жүйесінің күрделілігі және көпқырлылығы жаттықтырушы-оқытушыдан көптеген міндетті шешуді талап етеді. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда педагогикалық практикалардың мол мүмкіндіктері бары анықталды. Интернеттегі білім беру қосымшаларын қолдана отырып, бақылауда технологияны қолдануға мүмкіндік беру, оның ішінде: онлайн-қосымшалар арқылы аудит дағдыларын игеру, интернеттегі қосымшаларды қолдана отырып, онлайн шешімдерді әзірлеу, интернеттегі қосымшалар арқылы аудиттің жаңа әдістері мен тәжірибелерін үйрену [306]. Екінші жағынан, практикаларды сапалы, өз деңгейінде өткізуде спорт түрлерін үйрету бағдарламаларының жасалып, тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылары бар мектептердің таңдалуы керектігі белгіленді.

Педагогикалық іс-тәжірибе оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау әдістемесінде педагогикалық практикадағы тапсырмалар түрлерінің анықталуы, әзірленуі айқындалды. Педагогикалық практика қорытындылары бойынша ұйымдастырылатын арнайы конференцияларда болашақ жаттықтырушы-оқытушыларда педагогикалық бақылау даярлығының қалыптасқан құраушыларын көруге болады. Педагогикалық практикамен қатар, ЖОО мен

мектеп, дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен (мектептерімен) келісім шарт негізінде ұйымдастырылған практикаға бағдарланған (дуалды оқыту элементтері) оқыту болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы деңгейін жоғарылатуға мол мүмкіндік береді

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың қазіргі жағдайын зерделеу барысында төмендегідей педагогикалық жүйе құраушыларының оқу-тәрбие үдерісіне әсерін анықтадық. Олар: болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетіне баулуға және нәтижесін педагогикалық бақылауға қызығушылықтарының, ұмтылыстарының болуы; оқыту мазмұнын түзетін оқу құралдарында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша оқу материалдарының бар болуы; болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың таңдаған спорт түрлері бойынша оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға шамалы болса да даярлығыны болуы; зерттеп отырған даярлықты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалардың қажеттілікке байланысты әзірленуі.

Анықтау экспериментінің және оқу-әдістемелік құжаттарды талдаудың нәтижелері болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесін әзірлеу қажеттілігін туғызды. Даярлаудың әдістемесі зерттеу жұмысының келесі тақырыбында қарастыратын болады.

3.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі

Бақылауға қажетті білімдерді, іскерліктер мен сапалық қасиеттерді бөліп алдық, ендігі кезекте болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесін әзірлеуді алдымызға мақсат етіп қойдық. Анықтау эксперименті нәтижесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығын құраушы білімі туралы жалпы түсінігі бар, білімді бағалау талаптарымен толық таныс емес екені анықталды. Олар бақылауды тек оқушылар жіберген кемшіліктерді анықтаумен байланыстырады және олардың түзету іс-әрекетін ұйымдастыру туралы ойлары айқын емес екені белгілі болды.

Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастырған оқу-жаттығу жұмыстары бойынша бақылау іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктерді ескере отырып, теориялық әзірлемелерді басшылыққа алумен болашақ – жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауды жүзеге асыру қажет.

Кез келген оқу-жаттығу, ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімді жұмыс жасауын талқылау, оның қатысушыларының оқу жұмыстарын есепке алу мен бақылау өз дәрежесінде жүзеге асырылмаса қиындық тудырады. Басқару

функциялары ішінен бақылау бастысы болып табылады және ол білім беру мекемелерінің соңғы мақсаттары мен міндеттері тиянақты қалыптастырылған сәтінен басталады.

Оқу-жаттығу жұмыстары барысындағы бақылаудың қажеттілігін төмендегіше түсіндіруге болады: оның жоқтығы бейберекеттікке алып келеді және дамудың дұрыс бағдарын белгілеуге мүмкіндік бермейді. Осы себепті, бақылаусыз білім беру мекемелерінде қалыптасқан жоғары сапаға қол жеткізуге және қандай да бір жетістікке жетуге болмайды. Бақылау нәтижесінде мерзімінде кемшілікті анықтау және педагогтың өзінің қателігін түзету алдыға қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндіктер жасайды.

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің көрсеткіші нәтиже деп білген педагогтар, нәтижені бақылау керек деп біледі. Екіншілері міндетті түрде оқу-жаттығу барысының барлық кезеңдерін бақылау қажет деп біледі. Кейбір педагогтар өздерінің білім алушыларының оқу-жаттығу жұмыстарын бақылауда қателіктерді анықтауды мақсат етіп қояды. Педагогтардың осындай мінез-құлқы білім алушылардың антимотивациясын туғызады және оқу-жаттығу жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік бермейді. Келесі біреулері теориялық мағлұматтарды практикалық тұрғыдан дұрыс жүзеге асыру барысына назар аударады немесе іскерлік пен дағдылардың дұрыс қалыптасуына басымдық береді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушы дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасын бітіретін болғандықтан, қазіргі уақытта ЖОО бітіріп, біліктілік алғаннан кейін дене тәрбиесі пәнінен және дене шынықтыру-спорт ұйымдарында қызмет етеді. Сондықтан да, олар оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін және педагогикалық бақылау жүйесін жүзеге асырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылауға даярлау педагогикалық жүйеде жүзеге асырылатыны 2.3 тақырыбында айтылды. Педагогикалық, оқыту жүйесі түсінігі В.П.Беспалько, И.Л. Бим, А.А. Бейсенбаева, В.С. Ильин, М.В. Ляховицкий, Р.К. Миньяр-Белоручев, И.П. Раченко, И.П.Подласый, Н.Д. Хмель және т.б. ғалымдардың еңбектерінде өз көрінісін тапты.

Жалпы мағынада педагогикалық жүйе өзара шартты элементтердің болуымен, олардың арасындағы тәуелділік тұрақтылығымен және кіші жүйелерге бөліну қабілеттілігімен сипатталады. Педагогикалық жүйе құраушысы дидактикалық жүйе оқу мазмұнын, оқыту формаларын, әдістерін және құралдарын іріктеуді әдістемелік тұжырымға сәйкес жүзеге асырумен оқыту үдерісінің үлгісін құрастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың тиімді құралы кәсіби-педагогикалық бағыттылық принципі негізінде белгілі бір талаптарды қанағаттандыратын арнайы тапсырмалар жүйесі болып табылатыны анықталды. Оны іске асыру жоспарында тапсырмалар жүйесіне қойылатын бірқатар психологиялық-педагогикалық талаптарды ескеру қажет.

Тапсырма - бұл оқушылардың қажетті дайындық бөлігін игеруге бағытталған педагогикалық форма. Әр тапсырма белгілі бір мақсат үшін

құрастырылады, басқаша айтқанда, олардың өз миссиясы мен сипаттамалары бар. Тапсырмалардың басты миссиясы – білім алушылардың белсенді өзіндік білім алу іс-әрекетін қоздыру, оқушыларды дамыту, құзыреттің талап етілген деңгейіне дейінгі қажетті білімді, іскерлік пен дағдыны меңгерту [307].

Педагогикалық міндеттер, есептер, жаттығулар, сұрақтар, тесттік және тесттік емес формадағы тапсырмалар - барлығы «педагогикалық тапсырма» деген ұғым аясында қолданылады. Оқу үдерісінде тапсырманы өзіндік жұмысты және педагогикалық бақылауды ұйымдастыру үшін негіз ретінде пайдаланады. Педагогикалық тапсырма – оқу үдерісін тиімді және сапасын арттыруға, белсенділендіруге қабілетті ететін, дайындықтың деңгейін бақылау және оқыту құралы. Педагогикалық тапсырма оқу үдерісінде оқушыны дамыту және олардың өзінің оқу іс-әрекетін (оқу) белсендіру үшін пайдаланатын, сұрақ, есептер және басқа да құралдар сияқты ұғымдар жіктелмесін қамтиды [308]. Барлық тапсырмаларды шартты түрде екі топқа: оқыту (немесе оқу) үшін тапсырмалар және бақылау үшін тапсырмалар деп бөлуге болады.

Зерттеулерге сәйкес біздің жағдайымыз үшін төмендегідей талаптарды атап көрсетуге болады.

1-талап. Тапсырмалар жүйесі кәсіби-әдістемелік бағытта болуы тиіс және болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылауға даярлығын құраушы білім, іскерлік және эмоционалды-құндылықтық сапаны қалыптастыруға ықпал етуі керек. Бұл талапты есепке алу біздің зерттеу міндеттерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2-талап. Жүйеге педагогикалық бақылау даярлығы, оның құраушыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар енгізу:

а) болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау қажеттілігіне оларды көздерін жеткізетін тапсырмалар;

б) қолда бар білімді көкейкесті етуге бағытталған тапсырмалар (психология, педагогика, сондай-ақ, нақты пәнді оқыту әдістемесінің жүйелі курсы зерделегенге дейін бақылау іс-әрекеті туралы арнайы білімдер, іскерліктер);

в) педагогикалық бақылау даярлығын құраушыларды: білімді, іскерлік пен эмоционалды-құндылықтық сапаны меңгеруге бағытталған тапсырмалар;

г) нақты педагогикалық үдерісте игерілген әрекеттерді қолдануға бағытталған тапсырмалар.

3-талап. Тапсырмалар жүйесі болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауға деген тиісті көзқарасын қалыптастыруға және жеке тұлғаға бағытталған болуы тиіс.

4-талап. Жүйеде 1-3 талаптарын ескеретін кешенді сипаттағы тапсырмалар болуы тиіс.

Тапсырмалар жүйесіне қойылатын талаптарды басшылыққа ала отырып, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау кезінде әрбір білім алушының тұлғасын, оның ойлауын, темпераментін және т.б. ескеру қажет. Осыған байланысты, оқу-жаттығу іс-әрекеттерін, теорияларды дәлелдеудің анағұрлым тиімді тәсілін немесе тапсырманы шешу

әдісін талап етпей, мүмкіндігінше жеке бақылау тапсырмаларын құрған дұрыс болады.

Тапсырмалар жүйесі үшін материалды іріктеу және оларды құрастыру ЖОО-ның оқу үдерісі үшін оның әдістемелік маңыздылығы негізінде және оның болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығын, атап айтқанда, оқу-жаттығу сабақтарын жүзеге асыру іскерлігінің қалыптасуына әсерін ескере отырып жүргізу керек. Оқу материалдары оны меңгерудің күрделілік дәрежесі біріншіден, «Дене шынықтыру және спорт пәнін оқыту әдістемесі» курсы зерделеуді және екіншіден, мектепте, арнайы спорттық мектепте педагогикалық практикадан өту уақытын есепке ала отырып топтастырылады. Тапсырмалар студенттерге оқушылардың оқу жұмыстарын (оқу материалдарын, оқу-жаттығу іс-әрекетін) бақылау мен бағалауды жүзеге асыру даярлығының қалыптасуының әр кезеңінде ұсынылды.

Тапсырмалар жүйесі үш блоктан тұрады:

Теориялық дайындық; жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлауды ұйымдастыру мәселелері; оқу кезінде жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау бойынша тапсырмалар: а) педагогикалық ұғымдарды; б) оқу-жұмыстарын бақылауды ұйымдастыру реттілігін (оқу-жаттығу үдерісі реті, технологиясы) меңгеру бойынша болды.

Әрбір блоктағы тапсырмалар жиынтығы болашақ жаттықтырушы-оқытушыны педагогикалық бақылауға даярлаудағы біз анықтаған теориялық мағлұматтарды және іс-әрекеттерді игертуге мүмкіндік береді. Белгіленген блоктарды төмендегіше қарастыруға болады.

I. Теориялық дайындық блогы.

Аталған блок тапсырмаларының мақсаты – «Дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі» курсы бойынша базалық білімді және оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыруға даярлау үшін қажетті теориялық мәліметтерді меңгерту, сондай-ақ мектеп дене тәрбиесі курсының білімін жүйелеу.

II. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды ұйымдастыру мәселелері блогы.

Блок тапсырмаларының мақсаты дене тәрбиесі сабақтарында, оқу-жаттығу іс-әрекетінде педагогикалық бақылау ерекшелігін ескере отырып, бақылау іс-әрекетімен байланысты теориялық білімді тереңдету, сондай-ақ сабақта бақылауды ұйымдастырудың негізгі мәселелері, бақылау түрлерін, әдістерін және түрлерін таңдау болып табылады.

Бұл тапсырмалар блогы төрт бөлімнен тұрады:

1. Оқу-жаттығу іс-әрекетін жаттықтырушы-оқытушының бақылау іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы мәселелері (бақылау іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша жаднамалармен ұсынылады, онда оқу үдерісінде жазбаша және ауызша бақылау жүргізу бойынша толық ұсыныстар беріледі).

2. Оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау және өзін-өзі бақылау ерекшелігі (тапсырмалар құрылымы оларды кеңінен талқылауды көздейді, сондықтан жүйеде пікірталасқа қатысу жөнінде жаднама беріледі. Жаднаманың мазмұны студенттерді бағалау және өзін-өзі бағалау іс-әрекетіне қосуға

мүмкіндік береді, өйткені тек пікір айту ғана емес, қажетті дәлелдерді келтіру қажет).

3. Оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлері, мазмұны, формалары, әдістері (оқу материалының мазмұнына сәйкес келетін тексеру түрін, мазмұнын, формаларын, әдістерін анықтау, бақылау үшін сұрақтар құрастыру және тұжырымдау, жауап беру, оқу-жаттығуды орындау кезінде оқушылардың мүмкін болатын қиындықтарын болжау және осы қиындықтардан шығу жолдары, сабақта тексеру орнын негіздеу және оны іске асыру үшін қажетті уақытты анықтау іскерлігі қалыптасатын тапсырмалармен беріледі).

4. Педагогикалық практикаға тапсырмалар (тапсырмаларының мақсаты мектептегі тікелей бақылау, мұғалімдермен әңгімелесу, шағын эксперименттер жүргізу арқылы мұғалімнің, жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау іс-әрекеті туралы теориялық мәліметтерді кеңейту, сонымен қатар оқушылардың іс-әрекетін бақылау мен бағалаудың бастапқы практикалық әрекеттерін меңгеру болып табылады, олардың ішінде материалды іріктеуді жүзеге асыру бойынша, қателіктердің себептерін анықтау, оларды түзету, бағалау пайымдауларын қалыптастыру бойынша әрекеттер және бағалау критерийлерін белгілеу және пайдалану бойынша әрекеттер).

III. Оқу кезінде жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы педагогикалық тапсырмалар блогы.

Бұл блок тапсырмаларының мазмұны ұғымдарды, оқу-жаттығу іс-әрекетін бағалау ретін зерделеу бойынша жұмыстың ерекшелігіне сәйкес мәліметтер жинақтауды, олардың құрылымын бақылау тұрғысынан ұғынуды, оқушылардың түсініктерін, оқу-жаттығу іс-әрекеттерін (алгоритмдерін) меңгеруін тексеру технологиясын игеруде, сондай-ақ «қиындық аймақтарын» болжау мен диагностикасын қамтиды, олар білім алушылар жіберген қателіктерде көрініс табады. Қателерді түзету мақсатында түзетуші іскерліктерді қалыптастыруға арналған тапсырмалар ұсынылады.

Әрбір блоктың бірінші және екінші тапсырмалары негізгі болып табылады, оның мақсаты - ұғымды (оқу жұмыстарын) зерделеу жөніндегі іс-әрекетпен танысу және оның негізінде ұғыммен (оқу жұмыстары ретімен) жұмыс істеу кезінде бақылау іс-әрекетін бөлу. Бөлінген іс-әрекеттерді ескере отырып, осы блоктың қалған тапсырмаларын орындау кезінде ескерілетін ұғымдарды (оқу жұмыстары ретін) бақылау ерекшелігі қарастырылады.

Бұл тапсырмалар топтар бойынша олардың іс-әрекеттерді пысықтауға бағытталуына байланысты бөлінеді, олар:

- түсініктерді, оқу-жаттығу ретін меңгеруді бақылау кезінде материалды іріктеу;

- қателердің пайда болу себептерін анықтау және түзету тапсырмаларын құрастыру;

- бағалау критерийлерін анықтау және пайдалану мен бағалау пайымдауларын (талқылаулары) қалыптастыру.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы оқу жұмыс түрлері: лекция, семинар, практикалық сабақтар, жаттығу, БӨЖ, ОБӨЖ, т.б. болуы мүмкін екендігін назарда ұстау керек.

Оқу жұмыстары түрлеріндегі әрекеттерді оқу және зерделеу кезінде бақылауды жүзеге асыру бойынша оқытушының іс-әрекеті анықталады. Ол да ұғымдарды зерделеу кезіндегі егжей-тегжейлі талқылаған іс-әрекетке ұқсас болады.

Алайда, оқу жұмыстары түрлеріндегі әрекеттерді зерттеу кезінде бақылаудың ерекшеліктерін атап өту қажет. Олар, ең алдымен, стандартты және стандартты емес жағдайларда әрекеттерді әртүрлі қолдануды қарастыру қажет болғанда, бақылау үшін оқу жұмыс түрін іріктеуден тұрады. Ал, оқу жұмыс түрі әрекетімен жұмыс істеудің әр түрлі кезеңдерінде бақылауға арналған тапсырманы таңдау бақылау мақсатына байланысты. Мысалы, шахмат, күрес, бокс.

Жаттықтырушы-оқытушы барлық жағдайды да, әрбір жеке әрекеттің нәтижесін де бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Оқытудың бастапқы кезеңінде оқытушының назар аударуы кезінде күшейтілген бақылау қажет - мағыналық бақылау, өйткені жағдайға тұрақты талдау жүргізіледі (не істеу керек және қалай істеу керек). Сонымен қатар, әрбір іс-әрекеттің орындалуына перцептивті (сыртқы және ішкі) бақылау болады, студенттердің сыртқы реакциясын, олардың мінез-құлқын, олардың бет-әлпетін көру қажет және олардың материалды меңгергені немесе меңгермегені анықталады. Мысалы, ұғымды оқу кезінде әрбір оның аясындағы оқу материалдары мен іс-әрекет аймағы бақыланады: студент тектік ұғымды бөліп алады ма, ұғымның маңызды белгілерін атай алады ма? Мұндай бақылауға қандай тәсілдердің көмегімен қалай қол жеткізіледі?

Педагогикалық бақылаудың мақсаты білім және іскерлік сапасын бағалау мен оқу үдерісін одан әрі дамытуды болжау, түзету үшін ақпарат алу болып табылады. Педагогикалық бақылауды ұйымдастыру кезінде осы үдерістің өзіндік теориялық және әдіснамалық ерекшеліктерін білу және ескеру қажет.

Студенттерді оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың тиімді құралы - бұл бақылау нәтижелері, проблемалық сипаттағы тапсырмалар, көп деңгейлі тапсырмалар түріндегі оқу тапсырмалары. Тапсырмалардың мақсатты ұсынылуына сәйкес студенттерді микрооқыту арқылы педагогикалық бақылауға даярлау үшін оқыту мақсаты енгізілді. Оқу тапсырмалары жоғарыда айтып өткендей (2.3.-де) студенттерде педагогикалық іскерліктерді қалыптастыруды қарастырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды жүзеге асыруды күшейту келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

1. Педагогикалық мамандыққа кәсіби бағдарлауды күшейту (Бұл бағыттағы жұмыс 1-курстан бастап жүргізіледі).
2. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың теориялық және практикалық білім мен іскерліктерін синтездеу негізінде құрылған тапсырмалар жүйесі

арқылы олардың педагогикалық бақылауға даярлығын құраушы іскерліктерді шығармашылық сипатта жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

3. Дәрісханалық және дәрісханадан тыс оқу жұмыстары (өзіндік жұмыс, педагогикалық практиканың түрлері, дәстүрлі емес оқу тапсырмаларын орындау бойынша жұмыс, өзін-өзі тәрбиелеу) арқылы кәсіби маңызды педагогикалық бақылау іскерліктерін кезең-кезеңімен қалыптастыру үдерісі ұйымдастырылған бірыңғай кешенді құру.

4. Мектептегі, арнайы білім беру орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің практикасы жағдайында кәсіби іскерлікті, оның ішінде педагогикалық бақылау даярлығын жетілдіру.

5. Педагогикалық бақылауға даярлаудың қосымша мүмкіндіктері ретінде арнайы курс, арнайы практикум, студенттермен ғылыми-зерттеу жұмысы, шебер жаттықтырушылармен ынтымақтастық ұйымдастыру.

Зерттеу жұмысына байланысты даярлау әдістемесін әзірлеу кезінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау даярлығына қойылатын келесі талаптарға назар аудару қажет деп білеміз:

1. Педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі спорт түрлері мен бағыттары бойынша жаттықтырушы-оқытушылар үшін оңтайлы болуы керек.

2. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау - бұл күрделі түзілім, арнайы пәндер, жеке әдістемелер, педагогикалық технологиялар туралы білімді синтездеудің нәтижесі, сондықтан қажетті сапаны қалыптастыру міндеті ЖОО оқытушылары үшін ортақ мәселе болуы тиіс.

3. Педагогикалық бақылауға даярлау үдерісінің күрделілігіне, көп кезеңдеріне сүйене отырып, ұсынылған оқыту әдістемесі 1-ден 4-ке дейінгі барлық курстарды қамтуы керек.

4. Оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау даярлығы тек теориялық деңгейде қалыптастыру мүмкін емес екенін түсіне отырып, арнайы оқу жұмыстарын ұйымдастыруды, даярлаудың қажетті шарты ретінде педагогикалық практикадағы оқу жұмыстарын қолдау қажет.

5. ЖОО-да оқыту технологиясы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруы тиіс.

Психологтардың, педагогтардың еңбектеріндегі негізгі тұжырымдарға сүйене отырып, Н.Д. Кучугурова ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыруды мақсатты бөлудің қажеттігін атап көрсетеді. Зерттеуші ғалымның тұжырымына сәйкес біздер болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесінің негізгі іс-әрекет кезеңдерін төмендегідей етіп белгіледік:

I. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға педагогикалық бақылау іс-әрекетінің кәсіби және жеке тұлғалық маңыздылығын ұғындыру.

Аталған кезеңге сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша тапсырмалар жүйесіндегі теориялық мәліметтер келесі тақырыптармен берілді.

Бақылау үдерісімен байланысты тақырыптар:

1. Адамның өмірі мен қызметінде және дене шынықтыру пәнін оқыту үдерісінде бақылаудың маңызы.

2. Оқушылардың білімін бақылау түсінігі және функциялары. Түсініктердің мәні: бақылау, тексеру, есепке алу, сұрау.

3. Білімді тексерудің әдістері мен формалары.

4. Оқыту іс-әрекетіндегі бақылаудың маңызы.

Өзін-өзі бақылаумен байланысты тақырыптар:

5. Дене тәрбиесі, оқу-жаттығу сабағында, өмірде өзін-өзі бақылаудың маңызы.

6. Өзін-өзі бақылаудың мәні (физиологиялық, педагогикалық, психологиялық).

7. Өзін-өзі бақылау функциялары. Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі түзету.

8. Дене тәрбиесі сабағында педагог пен оқушының өзін-өзі бақылаудың маңызы.

Бағалау іс-әрекетімен байланысты тақырыптар.

9. Ауызша бағалау сөзі (мұғалімнің сөзі). Бағалау және белгі қою.

10. Оқу-жаттығу жұмыстары бойынша оқушылардың орындаған сынақ-тест нәтижелеріне, оқу-жаттығуларына қойылатын талаптар (жалпы (объективті) және жеке (субъективті)).

11. Жаттықтырушы-оқытушының бағалау сөздерінде бағаның көрінісі.

Білім алушыларға төмендегідей тапсырма үлгілері өзіндік ой қозғау үшін берілді. Сондай-ақ, әдістемелік әрекеттің бұл кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға оң мотивациясын және оқу үдерісіне эмоционалдық-құндылықтық сапаны қалыптастыруға бағытталған оқу жұмыстары орындалды.

Талқылауға ұсынылатын тапсырма: Қазақстанның денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2018 жылдың алты айында 2 299 мектеп жарақаты, 2 308 Спорт жарақаты тіркелген. Сонымен қатар, барлық жарақаттардың ішінде дене шынықтыру сабақтарында болған жарақаттардың үлесі 18% - ды құрағандығын көруге болады .

Балалар мектепте, туыстарының назарынан тыс жерде өздерін еркін ұстайды және жиі жарақат алады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2018 жылдың алты айында 17 жасқа дейінгі балалар 89 010 жарақат алған. Оның 2 299 – мектептік, 2 308 – спорттық. Жалпы, бұл жарақаттар шамамен 6% құрайтыны, қыздарға қарағанда ұлдар көп жарақат алатыны және бұл жағдайлар 64% құрайтыны зерттеулерде атап көрсетілген.

Мектептегі сабақтың ішінде дене шынықтыру ең қауіпті болып табылады. Кез-келген физикалық белсенділік ықтимал қауіп болып табылады. Әсіресе бастауыш сынып балаларына арналған Тапсырма:

1. Жарақат алудың мүмкін болатын себептерін жазып шығыңыз.

2. Дене тәрбиесі сабақтарында жарақат алудың алдын алуға болатын педагогикалық әрекеттеріңізді анықтаңыз.

3. Оқушының дене тәрбиесі сабағында жарақат алған оқушыға көрсететін медициналық көмегіңізді жазып көрсетіңіз, т.б.

Жоғарыда көрсетілген үлгі тапсырмалар тақырыптары болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау қажеттілігін терең ұғынуға мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік әрекет кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың физиология, психология, педагогика пәндерінен алған білімдері көкейкесті етіледі және кіріктіріледі. Біздер әзірлеген «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру» және «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу құралдары материалдары пайдаланылды.

II. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау негізінде жатқан теориялық білімдерді меңгерту.

Бұл кезеңде болашақ жаттықтырушы-оқытушылар оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау түрлері бойынша толық мәнді білім алады (кесте 12).

Кесте 12- Оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау түрлері

№	Бақылау түрлері	Олардың мазмұны
1	Күнделікті	- үлгерімді тексеру және бағалау, есепке алу; - ағымдағы үлгерімді есепке алу; - үлгерімді қорытындылап есепке алу;
2	Алдын ала	- физикалық даярлықты бастапқы тестілеу; - морфофункционалдық өлшеу; - психомоторлы қабілеттерді зерттеу;
3	Ағымдағы	- физикалық даярлықты тексеру; - әдіс-тәсілдік даярлықты тексеру.
4	Кезеңдік	- спорттық-сауықтыру кезеңіндегі тексеру; - бастапқы даярлық кезеңіндегі тексеру; - жаттығу кезеңін (спорттық мамандандыру кезеңі) тексеру; - спорттық шеберлікті жетілдіру кезеңін анықтау; - жоғары спорттық шеберлік кезеңін анықтау.
5	Қорытынды	- физикалық даму деңгейін анықтау; - жалпы физикалық көрсеткіштерін анықтау; - әдістік (әдіс-тәсілдік) даярлық көрсеткіштерін анықтау; - спортшының арнайы жұмыс қабілеттілігінің деңгейін анықтау; - спортшының психологиялық жағдайын тексеру.

12-кестеге сәйкес дене тәрбиесі және спорт түрлері бойынша бақылаудың өзіндік ерекшеліктерін көруге болады.

Бұл кезеңде әрбір даярлықтың құраушысы бойынша білім алушылар білім алады және бағдарлы әрекеттерді орындайды. Олар төмендегідей педагогикалық тапсырмаларды орындады.

1. Сабақ үлгерімін есепке алу мен бағалау барысын жазып көрсетіңіз. Үлгерімді есепке алу жүйесін түсіндіріңіз;

2. Тексеру мен бағалаудың негізгі түрі - ағымдағы үлгерімді есепке алуды жүзеге асыруды жазып көрсетіңіз;

3. Сабак үлгерімін қорытындылап есептеуді түсіндіріңіз;

4. Оқушылардың физикалық даярлығын құраушы дене сапаларын атап көрсетіңіз. Дене сапаларын анықтаудағы сынама-тест түрлерін айтып беріңіз, т.б.

Бұл кезеңде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша теориялық білімдерді меңгеруі үшін таңдаған спорт түрлері пәндері мен «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» элективті курс оқу материалдары қолданылады және кіріктіріледі.

III. Оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыру бойынша әрекеттердің мазмұнын ашу, бақылау әрекеттерін орындау үлгілерін көрсету.

Әдістемелік әрекеттің бұл кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылар оқушылар оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша жұмыстар мазмұнымен танысып, практикалық жұмыстарды орындауды жүзеге асырды.

Спорттың әртүрімен шұғылдана бастаған оқушы-спортшылардың физикалық даярлығын бақылау арнайы құраушылары арқылы және сынама-тесттері арқылы жүзеге асырылады. Оның құраушылары ретінде ептілік, төзімділік, күштілік, иілгіштік, жылдамдық алынады (кесте 13). Кейбір жағдайда олардың саны өзгеріп отырады.

Кесте 13 - Спорттың әр түрімен шұғылдана бастаған оқушылардың физикалық дайындығын алдын-ала бақылау сынама-тесттері (жаттығулар мен тәсілдер топтамасы негізінде)

Дене қасиеттері	Қолданылатын оқу-жаттығулары
1	2
Ептілік	- секіртпе жіппен алға, артқа секіріп жүгіру;
	- бір орнында оң және сол аяқты алмастырып секіру;
	- белгі бойынша тоқтап, бағытымен жылдамдығын өзгерте жүгіру;
	- оңқай оқушылар сол қолмен допты дәлдікке ату;
	- допты кедергілердің арасымен алып жүру т.б.;
Төзімділік	- кедергінің астымен өту, алға, артқа аударылып түсу, кедергінің үстінен секіріп өту, т.б.;
	- спорттық ойын барысында (футбол, баскетбол) әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
	- ұзақ қашықтыққа жүгіру (бір келкі);
	- ұзақ қашықтыққа суға жүзу (бір келкі);
	- 400, 800, 1500 м жүгіру (ауыспалы қарқынмен);
	- 2000 м жүгіру;
	- ең үлкен (жоғары қарқынмен) жылдамдықпен 60, 100 м жүгіру;
- шалқалап және етпеттеп жату жағдайында аяқты және кеудені көтеру;	
- білтемірге тартылу;	

13 - кестенің жалғасы

1	2
Күштілік	- қайталау әдісімен жүгіру, 4x10 м, 2x30 м, т.б. (жылдамдық-күшті);
	- 6-7 жаттығу түрлерінен тұратын айналмалы жаттығуларды орындау (төзімділік-күш);
	- кермеге тартылу; - арқанға өрмелеп шығу (2,5-3 м); - жерге жатып қолды бүгіп жазу (дене-күш)
	- динамометр көмегімен жон күшін өлшеу;
Иілгіштік	- қолдың ұшын еденге жеткізу;
	- екі аяқты алшақ қойып, оң және сол аяққа отыру, т.б.;
	- гимнастикалық төсеніште көпірге тұру; - шпагат жасау;
	- «АБ» белгісінен асырса «+» оған жетпесе «-» 5; 10; 15 - «0» жоғары (-) 15 см дейін, ал «0» төмен қарай (+) 35 см дейін
Жылдамдық-күш	- тізерлеусіз старттан 60 метрге жүгіру;
	- орнында тұрып, ұзындыққа секіру;
	- орнында тұрып биіктікке секіру;

Оқушы-спортшылардың арнайы дене-күш және әдіс-тәсілдік дайындық деңгейін бақылау үшін бақылау жаттығулары кешенін анықтау спорт түрлерінің ерекшелігіне байланысты таңдап алынады. Жалпы дене даярлығын анықтау үшін сынама-тесттердің жалпылық сипаттағы үлгісін кестеден көруге болады (кесте 14) .

Кесте 14 - Спорттың әр түрімен шұғылдана бастаған оқушылардың ЖДД алдын-ала бақылау сынама-тесттері (жаттығулар мен тәсілдер топтамасы негізінде)

№	Қолданылатын оқу-жаттығулары	Орындалу тәртібі/тәсілі
1	2	3
1	Стадион жолағында немесе жеңіл атлеттік манежде 30 м жүгіру;	нәтиже секундтың оныншы бөлігіне дейінгі дәлдікпен тіркеледі; бір ғана мүмкіндік беріледі;
2	Сырғанақ емес жерде бір орыннан ұзындыққа аяқтары мен қатар қолмен сермеп секіруді орындау;	сыналушы жерге екі аяқпен бір мезгілде түсуі қажет; өлшеу спорттық сызықтан бастап жүзеге асырылады; 3 талпыныстың жақсы нәтижесі есепке алынады;
3	Барынша жылдамдықпен қайықша 3x10 м жүгіруді орындау;	сыналушы бұйрық бойынша кедергілерді орай жүгіреді; уақыт секундтың 10 бөлігіне дейін есептеледі. 1 талпыныс рұқсат етіледі;
4	Білтемірге қолды жоғарыдан асылып ең көп тартылуды орындау;	алғашқы қалып белтемірге екі қолмен асылып тұру, тартылуды сыналушының иегі белтемірден асқан кезде есептеледі; қолдың артық қимылына, тербеліс жасауына рұқсат етілмейді;

14 - кестенің жалғасы

1	2	3
5	Жерге қолды тіреп жатып, қолды бүгіп жазуды ең көп орындау;	алғашқы қалпы аяқтары және денесі сызықты түзу қалыпта, қолдары білек буындарынан бастап тік болады, сыналушы кеудесімен еденге ең жақын жағдайға келіп, қайта қалыпқа келгенде есептейді. Жаттығуды орындауда дене түзу, жамбас буындарының қимылдауына болмайды;
6	Стадионның жолағында 1000 м жүгіру	жүріске ауысуына тиым салынбайды; уақыт 0,1 с дейін есептеледі;

Жылдамдық-күш дайындығының жас спортшылар организміне тигізетін әсерін бақылау үшін динамикалық дәрігерлік зерттеудің кешенді әдіспен жүргізу қажет:

- толық анамнез (сұрап білу);
- жүрек-қан тамыры, тыныс алу жүйесінің жағдайы мен қызметін зерттеу;
- электрокардиография жасау;
- кеуде мүшелерін рентгенологиялық тексеру;
- көзді зерттеу.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушы оқушылардың спорттық жаттығулары үшін оларды негізгі антропометриялық көрсеткіштерін анықтайды:

- өкпедегі ауа көлемін (сыйымдылығын);
- жон күшін дәрігерлік бақылау әдісімен анықтауды жүзеге асырады немесе дәрігердің көмегін, мәліметтерін пайдаланады. Сондай-ақ:
- мойын, иық өлшемін алу;
- сан тұсын өлшеу;
- төменгі аяқ сирақтың шеңберінен өлшеу сияқты өлшемдер дәрігердің көмегімен алынады.

Зерттеу жұмыстарына сәйкес физикалық және ЖДД бақылау үшін берілген сынақ-тесттері мен олардың нәтижелерін тіркеу жүзеге асырылады. Ол үшін арнайы есепке алу үлгісі толтырылады (кесте 15) .

Кесте 15 - Тәжірибелік топтар арасындағы өткізілген сынақ-тесттердің толтыру үлгісі.

Аты-жөні	Туған жылы	30 м жүгіру 3 рет (орташа көрсеткіші)	5 минут үзіліссіз жүгіру (орташа көрсеткіші)	Бір орнынан ұзындыққа секіру 3 рет (орташа көрсеткіші)	Бір орыннан жоғарыға секіру 3 рет (орташа көрсеткіші)	Тығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақыту 3 рет (орташа көрсеткіші)	Белтемірге асылып тартылу 3 рет (орташа көрсеткіші)

15-кесте және басқа да үлгі кестелерді дене шынықтыру-спорт ұйымдарында (спорт мектептерінде) болашақ жаттықтырушы-оқытушылар оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды практика барысында толтырды және нәтижелерін топ болып талдады.

IV. Педагогикалық бақылау бойынша жеке іс-әрекеттер мен олардың жиынтығын меңгертуге байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру.

Бұл кезеңде жұмыстың 2.1-тақырыбында анықталған педагогикалық бақылау бойынша теориялық білімдер мен практикалық іс-әрекеттерді меңгерту жүзеге асырылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бірден және тұтастай жүзеге асырылмайтын педагогикалық үдеріс болып табылады. Тұлғаның бойында зерттеліп отырған сапалық қасиетті қалыптастыру оның құраушылары арқылы жүзеге асырылады және ол құраушылар бір-бірінен оқшауланбай, керісінше өзара байланыста қарастырылады.

Екінші бөлімде оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды жүзеге асыру бойынша жаттықтырушы-оқытушы іс-әрекетінің құрылымы, оның ішінде іс-әрекеттегі әдіс-тәсілдердің түрлері мен жүзеге асырылуы қамтылған болатын. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылау даярлығы құраушысының бірі - білімді меңгерту оқу материалдары мен элементтерінің мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Олардың қатарында педагогикалық үдерістегі педагогикалық бақылау түрлері, мазмұны, әдістері, алгоритмі туралы теориялық мағлұматтар бар.

Осыған сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушының оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша төмендегідей тақырыптар бойынша дәрістер оқылып, практикалық іс-әрекеттер орындалды. Олар:

- педагогикалық бақылаудың мазмұны;
- педагогикалық бақылау түрлері;
- педагогикалық бақылау функциялары;
- оқу-жаттығу сабағын талдаудың мақсаты;
- оқу-жаттығу сабағын кешенді педагогикалық талдау;
- оқу-жаттығу сабағын компоненттік талдау;
- оқу-жаттығу сабағын проблемалық-бағдарланған талдау;
- оқу-жаттығу сабағына қатысу.

Осы көрсетілген тақырыптар толық ашылып, білім алушылардың оқу жұмыстарын орындауы талап етіледі.

Мәселен, «Оқу-жаттығу сабағын кешенді педагогикалық талдау» тақырыбының мазмұнын кеңінен ашып жазайық. Аталған оқу-жаттығу сабағын кешенді педагогикалық талдау келесі компоненттерден тұрады: жылдық цикл жүйесіндегі орны мен міндеттері, ұйымдастыру, мазмұны, әдістемесі, оқытушы-жаттықтырушының жеке сапалық қасиеттері, шұғылданушыларды тестілеу, қорытындылар мен ұсыныстар.

Осылардың ішінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылар үшін төмендегі тақырыптарға ерекше маңызды болып табылады. Олар:

1. Оқу-жаттығу сабағын өткізу әдістемесі:

- оқытудың түрлі әдістемелік тәсілдерін, түрлі сипаттағы тапсырмаларды қолдану;

- сабақ кезеңдерінде оқыту әдістерінің педагогикалық тұрғыдан ақталғанын іріктеу (ауызша, көрнекі, практикалық, ойындық, жарыс және т.б.), оқыту мен жаттықтыру әдістерінің сабақтың мазмұны мен міндеттеріне, білім алушылардың жасы мен даярлық деңгейіне сәйкестігі;

- жаттығу міндеттеріне байланысты қатысушылардың топтық және жеке дара жұмыстарының тиісті үйлесімі;

- жаттықтырушы-оқытушының жүктемені бақылауды жүзеге асыруы, дозаны түзетуі;

- қателерді түзетудің әдістемелік тәсілдері;

- қатысушылардың іс-әрекеттерін бағалау - көтермелеу, жазалау;

- оқу-жаттығу сабағының мазмұндық логикасы;

- сабақтарда оқытудың техникалық құралдарын, арнайы жабдықтарды пайдалану;

- санитарлық-гигиеналық талаптарды және қауіпсіздік техникасын сақтау.

2. Жаттықтырушы-оқытушының жеке тұлғалық қасиеттері:

- кәсіби қарым-қатынас: қарым-қатынас тоны, стилі, топпен және жекелеген шұғылданушылармен қарым-қатынас тәсілі;

- топты басқара білуі, педагогикалық әдебі, эрудициясы;

- жаттықтырушының команда беру, түсіндіру, ескерту және жаттығушылармен қарым-қатынас жасау кезіндегі сөйлеуінің анықтығы мен сауаттылығы.

3. Шұғылданушылардың арнайы даярлық деңгейі (тестілеу):

- физикалық (жалпы, арнайы);

- техникалық-тактикалық;

- интегралдық;

- жарыстық (сайыстық) қабілетті.

4. Қорытындылар мен практикалық ұсыныстар:

- оқу-жаттығу сабағының жоспарын орындау;

- жаттығу тапсырмаларын орындаудың оңтайлылығы;

- сабақтағы әсіресе қызықтылығы және үлгіге алатындығы;

- сабақта ең үлкен әсер қалдырғаны;

- ескертулер;

- сабақты бағалау.

Әдістемелік әрекеттің осы кезеңіне сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылар оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне ағымдағы бақылауды ұйымдастыру тәртібін анықтауда төмендегідей оқу материалдарын зерделейді:

1. Тақырып (бөлім, мазмұндық желі және т.б.) шеңберінде тексерілетін жоспарланған нысаналы нәтижелердің тізбесін айқындау.

2. Бақылау әдістері мен формаларын таңдау және олардың санын анықтау.

3. Қорытынды бағаны анықтау тәсілінің сипаттамасын қамтитын бағалау материалдарын, сынама-тест үлгілерін таңдау/әзірлеу.

4. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін қалыптастыру тәсілдерін анықтау (сабақтарда бақылау, түзету, бағалау, танымдық рефлексия).

5. Сабақтағы үлгерімді ағымдағы бақылауды ұйымдастырудың әзірленген тәртібінің сипаттамасы.

6. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен орындалған оқу-жаттығу іс-әрекеттерін өзін-өзі талдауын ұйымдастыру әдістерін анықтау.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылар үшін орын алған қателіктерді түзету әдістемесі қажетті дайындық құраушысы болып табылады. Қателерді түзетудің әдістемелік тәсілдері төмендегідей түрде және оны болашақ жаттықтырушы-оқытушылар педагогикалық тапсырмалар көмегімен ЖОО игереді:

1. Жаттығуды жеңіл жағдайларда қайта орындау.

2. Жетекші жаттығуды орындау.

3. Орындалатын әрекеттер туралы ауызша есеп беру.

4. Қайталап көрсету, тапсырманы түсіндіру.

5. Тікелей көмек көрсету (сүйемелдеу).

6. Орындау шарттарын жеңілдету.

7. Іс-әрекеттің орындалуын имитациялау.

8. Тұтастай алғанда қозғалыс әрекетінің және оның құрамдас бөліктерінің жеке қозғалыстарының идеомоторлы көрінісі.

Келесі кезекте жаттықтырушы-оқытушы меңгеру тиіс жүктемені реттеу тәсілдері төмендегідей:

1. Жүктеме мазмұнының бағыттылығы.

2. Жүктеменің көлемі мен қарқындылығын түзету: жаттығуларды қайталау, қайталаулар саны, жаттығулар мен қайталау арасындағы демалыс аралығы, жаттығуларды орындау қарқыны.

3. Өзін-өзі реттеу.

4. Жеке даралау.

Сонымен, әдістемелік әрекеттің төртінші кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылар оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті педагогикалық бақылау бойынша толық мәнді даярланады.

V. Белгіленген педагогикалық бақылау бойынша білім, іскерліктердің қалыптасу деңгейін бақылау және өзіндік бақылау.

Бұл кезең бойынша атқарылған әдістемелік әрекеттер зерттеудің теориялық бөлімінде (тақырып 2.3-те) қарастырылған. Ал, алынатын нәтижелер жұмыстың келесі тақырыбында айтылады.

Зерттеу жұмысымыздың белгілі бөлігі пандемияға сәйкес келуге байланысты, қашықтан оқытуға көшу жағдайында білім алушылар үшін электронды контент әзірленді.

Контент құрылымы мен мазмұны пәннің ОӘК кешенін дайындау ережесіне сәйкес әзірленді. Барлық құжаттардың электронды нұсқасы «Платонус» платформасына жүктелді және білім алушыларға қол жетімді болды, оның ішінде: пәннің оқу бағдарламасы (болса үлгілік), силлабус, лекция

кешені, семинар тапсырмалары, БӨЖ, ОБӨЖ тасырмалары, бақылау сұрақтар және бағалау критерийлері.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының көп деңгейлі дайындыққа көшуіне және лекцияның әдістемелік даярлығының жеке блогын бөлуге байланысты мазмұны бойынша да, бағыты бойынша да, формасы бойынша да өзгеріссіз қала алмайды. Қазір уақытта ЖОО лекцияның белгілі он екі түрі кеңінен қолданылады. Олар оқытудағы жаңа тәсіл лекциялық сабақтар жүйесін өзгертуге мүмкіндік береді.

Келесі тақырыпта жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі негізінде ұйымдастырылған тәжірибелік-эксперимент жұмыс мазмұндалады.

3.3 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері

Зерттеу жұмысына сәйкес талдау барысы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау деңгейінде алшақтық барын және заманауи оқыту технологияларына байланысты кәсіптік тұрғыдан бақылау іскерліктерін барынша жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

Осылайша, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау функцияларын іске асыруға кәсіби даярлау мәселелерін шешу үшін арнайы дайындық қажет екендігі белгілі болды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды жетілдіру үшін оқу үдерісіне, оқу жұмыс түрлеріне, педагогикалық, өндірістік практикаға және кәсіби пәндер бойынша педагогикалық тапсырмаларды кеңінен қолдану арқылы дайындық бағыты күшейтілді.

Эксперименттік әдістеме кәсіби қажетті педагогикалық бақылауды игеру мақсатында студенттердің кезең-кезеңімен іс-әрекетін арнайы ұйымдастырудан тұрды. Қалыптастырушы эксперимент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында жүргізілді.

Эксперимент барысында келесі міндеттер шешімін тапты:

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың нәтижелі болуының шарттар жиынтығы нақтыланды;

2. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың әдістемесінің (дайындық әдісі ретінде оқу тапсырмаларын қолданудың) тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді.

Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы құраушылары: білімді, іскерлік пен сапалық қасиеттерді меңгертуге мектептегі, дене

шынықтыру-спорт ұйымындағы ұйымдастырылған оқу-жаттығу үдерісінің оң ықпалының бары анықталды.

Қалыптастыру эксперименті біз ерекшелеген сапалық қасиеттерді меңгертуді есепке алумен жүргізілді. Сонымен қатар, біз ұсынған және мақұлданған келесі кезеңдерді басшылыққа алдық:

- дайындық-диагностикалық, оның мақсаты диагностикалық қималарды жүргізу, білімді жүйелеу және бақылау іскерліктері саласындағы теориялық дайындық, яғни оларды қалыптастыру үшін негіз қалау, нәтижесінде студенттер базалық деңгейге шығарылады;

- іс-әрекеттің бағдарлы негізін құру кезеңі, оның мақсаты теориялық дайындықты тереңдету, педагогикалық бақылау даярлығын құраушы білім, іскерлік құрылымымен танысу және бөлінген іс-әрекеттерді алғашқы игеру, оның ішінде енжар (пассивті) және белсенді (активті) педагогикалық практикадан өту кезінде жүзеге асырылады;

- қалыптастырушы кезең, оның барысында барлық әрекеттер мен олардың жиынтықтары игеріледі; бұл кезең ең маңызды және ұзақ болып табылады, мұнда үшінші блоктың барлық тапсырмалары орындалады, ал нәтижесі-студенттердің дағдылардың қалыптасуының екінші деңгейіне шығуы;

- талдап қорыту кезеңі, оның мақсаты педагогикалық іс-әрекетті үнемі жүзеге асыру кезінде ғана мүмкін болатын меңгерілген іскерліктерді жетілдіруден тұрады, ол педагогикалық бақылау даярлығын құраушы іскерліктің қалыптасуының үшінші деңгейіне шығуды көздейді.

Эксперимент өткізгенге дейін әдістеме әзірленіп, қажетті әдістемелік аппарат жасалды: Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі курсы бойынша педагогикалық тапсырмалар әзірленді, жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау бойынша теориялық материал іріктелді, бақылау үдерісін ұйымдастыру бойынша жаднамалар жасалды және ұғымдарды (спорттық, педагогикалық), оқу/оқыту және ойын ойнау мен оқу-жаттығу кезінде бақылау ерекшелігін ескере отырып жасалған тапсырма түрлері ұсынылды.

Қалыптастыру экспериментіне Дене шынықтыру және спорт мамандығы (эксперименттік топта - 62, бақылау тобында – 63) студенттері қатысты.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау (оның ішінде: білім, іскерлік және эмоционалдық-құндылықтық сапа құраушылары) алдыңғы тақырыпта сипатталған әдістеме бойынша жүзеге асырылды, соған сәйкес студенттердің жекелеген бақылау іс-әрекеттері пысықталды. Әрбір кезеңді қарастырайық.

Даярлаудың бірінші кезеңінде оқу жұмыстары үшін педагогикалық бақылауды жүзеге асыру іскерліктерін жүйелеу жүргізілді. Дәрісті оқу және сұрау кезінде қарастырылатын тақырыптарды зерттеу мен бақылаудың жекелеген ерекшеліктеріне, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ықтимал қателіктеріне, олардың дайындық әрекетіне кірісуіне назар аударылды, сондай-ақ студенттердің өздері жіберген қателіктерге талдау жасалды. Сұрақтар тұжырымдауға, оларды бақылау кезінде қоюға ерекше көңіл бөлінді, студентке оқытушы рөлінде болу ұсынылды.

Бақылаудың теориялық негіздері, біз атап өткендей, жекелеген тақырыптар бойынша реферат әзірлеумен, осы материалды дәрістік курсқа қосумен және практикалық сабақтарда пікірталастар өткізумен алдын ала зерттелді. Студенттердің мақсатты және нәтижелі жұмысын ұйымдастыру үшін оларға жаднамалар ұсынылды (Қосымша Г).

Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі, Тандаған спорт түрін оқыту әдістемесі курсы ББ оқытылады, болашақ жаттықтырушы-оқытушы үнемі түрлі бақылау жағдайларында болады, сонымен қатар жеке вариативті тапсырмаларды алады, мысалы:

1. Педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмін жазып көрсетіңіз.
2. Олардың жекелеген құраушыларының мазмұнын сипаттаңыз.
3. Бақылау жүйесінің жетіспейтін элементтерді қосыңыз (бақылау жүйесін құраушылар көрсетіледі).
4. Оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауда дене дайындығын құраушыларды анықтаңыз.
5. Жылдамдық дене сапасын тестілеу үшін сынама үлгісін жазып көрсетіңіз. Оны анықтауды сипаттаңыз.
6. Ептілік дене сапасы қасиетін ауызша тексеру үшін сұрақтар құрастырыңыз, т.с.с.

Педагогикалық бақылауға даярлықтың құраушысы іскерлікті қалыптастырудың екінші кезеңінде оқу материалдарымен және педагогикалық тапсырмалармен жұмыс жалғасады, жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылауға даярлығы туралы жинақталған мәліметтер жүйеленеді, олар дене сапалары және дайындығы спорт түрлерінің ерекшелігін ескере отырып тереңдетіледі. Осы мақсатта практикалық жұмыстар жоспарына әзірленген жүйенің екінші блогының тапсырмалары енгізіледі. Оқытушының міндеті - ұсынылған жүйеден оқу үдерісіне тапсырмаларды шебер қосу.

Бірінші практикалық сабақтарға тапсырманың екінші блогының бірінші бөлімінің ұйымдастыру сұрақтарымен танысу ұсынылады (кафедрада жадынамалар бар, сонымен қатар студенттерге таратылады). Бірінші сабақта тікелей бақылау үдерісі қарастырылады, студенттермен әңгіме барысында дене шынықтыру пәнінің, спорт түрлерінің ерекшелігін ескере отырып, ауызша және жазбаша бақылау жүргізудің ерекшеліктері анықталады, ол негізінен ұғыммен (түсінікпен), оқу жұмыс түрлерімен (оқу-жаттығу іс-әрекеттерімен) жұмыс істеу ерекшеліктерінде, сондай-ақ көптеген міндеттер мен оларды шешудің әртүрлі әдістерінің барына, бақылауды ұйымдастыру әдістемесіне әсер етеді. Сонымен қатар, жаттықтырушы-оқытушыны бақылауға даярлаудың жалпы мәселелері және қорытынды кезеңдегі жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекеті қарастырылады. Студенттердің өмірлік тәжірибесі талқыланады.

Болашақта осы мәселелерді нақты жағдайларда қолдану кезінде студенттердің осы материал бойынша білімі тереңдетіліп, кеңейтілетін болады.

Екінші практикалық сабақта бағалау талқылау құрылымы және бөлінген құрылымды ескере отырып оны құрастыру әдістемесі қарастырылады. Теориялық материалмен танысу кезінде, педагогикалық тапсырмалармен жұмыс кезінде оқытушы баға түсіндірмелеріне назар аударады, баға

параметрлерінің мағынасын нақтылайды, қазіргі уақытта білім көкейкесті етіледі және талдап қорытылады. Педагог бағалау талқылауының үлгісін көрсетеді, содан кейін оқушылардың жауаптарының мәтіндері бойынша студенттер мүмкіндігінше талқыланатын бағалау пайымдауларын жасайды.

Берілген практикалық сабақтың негізгі тақырыбына байланысты тақырып бойынша оқушылардың жауаптарының мәтіндерін алу (өзі құрастыру, мектепте жазу және т.б.) ұсынылады.

Екінші блоктың тапсырмалары, негізінен, студенттер тарапынан өз бетінше орындалады, тапсырмаларды топтарға бөлуге болады (3-5 адам). Ал сабақтарда «үштік» («төрттік» және т.б. - жауап берушілер саны бойынша) ой-пікірін тыңдау ұсынылады. Шағын-дискуссияларды да өткізуге болады (яғни сол жауаптылардың қатысуымен, олар арнайы дайындалып, қажетті дәлелдерді іздестіреді, ал қалауымен топ студенттері де сөйлей алады). Мұндай аз топтағы пікірталастар көрсеткіш болып табылады және «сынақ» тақырыбы бойынша үлкен пікірталас өткізуге дайындық болып табылады.

Пікір-таласқа дайындалу үшін студенттерге тиісті жадынама ұсынылады.

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін, білімі мен іскерлігін бақылау түрлері туралы мәселе өте кең болып табылады, сондықтан оны студенттердің өзіндік жұмысын бақылау кезінде осы тақырып бойынша конференция өткізіп қарастыру ұсынылады. Әрбір мәселе бойынша шағын сөз сөйлеулер дайындау керек, қажет болған жағдайда кеңес беру арқылы баяндамашыларды алдын ала тексеру керек. Қалған студенттерге бір көрнекі құралды дайындау тапсырмасы беріледі: бұл дене шынықтыру, оқу-жаттығу сабағына ойын, әр түрлі карточкалар, кроссвордтар, тесттер және т.б. болуы мүмкін.

Дайындалған құралдар Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі пәні оқытылатын кафедрада әдістемелік материалдар жинағында қалады және одан әрі жұмыста қолданылады.

Екінші блоктың үшінші бөлігінің тапсырмалары оқытушының қалауы бойынша келесі практикалық сабақтарға енгізіледі (сабаққа 1-ден 4-ке дейін тапсырма). Тапсырманы жаппай талқылау, жеке сұрау, шағын-пікірталас, үй тапсырмасы, кейіннен талқылау немесе жай есеп беру немесе іскерлік ойын жүргізілуі мүмкін. Қажет болған жағдайда оқытушы тапсырманы орындау үлгісін көрсетеді немесе оны орындау бойынша қажетті нұсқаулықтар береді.

Алтыншы семестрде (III курс) студенттердің педагогикалық тәжірибесі жоспарланған. Осы уақытқа дейін болашақ жаттықтырушы-оқытушылар мектеп мұғалімінің педагогикалық бақылау іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы мәселелерімен танысуы тиіс, ал оларды тереңдету және Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесін, Таңдаған спорт түрлерін оқыту әдістемесі үдерісінде тікелей зерделеу үшін студенттерге педагогикалық практикаға тапсырмалар ұсынылады (екінші блоктың төртінші бөлігі). Тапсырмалар барлық студенттерге, сондай-ақ жеке, сондай-ақ 3-5 адамнан тұратын топтарға беріледі. Тапсырмаларды орындау педагогикалық практика күнделігінде белгіленеді, талқылау тапсырманы орындағаннан кейін бірден – «ізін суытпай» өткізген дұрыс, өйткені басқа студенттердің қызығушылығын тудыратыны және осы тапсырманы басқа сыныпта немесе сол сыныпта басқа

сабақтарда орындауға деген ниеті туралы кейбір күмән тудыруы мүмкін. Ал осы кезең дене шынықтыру сабақтарында бақылау іс-әрекетінің ерекшелігін анықтау үшін өте пайдалы болып табылады.

Сонымен қатар, барлық студенттерге педагогикалық практикада өздері өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру бойынша бақылау ұсынылады. Педагогикалық практикадан өткеннен кейін тапсырмаларды орындау нәтижелері қорытылады.

Үшінші блоктың тапсырмалары негізінен практикалық жұмыстарға енгізіледі, олар III курстың бесінші және алтыншы семестрінде практикалық жұмыстарды орындайды. Осы уақытқа дейін ұғыммен (түсінікпен) (2.1-тақырыптағы), алгоритммен (2.1-тақырыптағы) жұмыс істеу әдістемесі жұмыстың жалпы сұрақтары бойынша дәрістер оқытылды. Осы дәрістерді оқу кезінде тиісті іс-әрекет (алдыңғы тақырыпта қалай қаралғанына ұқсас) егжей-тегжейлі қарастырылады және ұғыммен (түсінікпен, алгоритммен) жұмыстың әрбір кезеңінде тиісті бақылау әрекеттерін таңдау қажет.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша әзірленген тапсырмалар жүйесінің көмегімен модельде көрсетілген кезеңдер бойынша және тақырып 3.2-де сипатталған әдістемені қолдану арқылы жүргізілді.

Алдын ала студенттер тақырыпты логикалық-дидактикалық талдауды орындайды және оның тақырыптық жоспарларымен танысады, соның негізінде топтың барлық студенттеріне жеке және топтық тапсырмалар беріледі.

Дайындау кезінде әр түрлі зерттеу кезеңдері үшін бақылау әрекеттерін таңдауға ерекше назар аудару ұсынылады.

Жұмыс жоспары:

- 1) осы кезеңдегі педагогикалық бақылау түрлерінің мақсатын айқындау;
- 2) қойылған мақсатқа сәйкес бақылау үшін материалды, сынама-тестті таңдау;
- 3) бақылау әдістері мен формаларын нақтылау (оларды сабаққа дайындау);
- 4) қолда бар немесе өзі бақылауға арналған эталонды таңдау; тапсырмаларды орындау үлгілерін әзірлеу;
- 5) тақырып бойынша оқушылардың өзін-өзі бақылау іскерлігін қалыптастыру бойынша мүмкін болатын жұмыс тәсілдерін ойластыру;
- 6) тақырып бойынша оқушылардың мүмкін болатын қателіктерін қарастыру және олардың пайда болу себептерін болжау;
- 7) түзету жаттығуларын құрастыру;
- 8) дәрісханада, оқу-жаттығу залында көрсету үшін бақылау элементтерімен сабақ үзінділерін дайындау («студент педагог рөлінде»);
- 9) тақырып бойынша оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бағалау критерийлерін ұсыну.

Барлық осы тапсырмаларды студенттер жеке дәптерде орындайды, оны сабақтан кейін оқытушыға тексеруге тапсырады (бұл жұмыс сынақтың бөліктерінің бірі болып табылады).

Сабақ барысында 2-3 студент барлық тоғыз бап бойынша өз жұмысын көрсетеді (бұл студенттерді алдын ала ескертуге болады, онда олар мұқият

дайындалады, өз сөздерін түбегейлі ойластырады, Көрнекі құралдар, кестелер және т.б. дайындайды). Осыдан кейін басқа студенттердің жұмыстарындағы ең қиын сәттерді талқылау жүргізіледі (бұл, әдетте, 5, 6, 7-тармақтар). Уақыт болған жағдайда дайындалған сабақ үзінділері көрсетіледі. Сабақтың осы бөлігі бойынша қорытынды жасалады.

Әрі қарай студенттерге оқушының жауабын тыңдау ұсынылады, магнитофонға жазылған (немесе болса бейнежазбаны қарайды) және тапсырма беріледі: оқушының жауабына пікір жазу (бағалау талқылауын құрастыру). Тапсырманы орындағаннан кейін 2-3 пікірді талқылауға болады.

Оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылау кезінде орындалған жұмыстың сапасына жаттықтырушы-оқытушының толық, жан-жақты түсіндіруіне ерекше назар аудару қажет (бұл жерде оқушы жаттығуларының оң және теріс жақтары көрсетіледі, кемшіліктерді түзету жолдары көрсетіледі, сонда оқушы мен бүкіл сыныпқа жаттықтырушы-оқытушының бағалауы әділ және оны оқушылар қабылдап жатқаны анық; жатығудың бір түріне қойылатын талаптар, яғни оны бағалау критерийлері бүкіл сыныпқа белгілі болады. Жаттықтырушы-оқытушы оқушыларға критерийлерді ғана емес, сонымен қатар оларды қолдану тәсілдерін де беруі тиіс, бұл ретте өлшемдердің екі жақты болуы өте маңызды, яғни оларды педагог пен оқушылардың бір мағыналы түсінуі);

Сонымен, бірінші, негізгі бөлімді, «Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі» курсына оқу барысында және педагогикалық практикадан өту кезінде дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курсында студенттерді оқушылардың іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды қарастырдық. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау даярлығын құраушы іскерлікті одан әрі жетілдіру 4-курста жалғасын тапты.

Әзірленген жүйеден берілген тапсырмалар (Қосымша F) практикалық жұмыстарға қосылды, бірінші кезеңде теориялық негіздерді қарқынды зерттеу қажет, содан кейін іс-әрекеттің бағдарлы негізін игергеннен кейін тапсырмаларды жүйелі түрде жұмысқа қосу қажет. Одан әрі іскерлікті жетілдіру үшін тапсырмалар кезең-кезеңімен оқу үдерісіне енгізіледі (барлық тапсырмаларды орындағаннан кейін дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша мектеп курсының басқа тақырыптары бойынша ұқсас жаттығулар жасалады).

Оқу үдерісіне педагогикалық тапсырмаларды енгізу бойынша оқытушылардың жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, қиындық тудырмайды, сондықтан педагогикалық бақылауға даярлау үшін біз әзірлеген жұмыс тәсілдері ұсынылады (Қосымша F).

- қойылған мақсатқа сәйкес материалды, сынама-тесттерді іріктеуді жүзеге асыру;

- қателердің себептерін анықтай білу және оларды жою жоспарын белгілеу;

- эталонды құру немесе таңдау қабілеті;

- іс-әрекетті түзетуді жүзеге асыра білу;

- бағалау пікірін қалыптастыра білу;

Оқыту экспериментінің нәтижелері есепке алынып, талдау жасалды. Ол үшін біздер негізгі мәліметтерді тіркеу мен білім алушылардың өзін-өзі бағалау үшін бағалау кестесін әзірлеп пайдаландық (Қосымша Д, кесте Д1).

Зерттеу жұмысымызда біздер Т.Е.Исаеваның ЖОО оқытушыларының педагогикалық мәдениетін диагностикалау бағдарламасын өзіміздің жұмысымызға бейімдеп пайдаландық [309].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың қалыптастырылғандығын растайтын мәліметтерді статистикалық өңдеуде төмендегідей өрнек қолданылды:

$$K=(Z \cdot n_i) / n =(n_1+n_2+n_3 \dots n_n) / n;$$

Мұндағ: n – даярлықты сипаттаушы көрсеткіштер саны;

n_i – білім алушылар меңгерген көрсеткіштер саны;

Z – нұсқаларды қосу белгісі;

K – қалыптастырылған даярлықтың толықтығы коэффициенті.


Келесі көрсеткіштің қалыптастырылғандығы деңгейінің коэффициент шамасы даярлық мазмұнының бір типіне сәйкес келеді және ол былайша анықталады: $K \leq 0,5$ төмен деңгей; $0,5 \leq K \leq 0,7$ – орта деңгей; $0,7 \leq K$ – жоғары деңгей.

Нәтижелерді алу үшін екі бақылау «қимасы» және үшінші «қима» - қорытынды ретінде алынды. Қималар анықтау экспериментін жүргізу кезіндегі мерзімде жүргізілді. Тапсырмалар эксперимент және бақылау топтарына ұсынылды.

Жүргізілген анықтау эксперименті бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы дайындықтың орта мәні төмендегідей болды (кесте 16, сурет 3).

Кесте 16 - Анықтау экспериментіндегі болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының қалыптасу көрсеткіштері

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	62	%	63
Жоғары	11,3	7	11,1	7
Орта	38,7	24	38,1	24
Төмен	50,0	31	50,8	32




Сурет 3 Анықтау экспериментінен кейінгі педагогикалық бақылау бойынша даярлық нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы.

16-кестеден көріп тұрғандай екі топтың да оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша даярлығының шамалары бірдей екендігін көруге болады. Зерттеу жұмысының 3.2 тақырыбына сәйкес эксперимент тобында жүргізілген оқу жұмыстары бойынша білім алушылардың мотивациялық даярлығын жетілдіру қарастырылды.

Келесі кезекте жүргізілген қалыптастыру эксперименті бойынша даярлық құраушыларының нәтижелері анықталды. Нәтижелер кестемен және суретпен (диаграммалармен) ұсынылды (кесте 17, сурет 4).

Кесте 17 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының мотивациялық құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)		Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)	
	%	Адам	%	адам	%	адам	%	Адам
Жоғары	12,9	8	14,3	9	25,8	16	15,9	10
Орта	48,4	30	46,0	29	59,7	37	50,8	32
Төмен	38,7	24	39,7	25	14,5	9	33,3	21



Сурет 4 - Эксперименттен кейінгі педагогикалық даярлықтың мотивациялық құраушысының салыстырмалы нәтижесінің диаграммасы.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының қалыптастырылған деңгейін анықтау бойынша жүргізілген сандық және сапалық талдау білім алушыларда оқуға, педагогикалық бақылау іс-әрекеттеріне деген оң көзқарас бола бастағанын көрсетеді.

Эксперимент тобындағы жоғары көрсеткіш 25,8 %-ға қол жеткізген болса, бақылау тобында 15,9% құрады. Болашақ мамандардың өзін жетілдіруге ұмтылыстарының артқандығын көруге болады.


Білім алушыларға педагогикалық бақылау, оның ішінде:

- педагогикалық бақылаудың мақсаты мен міндеттерін нақтылау;
- оқу-жаттығу іс-әрекеттері мен олардың нәтижелеріне педагогикалық бақылау түрлерін қолдану;
- оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау мазмұны бойынша жүргізілетін жұмыстарды орындау;
- педагогикалық бақылау әдістері бойынша оқу жұмыстарын орындау;
- бақылау формалары бойынша тест әзірлеу, ойын құрастыру, баяндама әзірлеу, т.б. құрастыру;
- оқу-жаттығу жұмыстары барысында жіберілген қателіктерді түзету әдістемесі бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бағдарлы дайындығын теориялық тұрғыдан тексеру бойынша оқу жұмыстары мен педагогикалық тапсырмаларды орындау жүзеге асырылды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының келесі құраушысы спорт түрлеріне баулуды бақылау бойынша білімдерінің қалыптастырушы экспериментінен кейінгі нәтижесі төмендегідей болды (кесте 18, сурет 5).

Кесте 18 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының мазмұндық құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)		Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)	
	%	адам	%	адам	%	Адам	%	Адам
Жоғары	12,9	8	14,3	9	29,0	18	19,0	12
Орта	32,3	20	30,2	19	48,4	30	38,1	26
Төмен	54,8	34	55,5	35	22,6	14	42,9	25



Сурет 5 - Эксперименттен кейінгі педагогикалық даярлықтың мазмұндық құраушысының салыстырмалы нәтижесінің диаграммасы.

Студенттердің оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының мазмұндық көрсеткіштері басқа құраушыларға карағанда жоғары екендігі байқалады. Оның себебі ретінде, бұл пәннің мазмұнындағы бақылау бойынша оқу материалдарының педагогика, әдістеме пәндерінде алдын ала қарастырылуын айтуға болады. Бұл көрсеткіш бойынша студенттер: теориялық білімдерін: білу, түсіну, қолдану деңгейінде меңгеруін көрсетуі керек болатын және оларды кейбіреулері жоғары деңгейді (талдау, бағалау, жинақтау) көрсете білді. Танымның жоғары көрсеткіші және біздің зерттеу жұмысымызда да жоғары деңгейде қалдырылды. Эксперимент тобында үлгерім 29,0% болса, бақылау тобында 19,0% пайызды көрсетті.

1. оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес сынақтарды (тесттерді) таңдауы және негіздеуі;

2. педагогикалық бақылау түрлеріне сәйкес жүзеге асыру алгоритмін орындауы.

3. оқу-жаттығу іс-әрекеті барысы мен нәтижесіндегі кемшіліктерді анықтауы және түзетуді жүзеге асыруы.

Келесі кезекте болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылау бойынша орындаған тапсырмалары мен оқу жұмыстары даярлау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылды, оның ішінде:

- оқу-жаттығу іс-әрекетіне байланысты және бақылау түрлеріне сәйкес сынама-тесттерді таңдауды және оларды негіздеуді жүзеге асыруы;
- педагогикалық бақылауға сәйкес іс-әрекеттерді ретті орындауы;
- орындалған оқу-жаттығу жұмыстарындағы қателіктерді анықтауы (эталонға, нұсқауға сәйкес), т.б.

Сонымен қатар:

- жылдық бақылаудың мазмұнын түсіндіріңіз;
- жылдық бақылауды (2 көрсеткіш бойынша) жүзеге асыруды жазып көрсетіңіз;


- кезендік бақылауды жүзеге асырудың мазмұны мен мәнін түсіндіріңіз және оларды жүзеге асыруды ретті жазыңыз;

- ағымдағы бақылаудағы педагогикалық бақылау мазмұнын атап көрсетіңіз және олардың жүзеге асырды өз сөзіңізбен айтып беріңіз, т.б. педагогикалық деңгейлік тапсырмалар берілді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының келесі құраушысы - бақылау іскерліктерінің қалыптасуын келесі кестеден және суреттен көруге болады (кесте 19, сурет 6).

Кесте 19 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының іс-әрекеттік құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)		Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	Адам
Жоғары	8,1	5	9,5	6	27,4	17	12,7	8
Орта	37,1	23	35,0	22	48,4	30	46,0	29
Төмен	54,8	34	55,5	35	24,2	15	41,3	26



Сурет 6 - Эксперименттен кейінгі педагогикалық даярлықтың іс-әрекеттік құраушысының салыстырмалы нәтижесінің диаграммасы.


19-кестеден көріп тұрғандай, бақылау эксперименті нәтижелерін тіркеуде анықталғандай даярлықтың іс-әрекеттік көрсеткішінің жоғарғы деңгейі эксперимент тобында да (27,4%) және бақылау тобында да (12,7%) төмен

болды. Эксперимент тобындағы аталған құраушының жоғары көрсеткіші іс-әрекеттік құраушылардағы көрсеткішпен (24,2%) бара-бар болды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының рефлексивтік құраушысы қалыптасқандығы келесі кестеде және суретте берілді (кесте 20, сурет 7).

Кесте 20 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының рефлексивтік құраушысының қалыптасқандығы

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)		Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	9,7	6	9,5	6	25,8	16	12,7	8
Орта	38,7	24	39,7	25	46,8	29	44,4	28
Төмен	51,6	32	50,8	32	27,4	17	42,9	27



Сурет 7 - Эксперименттен кейінгі педагогикалық даярлықтың рефлексивтік құраушысының салыстырмалы нәтижесінің диаграммасы.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша келтірілген (осы тақырыптағы) кестелер болашақ жаттықтырушы-оқытушының оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы құраушылары бойынша берілді.

Эксперименттік топтың нәтижелерін талдау іскерліктің барлық түрлері бойынша, әсіресе оқу жылының соңына қарай оң динамика туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.


Студенттердің оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау үшін материалды, сынама-тесттерді іріктеуді жүзеге асыру, бағалау критерийлерін пайдалану және бағалау пайымдауларын қалыптастыру бойынша іскерлікке деген қызығушылығын атап өту керек. Өйткені бұл ашық іскерліктер, олар бақылауды жүзеге асыру кезінде үнемі назарда болады.

Сондықтан олардың қалыптасуы белсенді жүреді. Қателердің себептерін анықтау және оларды түзету - бұл ең қиын іскерліктер, олар жасырын, қалыптастыру үшін неғұрлым күрделі болып табылады. Осы бағыттағы оқу жұмыстары төртінші курста одан әрі жалғасын тапты.

Бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдауы, анықтаушы қима сияқты айтарлықтай оң динамиканы көрсетті. Оның нәтижелері мен анықтау және бақылау экспериментінің мәліметтерін 21-кестеден, 8-суреттен көруге болады.

Кесте 21 - Бақылау және эксперимент топтарындағы анықтау мен соңғы нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіштері.

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)		Эксп.тобы (62)		Бақ.тобы (63)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	11,3	7	11,1	7	27,4	17	14,3	9
Орта	38,7	24	38,1	24	50,0	31	46,0	29
Төмен	50,0	31	50,8	32	22,6	14	39,7	25



Сурет 8- Анықтау және қалыптастыру экспериментінен кейінгі педагогикалық даярлық нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Сонымен қатар, эксперименттік топ студенттерінің тапсырмаларды сапалы орындауға көшкенін атап өту қажет. Егер бақылау тобының студенттері негізінен дидактикалық материалдарды пайдаланса және бақылау мен өзбетінше дербес жұмыстар мәтіндерін қолданса, ал түсінуді анықтау үшін тек сұрақтарды ғана пайдаланса және де ұғымдарды, оқу жұмыстарындағы (екінші және үшінші қималардың тапсырмасындағы нақтылаушы баптарға қарамастан)

зерделеу кезінде бақылау ерекшелігіне назар аудармаса, ал эксперименттік топтың студенттері екінші қиманың тапсырмаларын орындау кезінде бастамашылық танытады, Дене шынықтыру мен спорттың ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі тапсырмаларды ұсынады (түрлі ойындарды, т.б.). Олар бақылау мақсатын нақтылауға, эталонды көрсетуге, бағалау өлшемдерін ұсынуға ұмтылады және бұл студенттердің жұмысы бір-біріне ұқсамайды.

Кесінділердің нәтижелері бойынша біз ұсынған критерийлер негізінде (іс - әрекеттердің дұрыстығы) студенттер деңгейлері бойынша бөлінді. Оларды талдау көрсеткендей, бірінші қима нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі теориялық дайындық деңгейінде. Бірінші және екінші деңгейде оқушылардың іс-әрекетін бақылау мен бағалауды жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру болды. Нәтижелерді талдау студенттердің эксперименттік топтарда бір деңгейден екінші деңгейге көшуін көрсетеді, бұл бақылау топтарында елеусіз жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, эксперименттік топ студенттері дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі бойынша сынақтар мен емтихандарда жоғары білім деңгейін көрсетті, олардың жауаптары нақтылығымен, аргументтілігімен, сәтті мысалдарымен және нақты сөйлеуімен ерекшеленді.

Алдағы уақытта эксперимент төртінші курста жалғасты. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау спорт түрлерін оқытудың жеке әдістемесінің курсына тапсырмаларды мақсатты түрде енгізу арқылы біз әзірлеген әдістеме бойынша, яғни студенттерді біртіндеп күрделенетін педагогикалық міндеттерді шешу жағдайына енгізу арқылы оқу үдерісін қарқындату қағидалары негізінде әртүрлі құралдар мен тәсілдерді қолдану арқылы жалғасты.

Эксперименттің екінші кезеңінің нәтижелері қима арқылы алынды.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін сапалық-сандық өңдеу болашақ дене шынықтыру мұғалімдердің, жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығының жоғары деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Эксперименттік топ студенттерінің басым бөлігі екінші және үшінші деңгейлерге қол жеткізгенін көруге болады. Бұл әзірленген әдістеменің және тапсырмалардың тиісті жүйесінің нәтижелілігін көрсетеді.

Сонымен, оқыту экспериментінің нәтижелерін талдау әзірленген әдістеменің тиімділігін көрсетті және біз ұсынған зерттеу болжамын растады.

Дене шынықтыру мұғалімдері, жаттықтырушы-оқытушылары мен студенттердің іс-әрекетін талдау және анықтаушы эксперимент деректері оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін бақылау мен бағалауды жүзеге асыру даярлығының қалыптаспағанын көрсетті. Дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісі педагогикалық бақылау даярлығын дербес қалыптастыра алмайтынын сипаттады. Студенттердің педагогикалық бақылауға даярлығының құрылымын құрайтын іс-әрекеттерді меңгеруге бағытталған біртіндеп қиындатылған педагогикалық тапсырмаларды шешуге белсенді түрде қамту қажеттігін көрсетті.

Қойылған міндетті жүзеге асыру тек қана педагогикалық бақылауға даярлықтың құрылымындағы білімді, іскерлікті және эмоционалдық-

құндылықтық қатынастарды қалыптастыру құралы ретінде қарқынды әдістерді қолдану жағдайында ғана мүмкін болады.

Эксперимент нәтижелерін талдау студенттерді педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесін әзірлеудегі негізгі бағыттарды белгілеуге мүмкіндік берді.

Берілген бағыттарды іске асыру үшін дене шынықтыру және спорттық іс-әрекетті ескере отырып, тапсырмалар жүйесіне қойылатын, атап айтқанда, ұғымдарды, жүйені, алгоритмдерді зерделеу кезіндегі талаптар нақтыланды.

Берілген талаптар негізінде студенттердің, болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылауға даярлығының барлық құраушыларын анықтауға бағытталған тапсырмалар жүйесі әзірленді.

Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мақсатындағы педагогикалық тапсырмалар: сұрақ (деңгейлік), оқу тапсырмалары, оқу міндеттері бақылау-тәрбиелік-білім беру мақсаттарымен біріктіріліп даярлау іс-әрекетінің жиынтығын білдіретін кешенді сипаттайды, оларды орындау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлау үшін оңтайлы жағдай жасайды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі ұсынылды. Оның мәні әрбір оқыту әрекеті үшін тиісті бақылау әрекеті қарастырылады, сонымен бірге жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде таңдалған педагогикалық бақылау даярлығының «ықпалы» өзгереді. Осыған байланысты бақылау түрлері бөлінген.

Педагогикалық бақылау даярлығының жоғары деңгейі мақсатты түрде студенттердің арнайы ұйымдастырылған теориялық және практикалық іс-әрекеті, олар бақылау іс-әрекетін меңгеру динамикасын диагностикалау арқылы қамтамасыз етілді.

Ерекше рөл оқу материалдары мен педагогикалық тапсырмаларға беріледі, олармен жұмыс жасау бірден тұтас іскерліктер кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жүргізілген эксперимент нәтижесінде оқу материалдары мен педагогикалық тапсырмаларды қолдану:

- жаңа білім мен іскерлікті меңгеруде жетістікті қамтамасыз етеді;
- ақыл-ой еңбегінің мәдениетін арттырады;
- логикалық және бейнелі ойлауды дамытады;
- білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырады;
- жеке тәсілді жүзеге асырады;
- жоғары мектептің оқу үдерісінде тұлғаның өзін-өзі дамуына жағдай жасауға әкеледі.

Зерттеуде пікірталастар, шағын-пікірталастар, іскерлік ойындар және т.б. басқа әдістер мен құралдар әзірленді және сынақтан өткізілді.

Эксперименттік тұрғыда анықталғандай, болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылау іс-әрекетінің мазмұны мен ерекшеліктерін, арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесі арқылы педагогикалық бақылауға даярлығының құрылымын ескере отырып жүзеге асырылады.

Эксперименттік оқыту барысында алынған оң нәтижелер ұсынылған әдістемесінің дұрыстығын дәйектейді және ұсынылған болжамды растайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген диссертациялық зерттеу болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесіне бағытталады. Педагогикалық бақылауға даярлық болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың (дене шынықтыру мұғалімінің) кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушылардың оқу-жаттығу жұмысын бақылауды жүзеге асыру теориялық-практикалық іс-әрекет және ол спорт педагогына оқыту нәтижесінің оның мақсаттарына сәйкестігін анықтауға, оқушылардың физикалық даму жағдайын объективті бағалауға, педагогикалық бақылау жүйесіне сәйкес іс-әрекетті ұйымдастыруға барабар шарттар мен құралдарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында алдыға қойылған міндеттер толықтай шешімін тапты және оларды төмендегіше сипаттауға болады.

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Педагогикалық жоғары білімі бар мамандарды даярлау қоғамның қажеттілігі мен сұранысына сәйкес жүзеге асырылатынын ескерсек, қазіргі кезде мектеп оқушыларының спорттық жаракат алуының көбеюі, оқушыларды бейім спорт түрлеріне мектептен баулу (спорт клубтарын ұйымдастыру, т.б.) мен дене шынықтыру-спорт ұйымдарының жұмыстарын жетілдіру болашақ спорт педагогын даярлауды қажет етеді және даярлауды ғылыми тұрғыда жүзеге асыруды қарастырады.

Әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алумен зерттеп отырған мәселені ғылыми тұрғыдан жүзеге асыру бағдары анықталды. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы ЖОО әлеуеті сипатталды.

2. «Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды. «Бақылау», «педагогикалық бақылау», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті» ұғымдарына берілген анықтамалар мен түсіндірмелерге сүйене отырып, «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті дегеніміз дене қозғалыс жаттығуларын сәтті орындаудағы және дене сапалары (қасиеттері) мен дайындығын жетілдірудегі саналы әрекеттердің бірлігі» және «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі» деп анықтадық.

«Даярлық» ұғымына берілген анықтамаларға сүйене отырып, «болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы дегеніміз олардың бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын күрделі біртұтас білім» деп анықтадық. Сонымен қатар,

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың ерекшеліктерін нақтыладық.

Жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби іс-әрекетін зерделеу, даярлығының қалыптастырылуын талдау негізінде олардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығының құраушылары автоматты түрде қалыптаспайтынын көрсетті және кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын үдерісі ретінде анықталды.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Іс-әрекет теориясына сәйкес оның: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік құраушылары анықталды және ол біз зерттеп отырған даярлықты жүзеге асыру әрекетінің мазмұны мен бағдарын анықтады. Аталған құраушыларды жүзеге асырудың тұжырымдамалық-мақсаттық, теориялық-әдіснамалық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық блоктары білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес белгіленді.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыруға сәйкес анықталды. Аталған әдістеменің әрекет кезеңдері мен даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрамдрынның байланысы анықталды.

- мотивациялық – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлауда ынта-ықыласты ету, маңыздылығын көрсету;

- мазмұндық – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау бойынша білімді меңгерту және әрекеттің мазмұнын ашу, бағдарлы іс-әрекет түрлері мен әрекеттердің орындалуын көрсету;

- іс-әрекеттік – алынған педагогикалық білімді практикада дәл, сапалы орындау тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру, педагогикалық бақылау бойынша жеке іс-әрекеттер мен олардың жиынтығын меңгерту;

- рефлексивтік - белгіленген педагогикалық бақылау бойынша білім, іскерліктердің қалыптасу деңгейін бақылау және өзіндік бақылауды жүзеге асыру.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесін әдістемелік әрекеттер мен педагогикалық тапсырмалар құрайтындықтан олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді және оң динамикасын көрсетті.

Теориялық және эксперименттік зерттеу нәтижесінде, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды педагогикалық бақылауға даярлаудың нәтижелілігін анықтайтын шарттар нақтыланды: таңдаған мамандыққа оң мотивацияның және оқу материалдарын, іс-әрекетті саналы меңгеруі үшін болашақ жаттықтырушы-оқытушының тұлғалық ұстанымының болуы; педагогикалық бақылау іскерліктерін қалыптастыратын іс-әрекет құрылымы мен оның өсуінің саналы сезінілуі; педагогикалық бақылау даярлығын кезең-кезеңімен жүзеге

асыруға бағытталған даярлаудың әдістемесі бойынша өзгермелі-дамымалы тапсырмалардың қолданылуы; педагогикалық бақылауға даярлау құралы ретінде оқытудың қарқынды әдістерінің қолданылуы.

Зерттеу бойынша қолданылатын педагогикалық тапсырмалар жүйесін қанағаттандыратын талаптар анықталды, атап айтқанда:

- тапсырмалар жүйесін құру кезінде оқытудың кәсіби-әдістемелік бағыттылығы ұстанымын сақтау;

- даярлық жүйесіне тапсырмаларды енгізу және оларды педагогикалық бақылауға даярлаудың барлық кезеңінде іске асыру;

- кәсіби және жеке тұлғалық бағыттылықтағы тапсырмаларды әзірлеу және қолдану;

- даярлауда кешенді тапсырмаларды қолдану.

Жұмыс барысында алынған деректер жүргізілген зерттеудің практикалық маңыздылығын дәйектейді.

Проблеманы одан әрі зерттеу бағыттары болашақ мұғалімдерді кәсіби-әдістемелік даярлауда дидактикалық іскерліктер кешенін қалыптастыруды қамтамасыз ететін компьютерлік бағдарламаларды, аудио және видеоматериалдарды әзірлеуден тұрады.

Орындалған жұмыс осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді: болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау-бағалау іскерліктерін жетілдіру; болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқыту нәтижелерін бағалау іскерліктерін қалыптастыру, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың критериалды бағалау даярлығын жетілдіру, т.б.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек №700 Заңы («Егемен Қазақстан» 02.09.2021 ж., №165 (30144))
- 2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-jne-ylым-atty-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi 16.08.2019
- 3 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы
- 4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген
- 5 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (ҚР 24.11.2021 № 75-VII Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_24.11.2021
- 6 Педагогтың кәсіби стандарты. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.
- 7 Дистерверг А.И. Избранные педагогические сочинения. – М.: Учпедгиз, 1956. – 259с.
- 8 Каптерев П.Ф. Современные задачи народного образования в России: / П.Ф. Каптерев. – Репр. изд. 1913 г. – Москва : Директ-Медиа, 2014. – 88 с.
- 9 Ушинский К.Д. Педагогические сочинения. В 6 т. Т. 2. / Составитель С.Ф. Егоров. – М.: Педагогика, 1988. – 416с.
- 10 Жұмабаев М. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 2003. – 230б.
- 11 Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки: Избр. труды. В 2-х т. Т. 2. - М., 1980. - С. 128-267.
- 12 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989. - 190 с.
- 13 Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. - М., 1982. - 192 с.
- 14 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. –Алматы:Атамұра, 2002. - 384 б.
- 15 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс. Учебник для пед.вузов: В 2 кн.-М.: Гуманит.изд.центр ВЛАДОС, 1999.-Кн. 1:Общие основы. Процесс обучения. -576 с.
- 16 Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011. -184 б.
- 17 Сластенин В. А. Учитель и время // Советская педагогика. - 1990. - №9. - С. 3-9.

- 18 Шадриков В.Д. Педагогическое оценивание : учебное пособие / В.Д. Шадриков, И.А. Шадрикова. – М. : Университетская книга, РИД РосНОУ, 2018. – 156 с.
- 19 Ainsworth L.B. & Viegut D.J. (2006). Improving formative assessment practice to empower student learning. Thousand Oaks, CA: Corwin.
- 20 Bennett R.E. (2011). Formative assessment: a critical review. *Assessment in Education: Principles Policy and Practice*, 18 (1), 5-25.
- 21 Black H. (1986). Assessment for learning. In D.L. Nuttall (Ed.), *Assessment Education Achievement*. (pp. 7-18). London: Falmer Press.
- 22 Black P.J. & Wiliam D. (2009) Developing the theory of formative assessment. *Educational Assessment, Assessment and Accountability*, 21 (1), 5-31
- 23 Atılgan H. (Ed.) (2006) *Eğitimde Ölçme ve Değerlendirme*. Anı Yayıncılık. Ankara.
24. Sabirov O. Features of pedagogical control in the physical education system of students. *Scientific journal National Pedagogical Dragomanov University*. Issue 11 (157) 2022, pp. 18-20.
- 25 Ilcheva J., Stoyanova H. Retrospective and contemporary state of pedagogical control. *Journal of mining and geological sciences, Vol. 60, Part IV, Humanitarian sciences and Economics*, 2017. pp.88-93
- 26 Stolyarova E. & Nizhnik G. (2014). Organization of the types of pedagogical control by using the methods of problem training in frames of teaching to the program material of sports pedagogical disciplines. *Uchenye zapiski universiteta imeni P.F. Lesgafta*. 160-162. 10.5930/issn.1994-4683.2014.02.108.p160-162.
- 27 Ziyoyev O.T., Jorayev S.S. Pedagogical Control Methods of Kurash Training. *Novateur publications international journal of innovations in engineering research and technology [IJERT]*. VOLUME 7, ISSUE 11, Nov.-2020
- 28 Гулидов И.Н. Педагогический контроль и его обеспечение: учебное пособие. - М.: ФОРУМ, 2005. - 240 с.
- 29 Ланда Б.Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности. - М.: Советский спорт, 2008. - 244с.
- 30 Иванов В.В. Комплексный контроль в подготовке спортсменов. - М: Физкультура и спорт, 2009. - 391 с.
- 31 Бриленок Н.Б. Педагогический контроль и тестирование в спортивной деятельности: учебно-методическое пособие / Авт.-сост. Н.Б.Бриленок. – Саратов: Изд-во «Саратовский источник», 2019. – 51 с.
- 32 Хроменкова Е.В. Педагогический контроль в научно-методическом обеспечении подготовки спортсменов: практ. пособие / Е.В.Хроменкова – Минск: РНПЦспорта, 2020. – 28 с..
- 33 Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі: II-III-IV бөлімдер. Оқу құралы. – Түркістан 2006. -295 б.
- 34 Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесін үйретудің әдістері. – Алматы, 2008. – 316 бет
- 35 Худияров Ғ.Б. Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында жаттығушылардың спорт түрлеріне бейімділігін анықтау (спорттық күрес түрлері бойынша). Пед.ғыл.канд.... дисс. –Алматы. 2010. – 148 б.

36 Ботағариев Т.Ә., Кубиева С.С. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері // Оқу құралы. – Т.Ә.Ботағариев, С.С.Кубиева., Алматы: ССК, 2017. – 228 б.

37 Архангельский С.И., Мизинцев В. П., Кочергин А.В. Обученность - главная переменная шкалы отметок, градации контингента и функции оценивания учителя. - М., 1985. -С. 3-37.

38 Барсай Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. - Шымкент. 2010. – 348 б.

39 Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. - 2002. - №2. – С.171

40 Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя: Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. - Л., 1967. - 183 с.

41 Кулюткин Ю.Н., Сухобской Г.С. Моделирование педагогических ситуаций: проблемы повышения качества и эффективности общепедагогической подготовки учителя. - М.: Педагогика.1981.-120 с.

42 Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: Учеб. пособие для студ. высших пед. учеб. заведений. - М.: Изд. Центр «Академия», 2001.-172-189 с.

43 Маркова А.Н. Психология труда учителя: Книга для учителя. - М., 1993. - 192 с.

44 Таубаева Ш.Т. Методология и методика педагогического исследования: Учебник. – Алматы, 2011. – 141 с.

45 Слостенин В. А., Тамарин В. З. Методологическая культура учителя // Советская педагогика. - 1990. - N7. -С. 82-88.

46 Намазбаева Ж.Ы. , Ибашова М.С. Білім беру үрдісіндегі шығармашыл тұлғаның кейбір психологиялық мәселелері // Абай атындағы ҰПУ. Педагогика және психология ғылыми-әдістемелік журнал. - 2013. - №1 (14). - Б.109-114.

47 Хан Н.Н. Национальное воспитание как компонент профессиональной подготовки будущего учителя // Научное обозрение: гуманитарные исследования. - 2015. - №4.

48 Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования: учеб. для вузов.-2-е изд.- Алматы: Гылым, 2003. –С. 265-270.

49 Әбдіғапбарова Ұ.М. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1998. - 23 б.

50 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2002. – 166 б.

51 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности.- Л.: ЛГУ, 1970. - 172 с.

52 Сериков В.В. Элементы теории системного управления образованием. – Челябинск: Изд-во ГЧГТУ, 1995.

53 Слостенин В.А. Профессиональная подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М.: 1982. - 250 с.

54 Адамбеков К.И. Проблемы исследования социальной педагогики физической культуры // Вестник КазНПУ им Абая. – 2014. - №2 (41). – С. 3-5.

55 Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі. - Түркістан, 2006.

56 Белицкая Г.Э. Социальная компетенция личности // Сознание личности в кризисном обществе. - М.: Научный мир, 1995. - 170 с.

57 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005. -208 б.

58 Сапарбаев М.Б. Теория и практика подготовки учителей физической культуры в системе непрерывного педагогического образования: дис. ... док. пед. наук: 01.03.93. – Алматы, 1993. – 246 б.

59 Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: дис. ... пед. ғыл. канд.: 21.02.99. – Алматы, 1999. -146 б.

60 Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. –Түркістан. 2007. – 235 б.

61 Қарақов А. Дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. – Түркістан. 2008. - 44 б.

62 Жанабаев Қ.Т. Дене тәрбиесіндегі ұлттық ойындар. – Алматы, 2001. - 37 б.

63 Ботағариев Т.А. Научно-практическое обоснование совершенствования физического воспитания школьников с учетом региональных условий: дис. ... док. пед. наук: 15.01.01. – Алматы, 2001. – 300 с.

64 Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006. – 166 б.

65 Оразов Ш. Б. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. –Түркістан, 2008. – 280 б.

66 Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1985. – 83 б.

67 Мешев И.Х. Формирование методической компетентности и культуры преподавателя физической подготовки вуза в процессе повышения квалификации // <http://www.online-science.ru/userfiles/file/lz4aordlw5s3va1i0cnh117z35dxupl.pdf>.

68 Кузнецова И.В. Развитие методической компетентности будущего учителя математики в процессе обучения математическим структурам в сетевых сообществах: дис. ... док. пед. наук. – Архангельск, 2015.

69 Маринченко К.А. Формирование компетентности профессионально-личностного самосовершенствования будущих преподавателей физической культуры в вузе: автореф. ... канд. пед. наук. - Орел, 2012. – 24 с. //

<http://www.dslib.net/prof-obrazovanie/formirovanie-stiprofessionalno-ntnolichnostnogo-samosovershenstvovaniya.html>.

70 Никифоров Н.В. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-тренеров по вольной борьбе: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Якутск, 2009. – 25 с.

71 Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында): Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация -Түркістан, 2015. – 199 б.

72 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 Қаулысы.

73 Гершунский Б.С. Философия образования / Б.С.Гершунский. – М.: «Флинта». 1998. – 498 с.

74 Слостенин В.А. Гуманистическая парадигма педагогического образования / В.А. Слостенин // Магистр. – 1994. №6. – С.2-7

75 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности: учеб. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2001. – 304 с.

76 Талызина Н.Ф. Пути разработки профиля специальности / Н.Ф. Талызина, Н.П. Печенюк, Г.Б. Хохловский.–Саратов: Изд-во СГУ, 1987. – 251 с.

77 Макаренко А.С. Из опыта работы / А.С. Макаренко // Педагогические сочинения: 8 т. – М., 1984. – Т. IV. – 567 с.

78 Сухомлинский В.А. О воспитании / В.А. Сухомлинский. – М.: Просвещение, 1975. – 273 с.

79 Летом казахстанские дети чаще всего получают спортивные травмы <https://www.sports.kz/news/letom-kazahstanskije-deti-chasche-vsego-poluchayut-sportivnyie-travmyi> 17 июня 2014

80 Какие травмы чаще всего получают дети в РК <https://lifeinsurance.kz/produkt/kakie-travmy-chasche-vsego-poluchayut-deti-v-rk> 14 июня 2018 года

81 Ортаев Б.Т., Исаев А.И. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігінің мәні мен мазмұны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы.12/9 (155) 2020. Б.238-242

82 Какие травмы получают казахстанские школьники <https://kursiv.kz/news/obshchestvo/2019-09/kakie-travmy-poluchayut-kazahstanskije-shkolniki> 03.09.2019

83 Какие травмы получают дети в школах? <http://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/114700/> 27.08.2018

84 Муқанова У. Балалардағы негізгі жарақаттар <https://kazmedic.org/archives/5617> 29.08.2017

85 Батурина И.Э. Мектеп жасындағы балалардағы жарақаттың алдын алу. <https://call-centervko.kz/kz/> 03.04.2019ж.

86 Исаев А.И., Абусейтов Б.З., Рахмет Ү.Р. Мектепке дейінгі балалардың дене тәрбиесі // Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы. Педагогика сериясы, №1(111), Түркістан. 2019. Б.178-181

87 Исаев А.И. Болашақ дене мәдениеті мамандарының кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. № 5 (120) Астана 2017. Б.116-120

88 Адамбеков К.И. Педагогические основы физического воспитания учащихся. Автореф. дисс. ... к.п.н. - Алматы, 1995, - 20 с.

89 Островский Б.И. Спортизация физического воспитания как фактор формирования спортивной культуры школьников / Б. И. Островский, Д. Г. Федотенков. - Текст : непосредственный // Молодой ученый. - 2016. - № 26 (130). - С. 669-674. - URL: <https://moluch.ru/archive/130/36124/> (дата обращения: 21.08.2020)

90 Фетисов В.А. Система массового физического воспитания и детско-юношеского спорта. - М.: Физкультура и спорт, 2003. - 78 с.

91 Щетинина С.Ю. Спортизация физического образования: учебное пособие / С. Ю. Щетинина, 2009. - 40 с.

92 Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. - М.: Академия, 2004. - 208 с.

93 Слостенин В.А., Тамарин В.З. Методологическая культура учителя // Советская педагогика. - 1990. - №7. - С. 82-88.

94 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы: Ғылым, 1998. - 320 с.

95 Лубышева Л.И. Спортивная культура в школе / - М.: НИЦ Теория и практика физической культуры и спорта, 2006. - 174 с.

96 Лях В.И. Ориентиры перестройки физического воспитания в общеобразовательной школе, 2008. - № 9. - С. 10-14.

97 Бальсевич В.К. Перспективы развития общей теории и технологии спортивной подготовки и физического воспитания / В.К. Боген. Обучение инновационным двигательным действиям / - М.: Физкультура и спорт. - 2003. - 154 с.

98 Бондарчук А.П. Спортизация физического образования / - М.: Олимпия Пресс, 2007. - 272 с.

99 Григорьев П.А. Проблема спортизации физического воспитания в общеобразовательной школе. - Международный студенческий научный вестник. № 2. 2015.

100 Гордон С.М. Спортивная тренировка в школе: науч.-метод. пособие / С.М. Гордон. - М.: Физическая культура, 2008. - 256 с.

101 Кострова Н. Н. Формирование физической культуры школьников на основе спортизации физического воспитания. Автореф. дисс. ... к.п.н. Код спец. ВАК: 13.00.01, 13.00.04. г. Чебоксары. 183 с.

102 Раевский Р.М. Спортизация физического воспитания как проблема современности / Раевский Р.М. - М.: Физкультура и спорт, 2008. - 478 с.

103 Способности и умения учителя физической культуры
<https://infourok.ru/sposobnosti-i-umeniya-uchitelya-fizicheskoy-kulturi-2382812.html> 15.12.2017

104 Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығы (өзгеріс енгізу туралы 15.12.2021ж. № 385 бұйрығы).

105 Беркимбаев К.М., Исаев А.И. Болашақ оқытушы-жаттықтырушылардың әдістемелік құзіреттілігінің мәні // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. №2 (57), - Алматы, 2018. Б.114-118

106 Полиевский С.А. Профессиональная и военно-прикладная физическая подготовка на основе экстремальных видов спорта: монография / С.А. Полиевский Р.Т. Раевский Г.А. Ямалетдинова. Екатеринбург: Гуманитар. ун-т, 2013. - 392с.

107 Ямалетдинова Г.А. Педагогика физической культуры и спорта: курс лекций: [учеб. пособие] / Г. А. Ямалетдинова; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. - Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2014. - 244 с.

108 Коломиец О.М. Профессиональные компетенции преподавателя высшей школы. – М.: «Граница», 2014. – 168 с. 186

109 Виленский М.Я. Физическая культура в научной организации процесса обучения в высшей школе. – М. : Физкультура и спорт, 1999. – 266с.

110 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша ҚР МЖМБС 6.08.064-2010. – Астана. 2010. – 43 б.

111 Дүйсенов О.Қ. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің волейбол спортына кәсіби бейімділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ материалдары негізінде). Пед.ғыл.канд. дисс. – Түркістан. 2006. – 140 б.

112 Волейбол оқу құралы. Дүйсенов О.Қ. және т.б. -Түркістан, 2006.–240 б.

113 Визитей Н.Н. Физическая культура личности. – Кишинев: Штиница, 1989. – 110с.

114 Туманян Г.С. Спортивная борьба: отбор и планирование. – М.: Физкультура и спорт, 1984. – 144с.

115 Научные работы: методика подготовки и оформления / Авт.-сост. И.Н.Кузнецов. – 2 изд. – Минск: Амалфея, 2000. – 544с.

116 Баландин В.И. Прогнозирование в спорте. – М.: Физкультура и спорт, 1986. – 192с.

117 Бегидова С.Н. Теоретические основы профессионального развития личности специалиста физической культуры и спорта. – Майкоп, Изд-во АГУ, 2001. – 270 с.

118 Мухамеджанов Б., Абдуллаев А. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі мектеп оқушыларының дене даярлығын бақылау әдістемесі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Ақтөбе 2007.

119 Тұрысқұлов Ө.Ж. Болашақ дәрігерлерге дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика материалдарын пайдаланудың педагогикалық шарттары. П.ғ.к. ... дисс. – Түркістан. 2007. – 152 б.

120 Шуберт Е.Ю. Формирование у будущих учителей физической культуры готовности к профессиональному самообразованию. – Алматы, 1994. – 130с.

121 Хужаев У.Ш. Формирование готовности будущих тренеров к профессиональной деятельности в условиях лично-ориентированного подхода. Автореф. ... к.п.н. – Бохтар. 2021. - 26 с.

122 Бернина Ю.С. Формирование управленческой компетентности будущих спортивных тренеров в системе высшего образования. Автореф. дисс. ... к.п.н. – М., 2020. 25 с.

123 Осокин Г.В., Наговицын Р.С. Основы профессиональной подготовки педагога-тренера к развитию физической культуры подростков в учебно-тренировочном процессе общеобразовательной школы // Материалы VIII Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум» URL: <https://scienceforum.ru/2016/article/2016022956>

124 Berkimbayev K.M., Isaev A.I., Isakova Zh.Zh., Iskakova P.K., Alimbetov V.A., Mutanova D.Yu. Essence of educational process of training future physical education specialists // Сборник научных трудов по материалам XXIII Международной научно-практической конференции «Научные исследования: ключевые проблемы III тысячелетия» (Россия. Москва, 20-22 марта, 2018). – М.: Проблемы науки, 2018. - С. 56-60.

125 Мухамеджанов Б.Қ. Болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. ... дисс. автореф. – Түркістан. 2008. – 46 б.

126 Дошыбеков А.Б. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2017. – 186 б.

127 Ямбаева Н.В. Подготовка будущих учителей физической культуры к организации соревновательной деятельности обучающихся. Дисс. ... к.п.н. – Йошкар-Ола, 2020. – 187 с.

128 Гомельская Т.В. Структура и содержание психолого-педагогических взаимоотношений в системе «тренер-спортсмен». Автореф. дисс. ... к.п.н. – М., 2005. – 28 с.

129 Зорин С.Д. Управление многолетней тренировкой учащихся детско-юношеских спортивных школ на основе применения бригадных форм работы тренеров. Автореф. дисс. ... к.п.н. – Чебоксары, 2005. – 24 с.

130 Неретин А.В. Формирование компетентности будущих тренеров в создании положительного социально-психологического климата в спортивных командах. Автореф. дисс. к.п.н. – Волгоград, 2011. – 27 с.

131 Гущина Н.В. Формирование профессиональной компетентности будущего тренера по спортивной аэробике в процессе обучения дисциплине

«Педагогическое физкультурноспортивное совершенствование». Автореф. дисс. ... к.п.н. – Чебоксары, 2009. – 24 с.

132 Ушхо Ю.Д. Формирование основ авторитета тренера - преподавателя в процессе профессиональной подготовки (на примере футбола). Автореф. дисс. к.п.н. – Майкоп, 2007. – 27 с.

133 Григорьев Е.Н. Формирование профессионально значимых качеств личности будущих тренеров-преподавателей в компетентностно-ориентированном образовательном процессе вуза. автореф. дисс. ... к.п.н. – Уфа, 2010. – 24 с.

134 Тюняева Т.В. Профессиональная подготовка студентов к осуществлению педагогического контроля в процессе обучения. 13.00.01 - общая педагогика. Автореф. дисс. ... к.п.н. – М., 1998. - 19 с.

135 Синебрюхова В.Л. Подготовка студентов педвуза к реализации контрольно-оценочной деятельности учителя начальных классов. Текст.: дис. ... канд. пед. наук/В.Л. Синебрюхова; Сургут.гос. пед. ин-т. - Сургут, 2000. С.9-26.

136 Иващенко Е.В. Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений школьников. Дисс. ... к.п.н. – Белгород, 2009. – 236 с.

137 Ахметова Г.К., Паршина Г.Н. Стратегия образовательных инноваций: преемственность многоуровневого образования. – Алматы: Қазақ университеті., 2007. – 186 с.

138 Концепция непрерывного последиplomного образования. – М., 1991. – 30 с.

139 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген

140 Ахметова Г.К. Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. – Алматы: Қазақ университеті., 2000. – 124 с.

141 Сенько Ю.В. Гуманитарные основы педагогического образования. – М.: «Академия», 2000. - 240 с.

142 Ахтаева Н.С. Системно-психологическая подготовка преподавателя вуза. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 238 с.

143 Коджаспирова Г.М. Технические средства обучения и методика их использования: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2008. – 352 с.

144 Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение: уч. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования. – М.: Академия, 2011 – 144 с.

145 Проектирование образовательных программ: сравнительное образование / Г.К. Ахметова, А.К. Мынбаева, Г.Н. Паршина, А.М. Алыбаева. - Қазақ университеті., 2011. – 124 с.

146 Пошаев Д.Қ. Оқытудың бірыңғай технологиясы: теориясы, әдіснамасы және практикасы: монография – Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016. – 178 б.

147 Таубаева Ш. Методология и методика дидактического исследования: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті., 2015. – 246 с.

148 Философский энциклопедический словарь / ред.-сост. Е.Ф. Губский и др. – М. : ИНФРА-М, 2009. – 569 с. – Иностр. термины и выражения: с. 559-569. - Библиогр. в тексте.

149 Проблемы методологии педагогики и методики исследований / Под ред. докт. пед. наук М.А. Данилова и докт. пед. наук Н.И. Болдырева (Акад. пед. наук СССР, Науч.-исслед. ин-т общ. педагогики). - М.: Педагогика, 1971. – 352 с.

150 Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С. – Минск: Современное слово, 2005. – 720с.

151 Белозерцев Е.П., Гонеев А.Д., Пашков А.Г. и др. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие для студ. высш.пед. учеб. заведений / под. ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.

152 Беликов В.А. Образование. Деятельность. Личность. – М.: Академия Естествознания, 2010. – 310 с.

153 Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 423 с.

154 Блауберг И.В., Садовский В.Н., Юдин Э.Г. Системный подход // Новая философская энциклопедия / Ин-т философии РАН.- 2-е изд., испр. и допол. — М.: Мысль, 2010. – 120 с

155 Таубаева Ш.Т. Компетентностный подход в структуре методологического знания педагогики. - Алматы. Қазақ университеті. 2009. - 90 с.

156 Лернер Л.Я. Среда бытия растущего человека в изменяющемся мире // Российский общественно-педагогический журнал «Народное образование». – 2005. – №2. – С. 44.

157 Яковлева Н.О. Педагогическое проектирование инновационных систем: автореф. ... докт. пед. наук: 13.00.01. – Челябинск, 2003. – 52 с.

158 Оценка готовности студентов – будущих учителей труда к осуществлению политехнического образования, трудового воспитания и профориентации школьников / Под ред. Ю.К. Васильева. – М.: АПН СССР, 1990. – 25 с.

159 Зимняя И.А. Личностно-деятельностный подход как основа организации образовательного процесса. – М., – 2001. – С. 244-252.

160 Бодров В.А. Психология профессиональной пригодности: Учеб. пособие для вузов. - М., 2001. -С. 5.

161 Арынгазин К.М., Мирза Н.В. Компетентностный подход в системе подготовки педагогов высшего профессионального образования: Интернет ресурс http://www.rusnauka.com/22_PNR_2009/Pedagogica/

162 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – № 5. – С.3-4.

163 Андреев В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс: учебное пособие. – Казань: Центр инновационных технологий, 2008. – 500 с.

- 164 Davenport T. Process Innovation: Reengineering Work through Information Technology. Boston, MA.: Harvard Business School Press, 1993.
- 165 Хаммер М., Чампи Дж. Реинжиниринг корпорации: Манифест революции в бизнесе. М.: Манн, Иванов, Фербер, 2006.
- 166 Томпсон-мл. Артур А., Стрикленд А. Дж. Стратегический менеджмент. Концепции ситуации для анализа. М.: Вильямс, 2005
- 167 Робсон М., Уллах Ф. Реинжиниринг бизнес-процессов: практическое руководство. М.: ЮНИТИ, 2003.
- 168 Торыбаева Ж.З., Ортаев Б.Т. Қазіргі жоғары мектептің оқу үдерісін басқару: оқу құралы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. – 2015. -124 б.
- 169 ТК РБ 4.2-Р-05-001. Методика и порядок работ по определению, классификации и идентификации процессов. М.: Госстандарт России, 2001.
- 170 ҚР СТ ИСО 9001-2009. Сапа менеджмент жүйелері. Талаптар. – Астана: Мемстандарт, 2009. – 37 б.
- 171 Гиссин В.И. Управление качеством (2е изд.) [Текст]. М.: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2003. – 400 с.
- 172 Мишин В.М. Управление качеством: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Менеджмент организации» [Текст]. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. 463 с.
- 173 Матрос Д.Ш. Менеджмент качества в школе на основе стандартов серии ГОСТ Р ИСО 9000-2001, новых информационных технологий и образовательного мониторинга [Текст]. - М.: Центр педагогического образования, 2008. - 288 с.
- 174 Кривых В.В. Сущность процессного подхода в управлении научно-методической работой в профессиональной образовательной организации. <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-protsessnogo-podhoda-v-upravlenii-nauchno-metodicheskoy-rabotoy-v-professionalnoy-obrazovatelnoy-organizatsii/viewer>
- 175 Руководство по концепции и использованию процессного подхода для систем менеджмента. Документ ISO/TC 176/SC 2/N 544R3, 15 октября, 2008. - С. 3-8.
- 176 Ортаев Б.Т. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: Оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы элем. 2018. – 116 б.
- 177 Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза: методическое пособие / авторский состав Н.Э. Касаткина, Т.К. Градусова, Т.А. Жукова, Е.А. Кагакина, О.М. Калупаева, Г.Г. Солодова, И.В. Тимопина. – Кемерово: ГОУ «КРИПО», 2011. - 237 с.
- 178 Таубаева Ш., МаксUTOва И.О., Кыдырханов Э. Профессиональная самореализация преподавателя военного вуза // Научные труды АПС КНБ РК 2017. - №2. – С. 161-168.
- 179 Загоруля Т.Б. Педагогический потенциал вуза: сощность и содержание // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. 2015. №6. С.56-62

180 Большой энциклопедический словарь [Текст] / под ред. А.М. Прохорова. – М.: Советская энциклопедия; СПб.: Ленинградская галерея. – 1993. – 1628 с.

181 Боднар А.М. Педагогический потенциал учителя: личностно-гуманистический аспект [Электронный ресурс] / А.М. Боднар: дис. ... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 1993. – 194 с. – Режим доступа: <http://elar.urfu.ru/handle/10995/28888>. Дата обращения: 17 ноября 2014 г.

182 Белоусов И.В. Методические основы оценки научно-инновационного потенциала вуза и стратегия активизации его развития [Электронный ресурс] / И.В. Белоусов: автореф. дис. ... канд. экон. наук. – СПб., 2011. – 22 с. – Режим доступа: <http://rushkolnik.ru/docs/226/index-89808.html>. Дата обращения: 12 января 2015 г.

183 Николаев А. Инновационное развитие и инновационная культура [Электронный ресурс] / А. Николаев// Центр инноваций. – Режим доступа: <http://www.center-inno.ru/materials/library>. Дата обращения: 20 июня 2014 г.

184 Горшенин В.П. Управление инновационным потенциалом персонала корпорации: автореф. дис. ... д-ра экон. наук: 08.00.05 / В.П. Горшенин. – Челябинск, 2006. – 42 с.

185 Позднякова О.М. Актуализация педагогического потенциала культуры в процессе профессионального обучения [Электронный ресурс] / О.М. Позднякова // Омский научный вестник, 2008. – № 4–69. – С. 105–108. – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/aktualizatsiyapedagogicheskogo-potentsiala> (Дата обращения: 13 марта 2015 г.)...

186 Мясоедова Е.А. Подготовка студентов педвуза к исследованию педагогического потенциала среды [Электронный ресурс] / Е.А. Мясоедова: дис... канд. пед. наук. – Астрахань, 1997. – 219 с. – Режим доступа: <http://www.dissercat.com/content/podgotovka-studentov-pedvuza>. Дата обращения: 25 декабря 2014 г.

187 Божинская Т.Л. Педагогический потенциал региональной культуры в современном российском образовании [Электронный ресурс] / Т.Л. Божинская: автореф. дис. ... канд. филос. наук. – Краснодар, 2010. – 32 с. – Режим доступа: <http://krdu-mvd.ru/fgdjsdb1.html>. Дата обращения: 14 января 2015 г.

188 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2026 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. – Түркістан. – 2022. – 60 б.

189 Таубаева Ш., Максүтова И. Дополнительное профессиональное образование как ключевой фактор реализации новой парадигмы образования «LIFEL LEARNING» // Педагогика и психология. - 2018. - №1(34) – С. 64-70.

190 Стратегический план развития Казахстана до 2025 года www.akorda.kz Постановление Правительства Республики Казахстан от 3 февраля 2005 года № 94 <http://online.zakon.kz..>

191 Кусаинов А.К. Развитие образования в Казахстане и Германии. – Алматы: Ғылым, 1997. – 204 с.

192 Теслинов А., Протасова И.А. Образование по-взрослому. Дух андрагогики развития. – М.: Флинта, 2018. – 112 с.

193 Сенашенко В.С. Дополнительные квалификации в структуре профессионального образования // Дополнительное профессиональное образование. – 2004. – № 8 (12)

194 Сенашенко В., Кузнецова В. Дополнительные образовательные профессиональные программы в структуре вуза // Высшее образование в России. №9, 2005. – с. 39-47

195 Гриншкун В. В., Заславская О.Ю., Корнилов В.С. Методика оценки образовательных электронных ресурсов: учеб. пособие / В.В. Гриншкун, О.Ю. Заславская, В.С. Корнилов. – М.: МГПУ, 2012. – 144 с.

196 Omarov B., Omarov B., Issayev A., Anarbayev A., Akhmetov B., Yessirkeпов Zh., Sabdenbekov Y. Ensuring Comfort Microclimate for Sportsmen in Sport Halls: Comfort temperature Case Study. 12th International Conference, ICCSI 2020 Da Nang, Vietnam, November 3-December 3, 2020 Proceedings

197 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В 4т. Т. 2 (Е - Муж) / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. - 2-е изд., стер. - М.: Прогресс, 1986. - 672 с.

198 Семенов А.В. Этимологический словарь русского языка. – М.: Издательство «ЮНВЕС», 2003. - 704 с.

199 Этимологический словарь русского языка. Выпуск 8, буква К. Под ред. Шанского Н.М. - М.: Изд-во МГУ, 1982. - 470 с.

200 Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70000 слов / Под ред. Н.Ю. Шведовой. – 21-е изд., перераб. и доп. - М.: Рус.яз., 1989. - 924 с.

201 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

202 Казахско-русский словарь: около 50000 слов / Под ред.чл.-корр. НАН РК Р.Г.Сыздыковой, проф. К.Ш. Хусаина. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. – 962 с.

203 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайнов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. - 256 б.

204 Ортаев Б.Т., Исаев А.И., Туна С. Педагогикалық үдерісте практикалық іс-әрекеттерді бақылау // «Өзбекәлі Жәнібек Оқулары - 2019» атты X халықар. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. - Түркістан. 2019. 316-321 б.

205 Методические рекомендации педагогам дополнительного образования «Требования к контрольно-оценочным материалам дополнительных общеобразовательных общеразвивающих программ»/ Автор-составитель В.В. Сотникова – Екатеринбург: МАУ ДО ГДТДиМ «Одаренность и технологии», 2017, - 24 с.

206 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.

207 Ортаев Б.Т. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлау: Монография. – Шымкент: Нұрлы әлем. 2016. 192 б.

208 Амонашвили Ш. А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. - Мн., 1990. - 560 с.

- 209 Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінш., толықт., түзет. және қайта өнд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. - М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
- 210 Ортаев Б.Т., Туна С., Исаев А.И. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың ерекшеліктері туралы // Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы, Педагогика сериясы, №3 (109), Түркістан. 2018. Б. 182-186
- 211 Подласый И.П. Педагогика начальной школы. Текст.: Учебн. пособ. для студ. пед. колледжей / И.П. Подласый. - М.: Туманит, изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 400 с.
- 212 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. - М. ИКЦ МарТ, Ростов н/Д Изд центр, 2005. - 448 с.
- 213 Bloom, B. S. Taxonomy of Educational Objectives [Text] / B. S. Bloom. - N.Y., 1971.-98 p.
- 214 Беспалько В.П. Опыт разработки и использования критериев качества усвоения знаний // Сов.педагогика, 1968, № 4, с. 52-63
- 215 Жексембекова В.А., Алинова М.Ш. Контроль учебных достижений обучающихся как фактор внедрения кредитной системы обучения в условиях модернизации казахстанского общества. - Астана, 2009 - 137с.
- 216 Сатмурзаев А., Оценка знаний, навыков и умений студентов: методический аспект.//Вестник высшей школы Казахстана, 2000, №2, с.12-19.
- 217 Платонов В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения / В.Н. Платонов. – Киев: Олимпийская литература, 2004. – 808 с.
- 218 Горбунов В.А. Научно-методическое обеспечение подготовки спортсменов / В.А. Горбунов, А.Ю. Лебединский // Восток-Россия-Запад, физическая культура и спорт в развитии здоровьесформирующих и здоровьесберегающих технологий: материалы Международной науч.-метод. конф. – Иркутск, 2005. – Т.2. – С. 180–183.
- 219 Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. пособие / Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – 3-е изд. – М.: Академия, 2004. – 480 с.
- 220 Шелков О.М. Система комплексного контроля в процессе подготовки спортсменов-паралимпийцев / О.М. Шелков, А.Г. Абалян // Адаптивная физическая культура. – 2011. – №4 (48). – С. 50–52.
- 221 Ровный А.С. Педагогический контроль подготовки юных толкателей ядра 11-15 лет в системе комплексного контроля / А.С. Ровный, Т.И. Кудряшова // Сб. науч. тр. / ХГАДИ (ХХПИ). – Харьков, 2003. – Вып. 5: Физическое воспитание студентов творческих специальностей. – С. 3–8.
- 222 Никитушкин В.Г. Современная подготовка юных спортсменов: метод. пособие / В.Г Никитушкин. – М.: Москомспорт, 2009. – 112 с.
- 223 Теория и методика физической культуры: учеб. / под ред. Ю.Ф. Курамшина. – М.: Советский спорт, 2003. – 464 с.
- 224 Платонов, В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения / В.Н. Платонов. – Киев: Олимпийская литература, 2004. – 808 с.

225 Курс лекций по спортивной метрологии: учеб.-метод. пособие / Нижневартковский гос. ун-т; сост. О.С. Красникова. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. унта, 2013. – 92 с.

226 Абдиллаев А.К., Ақназаров С.Б. Исаев А. Мектеп жасындағы бастауыш сынып оқушыларының қимылдық ойындар арқылы дене сапаларын дамыту әдістемесі //«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. №5/5 (55), Алматы, 2020. Б. 278-282

227 Исаев А.И. Гимнастиканы оқыту әдістемесі. Дене мәдениетінен кәсіби білім беру оқу орындарына арналған оқу құралы.– Шымкент: Әлем, 2021.–132б.

228 Балтина А.С., Исаков Т.Б. Жас дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастырудағы заманауи көзқарастар // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №3(57) 2019. – б.115-122.

229 Ортаев Б.Т., Туна С. Исаев А. Оқыту нәтижелері мәнін анықтаудың қажеттіліктері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. №1/2 (55), - Алматы, 2018. Б. 195-198

230 Исаев А.И. Жеке тұлғаның ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігі тұрақтылығын қамтамасыз ететін дене мәдениеті құралдарының маңыздылығы // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. № 5 (120) Астана 2017. Б.113-116

231 Худияров Ғ.Б., Исаев А.И. Дене тәрбиесінің жеке тұлғаның дамуындағы маңыздылығы туралы //«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. №12/9 (55), - Алматы, 2020. Б. 265-273

232 Құланова Қ.Қ., Марчибаева Ұ.С. Жалпы және арнайы дене дайындығы: оқу-әдістемелік құрал / Қ.Қ.Құланова, Ұ.С.Марчибаева. – Алматы: Эверо, 2017. – 140 б.

233 Далингер В.А. Обучение учащихся доказательству теорем: Учеб. пособие. - Омск, 1990. - 127 с.

234 Спортивная метрология: учеб. пособие / М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т; Н.Н. Трифонова, И.В. Еркомайшвили; науч. ред. Г.И. Семенова. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2016. – 112 с.

235 Кучугурова Н.Д. Формирование у будущего учителя умения осуществлять контроль учебно-познавательной деятельности школьников. Дисс. ... к.п.н 13.00.01 - Общая педагогика. – Ставрополь. 1996. – 195 с.

236 Лында А.С. Дидактические основы формирования самоконтроля в процессе самостоятельной учебной работы учащихся. - М., 1979. - 95 с.

237 Омельченко Н.А., Ляудис В.Я. Формирование контрольно-корректировочных действий у студентов при обучении с помощью ЭВМ. - Воронеж, 1982. - 119 с.

238 Ортаев Б., Исаева А.И., Туна С. Болашақ мұғалімдердің бақылау іскерліктерін қалыптастыру қажеттілігі // Ахмет Ясауи хабаршысы. 2018

239 Исаев А.И., Ортаев Б.Т. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігінің мәні мен мазмұны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы.12/9 (155) 2020. Б.238-242

- 240 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. – 544 с.
- 241 Слостенін В.А. Комплексная программа “Учитель советской школы” // Советская педагогика. - 1986. - № 10. - С. 64-67.
- 242 Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ
- 243 Макеева В. С. Профессионально-личностное развитие студента в образовательном пространстве физической культуры: монография / В.С. Макеева. Орел: ФГБОУ ВПО «Государственный университет-УНПК», 2013. - 227 с.
- 244 Ильинич В.И. Физическая культура студента: Учебник / Под ред. В.И. Ильинича. М.: Гардарики, 2005 -448 с.
- 245 Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество. – М.: Академия, 2002. – 224 с.
- 246 Станкин М.И. Профессиональные способности педагога: Акмеология воспитания, обучения. - М., 1998. - 368 с.
- 247 Кузьмина Н.В. Мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся / Н.В. Кузьмина // Вопр. психологии. 1984. №1. -С.41-45.
- 248 Ильин Е.П. Психология физического воспитания: учеб. пособие для студ. пед. ин-тов. - М.: Просвещение. 1987. - 287 с.
- 249 Зязюн И.А. Основы педагогического мастерства / И.А. Зязюн, И.Ф. Кривонос, Н.Н. Тарасевич и др. - М.: Просвещение, 1989. - 302 с.
- 250 Талызина И. Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. - М., 1983. - 96 с.
- 251 Гальперин П.Я. Формирование умственных действий // Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. - М., 1981. - С. 78-86.,
- 252 Талызина Н.Ф. Теоретические основы контроля в учебном процессе. - М., 1983. - 96 с.
- 253 Раченко И.П. НОТ учителя: Кн. для учителя. - 2-е изд., перераб. и доп. - М., 1989. - 238 с.
- 254 Кондрев С.В., Шумаров В.Б. Некоторые вопросы применения методики В.Ф. Шаталова в условиях подготовки специалистов в сокращенные сроки: Методические рекомендации. - Пенза, 1991. - 126 с.
- 255 Новиков А.М. Процесс и методы формирования трудовых умений: Профпедагогика / А.М. Новиков. – М.: Высшая школа, 1986. – 288 с.
- 256 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. -М.: Педагогика, 1989. -560 с.
- 257 Васильев Ю.К. Политехническая подготовка учителей средней школы. – М.: Педагогика, 1978. -175 с.
- 258 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемелі ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 259 Қуанышев Т.Ш. Подготовка будущих учителей физической культуры средствами национальных игр. Дисс...канд.пед.наук. –Алматы, 1994. -126 с.
- 260 Таникеев М.Т. Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. Автореф. дисс...докт.пед.наук. – Алматы. 1998. – 45 с.

261 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша ҚР МЖМБС 6.08.064-2010. – Астана. 2010. – 43 б.

262 Исаев А.И. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігі және оларды жетілдіру жолдары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1. (123) Б.185-189

263 Мусабекова Г., Туна С. Болашақ мұғалімнің бақылау-бағалау құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // Ясауи университетінің хабаршысы, №2 (124), 2022. Б.105-118.

264 Туна С., Исаев А. Вопросы формирования готовности будущих учителей к оцениванию результатов обучения учащихся // Problems and prospects of professional education development in the 21st century. Materials of the IX international scientific conference on April 10–11, Москва – 2019 г. p.32-35

265 Donchenko V., Zhamardiy V., Shkola O., Kabatska O., Fomenko V. Health-saving competencies in physical education of students. Wiadomości Lekarskie 2020, tom LXXIII, nr 1. P.145-150

266 Zhabakov V., Zhabakova T., Kravtsova L. Transdisciplinary methods of the future physical culture teacher's soft skills competencies formation. First International Scientific-Practical Conference "Actual Issues of Physical Education and Innovation in Sports" (PES 2020). Volume 26, 2020

267 Осипов А.Ю., Гольм Л.А., Михайлова С.А. Формирование здоровьесберегающих компетенций будущих специалистов средствами физического воспитания / Вестник Череповецкого государственного университета. 2012. № 2. Т. 2. - С.178-182

268 Сыдықов Н.Т., Құлбаев А.Т., Келдіқұлов Ғ.Қ., Абдреимова К. А. Жоғары білікті спортшыларды даярлауды басқаруды ұйымдастыру // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №3 (57). 2019. б.147-151

269 Максутова И.О. Педагогические основы формирования технологической компетентности начинающих преподавателей военного вуза в системе дополнительного образования. 6D106200 - дисс... на соискание степени доктора философии (PhD). – Алматы: 2019. – 220 с.

270 Шумилова, Н.Н. Управление качеством подготовки специалистов / Н.Н. Шумилова // Специалист. – 2007. – № 3. – С. 18–19.

271 Абдуллаева П.Т. Диагностическая компетентность будущих педагогов-психологов в университетской среде: сущность и содержание // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2016.- № 3.- (49).

272 Штофф В.А. Моделирование и философия. – Москва-Ленинград: Наука, 1966. – 240 с.

273 Педагогикалық энциклопедиялық сөздік. - Алматы, 1986. - 291 б.

274 Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ., Әбділдин Ж.М., т.б. Философиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 525 б

275 Қазақша-орысша аударма сөздік. - Алматы, 1989. - 425 б.

276 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8 том. //Жалпы редакцияны басқарған Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі – А.Ы.Ысқақов. - Алматы: Ғылым, 1985, - 122 б.

277 Правдов М.А. Формирование профессиональных компетенций у студентов факультета физической культуры педагогического вуза на основе проведения конкурсов профессионального мастерства / М.А. Правдов, Н.Б. Павлюк, Д.М. Правдов, А.В. Корнев // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). 2012. № 9 (17). С. 70.

278 Рагозина Г.А., Панская Е.С., Манжосова И.В.. Структура и содержание профессиональной педагогической компетентности учителя русского языка средней общеобразовательной школы // Профессиональное образование в России и за рубежом 1 (33) 2019. С. 94-99.
<https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-i-soderzhanie-professionalnoy-pedagogicheskoy-kompetentnosti-uchitelya-russkogo-yazyka-sredney-obshchegoobrazovatelnoy>

279 Шектибаев Н.А. «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсының оқыту барысында болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесі. 6D011000 - Физика мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы. 2022. – 247 б.

280 Тихомиров Ю.В., Правдов М.А. Модель формирования профессиональной компетентности у будущих учителей физической культуры на основе совершенствования методики преподавания базовых и новых видов физкультурно-спортивной деятельности // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал), Modern Research of Social Problems, №3(47), 2015. – С.164-172

281 Абрамова В.В. Формирование профессиональной компетентности будущих учителей физической культуры: Дис. ... канд. пед. наук. – Тирасполь, 2006. 229 с.

282 Лубышева Л.И. и др. Спортизация в общеобразовательной школе/ под общ. ред. докт. педаг. наук, профессора Л.И. Лубышевой. – Москва: Научно издательский центр «Теория и практика физической культуры и спорта», 2009. С. 44.

283 Abishova G., Andreeva N., Issayev G., Issayev A., Mynbayeva B. The application problem of project-based learning technology in higher education of Kazakhstan. EurAsian Journal of BioSciences Eurasia J Biosci 14, 781-789 (2020). P.781-789

284 Аванесов В.С. Основы научной организации педагогического контроля в высш. школе. - М.,1989. – 167с.

285 Слостенин В.А. Педагогика: учебник для студ. высш. учебн. завед./ В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под. редак. В.А. Слостенина.-8-е изд., стер. -М.: Изд. центр «Академия», 2008. - 576с.

286 Перовский Е. И. Проверка знаний учащихся в средней школе. - М.: Академия педагогических наук РСФСР, 1960. – 512с.

287 Ингенкамп К. Педагогическая диагностика: пер. с нем. – М.: Педагогика, 1991, 240с.

288 Беспалько В.П. О критериях качества подготовки специалистов // Вестник высшей школы, 1988. № 1, 3–8с.

- 289 Муравьев В. Тесты успешности. - М., 1979. – 150 с.
- 290 Сырбу С.А. Возможности использования компьютерного тестирования как формы контроля знаний / С.А. Сырбу, Т.Г. Волкова, И.О. Стерликова: Учебное пособие. – Иваново: Иван.гос. ун-т, 2008. – 76с.;
- 291 Калдыбаев С.К. Компьютерная диагностика результатов обучения в общеобразовательной школе: практико-ориентированная монография / С.К. Калдыбаев, Д.М. Ажыбаев, М.М. Бекежанов. - Бишкек, 2007. – 136 с.;
- 292 Колесников Ю.Ю. Контроль образовательных результатов учащихся старших классов на основе информационных технологий: Дисс. на соискание учен. степени канд. пед.наук.13.00.01., СПб.,2009. - 192с.;
- 293 Фроликов Д.В. Педагогическое тестирование в военном вузе как средство активизации познавательной деятельности курсантов (на материале изучения гуманитарных дисциплин): 13.00.08: автореферат. дис. на соиск. ученой степени. канд. пед.наук. - Курск. 2007. – 20с.
- 294 Словарь Русского языка. 70000 слов /Под ред. Н.Ю.Шведовой.-23-е изд., испр. -М.: Рус. яз., 1991. – 917 с.
- 295 Құдайқұлов М.Ә., ж.б. Нарықтық педагогика негіздері: студенттер мен мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2007. - 276 б.
- 296 Петухов Н.Н. Общие основы теории коммунистического воспитания. Часть I. Основные категории педагогики и проблемы ее законов, принципов, правил. Уч. пособие. –Л., 1975. –130 с.
- 297 Лихачев Б.Т. Педагогика: курс лекций / Б.Т. Лихачев. – М.: Юрайт-Издат, 2003. – 607 с.
- 298 Никитина Н.Н., Железнякова О.М., Петухов М.А. Основы профессионально-педагогической деятельности / Н.Н. Никитина, О.М. Железнякова. - М.: Мастерство, 2002. – 288 с.
- 299 Ортаев Б.Т., Исаев А.И. Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру: оқу құралы. - Шымкент: «Әлем» баспаханасы. 2020. – 156 б
- 300 Типтік оқу бағдарламасы. 050108.01 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы. – Алматы, 2011. –138 б.
- 301 Исаев А.И., Ортаев Б.Т. Дене тәрбиесіндегі бақылауды ұйымдастыру түрлері мен формалары – болашақ маман даярлау бағдары // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. №5/5, Алматы 2020. Б.185-189
- 302 Типтік оқу бағдарламасы. 050108.01 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша педагогикалық ЖОО-на арналған. Медико-биологиялық пәндер. – Алматы, 2011. - 263 б.
- 303 Типтік оқу бағдарламасы. 050108 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ЖОО-на арналған. – Астана, 2006. -114 б.
- 304 Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. Бағалаудың өлшемдік технологиялары. Оқу құралы / Р.А. Набуова, А.М. Жубандыкова. – Алматы, 2019. – 260 б.

305 Tuna S., Boranbayeva A., Ortayev B., Isaev A., Isaev G., Mussabekova G. Preparing future teachers to evaluate learning outcomes. Universidad Del Zulia. Revista de Ciencias Humanas y Sociales. № 90-2 (2019). Maracaibo – Venezuela. P.385-402.

306 Issayev, A., Ortayev, B., Issayev, G., Baurzhan, D., & Gulzhaina, A. (2022). Improving the supervisory competence of future teacher trainers with the help of innovative technologies. World Journal on Educational Technology: Current Issues. 14(3), 692-703. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7276>

307 Аванесов В. Основы теории педагогических заданий. <http://testolog.narod.ru/EdMeasmt10.html#:~:text=>

308 Аванесов В.С. Теоретические основы разработки заданий в тестевой форме. -М.: 1996. – 116 с.

309 Исаева Т.Е. Профессионально-педагогическая культура преподавателя как условие и показатель качества образовательного процесса в высшей школе: дис. ... док. пед.наук. –Ростов-на-Дону, 2003. - 489 с..

ҚОСЫМША А

Маманның кәсіби даярлығын анықтайтын құраушылар

Кесте А1- Мамандарға қойылатын біліктілік талаптар

Дене шынықтыру пән мұғалімі (Білім беру ұйымдарындағы барлық мамандық мұғалімдеріне ортақ)	Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы
1	2
<p>Лауазымдық міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытатын пән ерекшелігін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. 2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ашуға және дамытуға, тұлғаның әлеметтенуі мен жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. 3. Оқытудың әр түрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістерін қолданады. 4. Пәннің күнделікті сабақ жоспарларын құрады. 5. Оқыту процесіне инновациялық, ақпараттық технологияларды ендіруді қамтамасыз етеді. 6. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған білім, білік және дағдылармен қамтамасыз етеді. 7. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және дайындауға қатысады, оны оқу жоспары мен оқу үрдісі кестесіне сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді. 	<p>Лауазымдық міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарын әзірлейді, қатысушы-спортшылармен бірге өз жұмысының нәтижелері мен мазмұнына жүйелі түрде есеп жүргізеді, талдайды, жинақтайды 2. Бөлімше оқушыларының топтарымен, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарға жататын оқушылармен оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстар жүргізеді (оқу-жаттығу процесін жоспарлайды, әр оқушыға даярланудың жеке жаттығу жоспарын жасайды). 3. Өз жұмысында спорттық даярлықтың және оқушыларды сауықтырудың аса тиімді әдістерін пайдаланады. 4. Оқушылардың жоспарланған жаттығу жүктемелерінің, спорттық көрсеткіштерінің және қажетті сауықтыру іс-шараларының жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етеді. 5. Спорттық жетілдіру үшін аса перспективалы оқушыларды іріктеуді қамтамасыз етеді. 6. Олармен тәрбиелік және патриоттық жұмыстар жүргізеді. 7. Оқушылардың теоретикалық, физикалық, техникалық және спорттық дайындығын арттыруды, жаттығулар барысында олардың денсаулығын нығайтуды және сақтауды, оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. 8. Спортшылардың тыйым салынған дәрі-дәрмектерді және әдістерді (допингке қарсы) қолдану жағдайларын

А 1 -кестенің жалғасы

1	2
<p>8. Әдістемелік бірлестіктердің және әдістемелік басқа да іс-шараларға қатысады.</p> <p>9. Кәсіби біліктілігін жүйелі арттыруды жүзеге асырады (Кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады).</p> <p>10. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделері мен икемділіктерін, олардың отбасылық, тұрмыстық жағдайларын зерделейді.</p> <p>11. Әлеуметтік (түзету) білім беретін мекемелерде оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.</p> <p>13. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді.</p> <p>14. Ата-аналармен, немесе оларды алмастырушылармен байланыс жасайды.</p> <p>15. Сабаққа қатысу, оқыту тәртібін сақтайды. Құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды. Оқыту үрдісінде балалардың денсаулығы мен өмірлерін сақтау үшін қажетті жағдай жасайды.</p> <p>16. Іс-әрекетті есепке алуды және қажетті дайындықты қамтамасыз етеді.</p>	<p>болдырмайды.</p> <p>9. Оқушылардың уақтылы медициналық тексерістен өтуін, олардың антропометриялық өлшемдердің, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулардың негізінде дәрігерлердің ұсынымдарын орындауын және бақылау жаттығуларының орындалуын бақылайды.</p> <p>10. Оқушылардың жалпы және арнайы денешынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін өткізеді.</p> <p>11. Есепке алу және есептілік құжаттамасын сапалы жүргізуді және басшылыққа, құрылымдық бөлімшенің бастығына, аға жаттықтырушы-оқытушыға уақтылы ұсынуды жүзеге асырады.</p> <p>12. Жаттықтырушылар мен нұсқаушылардың семинарларына қатысады.</p>

<p>Білуге міндетті:</p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау», «Кәмелетке толмағандардың арасында тәртіп бұзудың және қараусыз қалмауының алдын алу» заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; пәннің жүргізу әдістемесін, тәрбие жұмыстарының; пән кабинеттері мен қосалқы орындарды құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету талаптарын; оқыту тәсілдері мен оның дидактикалық мүмкіндіктерін; педагогика ғылымы мен білім берудің негізгі дамуының бағыттары мен болашағын; еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен құқық негіздерін; педагогика мен психология негіздерін;</p>	<p>Білуі тиіс.</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Еңбек, Бюджеттік, Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі), «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодекстері; «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңдары; дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік-құқықтық актілер; Халықаралық Олимпиада Комитетінің Хартиясы; спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялардың халықаралық спорттық жарыстарды өткізу қағидалары, ережелері және регламенттері; оқу-спорттық мекемелерінің қызметін және спортшы-оқушылардың дайындығын реттейтін нормативтік құжаттар; дидактика қағидааттары, педагогика және жас ерекшелігі психологиясының негіздері; сабақ өтудің жалпы және жеке технологиялары, оқу мәнін әдістемелік қамтамасыз етудің қағидааттары; оқу-жоспарлау құжаттамасын әзірлеудің қағидааттары мен тәртібі; педагогикалық жұмыстың тиімді нысандарын және әдістемелерін айқындау, жинақтау және тарату әдістемесі; педагогикалық қызметкерлердің әдістемелік бірлестіктерінің</p>
---	---

А 1 -кестенің жалғасы

1	2
<p>мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; басқа да білім берудің, педагогиканың, психологияны, педагогика ғылымы мен тәжірибелерін; еңбек туралы заңнама, қаржылық-шаруашылық әрекеттерінің негіздерін; еңбекті қорғау, өрттен сақтану мен қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін; санитарлық нормалар мен ережелерін анықтайтын басқа да құқықтық нормативтік актілерді. Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі санатсыз маман (дене шынықтыру сызу мұғалімдері) жұмыс өтіліне талап қойылмайтын жоғары педагогикалық білім болуы керек.</p>	<p>жұмысын ұйымдастыру және қолдау қағидаттары; еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігінің қағидалары мен нормалары және санитарлық-гигиеналық нормалар. Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), педагогика (дене шынықтыру және спорт) мамандығы бойынша, жұмыс өтілі талап етілмейді немесе техникалық және кәсіби, орта (арнайы-орта) (дене шынықтыру және спорт) білімі бар жұмыс өтілі бір жылдан кем емес.</p>

Кесте А2 - Жаттықтырушы-оқытушының профессиограммасы

Жаттықтырушы-оқытушының профессиограммасы құраушылары		
Спорттық іс-әрекет сипаттамасы	Психологиялық сипаттамасы	Әлеуметтік сипаттамасы
<p>1. Мамандықтың миссиясы. 2. Мамандықтың таралуы. 3. Мамандықтағы спорттық құралдар. 4. Іс-әрекет мағлұматтарының жиынтығы ретіндегі</p>	<p>1. Мамандықтағы жаттықтырушы-оқытушының мотивтері, мақсаты, міндеттері. 2. Эмоциясы және психикалық жағдайы. 3. Спорт түрлерінен жаттықтырушы-оқытушының қанағаттануы. 4. Спорт түрлері</p>	<p>1. Мамандықтағы әлеуметтік мәнді сапалар (коммуникативтілік және т.б.). 2. Қоғамның мамандыққа қажеттілігі және әлеуметтік мәні; қоғамдағы жаттықтырушы әлеуметтік мәні – нәтиже ретінде. 3. Мамандықтағы жаттықтырушы-оқытушының әлеуметтік нормалары (іс-әрекеттің ереже жиынтығы,</p>

A2- кестенің жалғасы

--	--	--

мамандық білімі 5. Спорт саласындағы іс-әрекеттер, әрекеттер, тәсілдер, жаттығу әдістері, техникасы 6. Спорттық құралдар 7. Спорт шарттары 8. Спортты ұйымдастыру 9. Спорт нәтижесі 10. Деңгей мүмкіндіктері 11. Спорттағы біліктіліктер разряды 12. Спорт жаттықтырушысының құқықтары	жөніндегі психологиялық білімі, психологиялық әрекеті, әдістері, тәсілдері, іскерліктері, техникасы, психотехнологиясы. 5. Кәсіби қабілеттілігі. 6. Психологиялық кері көрсеткіштері. 7. Кәсіби өсудің психологиялық сипаттамалары және кәсіби кері кетудің психологиялық тенденциясы. 8. Жаттықтырушы-оқытушының мамандығына кері ықпалы.	мамандықтағы стереотиптер, дәтүрлер). 4. Субординация ережелері. 5. Кәсіби мәдениеттілік (коммуникативтілік, т.б.). 6. Жаттықтырушы-оқытушының сыртқы орта ықпалына бейімделуі. 7. Жаттықтырушы-оқытушының шығармашылық қабілеттері мен тәжірибесін байыту мүмкіндіктері. 8. Кәсіби өсудің әлеуметтік мәні және кәсіби іс-әрекеттің тоқырау сәттері. 9. Мамандықтардағы қатынастардың, көзқарастардың құндылық бағдарлары (борыш, жолдастық, патриотизм түсініктері).
--	--	---

Кесте А3 - Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық тұрғыдан біліктілік сипаттамасы

Жаттықтырушы-оқытушының біліктілік сипаттамасы		
Білімі	Іскерліктері	Сапалық қасиеттері
- болашақ жаттықтырушы-оқытушының оқу пәні білімі; - әртүрлі мектептерде қазіргі уақытта жүретін инновациялық үдерістер векторы білімі; - тәрбие мәні, оның жалпы және нақты мақсаттары, міндеттері, дамытушы тәрбиені ұйымдастыру формалары, құралдары, әдістері білімі; - оқыту және тәрбиенің психологиялық негіздері білімі;	Педагогикалық қабілеттер: - коммуника- тивтілік; - дидактикалық ; - ұйымдас- тырушылық; - конструктив- тілік; - гностикалық; - болжаушы- лық; - перцептивті;	- Оқушыға, балаға деген сүйіспеншілігі; - Оқушыға деген қарым- қатынас өнерін меңгеруі; - Өзінің жаттықтырушылық жұмысына қызығушылығы мен сүйіспеншілігі; - Шыдамдылығы, жақсылыққа тілеулес болуы; - Эрудициясы; - Динамикалылығы; - Кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік мәнін түсінуі; - Өзінің іс-әрекетінің түпкі мақсатын айқын түсінуі;

<ul style="list-style-type: none"> - мектеп оқушыларының анатомиялық-физиологиялық, дербес және психологиялық ерекшелік білімі; іскерліктер мен дағдылардың қалыптасқандығы деңгейін анықтау әдістері білімі; - оқушылардың ата-анасымен, демократияландыру және жариялылық жағдайда демеуші ұйымдармен жұмыс мазмұны, формалары және әдістері білімі; - педагогикалық жүйе жұмыстарын жоспарлау, педагогикалық үдерістерді жоспарлау (болжау) мазмұны, формалары және әдістері білімі. 	<ul style="list-style-type: none"> - экспрессивті; - спорттық-жаттығу; - бақылаушы; - қолданбалы қабілеттерді жүзеге асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> - жаттықтырушыға тән жеке тұлғаның жетекші ерік сипаттамалары (ұйымдастырушылық, жинақтылық, өзін ұстауы, т.с.с.); - жаттықтырушыға тән жетекші эмоциональды белгілерінің сипаттамалары (эмпатия, оптимизм, т.с.с.)
--	---	--

«Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 қарашадағы № 434 бұйрығына сәйкес жаттықтырушы-оқытушы бірқатар лауазымдық міндеттерді атқаруы, білуі тиіс [Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 қарашадағы № 434 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 желтоқсанда №9015 тіркелді.]. Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушының лауазымдық міндеттері:

- дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарын әзірлейді, қатысушы-спортшылармен бірге өз жұмысының нәтижелері мен мазмұнына жүйелі түрде есеп жүргізеді, талдайды, жинақтайды;

- бөлімше оқушыларының топтарымен, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарға жататын оқушылармен оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстар жүргізеді (оқу-жаттығу процесін жоспарлайды, әр оқушыға даярланудың жеке жаттығу жоспарын жасайды);

- өз жұмысында спорттық даярлықтың және оқушыларды сауықтырудың аса тиімді әдістерін пайдаланады;

- оқушылардың жоспарланған жаттығу жүктемелерінің, спорттық көрсеткіштерінің және қажетті сауықтыру іс-шараларының жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етеді;

- спорттық жетілдіру үшін аса перспективалы оқушыларды іріктеуді қамтамасыз етеді;

- олармен тәрбиелік және патриоттық жұмыстар жүргізеді;

- оқушылардың теориялық, физикалық, техникалық және спорттық дайындығын арттыруды, жаттығулар барысында олардың денсаулығын нығайтуды және сақтауды, оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

- спортшылардың тыйым салынған дәрі-дәрмектерді және әдістерді (допингке қарсы) қолдану жағдайларын болдырмайды;

- оқушылардың уақтылы медициналық тексерістен өтуін, олардың антропометриялық өлшемдердің, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулардың негізінде дәрігерлердің ұсынымдарын орындауын және бақылау жаттығуларының орындалуын бақылайды;

- оқушылардың жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін өткізеді;

- есепке алу және есептілік құжаттамасын сапалы жүргізуді және басшылыққа, құрылымдық бөлімшенің бастығына, аға жаттықтырушы-оқытушыға уақтылы ұсынуды жүзеге асырады;

- жаттықтырушылар мен нұсқаушылардың семинарларына қатысады;

Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы республикамыздың министрліктері тарапынан бекітілген негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды, сондай-ақ,

- спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялардың халықаралық спорттық жарыстарды өткізу қағидаларын, ережелерін және регламенттерін;

- оқу-спорттық мекемелерінің қызметін және спортшы-оқушылардың дайындығын реттейтін нормативтік құжаттарды;

- дидактика қағидаларын, педагогика және жас ерекшелігі психологиясының негіздерін;

- сабақ өтудің жалпы және жеке технологияларын, оқу мәнін әдістемелік қамтамасыз етудің қағидаларын;

- оқу-жоспарлау құжаттамасын әзірлеудің қағидааттары мен тәртібін;

- педагогикалық жұмыстың тиімді нысандарын және әдістемелерін айқындау, жинақтау және тарату әдістемесін;

- педагогикалық қызметкерлердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыру және қолдау қағидааттарын;

- еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігінің қағидалары мен нормалары және санитарлық-гигиеналық нормаларын білуі тиіс.

Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық іскерліктері

Педагогтың, жаттықтырушы-оқытушының кәсіби даярлығын құраушы негізгі іскерліктер (О.А.Сизова бойынша)

Гностикалық іскерліктер

- бақылау бойынша өз білімін өздігінен білім алу арқылы жүйелі түрде толықтыра білуі;

- әріптестерінің тәжірибесін зерделеу арқылы өз білімдерін жүйелі түрде кеңейте білуі;

- өз педагогикалық тәжірибесінен білім ала білуі;
- әр оқушының жеке басын және даму деңгейін анықтау қабілетін зерттей білуі;
- жеке тұлға мен іс-әрекеттің артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеу және сәйкесінше өз қызметін қайта құру мүмкіндігі;
- білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, оқу құралдарын әдістемелік талдай және іс жүзінде бағалай білуі және оларды шығармашылықпен пайдалана білуі.

Жобалау іскерліктері

- тәрбиелеу-білім беру жұмысы жүйесін жоспарлауы;
- баланың дамуында маңызды нәрсені белгілей білуі, перспективаларды, әр оқушының және тұтастай ұжымның жеке басының қалыптасу динамикасын білуі;
- диагностика нәтижелерін ескере отырып, балалармен жұмысты жоспарлауы;
- бағдарламаның әртүрлі бөлімдері бойынша білім, іскерлік және дағдыларды игеру бойынша қызметтің ең ұтымды түрлерін анықтауы;

Конструктивті іскерліктер

- педагогикалық үдерістің жалпы және жеке мақсаттарын ескере отырып, оқушылармен жұмыс істеудің оңтайлы тәсілдері мен тәсілдерін таңдауы;
- білім алушылардың даму деңгейін ескере отырып, қажетті материалды іріктеуі және мөлшерлеуі;
- оқу материалын оқушыларды игеруге қол жетімді ете білуі;
- материалды игеруді және іскерліктерді қалыптастыру деңгейін бақылау әдістерін анықтауы;
- белгілі немесе басқа іс-әрекет түрлерінде оқушылардың мүмкін болатын қиындықтарын қарастыра алуы, тиісті жұмыс формалары таңдауы;
- уақыт бойынша әр түрлі іс-әрекеттерді ұтымды бөлуі.

Ұйымдастырушылық іскерліктер

- педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты өзінің жеке іс-әрекетін ұйымдастыра білуі;
- ұжымдық, топтық және жеке іс-әрекеттердің ұтымды үйлестірілуі;
- ата-аналардың қызметін ұйымдастыра білуі және оларды педагогикалық үдеріске қосуы.

Коммуникативтік іскерліктер

- оқушылармен байланыс орнатуы және қолдау мүмкіндігі;
- әріптестерімен байланыс орнатуы және қолдау мүмкіндігі;
- ата-аналармен байланыс орнатуы және қолдау мүмкіндігі;
- пікір алмасуды жүзеге асырумен түрлі көзқарастарды координациялауы және басқалардың позициясына тұра алуы;
- педагогикалық ұжымда қарым-қатынас құра білуі, ынтымақтасуы;
- басқаларды тыңдауы және естуі;
- мұқтаждығы бар адамдарға эмоционалды қолдау көрсете білуі;
- жанжалдарды болдырмауы және оларды шешуі.

ҚОСЫМША Ә

Анкеталар

Құрметті білім алушы (болашақ жаттықтырушы-оқытушы), біздің зерттеу жұмысымызға қатысып және қажетті ақпарат беруіңізді сұраймыз. Төменде жазылған пікірлерді мұқият оқып және олардың әр қайсысымен келісетіндігіңізді немесе келіспейтіндігіңізді белгілеңіз. «Менің дене шынықтыру және спорт мамандығына таңдаған себебім ...»:

1 Спортшы ретінде өзімді желтілдіргім келеді:
келісемін келіспеймін

2 Әскерге баруды қаламаймын (жігіттерге арналған сұрақ):
келісемін келіспеймін

3 Басқа баратын жер жоқ:
келісемін келіспеймін

4 Жоғары білімім болғанын қалаймын:
келісемін келіспеймін

5 Маған қызықты, көп білгім келеді:
келісемін келіспеймін

6 Мұғалім, жаттықтырушы-оқытушы болғым келеді:
келісемін келіспеймін

7 Оқу оңай:
келісемін келіспеймін

8 Спортта қалғым келеді (кәсіби іс-әрекетте):
келісемін келіспеймін

9 Жағдай солай болды:
келісемін келіспеймін

10 Балаларды жақсы көремін:
келісемін келіспеймін

11 Педагогикалық қабілеттерімді сезінемін:
келісемін келіспеймін

12 Қоғамға пайдалы болғым келеді:
келісемін келіспеймін

13 Педагог мамандығын беделді санаймын:
 келісемін келіспеймін

Енді аталған пікірлерді Сіз үшін маңыздылығына орай жоғарыдан төмен қарай тізіңіз.

«Менің дене шынықтыру және спорт мамандығына түскен себебім ...»

- 1 8.
 2 9.
 3 10.....
 4 11.
 5 12.
 6 13.
 7

Сұрақ-жауапқа қатысқандығыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Оқу іс-әрекетінің мотивтері

Құрметті білім алушы (болашақ жаттықтырушы-оқытушы), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз. Сіздің оқу іс-әрекетіңіздегі мотивтердің маңыздылығына қарай тізбектеп, «Мотивтер» бағанасын толтыруыңыз керек. Мысалы, оқу үдерісінде бірінші орынға Сіз жоғарғы баға алу ниетін, екінші орынға - шәкіртақы алуды, үшіншісіне – көбірек жаңаны және қызықты (білімдерді) білуді қоясыз.

Кест Ә - Мотивке ықпал ететіндер

Мотивтер	Орын
Спорт түрлеріне, спорт түрлерін оқытуға немесе оқытушыға қызығушылық	
Болашақ кәсіп үшін бақылау бойынша білімнің «маңыздылығы»	
Педагогикалық бақылау іскерліктерін бойынша дайындықтың мәні	
Көп білім алуға, дүниетанымын кеңейтуге, жалпымәдени деңгейді арттыру ниеті	
Емтихан немесе сынақ тапсыру, нашар баға алу үрейі және онымен байланысты жағымсыз салдарлар	
Тағы не?	

Сауалнамаға қатысқаныңызға рахмет.

Өзіңіз туралы мағлұмат беруіңізді сұраймыз.

Факультет -

Курс -

Мамандық -

Жасыңыз-

Жынысыңыз-

Аты-жөніңіз (қалауыңыз бойынша)

ҚОСЫМША Б

Тесттік әдістемелер

Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау

(К.Замфир әдістемесі А.А.Реанның жаңартуымен)

Құрметті білім алушы (болашақ жаттықтырушы-оқытушы), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз.

Кәсіби іс-әрекеттің төменде келтірілген мотивтерді оқып шығып, олардың Сіз үшін маңыздылығына бес ұпайлық көрсеткішпен баға беріңіз.

Кесте Б1- Кәсіби іс-әрекетті бағалау

Кәсіби іс-әрекеттің ынталары	1	2	3	4	5
	Шамасы өте төмен	шамасы айтарлықт ай төмен	Аз, бірақ шамасы нашар	Жеткілікті шамада	Өте үлкен шамада
Ақша табысы					
Жұмыста ілгерілеу талпынысы					
Басша немесе ұжым тарапынан сынға ұшырамау талпынысы					
Ықтимал жазалар мен жағымсыз жағдайларға ұшырамау ниеті					
Әлеуметтік бедел мен басқалар тарапынан сыйлы болу қажеттілігі					
Үдерістен немесе жұмыс нәтижесінен қанағаттану					
Осы іс-әрекетте өзін толығымен көресту					

Нәтижелерді өңдеу. Ішкі мотивация (ІМ) және сыртқы оң (СОМ) және сыртқы теріс (СТМ) мотивациялар келесі түйінді мәнге сәйкес көрсеткіштер есептеледі.

$$ІМ=(6 \text{ баған бағасы} +7 \text{ баған баға})/2;$$

$$СОМ=(1 \text{ баған бағасы} +2 \text{ баған баға} + 5 \text{ баған бағасы})/3;$$

$$СТМ=(3 \text{ баған бағасы} +4 \text{ баған бағасы})/2;$$

Мотивацияның әрбір типінің көрсеткіштермен көрінуі 1-ден 5-ке дейінгі сандар аралығында болады (соның ішінде бөлшек сан болуы да мүмкін).

Нәтижелердің түсіндірмесі. Алынған нәтижелер негізінде тұлғаның ынталық мотивациясының кешені анықталады, яғни ІМ, СОМ мен СТМ деген мотивтің үш түпінің арасындағы арақатынас түрі анықталады.

Ең нашар мотивациялаушы кешен: СТМ>СОМ>ІМ

Тұлғаның өзін бағалау тесті (Н.В.Бордовская мен А.Л.Реан әдістемесі)

Құрметті білім алушы (болашақ жаттықтырушы-оқытушы), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз. Кейбір ережелерді сақтай отырып, төмендегі кестені толтырыңыз:

«Кіршіксіз» бағанасын Сізге ұнаған тұлғалық қасиеттерді басшылыққа алып толтырасыз;

«Мен» бағанасын бірінші орында сіздегі ең дамыған қасиетті, екінші орында - алдыңғысынан нашарлау дамыған тұлғалық қасиеттеріңізді басшылыққа алып толтырасыз.

Кесте Б2 – Тұлғалық сапаны бағалау

Кіршіксіз	Тұлға қасиеттері	«Мен»	Айырмашылық	
			d	d2
	Көнбістік			
	Батылдық			
	Ашушаңдылық			
	Өжеттілік			
	Мазасыздық			
	Шыдамдылық			
	Қызығушылық			
	Пассивтілік			
	Бейтараптылық			
	Ықыластылық			
	Байқампаздылық			
	Қырсықтық			
	Баяу қимылдаушылық			
	Шешім қабылдау қиындығы			
	Белсенділік			
	Көңілділік			
	Надандық			

	Қасарысушылық			
	Бейғамдылық			
	Ұяңдық			

Қатысқандығыңызға алғыс білдіреміз.

Өзара байланыс коэффициенті келесі өрнекпен есептеледі: $R=1-0,00075 < d$

Коэффициент 1-ге жақын болған сайын (0,7-ден 1,0 дейін), өзін бағалауы жоғары және керісінше. Бір жақты өзін бағалау туралы 0,4-тен 0,6-ға дейінгі коэффициент дәлелдейді.

Шығармашылық әлеует

(В.И.Андреевтің әдістемесі)

Құрметті білім алушы (болашақ жаттықтырушы-оқытушы), біздің зерттеу жұмысымызға қатысып және қажетті ақпарат беруіңізді сұраймыз. Сұрақтарды мұқият оқып және ұсынылған жауаптардың бірін таңдаңыз.

1. Сізді қоршаған әлем жақсырақ бола алады деп санайсыз ба?

А) ия; б) жоқ; в) ия, бірақ кейбір нәрселерде

2. Қоршаған әлемнің өзгерістеріне қатыса аламын деп санайсыз ба?

А) ия; б) жоқ; в) ия, бірақ кейбір жағдайларда

3. Таңдаған іс-әрекет саласында сіздің ойларыңыз ілгерілеушілік жасайды деп санайсыз ба?

А) ия; б) менде мұндай ойлар қайдан болсын в) маңызды болмаса да, сәттілік болу мүмкін

4. Болашақта бір нәрсе өзгерте алатындай маңызды рөл атқарамын деп ойлайсыз ба?

А) ия, мүмкін; б) ықтималдығы төмен; в) мүмкін

5. Бір нәрсе жасауға шешім қабылдамастан бұрын, оның іске асатындығына сенімдісіз бе?

А) әрине; б) көбінесе жасайтындығыма күмәнданамын; в) сенімділігім жиі

6. Өзіңіз мүлдем білмейтін, құзырлығыңыз жоқ іспен айналысу ниеті пайда болады ма?

А) ия; б) жоқ; в) іс пен жағдайға байланысты

7. Бейтаныс іспен айналысуға тура келеді. Ол істе жетілу ниеті пайда болады ма?

А) ия; б) іске асқанның барлығы жақсы; в) ия, қиын болмаса

8. Білмеген іс ұнаса, ол туралы барлығын білігіңіз келеді ме?

А) ия; б) жоқ, негізгісін ғана үйрену керек; в) жоқ, қызығушылығымды қандырсам болды

9. Сәтсіздікке ұшырасаңыз, онда:

А) сананы іске қоспай, қасарысамын; б) мүмкін еместігін түсінген сәтті қол сілтейсіз; в) кедергіні жеңу мүмкін еместігі айқындалғанша ісіңізді жалғастырасыз

10. Кәсіпті таңдауда ескерілетіні:

А) өзінің мүмкіндіктері мен артықтышылықтары; б) тұрақтылық, кәсіптің маңыздылығы, қажеттілігі; в) беделі мен беретін мүмкіндіктері

11. саяхат барысында жүрген жолда бейімделе аласыз ба?
А) ия; б) жоқ; в) ия, егер жер ұнап және есте сақталса
12. Әңгімеден кейін айтылғандардың барлығын еске түсіре аласыз ба?
А) ия; б) жоқ; в) қызықты болғандардың барлығын еске түсіремін
13. Бейтаныс тілде естіген кезде, мәнін білмесеңіз де, оны буындап дұрыс айта аласыз ба?
А) ия; б) жоқ; в) дұрыс болмаса да қайталаймын
14. Бос уақытта не қалайсыз?
А) жеке қалып, ойлануды б) адамдар арасында болуды В) жалғыз немесе адамдар арасында қалсам да бәрі бір
15. Сіз бір іспен айналысасыз. Оны қай жағдайда ғана тоқтатасыз?
А) іс бітіп және жақсы нәтиже берсе; б) жасалған істі қанағат тұтасыз; в) жақсырақ жасауға болса да, бітсе болды;
16. Жалғыз қалған кезде сіз:
А) бастрактілік болса да, бір нәрселер туралы армандайсыз; б) қалай болса да, нақты іс табуға тырысасыз; в) ісіңізбен байланысы бар нәрселер туралы армандайсыз.
17. Сізге бір ой келсе, ол туралы ойлайсыз:
А) қайда және кіммен болсаңыз да; б) жеке қалғанда ғана; в) тыныштықта ғана.
18. Қандай да бір ойды қорғау кезінде сіз:
А) басқалардың дәлелі анық олса, бас тартасыз; б) дәлелдер қандай болса да, пікіріңізді сақтайсыз; в) қарсылық қатты болса, пікіріңізді өзгертесіз

Сауалнамаға қатысқандығыңызға рахмет.

1, 6, 7, 8 - сұрақтар әуестік шектерін анықтайды;

2, 3, 4, 5 - өзіне сенімділікті;

9 және 15- тұрақтылықты;

11 сұрақ-көзбен көргенді есте сақтау;

14 сұрақ- тәуелсіз болу ниетін;

16, 17 сұрақтар - абстракциялану қабілетін;

18 сұрақ- зейінділік дәрежесін анықтайды.

Бағалау: «а» нұсқасы- 3 ұпай; «б» нұсқасы- 1; «в» нұсқасы-2 ұпай;

Нәтиже: ұпайлардың жалпы саны 49 және одан жоғары болған жағдайда жауап берушіде мүмкіндіктері көп, шығармашылық әлеует бар екендігін дәлелдейді.

24-тен 48 ұпайға дейін жалпы ұпай саны қалыпты шығармашылық әлеует бар екендігін дәлелдейді, бірақ шығармашылық үдерімін тежейтін мәселелер де бар. 23 және одан да төменгі ұпай шығармашылық әлеует деңгейінің жетіспеушілігін дәлелдейді.

Білім алушылардың өзін жетілдіру, өзіндік білім алу қабілетін бағалау
(В.И.Андреевтің әдістемесі)

1. Сізді достарыңыз не үшін бағалайды?
А) адал достық Б) күшті және қиын уақытта көмекке дайын В) сауатты, қызықты әңгімелесуші
2. Салыстырмалы өзін бағалау негізінде өзіңізге анағұрлым жарасымды сипаттаманы таңдаңыз:
А) мақсатқа бағыттылық Б) еңбекқор В) ықыласты
3. Жеке күнделікті жүргізуге, күн, апта, ай мен жылды жоспарлауға қалай қарайсыз?
А) уақытты босқа кетірушілік Б) жасап көрдім, бірақ жиі емес В) дұрыс, себебі, солай жасаймын
4. Сізге кәсіби жетілуге, жақсырақ оқуға не кедергі келтіреді?
А) уақыт жеткіліксіз Б) сәйкес әдебиеттер жоқ В) өзімді мәжбүрлеуге ерік-жігер мен өжеттілік жетпейді
5. Сіздің қателіктеріңіздің себептері қандай?
А) ұқыпсыздық Б) қабілеттерімді асыра бағалаймын В) нақты білмеймін
6. Салыстырмалы өзін бағалау негізінде өзіңізге анағұрлым сәйкес сипаттаманы таңдаңыз:
А) өжет Б) орнықты В) мейірімді
7. Салыстырмалы өзін бағалау негізінде қай сипаттаманың сізге сәйкестігін таңдаңыз:
А) шешім қабылдау батылдығы Б) ықыласты В) әділ
8. Салыстырмалы өзін бағалау негізінде қай сипаттаманың сізге сәйкестігін таңдаңыз:
А) бастамашыл Б) сыншы В) ұйымдастырушы
9. Салыстырмалы өзін бағалау негізінде қай сипаттаманың сізге сәйкестігін таңдаңыз:
А) ерік-жігер Б) есте сақтау В) міндеттілік
10. Бос уақытта көбінесе не істейсіз?
А) сүйікті іспен айналысамын Б) көркем әдебиет оқимын В) достармен кездесемін
11. Төмендегі салалардың қайсысы танымдық қызығушылығыңызды туындатады?
А) әдістемелік Б) теориялық В) психология
12. Өз орныңызды тапқанда кім болар едіңіз?
А) спортшы Б) жаттықтырушы В) мұғалім
13. Сізді көп жағдайда мұғалім қалай бағалайды?
А) еңбекқор Б) тапқыр В) тәртіпті
14. Қай қағиданы ұстанасыз?
А) өмірдің рахатын көр Б) көптеу білу мен үйрену үшін өмір сүру В) өмір сүру оңай емес.
15. Сіздің идеалыңызға кім жақындау?
А) дені сау, рухы күшті адам; Б) көп білетін және қабілетті адам
В) тәуелсіз және өзіне сенімді

16. Кәсіби және жеке жоспарда армандағандарыңызды іске асыра аласыз ба?

А) ия, деп ойлаймын Б) ия, ықтимал В) сәті келсе

17. Қандай фильмдер Сізге ұнайды?

А) романтикалық-бастан кешушілік Б) комедиялық-көңілді В) философиялық

18. Миллион теңге таптым деп елестетіңіз. Ақшаны қалай жұмсар едіңіз?

А) саяхатқа Б) шетелде оқып немесе ұнамды іске салар едім В) хауызы бар зәулім үй, көлік пен жиһаз сатып алып, шалқып өмір сүрер еді.

Жауаптар былайша бағаланады:

Сұрақ	Жауапты бағалау ұпайы	Сұрақ	Жауапты бағалау ұпайы
1	А)2 б)1 в)3	10	А)2 б)3 в)1
2	А)3 б)2 в)1	11	а)1 б)2 в)3
3	А)1 б)2 в)3	12	А)1 б)3 в)2
4	А)3 б)2 в)1	13	А)3 б)2 в)1
5	А)2 б)3 в)1	14	А) 1 б)3 в)2
6	А)3 б)2 в)1	15	А) 1 б)2 в)2
7	А) 2 б)3 в)1	16	А)3 б)2 в)1
8	А)3 б)2 в)1	17	А)2 б)1 в)3
9	А)2 б)3 в)1	18	А)2 б)3 в)1

Тестілеу нәтижелері бойынша өзін дамыту мен өзін жетілдіру деңгейін анықтауға болады.

Ұпайлардың жалпы саны Өзін дамыту мен өзін жетілдіру деңгейі

18-25	1- өте төменгі деңгей
26-28	2-төмен
29-31	3-орташадан төмен
32-34	4-орташан сәл төмен
35-37	5-орташа деңгей
38-40	6-орташадан сәл жоғары
41-43	7-орташадан жоғары
44-46	8-жоғарғы деңгей
47-50	9-өте жоғарғы деңгей
51-54	10-аса жоғарғы деңгей

ҚОСЫМША В

Кесте

Кесте В - 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша базалық және кәсіптендіру пәндер тізімі

Оқу семестр	Пәндер атауы	
1	Психология және физиология модулі бойынша: 1. Психология; 2. Жасерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	
2	Спорт және анатомия модулі бойынша: 1. Дене шынықтыру және спорт негіздері; 2. Таңдаған спорт түрінен техникалық және тактикалық дайындық негіздері.	
3	Мектеп педагогикасы модулі бойынша: 1. Педагогика; 2. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі; Ұлттық спорт модулі бойынша: 1. Ұлттық ойындар 2. Қазақ күресі;	
4	Спорттық ойындар I модулі бойынша: 1. Баскетбол; 2. Жүзу; 3. Жеңіл атлетика; 4. Гимнастика.	
5	Спорттық ойындар II модулі бойынша: 1. Футбол; 2. Волейбол; Басқару, ұйымдастыру, бағалау модулі бойынша: 1. Бағалаудың өлшемдік технологиялары; 2. Білім берудегі менеджмент; Әдістеме модулі бойынша: 1. Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі; 2. Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі	
6	Жаттықтырушылық және олимпиадалық модуль бойынша: 1. Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттығушылық қызметін жетілдіру; 2. Спорт менеджменті; 3. Таңдап алынған спорт түрінің педагогикалық шеберлік негіздері; 4. Спорттық қозғалыс ойындары.	
	Таңдау бойынша	
7	Күрес түрлері модулі бойынша: 1. Дзюдо; 2. Шығыс жекпе-жегі;	Спорттық күрес модулі бойынша: 1. Самбо;

		2. Таэквондо
7	<p>Спорттық психология және педагогика модулі бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дене шынықтыру және спорт психологиясы; 2. Кәсіпқой спорт 	<p>Спорттық физиология және басқару модулі бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаттығу және тамақтану; 2. Таңдап алған спорт түрінің спорттық жаттығу процесін басқару.
	<p>Тәжірибе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу тәжірибесі; 2. Педагогикалық тәжірибелер I-III; 2. Өндірістік тәжірибе 	

ҚОСЫМША Г

Жаднама

Жаттықтырушы-оқытушының (дене шынықтыру мұғалімінің) бақылау іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша жадынама

Дайындық кезеңі

Бақылау іс-әрекетіне дайындық кезінде бақылау болуы тиіс екенін есте сақтау қажет:

- оқу-жаттығу үдерісінің барысына толық сәйкес жоспарлы түрде, оның органикалық бөлігін құрастырып, оқу бағдарламасының негізгі, өзекті мәселелерінде бағдарламаның барлық негізгі бөлімдері сынақ тапсырмаларында көрсетілгенін белгілей отырып құрылады;

- білімді меңгеру, іскерлікті игеру дәрежесін анықтауға, оқу үдерісіне жан-жақты ықпал етуге, оқушылардың өзіндік жұмысын ынталандыруға және уақытты жоспарлауға мүмкіндік беретін жүйелі түрде;

- объективті, оқу іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ оқытушының жеке нұсқауларына тәуелді емес және оқу үдерісін басқару негізіне сәйкес болуы мүмкін;

- үнемді, оқытушылар мен студенттерден (оқушылардан) көп уақыт кетпейтін, оқу жаттығу жұмыстарын талдау және салыстырмалы аз мерзімде толық бағалауды қамтамасыз ететін;

- қарапайым, күрделі құрылғыларды талап етпейтін, ал техникалық құралдарды пайдалану кезінде-кез келген педагог-практикке және студенттерге қолжетімді;

- нәтижелерін көрнекі және дауысты оңай жасауға болатын шолыңыз.

Осы талаптарды ескере отырып, келесі сәттерге назар аудару маңызды:

1. Бақылау үшін материалды таңдау:

- оқу материалмен жұмыс істеу кезеңі;

- дене шынықтыру, спорт түрлері бойынша оқу тақырыбының ерекшеліктері (түсініктерді, алгоритмдерді, теориялық материалдарды және т.б.);

- жаттығулардың мазмұны.

2. Бақылау объектілерін анықтау:

- оқу материалмен жұмыс істеу кезеңі;

- дене шынықтыру және спорттық білім беру стандартының талаптары;

- оқушылардың дене шынықтырушы мен спорттың жекелеген мәселелерін меңгеру қиындықтары;

- іскерлік пен дағдылардың беріктігі.

3. Дене шынықтыру сабағында, оқу-жаттығу жұмыстарына бақылау түрін таңдау:

- оқылатын оқу материалының спецификалық ерекшеліктері (теориялық материалдардағы дәлелдеудегі қиын сәттер, тапсырманы шешуді ерекше қабылдау, шешім алгоритмінің болуы немесе болмауы және т.б.);

- оқушылардың дайындық деңгейі;

- сынып ұжымының ерекшеліктері (артық белсенділік, баяу және т. б.).

4. Бақылаудың басым функциясын белгілеу:

- оқу материалымен жұмыс кезеңі;

- қалыптасқан дағдылар мен икемділік деңгейін;

- нақты дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша материалдың ерекшеліктері (абстрактілік, ұғымдардың жалпылануы, көптеген логикалық байланыстардың болуы және т.б. немесе материалды таныстыру жоспарында зерттеу қажеттілігі немесе іргелі теореманы және т.б. зерттеу).

5. Бақылау әдісін - ауызша немесе жазбаша белгілеу:

- оқу мақсатын ескере отырып;

- сабақтың басқа кезеңдерінде жұмыс түрлері мен тәсілдерін ескере отырып;

- зерттелетін материалда жекелеген қиын сәттерді бақылау немесе оқыту қажеттілігіне байланысты.

6. Бақылау жаттығуларын, тапсырмаларды таңдау немесе құрастыру қажеттілігі, тапсырмаларға түсініктеме қалыптастыру, үлгілерді, эталондарды құрастыру немесе таңдау.

Негізгі кезең сабақтарда ауызша бақылау жүргізу бойынша нұсқаулық - жаднама.

I кезең - дайындық (қарым-қатынас атмосферасын құру).

1. Бақылау үшін қолайлы коммуникативтік атмосфераны орнатыңыз.

2. Оқушылардың күшеюін төмендетіп, оларды жауапқа ынталандырыңыз.

3. Тапсырма немесе сұрақ анық, қысқа және нақты тұжырымдаңыз.

II кезең – негізгі.

Назар аударыңыз сіздің ым-ишаратыңыз (мимику және жесть).

Педагогтың әдебін сақтаңыздар!

(оқытушының тапсырмалары және оқушылардың жауаптары)

4. Қажет болса, қосымша ақпарат сұраңыз.

5. Оқушының жауабын ынталандырыңыз.

6. Оқушыны дұрыс жауапқа бағыттаңыз.

7. Қажет болған жағдайда этикетті бұзбай, оқушының жауабын түзетіңіз.

III кезең - қорытынды (оқушылардың жауаптарын бағалау).

8. Оқушының жауаптарының оң жақтарын белгілеңіз.

9. Жұмсақ формада теріс сәттерді білдіріңіз.

10. Оқушының жауаптарында дәлсіздікті (қателерді) анықтаңыз және анықтаңыз.

11. Қанағаттанғысыз жауаптың себептеріне анықтаңыз, кемшіліктерді түзету жолдарын көрсетіңіз.

12. Оқушыға белгі қою (қажет болған жағдайда-одан бас тарту).

Дене шынықтыру мен спортты түрлерінің ерекшеліктерін ұмытпаңыз: баяндау логикасын, спорттық терминдердің дұрыс айтылуын қадағалаңыз.

Оқушы қателесуге құқылы екенін ұмытпа!

Бағалау пайымдауын тұжырымдай!

Жаман мінез-құлық-белгіні төмендету үшін себеп емес!

Жауап кезінде сіз қажет:

1. Жауаптың мазмұны мен формасы арасында дұрыс көңіл бөлу.
2. Тыңдалған жауапты есте сақтаңыз.
3. Жауаптың оң және теріс жақтарын белгілеңіз.
4. Алынған ақпаратты ақпараттың дәлдігін анықтау үшін эталонмен салыстыру (қайсысы дұрыс емес).
5. Мағынаны баяндауда дәл емес, анық емес, логиканың болмауы.
6. Шарты белгілеуді қолдануда, спорттық ұғымдарды анықтауда, олардың түсінбеушілігін анықтау.
Қорытынды кезең
7. Бақылау нәтижелерін талдауды жүзеге асыру:
 - қате сипатын анықтау;
 - қате себебін анықтау;
 - қатенің себебі болған оқушы іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау - оқу мотивациясын, қалыптасқан икемділік деңгейін талдау, оқушының психологиялық-физиологиялық жағдайын талдау;
 - оқушының қате әрекетін немесе тапсырманы орындауда қиындық туғызған мұғалім іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау.
8. Дайындық және ескерту жаттығуларын, оқушылардың дене жаттығылары қызметіндегі кемшіліктерді, білімдеріндегі кемшіліктерді, есептерді шешуде нақты материалды қолданудағы қателерді талдау негізінде тапсырмаларды құрастыру.

ҚОСЫМША Ғ

Педагогикалық тапсырмалар

Оқу тапсырмасы

Оқушылардың білімі мен іскерлігін тексеруді ұйымдастыру әдістемесін зерделеу және білім мен іскерлікті бақылау жүйесін жетілдіру бойынша нұсқауды әзірлеу.

Тапсырманы орындау кезінде басшылыққа алуға болатын схема.

Білім мен іскерлікті тексеру мақсаты.

Тексерудің пайдаланған түрінің, мақсатқа сәйкес келуі.

Сұрақтардың, еңбектік тапсырмалардың мазмұны және қойылуы: тексеру мақсатының сәйкестілігі, олардың бірімәнділігі және анықтылығы, өткен оқу материалдарын қамтуы.

Білім мен іскерлікті тексеру әдістері, олардың тиімділік дәрежесі.

Тексерудің оқушыларды қамтуы, оның тереңдігі, практикалық бағыттылығы. Тексеру кезіндегі оқушылардың белсенділік дәрежесі.

Оқушылардың сұрақтарға берген жауаптарының сапасы. Білім мен еңбектік іскерліктердегі кемшіліктерді анықтап, шешімін ұсыну.

Тексерудің қорытындысын шығару: жауаптарды талдау, бағалау критерийлері, бағалаудың объективтілігі, тексерудің дидактикалық мақсатын жүзеге асыру тәсілдері.

Білімді тексерудің жаңа оқу материалдарын зерделеумен байланысы.

Білім мен іскерлікті тексеруді ұйымдастыру мен өткізуді жақсарту бойынша нұсқаулар әзірлеу.

Оқу-жаттығу тапсырмалары

Педагогикалық бақылау даярлығын қалыптастыру үшін ұсынылатын жұмыс тәсілдері.

Қойылған мақсатқа сәйкес материалды іріктеуді жүзеге асыра білу келесі тәсілдердің көмегімен қалыптасады:

- оқытушының тиісті іс-қимылдарын орындау үлгісін көрсету (қалай істеу керек және қалай қажет емес екенін көрсету қажет);

- қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

- тірек конспекттерімен жұмыс жасау;

- тірек сигналдарымен жұмыс (жинақтау, өрістету, құрастыру) және бірдей (барабар) емес тірек сигналдарымен жұмыс жасау;

- бақылау үшін дайын материалдарды талдау;

- пікірталастар (аз топтағы дискуссиялар);

- нақты тақырып бойынша практикалық жұмыс жасау;

- көрсетілген мәселе бойынша мектепте мұғаліммен, оқытушымен әңгіме өткізу;

- алдыңғы қатарлы тәжірибені зерттеу және талдау;

- эвристикалық әңгімелесу;

- әдістемелік әдебиетпен жұмыс жасау, мерзімді басылымдарға реферат жазу;

- проблемалық жағдаяттарды қою және шешу;

- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау.

Қателердің себептерін анықтай білу және оларды жою жоспарын белгілеу. Қалыптастыру тәсілдері:

- оқытушының орындау үлгісін көрсету;

- дене шынықтыру сабақтарында мұғалім, жаттықтырушы-оқытушы мен оқушылардың іс-әрекетін мақсатты бақылау;

- оқушылардың жұмысын талдау;

- эвристикалық әңгімелесу;

- әдістемелік әдебиетпен жұмыс істеу, мерзімді басылымдарды рефераттау;

- проблемалық жағдайларды қою және шешу;

- бірдей ұқсас (барабар) емес тірек сигналдарымен жұмыс істеу;

- нұсқау карточкалармен жұмыс істеу;

- пікірталастар;

- түрлі педагогикалық тапсырмалар;

- эксперимент элементтері;

- мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін зерттеу және талдау;
- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау.

Эталонды құру немесе таңдау қабілеті. Қалыптастыру тәсілдері:

- оқытушының орындауымен үлгіні көрсету;
- тірек сигналдарымен жұмыс істеу;
- тапсырмаларды орындау үлгілерін талдау;
- эталонды құрастыру бойынша тәжірибелік жұмыс жасау;
- эталонды ұжымдық талқылау;
- нұсқау карточкаларымен жұмыс істеу, карточкаларды өз бетінше құрастыру;

- таңдалған эталонды эксперименталды тексеру;
- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау.

Іс-әрекетті түзетуді жүзеге асыра білу. Қалыптастыру тәсілдері:

- оқытушының іс-әрекет үлгісін көрсетуі;
- мұғалімнің бағалау іс-әрекетін талдау;
- мақсатты бақылау;
- мұғалімнің орындалған жұмыс сапасын толық, жан-жақты түсіндіруі;
- дискуссиялар;
- тірек сигналдарымен жұмыс жасау;
- эвристикалық әңгіме өткізу;
- әдістемелік әдебиетпен жұмыс жасау;
- оқушылардың дәптерлерін тексеру, орындалған жұмыстарды талдау;
- өзара бақылау;
- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау.

Бағалау пікірін қалыптастыра білу. Қалыптастыру тәсілдері:

- оқытушының іс-әрекет үлгісін көрсетуі;
- жаднамалармен жұмыс жасау;
- бағалау пайымдауларын көрсету және талдау (аудио және бейнежазбаларды пайдалана отырып) тәжірибелік жұмыс жасау;
- мақсатты бақылау;
- эвристикалық әңгімелесу;
- оқушылардың жауаптарын рецензиялау;
- оқушылардың орындаған әртүрлі іс-әрекеттерін салыстыру;
- іскерлік ойын элементтері;
- сөздіктерімен жұмыс жасау;
- өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау.

ҚОСЫМША Д

Өзін-өзі бағалау кестелері мен үлгілері

Кесте Д1 - Өзін-өзі бақылау кестесі (Ә.К.Әбіллаевтің еңбегінен алынған)

Қ/с	Өзін-өзі бақылау көрсеткіштері	Бақылау күндері мен жағдайы (баға)									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Өзін-өзі сезінуі және көңіл күйі										
2	Тәбеті										
3	Ұйқы										
4	Жұмыс қабілеттілігі										
5	Ауру сезінуі										
6	Дене жаттығуларымен шұғылдануға талабы										
7	1 мин.тамыр соғу жиілігі: а) таңертең ұйқыдан кейін жату қалпын да ә) дене жаттығуларымен шұғылдануға дейін б) дене жаттығуларымен шұғылдану біте салысымен в) шұғылданудан 5 минуттан кейін										
8	1 мин.тыныс алу жиілігі: а) шұғылдануға дейін ә) шұғылданудан кейін										
9	Өкпенің өмірлік сиымдылығы										
10	Артериялық (күре тамыр) қысым а) шұғылдануға дейін ә) шұғылданудан соң										
11	Дененің салмағы (кг)										
12	Қызметтік сынамалар а) ә) б)										
13	Бақылау жаттығулардағы нәтижелері (теміттегі) а) ә) б)										

Сауықтыру дене мәдениеті мен шұғылданушылардың өздерінің таңдауымен

Кесте Д2 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылау даярлығының білімдік құраушысы

	Бақылаушы құзыретті түзетін негізгі білімдер	жоғары	орта	төмен
1	Бақылауға қатысты негізгі ұғымдар бойынша білімі			
	- педагогикалық бақылау бойынша негізгі ұғымдар туралы білімінің болуы: - диагностикалау; - қадағалау; - тексеру			
	- білімді бақылауға қатысты негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұны білуі: - есепке алу; - бақылау; - бағалау			
2	Бақылаудың түрлері бойынша білімі			
	- күнделікті бақылау;			
	- тақырыптық бақылау;			
	- қорытынды бақылау;			
	- тараулар бойынша бақылау (кезеңдік), т.б.			
	- уақыт бойынша: кезеңдік, ағымдағы, жедел			
3	Бақылау мен бағалаудағы басшылыққа алынатын принциптер бойынша білімі «жүйелілік, бірізділік, жеке-дара қатынас, дифференциалдық қатынас, т.б.);			
4	Педагогикалық бақылауға қойылатын талаптар бойынша білімі (кешенділігі, объективтілігі, үздіксіздігі, толықтығы, саралануы, т.б.);			
5	Бақылау әдістері бойынша білімі:			
	- ауызша;			
	- жазбаша;			
	- практикалық;			
	- өзін-өзі бақылау, бағалау;			
6	Бақылау формалары бойынша білімі			
	1) ұжымдық; топтық; жеке-дара			
	2) тест, практикалық жұмыс; ойын, т.б.			
7	Бақылау объектісі жөніндегі білімі (оқу үдерісі мазмұны, даярлық аспектілері, жұмыс қабілеті, т.б.);			
8	Педагогикалық бақылаудың жүйесін әзірлеу бойынша білімі;			
9	Сараланған педагогикалық бақылау бойынша білімі;			

<i>Д2- кестенің жалғасы</i>				
10	Бағалау шкалаларына сәйкес бағалау бойынша білімі;			
11	Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бойынша білімі;			
12	Бақылау-бағалаудағы нормативтік құжаттар бойынша білімі;			
13	Анықталған қателіктерді түзету бойынша білімі: - негізгі нұсқаулық, эталон бойынша түсінігі; - ауытқуларды анықтауы; - түзетулер бойынша нұсқау (негізгі, ағымдық, жеке дара) беруі;			
14	Бақылау-бағалауда тесттік тапсырмаларды әзірлеу бойынша білімі			

Бағалау критерийлері:

Жоғары – оқу материалдарын толық мәнді түсіну мен түсіндіруге және қолдануға сәйкес болады (қолдану деңгейі бойынша);

Орта – оқу материалдарын түсіну мен түсіндіруге сәйкес болады (түсіну деңгейі бойынша);

Төмен – оқу материалдарын білу деңгейінде айтып берумен шектеледі (білу деңгейі бойынша).

Кесте ДЗ – Болашақ жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық бақылауға даярлығының іскерлік құраушысы*

	Бақылаушы құзыретті түзетін негізгі іскерліктер	жоғары	орта	Төмен
1	2	3	4	5
1	Бақылаудың мақсатын, міндетін және объектісін көрсету іскерлігі			
	- бақылау объектісін айқындауы (педагогикалық бақылау объектілерінің жағдайын талдауы);			
	- бақылаудың мақсатын анықтауы;			
	- бақылау міндеттерін нақтылауы;			
	- бақылау тапсырмаларының мақсаттары мен мазмұны арасындағы сәйкестікті орнатуы;			
2	Бақылауды жоспарлау іскерлігі			
	- оқу іс-әрекеті барысында бақылауды мотивациялауы;			
	- эталонды әзірлеуі немесе таңдауы;			
	- бақылаудың мейлінше ұтымды түрлерін таңдауы (күнделікті, тақырыптық, т.б.);			
	- бақылаудың мейлінше ұтымды әдістерін, тәсілдерін және құралдарын таңдауы (ауызша, жазбаша, т.б.);			
	- бақылаудың мейлінше ұтымды формаларын таңдауы (жеке, топтық, т.б.);			
3	Бақылауды ұйымдастыру іскерлігі:			
	- педагогикалық бақылау бойынша дербес құжатын әзірлеуі: - үдерісті жоспарлауды бақылау бойынша; - үдерістің ұйымдастырылуы мен басшылығын бақылау бойынша; - үдеріс нәтижелерін бақылау бойынша; - база жабдықталуын бақылау бойынша;			
	- педагогикалық саралау бақылауын жүзеге асыруы;			

ДЗ – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	- оқу-жаттығудағы нақты логикалық салдар мен сабақтастықты сақтай отырып, сұрақтарды тұжырымдауы және қоюы;			
	- оқушылардың білімін және іскерлігін тексеру кезінде олардың оқу-танымдық іс-әрекетінің жоғары деңгейін белгілеуі;			
	- педагогикалық үдеріс барысында бақылау әдістерін және формаларын оңтайлы пайдалануы;			
	- сауалнама кезінде оқушылардың назарын қолдау, жауап беруші мен тұтас сынып арасындағы назарды білдіруі;			
	- оқушының жауабына ықыласты болуы;			
	- оқушыларды бағалау іс-әрекетіне қамтуы, оларда баға және өзін-өзі бағалау іскерлігін қалыптастыруы;			
	- оқушылардың білімін және іскерлігін тексеру процесінде қолайлы жағдай жасауы, педагогикалық тактіні сақтауы;			
4	Бақылау нәтижелерін бағалау іскерлігі:			
	- оқушылардың оқу іс-әрекетін бағалаудың жалпы қабылданған критерийлерін әзірлеуі;			
	- нәтижелерді критерийлерге сәйкес тексеруі;			
	- оқушының дербестігін ескере отырып, баға арқылы мотивациялауы;			
	- алынған нәтижелерді жоспарланғандарымен салыстыруы;			
	- бағаның белгілі бір шкаласында бағалау себептерін айқындауы;			
5	Оқу іс-әрекетінің нәтижелерін түзету іскерлігі:			
	- қателіктің себептерін айқындау және оны жоюдың жолдарын анықтауы;			
	- бағалаушылық іс-әрекет негізінде түзетуді іске асыруы;			
	- өзін-өзі бақылауды іске асыруы.			
* Бақылау іскерліктерін анықтауда В.Л. Синябрюхова мен Е.В. Иващенко, т.б. еңбектеріне сәйкес оқу, практикалық іскерліктері басшылыққа алынды.				

Бағалау критерийлері:

Жоғары – оқу іскерліктерін толық мәнді дәлдікпен орындауына сәйкес болады (дәлдік деңгейі бойынша);

Орта – оқу іскерліктерін нұсқаулыққа сәйкес орындауы жағдайында болады (нұсқаулық деңгейі бойынша);

Төмен – оқу іскерліктерін толық мәнді орындамаған жағдайда (дәлдікпен және нұсқаумен орындауы төмен) орын алады (имитация деңгейі бойынша).

Кесте Д4 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігін жеке тұлғалық құраушысы: мотивациялық және рефлексивті-бағалау бойынша

	Бақылаушы құзыретті түзетін негізгі іскерліктер	жоғары	орта	төмен
1	Мотивациялық құраушылары бойынша:			
	- оқыту/оқу барысы мен нәтижесіне бақылаудың қажеттілігін ұғынуы;			
	- оқыту барысы мен нәтижесіне бақылау жасауға ұмтылысының болуы;			
	- бақылау жүргізуге оң ішкі мотивінің болуы;			
	- бақылау бойынша өзіндік білім алуға ұмтылысы;			
	- өзін бақылауға ұмтылысының болуы;			
	- бақылау бойынша өзін дамытуға ұмтылысының болуы;			
2	Рефлексивті-бағалау бойынша:			
	- жүзеге асырылған оқу-жаттығу іс-әрекетіне бақылауды жүргізуі;			
	- оқу-жаттығу жұмыстары нәтижелеріне талдау жүргізуі;			

Бағалау критерийлері:

Жоғары – эмоционалды-құндылық қатынастар бойынша құндылықтарды таңдау және қалыптастыру деңгейінде болады (құндылықтарды таңдау деңгейі бойынша);

Орта – эмоционалды-құндылық қатынастар бойынша жауап беру жағдайында болады (жауап беру деңгейі бойынша);

Төмен – эмоционалды-құндылық қатынастар бойынша қабылдау (түйсіну) жағдайында орын алады (түйсік деңгейі бойынша).

Кесте Д 5 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың эмоционалды-құндылықтың сапа құраушылары

№	Эмоционалды-құндылықтың сапа құраушылары	жоғары	орта	төмен
1	білім алушының оқуға деген қажеттілігін ұғынуы			
2	орын алған мәселеге өзінің икемділігін көрсетуі			
3	берілген тапсырманы орындауы			
4	ішкі тәртіп ережеге мойынсынуы			
5	туындаған мәселелерді талқылауға қатысуы			
6	оқу пәніне қызығушылық танытуы			
7	алдына мақсат қойып, жетістікке жетуді қалауы			
8	өзіндік көзқарасты қалыптастыруы			
9	өзінің әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы			
10	өзіндік дербес оқу жұмыстарын орындауы			
11	топпен жұмыс жасай алуы			

Бағалау критерийлері:

Жоғары – эмоционалды-құндылықтық сапа бойынша қалыптастыру жағдайында орын алады (құндылықтар қалыптастыру, әрекеттерде көрінуі);

Орта – эмоционалды-құндылықтық сапа бойынша жауап беру жағдайында болады (жауап беру, таңдау деңгейі бойынша);

Төмен – эмоционалды-құндылықтық сапа бойынша құндылықтарды таңдау және қалыптастыру деңгейінде болады (құндылықтарды таңдау деңгейі бойынша).